





**СӘКЕН
ЖҮНІСОВ**

Шығармалары

*Шаймас
Баспа Үйі*

Алматы 2014



**СӘКЕН
ЖҮНІСОВ**

6-том

Пьесалар

Шаймас
ЖаспаҰйі

Алматы 2014

УДК 821.512.122
ББК 84 (5 Қаз)-6
Ж88

*Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару»
бағдарламасы бойынша жарық көрді*

Жүнісов С.

Ж88 **Пьесалар**/Сәкен Жүнісов. — Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2014.
ISBN 978–601–264–115–8. Т. 6. — 336 бет.

ISBN 978–601–264–133–2

Белгілі жазушы-драматург Сәкен Жүнісовтың шығармалар жинағының 6-томына сахнамыздың сәніне айналған «Махамбеттің өкінішпен өте шыққан өмірі-ай», «Қос анар», «Қылмыскер», т.б. пьесалары енген.

Кітап көпшілік оқырманға арналған.

УДК 821.512.122
ББК 84 (5 Қаз)-6

© Жүнісов С., 2014
© «Таймас» баспа үйі, 2014

ISBN 978–601–264–133–2 - (Т.6.)
ISBN 978–601–264–115–8

Барлық құқықтары қорғалған
Басылымның мүлктік құқықтары
«Таймас» баспа үйіне тиесілі

МАХАМБЕТТІҢ ӨКІНІШПЕН ӨТЕ ШЫҚҚАН ӨМІРІ-АЙ!

Тарихи деректерге құрылған трагедиялық драма

Қатынасушылар:

МАХАМБЕТ
ЖӘҢГІР
ҚАРАУЫЛҚОЖА
ЗҰЛХАРНАЙЫН
ШОНТИ БИ
АЛТАЙ БИ
САҒЫР БИ
БЕРТОҒА БИ
І НИКОЛАЙ ПАТША
КОВАЛЕВСКИЙ
ФАТИМА ХАНЫМ
ӨЗБЕКОВ
СИРОТИНИН
МИХАИЛ ИВАНОВИЧ
БАЙМАҒАМБЕТ
ЫҚЫЛАС
НҮРСҰЛТАН
САРАЙ ХАНЫМДАРЫ
ШЕНЕУНІКТЕР
КЕҢЕСШІЛЕР
ҚАРАҚШЫЛАР

Бірінші көрініс

ТҮРМЕ

Задникте зәулім түрменің қабырғасы көрінеді: Орденанс-Гаузен түрмесі.

Мойылдай қою сақалы мен мұрты жақ сақалымен тұ-

тасып кеткен, көз жанары отты, айбатты адамның жүзі кішігірім арыстанға ұқсайды. Тұтқын.

Тұтқын сыртынан тергеушінің бірде зілді, бірде кескін үні мен тұтқынның бірде тұзу, бірде қыңыр жауабы естіліп тұрады. Тұтқын үнсіз.

Тергеушінің үні. Аты-жөнің?

Махамбеттің үні. Махамбет Өтемісұлы.

Тергеушінің үні. Ұлтың?

Махамбеттің үні. Қазақ.

Тергеушінің үні. Анығырақ.

Махамбеттің үні. Қазақ.

Тергеушінің үні. Қырғыз-қайсақ?

Махамбеттің үні. Мен — қазақ. Қырғыз — басқа ұлт.

Тергеушінің үні. Руың, жасың, бойың?

Махамбеттің үні. Руым — беріш, жасым 42-де! Бойым — алғаш тұтқындалғанда 2 аршын, 5 вершок болатын.

Тергеушінің үні. Неше рет тұтқындалдың?

Махамбеттің үні. Сайтаным білсін.

Тергеушінің үні. Түрмеден неше рет қашып шықтың?

Махамбеттің үні. Ылғи қашып шықтым.

Тергеушінің үні. Ханға деген қарсылығың қашаннан басталды?

Махамбеттің үні. Ханның халықты қанауынан, төңірегіндегілердің тонауынан...

Тергеушінің үні. Ал Ұлы Ресей империясына қастығың қашаннан бері басталды?

Махамбеттің үні. Ұлы Ресейге емес, патшалық Ресейдің үкіметіне... қастандық емес... Ресей әкімшілігіне деген сенімсіздік...

Тергеушінің үні. Қашаннан, қай уақыттан бері?

Махамбеттің үні. 1826 жылы. I Николай патша ағзамның тәж көтеру салтанатына арналған кешінен басталды...

Екінші көрініс

Салтанатты музыка.

I Николайдың тәж көтеру (коронация) кезіндегі салтанатты кеш. Зәулім собордың шалқар залына жиналған қала шенеуніктері, үш жүзден келген қазақтар депутациясы топ-топ болып шүйіркелесіп тұр. Арасында, құтушілер сәнмен көтерген подностан алып, небір шетел шараптарын, сары, қызыл, ақ, жасыл түсті тәтті сусындарды алып, сыздықтата ішіп, әр жерде жарасты әңгіме-дүкенін құрған адамдар. Бүгінгі күн қырғыз-қайсақ депутациясының күні.

Кілең қап-қара смокинг киген, аппақ көйлектерінің тік, қатырма жағаларының астына қара көбелек (бантик) таққан жас мөлшерлері қатарлас адамдар, кеуделерін ашыңқырап, аққу мойындарын инабатпен иіп, бір-біріне сыпайы күлімсіреген әйелдер қауымы. Орысша, французша, қазақша сөйлескен адамдардың көңілді үндері.

Бәрі Императордың келуін күтуде. Той алдындағы әдеттегі көңілді қыдырыс. Танысу.

Біртөпта География қоғамының толық мүшесі, капитан, саяхатшы Ковалевский, төңірегіндегілердің сұрағына орай, залдағылармен таныстырып тұр. Қолдарында бокал.

Ковалевский. Әнебір топ — қырғыз-қайсақ даласының ұлы жүз депутациясы. Ұланғайыр қырғыз-қайсақ даласы үш өлкеге бөлінеді: ұлы жүз, орта жүз, кіші жүз.

Бір шенеунік (қасындағы әйелдерге қарап). Әкімшілік жағынан да солай. Үш жүзді үш хан жеке-жеке билейді.

Ковалевский. Солардың ішіндегі, Ресей империясына алдымен қосылғаны, ең жақыны да кіші жүз. Одан да

жақын, кіші жүзден жеке бөлінген Бөкей ордасы: ана тұрған топ.

Б і р і н ш і х а н ы м . Ал одан берірек тұрған шенеуніктер кім, белгілі аристократтар сияқты.

К о в а л е в с к и й . Дұрыс аңғарып тұрсыз. Ана бер жағында тұрған — Орынбор губернаторының ерекше қызметтегі офицері, жазушы, этнограф Владимир Иванович Даль, Луган казагы, оның жанындағы атақты композитор — Александр Александрович Алябьев.

Б і р і н ш і х а н ы м . Ой, «Бұлбұлдың» авторы ма?

К о в а л е в с к и й . Дұрыс айтасыз, бұрынғы подполковник шеніндегі Алябьев.

Ш е н е у н і к . Ол айдаудан қашан босанған? Мына салтанатқа қалай келген?

К о в а л е в с к и й . Ол Орынбор губернаторы генерал Перовскийдің досы. Бұрын олар Ұлы Отан соғысына қатынасқан. Атақты партизан басшысы Денис Давыдовтың достары.

Е к і н ш і х а н ы м . Өте қызық. Мен әнін естісем де, офицер екенін, айдауда жүргенін естімеп едім. Сондай керемет ән шығарған...

Б і р і н ш і х а н ы м . Ал қасындағы ана азият кім? Еуропаша киінгеніне қарағанда, тегін адам емес сияқты.

К о в а л е в с к и й . Тағы да дәл үстінен түстіңіз. Онымен қырғыз-қайсақ даласында өзіміздің географиялық қоғамымыздың саяхатында жүргенде, Бөкей ордасында танысқан едім. Ақын, өте жалынды, уытты жас. Ұмытпасам — Махамбет Өтемісов.

Б і р і н ш і х а н ы м . Сіз қандай көп білесіз, сондықтан да атақты адамсыз, капитан Ковалевский мырза. Көп рақмет таныстырғаныңызға.

Е к і н ш і х а н ы м . Иә, көп нәрседен хабардар болдық, рақмет!

Ж а р ш ы н ы ң ү н і . Жоғары мәртебелі Император!

Үлкен әшекейлі есік ашылады да, соңында нөкері бар I Николай көрінеді. «Құдай патшаны сақта» әні ойналады.

Император алдымен ұлы жүз депутациясына, одан соң орта жүз, ең соңынан Жәңгір хан бастаған кіші жүз депутациясына келіп, көбірек аялдайды. Әр тоқтаған сайын музыкалық қолпаштау (туш) та тоқтап, жүргенде қайта ойналып отырады.

Бөкейлік депутацияның алдына келгенде, I Николай басқа депутациялардай емес, көбірек тұрып қалады. Оның көзі тұскені Жәңгір ханның қасындағы 15–16-лар шамасындағы, сол тұстағы қала рәсімімен еуропаша сәнді, қонымды киінген қарақат көзді сұлу Фатима ханым еді.

П а т ш а . Сіздердің далалық қырғыз-қайсақ елінің... (Қасындағы татар кеңесші тілмашқа құлағын тосады.)

К е ң е с ш і . Бөкейлік.

П а т ш а . Иә, бөкейлік. (Тағы да құлағын тосады.)

К е ң е с ш і . Джаһангир!

П а т ш а . Иә, ұлы хандарыңыз, Бөкей ордасының ханы Д... Джаһангир бастап келген депутация мүшелерін, Ұлы Коронация салтанатына асыл ниетті келулеріңізбен құттықтап, адал көңіліммен алғысымды айтып, Ұлы Ресейдің ұлы қаласы Мәскеудегі күндеріңіздің сәтті өтуіне тілектестігімді білдіремін!

Д е п у т а ц и я м ү ш е л е р і (бір ауыздан жаттап алғандай). Мархаба, Мархаба!

Қолпаштау музыка ойналады.

П а т ш а (Фатимадан әлі де көзін алмай). Басқа депутациялардай емес, сіздер әдемі қыздарыңызды да ала келген екенсіздер, өте дұрыс, орыс өркениетінің көрнекті жетістіктерін де үйреніп, өнеге алуы үшін, бұл өте дұрыс...

Махамбет (*Депутация мүшелерінің екінші қатарында тұрған Махамбет саңқ етеді*). Жоғары мәртебелі император, ол қыз емес, Жәңгір ханның жұбайы, ханша.

Жәңгір хан Махамбетке ала көзімен жалт қарап, патшаға қайта көзін бұрып, мақтанышпен құптап, басын изейді. I Николай түсініңкіремей нөкерлеріне бір, Фатимаға бір қарайды. Таңырқағанын жасыра алмай нөкерлеріне күңк етеді.

П а т ш а (*іші күйгендей*). Бұл қалайша? Тым жас қой...

Ф а т и м а (*сыпайы ғана*). Жоғары мәртебелі Император, бізде бұған таңғалмайды. Менің жасым биыл он алтыда. Ал хан Жәңгірге өз қалауыммен, мұсылман жолымен тұрмысқа шыққаныма биыл екі жыл толады.

П а т ш а (*таңырқап*). С... Сонда қалай? (*Нөкерлеріне қарайды.*) Неше жаста?..

Ф а т и м а. Қазақта, ия... қырғыз-қайсақта «бала он үшінде отау иесі» деген сөз бар.

П а т ш а (*басын шайқап*). Сіз орыс тілін жатық сөйлейді екенсіз. Ғафу етіңіз, қайдан үйреніп жүрсіз?

Ф а т и м а. Ұлы патшалық Ресей әкімшілігіне II Екатеринаның кезінен аса берілген әкем — Орынбор мүфтиінің арқасында.

П а т ш а. Тамаша, өте тамаша! (*Нөкерлеріне бұрылып, французша.*) Сұлу да аса тәрбиелі қыз, номадтарда да мұндай қыздар болады екен-ау!

Ф а т и м а. Жоғары мәртебелім, сіздің мені асыра бағалағаныңызға үлкен рақмет! Қазақ даласы менен де асқан сұлұларға бай!

П а т ш а (*таң-тамаша қалып, французша*). Сіз французша да біледі екенсіз ғой!

Ф а т и м а. Французша сөйлеу орыс шенеуніктерінің арасында ақсүйектіктің негізгі белгісі болып бара жатқан

сияқты. Әйел қауымы ерлерден де гөрі жаңалыққа жақынырақ қой!

П а т ш а (*енді орысша*). Тамаша, тамаша! Сіз тілін игерген Батыстың билерін де меңгерген шығарсыз?

Ф а т и м а (*күліп*). Тілді үйреткен адамға, аяқты үйрету қиын емес, Жоғары мәртебелім!

П а т ш а (*күліп*). Иә, өзім де солай ойлап ем. Кешке, салтанатты балдағы биде сіздің алғашқы серіктесіңіз болуға өте құштарлығымды білдіремін.


Басын сәл ғана сыпайы иіп, нөкерімен бірге бұрыла бергенде, тағы да Махамбеттің үні саңқ етеді. Бастала берген қолпаиш музыка да көмейіне тас тығылғандай құрт үзіледі.

М а х а м б е т (*аса қысылмай, судырата жөнеледі*). Аса ұлы мәртебелі патшамыз Николай Павлович, адамзат баласына ортақ құдай тағала сәтін салған шығар, сізбен жүздесу, жақын тұрып сөйлесу дала қазағы үшін үлкен мәртебе екенін жасыра алмаймын! Сізді, ұлы мәртебелі патшамыз, салтанатты тәж киюіңізбен өз атымнан, бүкіл көшпенді қазақ елінің атынан құттықтай тұрып, бір ауыз тілек ретінде өтініш жасауға рұқсат етіңіз!

П а т ш а (*ұнатпаса да, сәл жымып*). Сіздің атыңыздан (*күліп*), иә, жеке басыңыздан құттықтауыңызға рақмет! Ал казак елінің атынан, дала көшпенділерінің атынан дегеніңізге түсінбей тұрмын. Қазақтар қашаннан бері номад аталып жүр?

М а х а м б е т . Ұлы мәртебелі патшамыз, сіз түсіне алмай, яғни, мен дұрыс түсіндіре алмай қалдым, ғафу етіңіз. Қазақ дегенім — казак-орыс емес, орыс шенеуніктерінің сауатсыздығынан қырғыз-қайсақ болып қисық аталып жүрген үлкен ұлт, ежелгі салты, дәстүрі бар ұлы ел — Қазақ елі.

П а т ш а . Иә, естуім бар, ежелгі қыпшақ елі немесе половцылар. Сонда не айтпақ едіңіз?!



Махамбет. Иә, сол ежелгі қыпшақ елінің, сіздерше қырғыз-қайсақтардың, сіздің боданды еліңіздің, әлі күнге дейін өз жерінде жапа шеккен, жел айдаған қаңбақтай ауыр тіршілігінен өзіңізге аз да болса дұрыс ақпар берсем деп ем, сіздің хұзырыңызға ілігіп, аудиенцияңызда болсам деп ем!

Патша (қабағын шытыңқырап). Сіз кім боласыз, лауазымыңыз?!

Махамбет. Қатардағы қазақпын. Қарапайым ақынмын. (Патша түсініңкіремей, нөкерлеріне қарайды.)

Кенесші. Ақын дегені мынау... (Қолымен домбыра тартқан болып.) Бандура.

Махамбет (қиналыңқырап барып). Иә, певец, орысша поэт.

Кенесші (мәз болып). Иә, иә, поэт, Пушкин!

Патша (нөкерлеріне қарап). Мына ақын Пушкин емес, қырғыз-қайсақтың Рылееві болып жүрмесін! (Махамбетке қарап.) Сізге (кекесін) желтоқсан салқыны тигеннен сау-мысыз?!

Махамбет. Түсінбедім... Жоғары мәртебелім... ауру-сың дегеніңіз бе?

Патша. Иә, желтоқсанның салқынынан мұрныңыз бітіп жүрген жоқ па? Ондай мұрынды «жөндеуге» болады.

Нөкерлері мырс-мырс күледі. Біреуі екіншісіне патшаға естірте сыбырайды: «Қандай образ! Қандай образ!»

Махамбет (түсінбей). Ауыру ғана емес, өлейін деп жүрмін, Жоғары мәртебелім! Бірақ қыстың зардабынан емес, халқымның жылап-зарлауынан.

Патша (нөкерлеріне қарап жайбарақат күледі). А-а, сіз, ақын, мына салтанатты рәсімге ақылыңызбен бірге ашуыңызды ала келген адам секілдісіз, саясатпен айналысқан ақын ақылдылығынан да, ашулы сотқарлығынан да зардап тартып, азап шегеді. Ақындардың табиғат, махаббат,

эротикалық мазмұндарға көбірек әуес болғаны жөн. (*Маңындағы ақсүйек дворяндар мен генералдар, патша сөзін құптап, мырс-мырс күліп, бас изеседі*). Саясатпен, ел жағдайымен хандарыңыз, губернаторларыңыз бар, солардың айналысып, басын қатырғандары жөн. Ал, ол туралы сізден, ақындардан ақпар алуға мен зәру емеспін... (*Басқаларына бұрылып.*) Салтанатты жақсы өткізулеріңізге тілектеспін!

Патша өз нөкерлерімен кете барады. Тағы да қолпапш музыка.

Үшінші көрініс

Хан сарайы. Тақта Жәңгір хан. Оң жақ, сол жағында алты-алтыдан он екі биі отыр. Орталарында Махамбет тұрегеп тұр. Төменірек тексеру комиссиясының мүшелері Сиротинин мен Өзбеков отыр.

Х а н. Сонымен, сен менің хандығыма таласып жүрмісің, байлығыма ма?!

М а х а м б е т. Хан ием, атамыз Әйтеке би айтқан екен: «Хан, сұлтан, төре күні өткен деді, Олардан ақыл, айла кеткен деді. Қазағым, өзіңді-өзің дұрыс ел ғып, Басқарар енді уақыт жеткен деді. Төреден Әйтеке би безін деді, Келді ғой көсем сөйлер кезің деді.»

Сенің хандығыңа таласпаймын, қайта хандығыңды аяймын, саған бағынған халқымды аяймын. Мен халқымды арашалаймын деп халқыма таласып жүрмін.

Х а н. Е, соншама мені аяйтындай, халқыңды арашалайтындай не боп қапты?

М а х а м б е т. Сені аяйтыным, хан ием, сенің халқыңа иелігің жоқ, халқыңды соратын сүлігі, шағатын жыланы көп.

Х а н. Е, билігім қайда кетіпті?

М а х а м б е т. Сенің билігің мына он екі биіңде, он екі биіңнің билігі үйіндегі әйелдерінде.

Хан. Сонда менде түк қалмағаны-ау?

Махамбет. Жоқ, билік бар. Сен бойыңдағы нәпсіңе ғана бисің.

Хан. Е, оның рас, еркекпіз ғой! Ал сүлігің мен жыландарың кім?

Махамбет. Мына отырған қанды қол, боқ қарын, беті мұсылман, ниеті зымиян билерің. Бірі төре, бірі сарт, бірі ноғай — бәрі сырт, өңкей шата, өңкей қырт.

Шонтиби. Сен де жетісіп тұрған жоқсың, сенің де түбің шикі, кірме емес пе ең.

Махамбет. Кірме болсам да, сендердей қырықсідік емес, түбім — қазақ.

Қарауылқожа. Оу, Жәңгір балам, хан ием, мына сойқанды осылай сайратып қоямысың, неге ғана осыншама талтаңдатып қойдың. Жер бердің, старшын қылдың, сонау Мәскеу, Петерборға дейін қасыңнан тастамай апардың.

Шонтиби. Ұлың Зұлхарнайдың тәрбиеші-аталығы етіп, сеніп, орыс қаласына бірге жібердің. Балаңмен бірдей орыс тәрбиесін алды, орыс тілін үйренді.

Қарауылқожа (одан сайын ушықтырып). Енді сенің хандығыңа, байлығыңа ғана емес, тіпті айтуға аузым бармайды, сенің ақ жаулығыңа да ауыз сала бастаған сыңайы бар.

Махамбет. Елдің көз жасымен келген байлыққа, есеппен өткізген ақ жаулыққа қызығып қайтем.

Жәңгір. Егер қызықпасаң, қызғанбасаң, кеше Орынбор губерниялық әкімшілігінен халықтың арыз-шағым, өтініштерін тексеруге келген мына отырған Ұлы император қызметкерлері Өзбеков, Сиротинин мырзаларды бүкіл елдің алдында масқаралап, жұртты дүрліктіргеніңе жөн болсын.

Өзбеков. Жай дүрліктірсе бір сәрі, біздің тексерісіміздің бәрін жоққа шығарып, Хан тақсыр, сізді сыртыңыздан масқаралап, елді бүлікке шақырды.

Жәңгір. Ал қалай, ақын Махамбет, старшын Махамбет?

Сонда не дедің сыртымнан? Қане, осы жерде айтшы, біз де тыңдайық, жасырмай, бүкпесіз айт.

Махамбет. Иә, бүкпесіз түгел айтайын, былай дедім: «Ей, халқым, жетім мен жесір, ел иесі де, жер иесі де сендер едіңдер. Енді жеріңнен айырылып болдың, ол елдігіңнен, тірлігіңнен айырылу. Жас ханымызға жатып жастық, иіліп төсек болайық деп едің. Түсінді ме?! Есер екен. Елін ұмытты. Халқының жаны, қаны сияқты реңді жерін, сүмелі малын тартып алып, маңындағы қолпаштаушы, жел беруші жалмауыз нөкерлеріне, желбуаз туғантуысына, төңірегіндегі төрелер мен сұлтан, билеріне, бағынышты орыс шен-шекпенділері мен шенеуніктеріне, күзетші қазақ-орыстарына дейін елінен, жұртынан сұраусыз таратты. Қара қазақ қараң қалсын, қалың елі арам қатсын — оны ойлайтын өрелі хан да, жетелі төре де жоқ.

Өзбеков. Дәлел, дәлел? Заң дәлелмен ғана шешіледі. Нақты дәлел?..

Сиротинин (сөздің жобасын түсініп). Иә, факты! Факты!

Махамбет. Сендерге не дәлел, не пәкті керек? Талай рет жазғанбыз, шағынғанбыз. Ал кәмесия мүшелері, тыңдаңдар, тағы да қайталайын. Хан Жәңгірдің ең жақындары ноғайлы руы бір миллион жеті жүз десятина жерді, Шыңғали, Мұсағали сұлтандар өз иеліктеріне ғана жерді бұрынғы Байбақтының, кезіндегі Қамыс-Самар бойынан, жеті жүз десятина жерді ханның атасы, Каспий жағалауын билеп отырған мына Қарауылқожа Бабажанов өз иелігіне, сегіз жүз мың десятина жерді мына хан Жәңгірдің өзі аз ғана туыстарымен, Торғын өзені бойындағы ең шұрайлы жерлерді басып алып отыр.

Қарауылқожа. Оу сонда, бар жерді ана арызшыл, күншіл, жалпақ елге, жалқау елге бөліп беріп, біз қу тіземізді құшақтап отыруымыз керек пе. Не сандырақ бұл?!

М а х а м б е т . Шеттен келіп, шектен шыққан князь Юсупов пен князь Безбородко сияқтыларға берілген жерлердің бәрі, кезінде халықты қалжыратып, елді еңіретіп, жас орнына көзінен қан ағызып тартып алған жерлер еді. Сендер солай алып отырған жоқсыңдар ма?! Ертең Каспийіміз де, 24 көлді Самарымыз да, Еділ мен Жайығымыз да қазағымның уысынан шығып, ұрпағына да бұйырмай, бәрі де қаңғырған бұралқы иттей тас шайнап, құм жұтып қалмақ.

Ө з б е к о в. Ал енді қалай үгіттеп, қалай ереуілге шақырғаныңды, қорықпасаң, осы жерде, хан алдында айтшы, не дедің?!

М а х а м б е т . Былай дедім: «Ей, халқым, жиналыңдар! Не тіршілік, не өлім! Бұдан артық қорлыққа шыдайтын жер де, күн де қалған жоқ. Зекет-мекет, жасақ-масақ, соғым-боғым деп, дала қазағы түсінбейтін не бір сұмдық-сойқан «шартты ақциз», «от норда на зюд» деп, қазақтың өз жері үшін өзі төлейтін шашы шақ келмейтін салықтарын, енді, дүние кезек, сол салықшылардың өздерінен тартып алатын ғана күн қалды. Бұға бермей, көтерейік басымызды. Көтерілейік. Ерейік Исатай батырдың соңынан. Ерейік, көтерілейік!» — дедім.

Ж ә н г і р. Сен бір сөзді ұмытып кеткен екенсің: «Ей, халқым, мені де, Исатайды да құртыңдар!» — деуге батылың жетпеген екен.

М а х а м б е т . Е-е, менде қандай ала алмаған өші бар халқымның?

Ж ә н г і р. Егер жер үшін болса, сендер тыста қаларсыңдар. Бағанадан бері аузыңа бір түскен жоқ, Исатай екеуіңе бүкіл беріштерің бар, өздеріңді старшын сайлап, Нарын құмының ең нулы, сулы шұрайлы жерінен ойып тұрып бергенімді ұмытыпсың.

М а х а м б е т . Иә, қасқырлардың ортасына кіргізіп алып, біздің де аузымызды жесе де қан, жемесе де қан

етпекші саясатыңды түсініп, ол жерді елімізге, жұртымызға қылдай етіп бөліп бергеміз. Бізде жер жоқ, ел ғана бар.

Х а н. Ым-м, қазақта бір жақсы мақал бар...

М а х а м б е т . Қазақтың мақалының бәрі жақсы.

Х а н. Е, жақсы болса, былай дейді: «Иттің басын табаққа салсаң, шоршып түседі».

Отырған билер мәз боп, Махамбетті жерлегендей шексілелері қата күледі.

М а х а м б е т . Соншама несіне жетісіп күлдіңдер, сөз төркінін түсінбейтін жетесіз билер? Сол да күлкі болып па? Хан ием дұрыс айтып отыр. Мен құйқасын үйтіп, езуін тіліп табаққа салар көнбіс қойдың басы емеспін, иә, табағыңа да, тамағыңа да сыймайтын азулы иттің басымын.

Ш о н т и б и. Е, мойындадың ба ит екеніңді?

М а х а м б е т . Елдің малынан мал-жанынан жан қоймай талап жеп, сырттай торыған қанды ауыз қасқыр болғанша, ел торыған қасқырдан елді қорыған ит болғаным артық деп білем.

Х а н. Сондағы қанды ауыз қасқырың біз болғанымыз ба?

М а х а м б е т . Қазақтың жақсы мақалы: «Көкек өз атын өзі шақырады» дейді. Хан ием, өзің де біліп отырсың. Иә.

Хан емессің, қасқырсың
Хас албасты басқырсың,
Достарың келіп табалап
Дұшпаның сені басқа ұрсын...

Х а н. Ә, сол-лай ма?! Онда кет бұл арадан, бұл ордадан. Батыр қараңды. Бұл ордада сендей асыранды сатқын итке орын жоқ.

Б и л е р.

— Лағнет, лағнет!

— Қарасы батсын!

- Жақсылықты түсінбеген найсап.
 - Кетсін, кетсін!
 - Қарасы өшсін!
- Ма х а м б е т.

Он екі төбет, шұнақ хан,
Шабатының ел екен,
Күндейтінің мен екем.
Хан ұлына қас болу,
Қара ұлына бас болу —
Мендей ерге жөн екен!

*Махамбет сыртқа ата жөнелді. Аз ұнсіздіктен соң,
Қарауылқожа аттан салады.*

Қ а р а у ы л қ о ж а . Ау, өзін жондап жібермедік пе, ұс-
таңдар ананы, ұстаңдар! Байлаңдар!
Х а н (қайталап). Ұстаңдар, ұстаңдар!

Төртінші көрініс

*Бильярд залында әке мен бала — Жәңгір, Зұлхарнайын.
Әке мен бала бильярд ойнап жүріп сөйлеседі.*

З ұ л х а р н а й ы н . Шекаралық комиссия арнайы
жіберген соң, елдегі тексеріс жайын біліп қайттым. Ел қатты
күйзелуде. Бұдан артық шыдамайтыны анық.

Ж ә н г і р . Шыдамағанда немді қылмақ?! Сен...
Ұлым... Солардың сөзін сөйлеп, жоғын жоқтап қайтқаннан
саумысың?

З ұ л х а р н а й ы н . Жоқ, амалсыздан сізді қолдап,
империяның сөзін сөйледім. Сөйтіп, жердің үстімен барып,
астымен қайттым!

Сізден, жанашыр балаңыз ретінде де, Ұлы Ресей импе-
риясының адал қызметкері ретінде де... сұрарым да, тілегім

де сол — ана... Каспий жағалауын билеуші Қарауылқожа атаңызды орнынан алыңыз, болмаса, ол арадан иелігіңізді басқа жерге ауыстырыңыз.

Жәңгір. Ол менің сүйікті әйелім Салиханың әкесі, менің қайын атам емес пе? Туысқаныңнан айырыл демексің бе, әлде қызғанамысың?

Зұлхарнайын. Қызғанып қайтем, менің шешемнің тірісінде Фатиманы алғаныңызда балалықпен қызғанғаным рас. Енді мейлі, неше рет үйленем десеңіз де! Бірақ...

Жәңгір. Иә, не «бірақ»?

Зұлхарнайын. Зұлым атадан айырылмаймын деп, атамекеннен жүрдай болмасаңыз...

Жәңгір. Ол қай атамекен?

Зұлхарнайын. Қарауылқожа сияқтылар қарулы білегіңіз екенін білемін, бірақ ол сізге шын қамқор тірегіңіз емес, басыңызға пәле үймелетер, өз қара басының ғана қамын ойлайтын, қара ниетті зымиян адам.

Жәңгір. Сонда менің, сеніңше, шын тірегім кім болғаны?

Зұлхарнайын. Шын тірегіңіз жоқ, айырылып қалдыңыз.

Жәңгір. Ол кім еді соншама?!

Зұлхарнайын. Ол қара халық. Қазақ халқыңыз. Өз иелігіңіздегі өз еліңіз.

Жәңгір (ызалы, қарқылдап күледі). Сонда, ұлы империя, ұлы держава, маған Еділ мен Жайықтың ортасынан ойып тұрып жер беріп, хандық тізгінді қолыма берген, білім берген, менің ұл-қыздарымды да үлкен дәрежеге жеткізген, ұлы бабаларымыз, кешегі берісі Бөкей атамыз, әрісі Әбілхайыр бабамыз көрмеген қара ормандай Орда орнатып берген, иығыма генерал атағын тағып берген Ресей патшасы тірегім болмағанда, бірін-бірі сырттан да, іштен де шалып, өмір бойы итжығыс түсіп, ит тірлікпен жүрген надан қара қазақ? Ха-ха-ха!..

Зұлхарнайын. Ол сіздің тірегім болса екен деген

тілегіңіз ғана. Патшалық империяның қайта сіздің тірегіңіз — халқыңызды хандық жүйемен әлсіретіп алып, ханды да халқынан жалаңаштап, не бір-бірімен қырқыстырып барып, халық қаламаған, қолдамаған хандықтың оп-оңай көзін жоя салады. Сіз Сперанскийдің жаңа әкімшілік жүйесімен таныс емес сияқтысыз. Сіз империяға әзірше керексіз, көп ұзамай сіздің түкке керегіңіз болмай қалады. Байлығыңызға, погоныңызға, шеніңізге тимейді, ал билігіңізден, әке, ренжімеңіз, турасын айтқанда түк те қалмайды. *(Бокалда қалған орыс арағын қағып жібереді.)* Біз — ханымыз бар, қарамыз бар, мына шашылып жатқан шарлар сияқтымыз. Қай лузаға, қай торға түсетінімізді білмейміз. *(Тағы да арақ құйып.)* Ал кий — империяның қолында!

Ж ә н г і р *(сәл кекесін, әрі ызалы)*. Осының бәрін қайдан біле бересің, хорунжий мырза?

З ұ л х а р н а й ы н *(күліп)*. Өзіңіз ғой, бәрін білсін деп орыс оқуына берген, ваше сиятельство, генерал мырза!

Ж ә н г і р. Ә, онда сол орыста «жұмыртқа тауықты үйретпейді» деген жақсы бір мақал бар.

З ұ л х а р н а й ы н *(күліп)*. Көке-ау, мен жұмыртқаны әлдеқашан жарып шыққан, екі қанатында екі погоны бар орыс қоразымын да, ал сіз тауық емес, татар тауығының әтеші емессіз бе?! *(Әке мен бала қарқылдап тұрып, рахаттана күледі.)*

З ұ л х а р н а й ы н. Әке, мен ертең жүремін. Көпке дейін көрісеміз бе, көріспейміз бе...

Ж ә н г і р. Неге асығыс?

З ұ л х а р н а й ы н. Мені Кавказ шекаралық штабына қызметке жіберетін болды.

Ж ә н г і р. Е-е, шынымен менен іргеңді аулақ салғың келген екен.

З ұ л х а р н а й ы н. Сізден емес, елдің көз жасынан аулақ жүрейін деп...

Ж ә н г і р *(көзін сығырайта қарап, сынап сөйлейді)*.

Е-е, елдің жасын ойласаң, сол елге жақын жүріп, әкім болып, өзің көрген қорлықтан, қиянаттан айырып алмаймысың?

З ұ л х а р н а й ы н . Империя қызметкеріне ол мүмкін емес. Ол үшін Махамбет сізден қалай кетсе, менің де патшалық әкімшіліктен солай қол үзуім керек... Сізден де...

Бильярд бөлмесіне айғай-сүреңмен топырлап, Бертоға, Сағыр билер: Қарауылқожа, Шонти би кіреді: «Шапты, шапты, тағы да шапты!» Зұлхарнайын ұнатпай шығып кетеді. Хан Қарауылқожалардың сөзін теріс қарап, желкесімен тыңдап тұр.

Ж ә н г і р. Қанша ауылды шапты?

Ш о н т и б и. Шаппаған ауылы жоқ. Кез келген сұлтан ауылын... мал-мүліктерімізді кедей-кепшікке бас-көз жоқ таратып...

Ж ә н г і р. Алдымен шапқан кім? Сендер емессіңдер ме? Кейбіреулердің жалғыз тайлағына дейін тартып алыпсыңдар. Жазаладыңдар, адам өлтірдіңдер. Сонда да қоймадыңдар, құныққан үстіне құнығып, дәніккен үстіне дәніктіңдер.

Ш о н т и б и. Салық... Салықтан, хан салығынан бас тартқандар, хан ием! Жазаланушы солар.

Ж ә н г і р. Хан салығы дегенше, хан тонауы десейші. Елді жерінен айырып, малын тонап қалтаға салатын сендер, жалаға қалатын мен.

Қ а р а у ы л қ о ж а. «Қалтаға салатын» дейтіндей, нені салыппыз. Бәрі де хан үшін, сен үшін келіп жатқан алым-салық емес пе?

Ж ә н г і р. М-мен үшін?!

Қ а р а у ы л қ о ж а . Мына қара ормандай, алтынмен апталып, күміспен күптелген хан сарайы, кешегі дәуірі жүрген Абылайда да, Әбілхайыр ханымызда да болмаған шығар.

А л т а й б и. Иә, дұрыс айтады. Бұл байлық аспаннан түспеген шығар, хан ием!

Ж ә н г і р (*мысқылмен күліп*). Ә-ә, сендер енді ойнап тұрып мені шымшығыларың келе бастаған екен. Ұрлаған-жырлағандарыңды, қанын шығарып қанағандарыңды азударыңа басып, енді тістеріңнің қанын маған жаққыларың келген екен.

Ш о н т и б и. Алла, Алла, атай көрмеңіз, хан ием! Сізге деген...

Ж ә н г і р (*ашулы*). Біле тұра несіне мысық бола қалдыңдар. Қара ормандай хан сарайын салдыруға Николай патшаның өзі 35 мың ақшалай ассигнация жасағанын, Орынбор губернаторының Тафаев деген штабс-капитанын қалай ғана ұмыта қалдыңдар. Қай қазағыңның ақшасына салдырып едің. Татар университетінің құрметті азаматы атағын, генерал шенін де алым-салықпен әперген шығарсыңдар? Ертең-ақ сендердің ұл-қыздарың, қазақтың болашағы оқитын дәрісхана, училищелер аштырмақпын. Орынбор әкімшілігінің қарсылығына қарамай, қаншама мешіттер салдырдым, базар аштырып, бұрын мұрнына иісі бармайтын қазаққа базар нарқын үйреттім. Тағы да айтайын ба?! Осының бәрінің қаражатын елден алам ба, әлде сендер беремісіңдер?! Осыларды түсінбейтін мен ноқаймын ба, әлде сендер надан ноқайсыңдар ма?!

Қ а р а у ы л қ о ж а . Ал ертең бұлар хан ордасына ауыз салып, бар жасаған жақсылығыңды, қара орманыңмен қоса күлін көкке ұшырып «ханталапай» етсе...

Ж ә н г і р (*оқыс бұрылып*). Хан талапа-ай?!

Ш о н т и б и. Иә, хан ием, ол найсаптар ештеңеге қарамайды, қандары қарайып алған. Улы жыландар емес пе?

Қ а р а у ы л қ о ж а . Ертең жекелеген жыландар ордалы жыланға айналғанда, алдында тау тұрса да қарамайды. Әзірше осалдау кезінде уытын қайтарып, көздерін құрту керек.

Б е р т о ғ а. Орт ұлғаймай тұрғанда, алдынан қарғаша салар болар.

Ж ә н г і р (тағына келіп отырып). Сонда қалай? Қалай айғай-шусыз...

Сағыр. Аздаған айғайсыз, әрине, болмайды. Егер көтеріліс басшыларын қапысын тауып құртса, қалған қара халық өзінен жым болады.

Ж ә н г і р. Ана бүлікшіл екеуінің қайсысы басшы?

Сағыр. Екеуі де.

А л т а й б и. Исатай алып айдаһар жыланның басы болса, Махамбет тілі.

Ж ә н г і р. Иә-иә, Исатай ақылды, айлалы бас. Оның қолтығына су бүркіп, кеудесіне дем беретін Махамбет. Оның тілі әрі тәтті, әрі улы.

Қ а р а у ы л қ о ж а . Ендеше екеуін де ұстап әкеп, билер сотымен жазалап, орыс империясына да қарсы шығып отыр деп, орыс заңына тапсырсақ, олар жон етіне таспа тіліп, қалған қоң етімен Сібіріне айдап қоя берсе, «құда да тыныш, құдағи да тыныш».

Ж ә н г і р. Оларға тағы да әскер шақырту керек пе?

Қ а р а у ы л қ о ж а . Қарамағыңдағы қырық шақты қазақтарың, офицерлерің, тағы басқа жасақтар бар емес пе? Аяймысың оларды?

Ж ә н г і р. Олар — мені қорғау үшін ғана тұрған отряд. Оларды басқа іске жұмсау үшін Орынбор генерал-губернаторынан рұқсат керек.

Қ а р а у ы л қ о ж а . Онда, маған бағынышты ел жігіттерімен хан сарбаздары жетеді... Тек хан жарлығы... Исатайы мен Махамбетіңді егіз бұзаудай мөңіретіп алдыңа алып келемін... Ал ол аз десең, жаңа өзің айттың ғой, біреуі басы, біреуі тілі деп, онда сол басты кесіп әкелсем, бас та, тіл де бірге кетеді. Жарай ма?!

Ж ә н г і р (аз ойланып). Жарайды, барыңдар. Ұстаңдар. Бірақ өлтірмей, тірідей әкеліңдер!..

Бесінші көрініс

ҚИЯЛЫ МОЛАСЫНЫҢ БАСЫНДА

Ескі қйінді төмпешіктер, қабырғалары тозып, кейбіреулері құлап, опырынған көне мазарлар.

Молаға қарай екі жақ беттен ентелей келіп тоқтаған қарулы топтың қарасыны. Сахнаның бір жағында Қарауылқожа Бабажанов бастаған қалың қол — найза, айбалта, қылыш, садақпен қаруланған хан сарбаздары. Екінші жақтан Исатай мен Махамбет бастаған сарбаздар. Әлден уақытта Исатай айғай салады.

И с а т а й (қарсы беттен). Әй, Қарауылқожа, ал келдік уағда бойынша, не айтпақшы едің, тілің байланып қалған ба?!

Қ а р а у ы л қ о ж а . Әй, Исатай, хан ием саған жіберді алып кел деп... Махамбетті де...

И с а т а й. Хан ием дегенше, қызымның байы, күйеуім десейші... Немене қойғаны суып бара ма?

Қ а р а у ы л қ о ж а . Қойған-мойғанды қайтесің. Егер патша ағзам тағайындаған, ел басшысы ханға бағынғысы келсе, алдыма келсін дейді.

И с а т а й. Егер бармасақшы?!

Қ а р а у ы л қ о ж а . Онда, көріп тұрсың ғой, сайдың тасындай хан сарбаздарын, күшпен әкетеміз, бұйрық солай! Өз еркіңмен ермесең, аяқ-қолыңды байлап-матап, ат көтіне салып, тұлыпша сүйретіп әкетеміз.

И с а т а й. Әй, бейпіл ауыз Қарауылқожа, саған салса, ат құйрығына салмай-ақ, осы арада-ақ жіліктеп, сілікпемді шығарар ең. Бірақ менің де сақадай сай, таудың құзар тасындай сарбаздарым оңайлықпен сен сұмырайға бермейміз деп тұр.

Қ а р а у ы л қ о ж а . Онда сенің қолыңнан біздің қолдың екі есе басым екенін көріп тұрсың ғой, күшпен аламыз!

И с а т а й. Соғыс қой айтып тұрғаның, қантөгіс қой?!

Қарауылқожа. Өзің де түсініп тұрсың. Қане, қырсықпай, ортамызға түс!

Исатай. Әй, Қожа! Менің сарбаздарым, аз да болса ашынған, аз да болса сенің адамдарыңнан басым жолбарыстар. Екі жақта тып-типыл қырылады. Тілегің сол ғой?

Қарауылқожа. Соғыстың аты — соғыс. Соғыс шығынсыз бола ма!

Исатай. Шығын жай шығын емес, мен де өлемін, сен де өлесің. Өліспей беріспек жоқ!

Қарауылқожа. Оны көрерміз!

Сарбаздардың арасынан Махамбет шығады.

Махамбет (*айғайлап*). Ей, Қарауылқожа, Егіз, Бекжан, Шомбол, сендер жай соқтығуға емес, соғыс тілеп келген екенсіңдер. Онда ата дәстүрі — соғыстың алдында екі жақтың жекпе-жегі болмаушы ма еді. Қане, жекпе-жек! Жекпе-жек!

Екі жақта тұрған сарбаздардың да делебесі қозып, найзаларын көкке көтеріп, ұрандап кетеді. Әуелі Исатай-Махамбет сарбаздары: Жекпе-жек! Жекпе-жек!

Қарауылқожа, бұл ұсынысты қолдамаса да, сарбаздар алдында масқара болмайын дегендей, көзі алара жан-жағына жалтақтап, жекпе-жекке шығатын лайықты адам іздейді.

Исатай (*айғайлап, шашақты найзасын көтеріп*). Әй, Қарауылқожа, қане жекпе-жекке шық.

Қарауылқожа (*түсінбегенсіп, тағы да алдыартына жалтақтап, әмірлі ұнмен айғайлайды*). Ее-й, мұндар, мына сорлыны қақсатпай, қайсың барсың, тез басын қағып алыңдар. Ханға өзін апармасақ, басын апарайық! Жігіттер!

И с а т а й. Әй, Қарауылқожа, немене сипалақтап, қипақтап қалдың? Кімді іздеп, кімді ажалға жұмсағалы тұрсың? Менің жауым — сенсің, сенің жауың — менмін. Жазықсыз біреудің обалына қалмай өзің шық, қатын болмай, ер болсаң!

Қ а р а у ы л қ о ж а . Сендей қара тобырға қолымды былағым келмейді.

И с а т а й. О, сайқал есауыл, есің дұрыс па, сен қашаннан ақсүйек бола қалдың? Қызыңның «насыбайын» сатып басыбайлы билік алған, сасық сарт саудагер емес пе едің? Енді қазақ жігіттерінің басын саудаға салғың келген екен. Жоқ. Олар соғыспайды, сен үшін жан тапсырмайды. Біз екеуіміздің біреуіміз осы арада өлуіміз керек. Мен өлсем, мына Қиылдың бойында аталарымыздың моласы дайын, сонда көме саласың. Сен өлсең, далада қалам деп қорықпа, басыңды мумиялап, не өзің жеке жайлаған, қызғыштай қорыған Басқұншының тұзымен тұздап, еліңе, туған жерің — Самарқанға бүлдірмей, сасытпай аттандырып саламыз! *(Жұрт жаппай күледі. Қарсы беттегілер де, біразы шыдай алмай күлкіге қосылады. Қарауылқожа маңындағы билерімен иңіркелеседі де, Исатай жаққа қолын бір сілтеп, кейін бұрыла бастайды.)*

М а х а м б е т *(даусы саңқ етіп)*. Ей, Қарауылқожа, жаңа ғана әрлі бетіңнен зәрлі түгің шығып, жанталасып келіп ең, енді неғып әп-сәтте өзгеріп, жағыңнан түбітің шығып, бүркітше бүре келіп, сауысқанша шықылықтай қалдың?! Ел тонағыш тобыңмен, тобырыңмен жазығы жоқ жасқаншақ елді, жас бала, кәрі-құртаң, шамасыз жұртты, шарықсыз кем-кетіктің малын да, жерін де, бәрін де зорлықпен тартып алып, жәбірлегенде, жалы күдірейген ордалы қасқырдың сырттанандайсың да, бетпе-бет келгенде, саудасын жүргізе алмай құнысқан саудагер сарт қалпыңа түсе қалатын нағыз зымиян, бірде айлалы түлкідей, бірде бұралқы сасық күзендейсің.

И с а т а й. Қалай, жан тәтті ме екен? Жазықсыз жұрттың жанын алғанда сондайсың.

М а х а м б е т (*қайтадан ортаға шығып*). Исатай ағамнан қорықсаң маған шық, қаныңды судай ағызып, жаныңды зәннемге жіберейін!

Мына жігіттер сенің кім екеніңді, сенің ұятсыз пасық бетің мен сасық кетіңнің бірдей екенін қайдан білсін. Хан жұмсады дегенге, ештеме ойламай, ештеме түсінбей, алғырт мастықпен, албырт жастықпен келіп қалған жігіттер, сенің өңіңдегі сұм-сұмдығыңды, көңіліңдегі кір-қоңыңды қайдан білсін. Сен бұларды алдап-арбап, сол үшін жаныңды жалдап, ертіп келдің. Енді бұлар саған ермейді, сенің шашбауыңды көтеріп, тезегіңді термейді. (*Махамбет өздері бастаған топқа қарап айғай салады.*) Жігіттер, мына тұрған өз бауырларымыз әлі жетесіне жетіп түсіне қоймаған екен. Исекең де, мен де берілген болған соң, бізге ергендердің бәрі сол рудың ғана намысын қорғап жүр деп түсінсе керек.

Атасы Беріш болса да,
Артық пайда көрмедім,
Егіз бенен Балқыдан.
Алақандай Нарында,
Мүкаммалым шашылды,
Шағалалы көлдей шалқыған...

Біз ру намысы емес, ел намысын, қағажу көрген, жапа шеккен жаралы жандардың намысын қорғап, қара қазан, сары бала қамы үшін қылыш сермеп, жырттығына жамау, жарасына дауа іздеп жүрген әр рудан басымыз қосылған намысы бір жандармыз. Қане, Қабыланбай Қалдыбайұлы, бармысың? Қай рудансың?

Қ а б ы л а н б а й (*батыр тұлғалы, гүр етеді*). Ысық руынан!

Ендігі дауыстар алдыңғы қатардан әрі асып, сахнаның

екі жағына да аралас ауысып, екі топтың сарбаздарының үні саңқылдап тұрады.

- Айтмағамбет Өтегенұлы?
- Табынмын!
- Айтас Көсепұлы?
- Танамын!
- Рахмет Бекұлы?
- Кердерімін!
- Шәменбай Досайұлы?
- Менің руым... Менің... Мен — Төленгітпін.

Қарауылқожа жағынан бір қуақы жігіт күліп:

— О, саған не жоқ, біздікі, біздікі боласың!

Тағы бірі:

— Сен не жоғалтып, не іздеп жүрсің? (Екі жақта көңілді ду күлді.)

Ш ә м е н б а й Д о с а й ұ л ы (бұл да қосыла күліп).
Мен Исатай-Махамбет ағаларым не жоғалтса, соны жоғалтып, нені іздесе, соны іздеп жүрмін!

Д а у ы с т а р. Дұрыс... дұрыс!

М а х а м б е т .

- Досақан Жаныбекұлы?
- Адаймын!
- Наурызәлі Қаржаұлы?
- Тамамын!
- Көбік Алғаұлы?
- Байбақтымын!
- Еділбай Сәрсенбайұлы?
- Қызылқұртпын... Ә-ә, Қызылқұрт руынанмын. (Жұрт ду күледі.)
- Аманбай Көбенұлы?
- Масқармын!

- Мастек Ахметұлы?
- Руым — ноғай, өзім — қазақ. (*Жұрт тағы да ду күледі.*)
- Бөрі Сәрсенбіұлы?
- Рахмет Бекұлы?
- Жетірудан, кердеріміз!
- Ержан Тұрманбекұлы?
- Жаппаспын!
- Амантай, Атантай Көбекұлдары?
- Масқармыз, Масқармыз!

И с а т а й. Міне, естідіңдер ме? Бәрі де өз бауырларың емес пе? Өз қазағың емес пе? Ендеше, бір-біріңе найза лақтырып, қылыш сермегенше, ортақ жауыңа, іштегі бітеу жара — бітпейтін ру дауына, жер, жесір дауына қарсы шығып, бір уыстай жұмылып, бір жұдырықтай бірігетін, ата берер бата жолымен жүретін уақыт жетпеді ме?

М а х а м б е т (*саңқылдап*).

Ақ жұмыртқа сары уыз,
 Әлпештеп қолда өсірген.
 Туған ұлдан не пайда,
 Қолына найза алмаса,
 Атаның жолын қумаса?!

(*Жылыстап, шеттеп шыға берген Қарауылқожаға тіксіне қарап.*)

Адаштың байлығынан не пайда —
 Құланның басқа ел таппай,
 Қонарына жер таппай,
 Тарығып келген ерлерге
 Қайыры оның болмаса?!
 Алтын тақты хандардың,
 Хандығынан на пайда,
 Қаріп пенен қасірге
 Туралық ісі болмаса?!

(Қарауылқожалар жылыстап барады.)

И с а т а й. Қане, жігіттер, сарбаздар, Махамбет ағаларыңның қай сөзін білесіңдер?

И с а т а й жағынан бір жігіт. Бар сөзін, бар өлеңін білеміз!

Жігіттер, сарбаздар (екі жақтан.) Білеміз! Білеміз! (Қосыла жамырасады.)

И с а т а й. Қане, білсеңдер қостаңдар.

Бір жігіт.

Арғымақтың баласы
Аз оттар да кеп жусар...

Екінші жігіт (іліп ала).

Азамат ердің баласы,
Аз ұйқтар да көп жортар.
Дұшпанға кеткен арымен,
Барымтаға түскен малы бар.

Үшінші жігіт

Атадан туған аруақты ер,
Жауды көрсе жапырар
Үдей соққан дауылдай...

Төртінші жігіт (қағып алып, ары қарай).

Айтып айтпай немене,
Халық қозғалса,
Тұра алмайды хан тағында-ай!..

Бесінші жігіт (Исатайдың бетіне тура қарап).

Желп-желп еткен ала ту,
Жиырып алар күн қайда?
Орма мылтық тарс ұрып,
Жауға ататын күн қайда?..

Алтыншы жігіт «Қоғалы көлдер, құм, сұлар...» — деп бастай бергенде екі жақтың жігіттері де дүр етіп қостай жөнеледі, — дала ереуілге шыққан ашынған жандардың дауылдатқан үніне айналып, дүр сілкінеді, жүздеген найзалар көкке көтеріліп, қылыштар жарқылдап, сарбаздар үні күн күркірегендей үдей түседі:

Кімдерге қоныс болмаған,
Саздауға біткен құба тал,
Кімдерге сая болмаған?!
Басына жібек байлаған,
Арулар кімнен қалмаған?!
Құландар ішпес бұршақ қақ,
Кімдерге шәрбат болмаған?!
Садағына сары шіркей ұялап,
Жау іздеген ерлердің
Қайда басы қалмаған?!
Ішелік те желік,
Мінелік те түселік,
Ойналық та күлелік.
Ойласаңдар, жігіттер,
Мынау жалған дүние
Кімдерден кейін қалмаған?!
Кімдерден кейін қалмаған...

Аспанда найзағай жарқылдап, күн күркіреп, қара бұлттар аунап, аласапыран көшіп жатыр. Махамбет күйлерінің бірі ойналып тұрады. Мүмкін — «Жұмыр қылыш».

Алтыншы көрініс

ҚАПАСТАҒЫ БҰЛБҰЛ

Шағын әсем зал. Залда Фатима, Алябьев, Даль. Фортепьянода Жәңгірдің Фатимадан туған қызы — Зулейха ойнап отыр. Ән ойналып болысымен, бәрі жас өнерпазды қошеметтеп қол соғады.

А л я б ь е в. Өте тамаша, Зүлейханың болашағы көп үміт күттіреді.

Д а л ь. Өте жақсы. Әрине, мен енді этнограф ретінде ғана бағалаймын. Ал Александр Александрович композитор ғой.

Ф а т и м а. Сіздердің қай-қайсыларыңыз болсын Еуропа тәрбиесіндегі өнер атаулыға өте жақын адамсыздар ғой. Сіздерді бір-біріңізден музыканы бағалауда айыруға болмайды.

Д а л ь. О-о, Фатима ханым, сіз менің бағамды тым арттырып жібердіңіз. Александр Александрович Алябьев мырзамен бұрынғы подполковник шенінде қатарластығымыз болса болар. Ал музыка жөнінен... қадірменді біздің Ксаша ұлы жасампаз да, біз сол жасаған істі бағалаушы ғанамыз. Көп болғанда орындаушымыз.

Ф а т и м а. Сіз олай өзіңізді төмендетпеңіз, Владимир Иванович. Кейде елеусіз көрінетін нәрсенің ұлылығын бағалаушы арқылы ғана білуге болады. Ал шығарма нарқын орындаушы арқылы ғана білуге болады десем, артықтығы жоқ. Айтқандай, сізді тамаша әнші деп естідім.

А л я б ь е в. Әнші болғанда қандай. Ертеректе, осы Орынбордағы бір отырыста, аңшы жайындағы пасторальды орындап, Александр Сергеевич Пушкиннің көзіне жас алдырған.

Ф а т и м а. О-о, мен мұны естіген жоқ едім. Бүгін онда, Владимир Иванович, сіз міндетті түрде бір ән салып бересіз. Ал сіздің анада, Махамбет досыңыздың домбырада ойнаған күйіне берген бағаңыздан ақынның жан сарайын тереңірек ұғынған сияқтымын.

А л я б ь е в. Иә, иә, Махамбет күйлері маған қатты әсер еткені сонша... (*Жан-жағына жалтақтап.*) Ғафу етіңіз, Фатима ханым, сіз еске салған соң, әйтпесе...

Ф а т и м а. Ештеңе етпейді, кешірім өтінудің қажеті жоқ. Сіз осыншама жасқаншақ па едіңіз, «Бұлбұлдың» авторы. Бір шатырдың астында екі пікірлі адамдар тату-тәтті тұра

береді. Қысылмаңыз, Махамбет туралы, әсіресе оның поэзиясы, күйлері туралы жақсы пікіріңізге мен, өз басым, ортақтаспын, айта беріңіз...

А л я б ь е в. Махамбет күйінде буырқанып дауылдатқан Каспий теңізінің алып күші бар. Дауылды күнгі ернеуіне кеп соққан мың батпан теңіз толқыны. Гүрс етіп жарлы жағаға соғады да, лезде кейін шегініп, ұзап барып, күш жинап алып, қайтадан ұмтылады, қайтадан кеп жарға соғады. Меңіреу жар кеудесімен тосып алып, кері лақтырады. Тағы да әлгі қимыл. Тағы да айқас. Әлден уақытта екі жақ та бұлт арасынан шыққан күнге бағынып, саябырсып барып толқындар тоқтайды. Теңіз беті жыбыр-жыбыр дем алып жатар. Үлкен бір айқасқа тағы да әзірленіп жатқан қарама-қарсы екі жақтың іштей буырқанған сәтін баяндайтын күй ырғағы, дала ырғағы. Енді бір кез қайтадан дауыл шақырып, түйіле бастаған шудалы бұлттар, қара қошқыл қою бұлттар, бұлттар. Алыстан ызғар шашып тұтас-тұтас дөңбекши аунаған бұлттар енді толассыз, тоқтаусыз келе жатыр, дауыл келе жатыр!

Д а л ь (қол соға отырып). Ғажап, ғажап! Домбыра күйін қандай түсініп, дөп басасыз, Александр Александрович!

А л я б ь е в. О, Вальдемар, домбыра — таңғажайып аспап екен, не деген октавалық тынысы кең, мәңгі ескірмейтін көне де жаңа музыкалық аспап!

Д а л ь. Осы Ішкі Бөкей ордасын талай аралағанымда, аса бір таң қалатыным — ең кедей деген үйде домбыра ілулі тұрады.

А л я б ь е в. Шіркін, нота грамотасын оқытатын болса, менің байқағаным: Бөкей ордасы, болашақта компонистер¹ ордасы бола ма деймін.

Д а л ь (қол соғады, Фатима да қостайды). Браво, браво!

¹Композиторлар

Осы айтқаныңыз менің де көкейімдегі ой еді. Ковалевский экспедициясындағы Савичев дейтін жас өнертанушы-этнограф бұл жөнінен керемет пікірлер айтып жүр.

Ф а т и м а. Александр Александрович, сіздің Махамбет стихиясын күйі арқылы өте сезімтал білетініңіз, ғафу етіңіз, сіздің өз стихияңызға да ұқсастығынан емес пе? Сіздің «Бұлбұл» атты өлеңіңізде шығыс елдеріне тән мотив бар сияқты.

Д а л ь. Сіз «Бұлбұл» әнін біледі екенсіз ғой...

Ф а т и м а. Білгенде қандай. Біз жүрексініп отыр ек, менің қызым, даусы онша жоғарғы колоратураға еркін жетпесе де, сіздің осы жақта жүргеніңізді естігелі, Александр Александрович, «Бұлбұлды» өз даусына қарай лайықтап айтып жүр.

Д а л ь. Охо, мұныңыз тағы бір үлкен жаңалық. Қане, тыңдасақ қайтеді. Сосын мен де тілектеріңізді орындайын..

А л я б ь е в. Бұл мен үшін үлкен сюрприз!

Фатима қалың нота кітапшасының ішінен лезде «Бұлбұл» нотасын фортепьяно ернеуіне жаяды.

Ф а т и м а. Қане, қызым, ұялма, қысылма, сен әзір кәсіпқой орындаушы емессің.

Фатима «Бұлбұлдың» аккордын алады. Зулейха әнді қысылыңқырап бастап, өзін-өзі тез игеріп, еркін шырқай бастайды. Әннің екінші қайырымында шырқалған ән күрт үзіледі. Ішке айғай-сүреңмен кірген адамның үнімен астасады. Көзі шарасынан шыға, Қарауылқожа тасырлата кіреді, соңында екі-үш адам.

Қ а р а у ы л қ о ж а . Хан қайда? Қызым қайда? Құрыдық, неғып ән салып жетісіп отырсыңдар?! Дүние асты-үстіне келіп жатса, сендер, Фатима!.. Қайда Жәңгір, қайда басқалары? Жер жұтқан ба? Келіп қалды ғой, келіп қалды!

Жетінші көрініс

Бильярд залы. Өзбеков қызу, бильярд ойнап жүр. Шағын үстелде арақ, шарап. Сиротинин тәлтіректен қалған. Есікті жұлқи ашып Қарауылқожа кіреді.

Қ а р а у ы л қ о ж а . Хан қайда? Жәңгір қайда?

С и р о т и н и н (*бас бармағын шомайтып*). Джангир, мырза, жоғары мәртебелі, бильярдды керемет ойнайды. Вот так. Сізге құяйын ба? (*Қарауылқожаны қапсыра құшақтап сүймекиі болады, анау итеріп әлек.*) Біз ертең кетеміз. Бәрі дұрыс, господин, полковой есаул Караулқоджа.

Қ а р а у ы л қ о ж а . Какой-сякой норма?! Аяғына зорға басып тұрып нормашылын.

Ө з б е к о в. Не боп қалды? Хан тақсыр (*ықылық атып*)... будуарда, тош, жатын үйде қызыңызбен, тойс өзінің қатыны Салиханы ойнап, тойс, демалып жатыр.

Бір қолында кий, бір қолында арақ, тағы да тәлтіректен келіп құшақтаған Сиротининді Қарауылқожа итеріп қалып, шалқасынан түсіріп, шыға бергенде, қарсы алдынан төс тақастыра Жәңгір кіреді.

Ж ә н г і р (*шалбарының ауын жүре түймелеп*). Осыншама елді дүрліктіретіндей не боп қалды? Хан сарайына зікір салып кіруді қашан қоясыңдар?!

Қ а р а у ы л қ о ж а . Тапа тал түсте біреуің төсекте, біреуің есекше ән салып, біреулерің тас атып, қаперлеріңе түк кіріп шығатын емес. Ана иттер түк қалдырмай талап келеді.

Ж ә н г і р (*шалбарын түймелеп болып*). Талағаны несі?! Не айтып тұрсыз?

Қ а р а у ы л қ о ж а . Әлгі иттер — Исатай, Махамбет иттер, бүкіл ауылды өртеп, ағаш үйіме дейін, бар малды жылан жалағандай...

Фатимадан да сұлу, Фатимадан да жас, аппақ қардай, қасы-көзі қиылған, қара шашы төгілген қаса сұлу Салиха қос анарын да дұрыс бұркей алмай іш көйлегімен атып шығып, «Апам қайда, апам!..» деп безек қағады.

Қ а р а у ы л қ о ж а . Апаңды құдай да, адам да алмайды, өзім әрең деп бас сауғалап қашып келмедім бе. Жол бойы, ханға қарасты елдердің бәрін өртеп таптап келеді.

Ж ә н г і р (мұздай киініп). Осы сендерді жақтап-ақ өлетін болдым. Енді тағы да сендерді... не істе дейсіңдер?

Қ а р а у ы л қ о ж а . Не істе дегені қалай? Бір әрекет жасамайсың ба, әскерің қайда?! Олар келіп қалды. Осыдан он-ақ шақырым жерде ордалы қасқырлар. Үш-төрт мың қол. Ордаңды талқандап, ханның басын шабам деп келеді.

Ж ә н г і р (сасқалақтап). Оу, не деп тұрсыз?!

Қ а р а у ы л қ о ж а . Не дегені сол — қайран бас керек болса, Исатайлар енді сені шабуға келе жатыр. Алдынан елшілерін жіберіпті.

Ж ә н г і р (айғайлап). Оу, бағанадан осыны айтпайсыз ба? Салиха, киін, кеттік. Аттар, аттар қайда? Қайда-а-сыңдар?!

Бильярд бөлмесіне ештемеге түсінбей сасқалақтаған Алябьев, Даль, т.б. топырлай кіреді.

Жәңгір хан. Билер. Сасқалақтап, хатшының орнына Өзбековті ортаға алып отыр.

Қ а р а у ы л қ о ж а . Сен татарша да жаза аласың ғой. Онда былай деп жаз: «Исатай, Махамбет бауырларым, мен қателігімді мойындаймын. Менен көп ағаттық кетті. Билерім де оны мойындап отыр. Бізге он күн пұрсат бер. Елге деген жер, салық төңірегіндегі қателіктерімді жөндеп, жаңа заң жобасын жасаймыз. Өздеріңе оқытып, ұнаса, сол арқылы болашақта іс қыламыз». (Енді басқаларына қарап,

Жәңгір ханға.) Екінші хатты тез арада Орынборға, генерал Перовскийге жеткізуіміз керек. Оны мен мойныма аламын. Бізді солар келіп құтқармаса, мына баскесерлерді енді тек тоқтата тұру амалын табу керек.

Шонти би. Исатайларға хатты кім апарады? Тыңдай ма? Өлтіріп тастар.

Қарауылқожа. Сен барасың.

Шонти би. Таста-а! Менқолына түссем-ақ бауыздай салады. Сен бар, Қарауылқожа, қасыңа бір-екі әскер ертіп ал.

Қарауылқожа. Мені де олар оңдыра қоймас.

Жәңгір. Әскермен баруға болмайды. Ол жынға тиетін нәрсе. Одан да жалау көтеріп, елші рәсімімен бару керек.

Қарауылқожа. Аяқтарына жығылып, кешірім сұрап, он күн пұрсат алу керек. Қане кім барады?

Ешкім үндемейді.

Жәңгір. Қане?!

Фатима (*кіріп келеді*). Мен барамын!

Бәрі (*таңырқап, үстерінен жай түскендей*). Фати-ма? Се-ен?!

Шонти би (*күмілжіп*). Фатима-ау... бұл қалай, әйел адамды олар қалай көрер екен.

Қарауылқожа (*еліріп*). Әйел, әйел! Неғылған әйел! Фатимажан ханша емес пе? Неғылған әйел! Бұл — тапқан ақыл. Елшілік бәтуаға ханшаның өзі барса, ана сұмырайлар да, неше жерден қанішер болса да, ілігер еді. Және де Фатима Махамбетті ежелден біледі.

Жәңгір (*кекесін, қызғанышпен*). Әрі көптен бері көріскен жоқ. Қатар құрбылар бірін-бірі сағынған да шығар...

Фатима. Ханның жаны емес, жүрегі ауырып тұрған шығар. Егер мені қызғансаң, Салиха барсын, менен жас та, өтімді ғой.

Қарауылқожа. Қой, айналайын, ол не дегенің...
Қарақтарым-ау, бұл қалжыңның орны емес... Одан да, қане,
қалай бәтуаға келу жолын ойластырсақ.

Шонтиби. Иә, ана жақта елшілер де күтіп отыр.

Сегізінші көрініс

ҚОРШАУ

Түн. Жәңгір хан ордасының айналасын жан-жағынан қоршаған көтерілісшілердің әр жерге жанған оттары. Бір топ көтерілісшілердің қасына Махамбет келеді. Бір сарбаз жүре сөйлесіп келеді:

Сарбаз. Исатай ағам мына қоршаудан тышқан өтіп кетпесін деп еді. Орынбор жолымен Ордадан шыға берген екі-үш арбалы тышқандар мен мысықтарды ұстап алдық. Ана рессорда бір-екі шенеунік отыр.

Махамбет. Кімдер олар, шығар!

Рессор ішінен шыққан екі шенеунік (бастарында цилиндр, үстерінде жамылғы плащ) қосарымен айғайлап, қуанып келеді:

— Махамбет!

— Махамбет!

— Қымбаттым, Махамбет!

Махамбет (қараңғыда еңкейе қарап, таң-тамаша болып). Александр, Вольдемар. (Екеуімен қцшақтасады. Көтерілісші жігіттер аң-таң).

Махамбет. Оу, сіздерді қай құдай айдап келді?

Даль. Біз, Александр Александрович екеуіміз қазақтардың ән-күйін, тұрмыстарын этнографиялық зерттеу мақсатымен арнайы шыққанбыз.

Махамбет. Сүйтсек, зерттейтін тұрмыс жоқ. Ән-күй ғана емес, жалпы бар күйіміз таусылып, күйімізге де, үйімізге де бүйі тигендей...

Алябьев. Иә, жағдай қиын екен. Әйтсе де, аз уақытта біраз халықтан... Да, бір жерде, Махамбет, сіздің де екі күйіңізді нотаға түсірдік...

Махамбет. Рақмет, рақмет! Ал жігіттер (өз жігіттеріне қарайды), бұл кісілер — үлкен кісілер, ұлы адамдар. Бөгемей, жолға салып жіберіңдер, біреу-міреу тағы да ұстап алмасын... Вольдемар, әттең уақыт, уақыт. Қазір түн ішінде хан ордасына басып кіріп, тас-талқан етпекпіз. Сіздерге көп тұруға болмайды. Ана жаққа барғанда... бұл жағдайды сіздер көрген жоқсыздар.

Алябьев. Әлбетте, әлбетте...

Даль. Әрине, әрине.

Махамбет (сарбаздарға бұрылып). Ана атқосшысын алып қалып, біздің жігіттердің бірін отырғызыңдар. Ана жаққа барғанда бәрін жеткізіп жүрер.

Сарбаз (күліп). Ол, өзіміз білетін жетім жігіт. Туғаннан сөйлер тіл, естір құлақ жоқ, тас керең, мылқау.

Махамбет. Онда, тұла бойын тінтіп жіберіңдер.

Алябьев (Махамбетті жекерек алып шығып). Махамбет, ренжіме, саған айтарым, сақ бол. Ханыңмен қандассаң да, ана жақтан сақ бол. Империя дала бүркіті емес, ол самұрық — екі басы бар. Аңада, саған император желтоқсанның салқыны тиді ме деп сұрады, түсінбедім дедің ғой. Мен де маңындағылардан қорқып түсіндіре алмағанмын. Ол айтқаны — желтоқсандықтар, желтоқсанда көтерілген бүлікшілер. Олардың көбін атып, асып, Сібірге айдағанда, сен империя үшін кішкентай ғана ойыншықсың. Аямайды. Сақ бол. Ана хан ставкасын қоршаған отыңды кеңітпе, күшің жетпейді... Ал сау бол, көріскенше! (Кетеді.)

Махамбет. Ал ана бір арба кімдікі?

Махамбет жақындап кеп, өз көзіне өзі сенбегендей, ұзақ қарап тұрып рахаттана күледі.

Ағаш сандықтардың үстінде тыр жалаңаш екеу тұр. Қолдары артына байланған. Ауыздары тығындалған. Ең қызығы — бұттарында атдорба сияқты бірдеме салаңдайды. Белінен орап, салбыратып байлап қойған арақ шөлмектері.

С а р б а з (*ішек-сілесі қата күліп*). Танысыз ба, бұлар елді тексеріп, қанап жүрген сұмдар — Өзбеков пен Сиротинин ғой. Ал қобырап жатқан қағаздар жер салығын төлемегендер деп елді кінәлаған жалған жалалар. Қазір аналардың астарына салып, өртейміз. Арақ майдай жанады дейді. Шөлмектерге от тиісімен екеуі де көкке ұшады...

«Тұтқындар» сөйлегісі келіп, бұлқынады, ыңқылдайды.

М а х а м б е т. Түсіріңдер, аузындағы шүберекті алыңдар.

Сандық үстінен екі тергеуші, бұттарындағы шөлмектер тізесін соғып, Махамбетке етпеттей жорғалап, жылап-сықтап жалынып жатыр.

М а х а м б е т. Жарайды, қолдарын шешіңдер. Ана сандықтарында не бар екен?

К ү з е т ш і ж і г і т т е р.

— Толған арақ шөлмектері. Тамақ.

— Жәңгір ханның берген парасы.

М а х а м б е т. Жарайды, ана қағаздарын, киімдерімен бірге өртеңдер де өздерін қайтадан хан ордасына жаяу қоя беріңдер. Сандықтарын көтеріп алсын. Тыр жалаңаш айдаңдар.

Өзбеков пен Сиротининде ес жоқ, мастықтан тәлтіректен, ыржалақтап күле береді:

— Спасибо, спасибо!

— Рахмет, рахмет!

Киіз үй. Махамбет қайтып келген. Исатай, Уса, тағы басқа қолбасшы батырлардың ортасында Махамбет ашулы.

М а х а м б е т . Сонда, немене, он күн пұрсат бердіңдер ме?

И с а т а й . Орданы қиратып, ханды, басқаларын өлтіргенде не табамыз. Одан да тәубелеріне келіп, ақылға түссін.

М а х а м б е т . Неғылған ақыл? Оларда ақыл жоқ деп педің. Бар зорлық-зомбылық сол Қарауылқожалардың ақылымен істелген жоқ па? Енді он күннің ішінде, орыс әскерін шақыруға олардың ақылы жетпес деймісің... Мен қарсымын. Ертең талқандауымыз керек.

И с а т а й . Жоқ, менің шешімім — осы. Басқалар да осы шешімді қолдап отыр. Ортақ шешім.

М а х а м б е т . Мынау үйді де солар тіккен шығар?

И с а т а й . Саған да тікті. Көбімізге. Он күн аз күн емес. Мал сойып, он күн бойы, қашан заңдарын шығарғанша біздің тамағымызды көтеріп алмақшы.

М а х а м б е т . Жеңдер, жеңдер олардың боғын. Соғысуға келді ме десем, табысуға, тойға келген екенсіңдер. Тойлаңдар, тойлаңдар, он күннен соң орыс әскерлерімен соғысуды ойлаңдар! Ал мен ханның қонағы болып, он күн бордақыланып жата алмаймын. Ертең қалған жұртқа барып, он бірінші күні келермін. Күтіңдер, күтіңдер хан сыбағасын!

Махамбет өзіне арнайы тіккен көшпенділердің соғыста алып жүретін киіз үйі абылайшаға кіреді. Үйде сықсима майшам. Алақөлеңке... Бес қаруын шеше бере, жиылмалы ағаш төсағаш қасында қимылдаған біреуге көзі түседі. Сәл шошыңқырап, қынынан қанжарын суырып алады.

Махамбет. Бүгім-ай? Бері шық кім болсаң да!

Фатима даусы. Жау жоқ деме, жар астында.

Махамбет (әлі де қанжарын тастамай). Бәтір-ау, Фатимамысың?!
Фатима (күліп). Болсақ болармыз.

Махамбет. (Фатимаға ұмтыла беріп тоқтап қалады да, онысын сездірмейін дегендей, қанжарын жерге құлаштай ұрады). Мұнда неғып жүрсің, м-мезгілсіз уақытта?

Фатима. Мезгілі жеткен сияқты.

Махамбет. Не мезгіл, хан иенмен достастырайын деп пе едің? Ондай мезгіл өткен.

Фатима. Жоқ, он күн пұрсат бердіңдер...

Махамбет. Мен берген жоқпын.

Фатима. Ендеше мен он күндік уәдесіне аманатпын. Қасыңда боламын.

Махамбет. Мен сені жау алдында аманатқа алып, ел алдында жаманатқа қалдыра алмаймын.

Фатима. Жәңгір жаманатқа қиғанда, сен...

Махамбет. Жоқ, мен жаудың қатынын аманатқа алып қорқытпаймын, жеңіп барып көзінше тартып аламын... Иә, шынында, ханың сені қалай қиып жіберді?

Фатима. Менен басқа сұлулары да, жасырағы да бар ғой, қатыннан кемде емес.

Махамбет. Ә-ә, сен Салиха үшін өш алуға келдім де. Бар онда. Мен сен екеуіңнің орталарыңдағы қызғаныш отына құяр май емеспін, сөндірер су да емеспін.

Фатима. Апырай, осынша қатал болармысың. Ақын емеспісің? Жүрегің қайда жана білетін, жаның қайда жалындай білетін?

Махамбет. Мен қазір, жалынын жауға атқан, еліне жоқтау айтқан, дұшпанға боқтау айтқан, жанын шүберекке түйіп, ажалға бетпе-бет, өлімге тұспа-тұс шыққан ақынмын.

Ф а т и м а. Оның рас, сенің мен білетін өлеңдеріңнің бәрі қорлық-зорлық, бәрі жорық жайында. Тым құрмаса ғашықтық, ынтызарлық жайында бір өлеңің болсашы, тым құрмаса бір өлең, не деген тасжүрек едің?..

Фатима есікке қарай ұмтылады. Махамбет екі иығынан қапсыра ұстап құшақтайды.

М а х а м б е т. Жоқ, жаным, менің жүрегім біреу-ақ, қайтейін. Халқыма арнайын ба, махаббатыма арнайын ба? Ғашығым жайлы бір-ақ өлеңім, әлі айтылмаған, жазылмаған бір-ақ өлеңім бар, өлсем ішімде кетеді. Жалғыз-ақ өлеңім... Ол — сен!..

Тоғызыншы көрініс

ПЕРОВСКИЙ МЕН ОФИЦЕРЛЕР

Генерал Перовскийдің кабинеті. Үлкен шенді (әскери киімдерімен) офицерлер ұзын үстелді жағалай отыр.

П е р о в с к и й. Офицер мырзалар! Бас-басыңның лауазымдарыңды, атақтарыңды атап, сөзді ұзартудың бұл арада қажеті жоқ. Бір-біріңізді жақсы білесіздер. Сіздерді шұғыл шақыртуымның себебі — қырғыз-қайсақтардың Бөкей ордасында төтенше уақиға. Жәңгір ханның ордасы айнала қоршауда!..

Исатай-Махамбет атты қос бандиттің қалың отряды бүкіл орданы бар аумағымен өртеп, хан тұқымын түгелдей құртпақ. Ханға қойылған ультиматум мерзімі 10 күн. Бүгін төртінші күн. Біздің міндетіміз — хан ставкасын бандиттерден аман алып қалу. Құтқаратын мезгіл жетті. Тез арада. Сұрақтарыңыз, ұсыныстарыңыз бар ма?

П о л к о в н и к Г е к е. Банды шайқасының саны қанша екен?

Перовский. Бұл жолы күштері мықты. Шамамен үш-төрт мыңдай.

Подполковник Меркулев. Қарулары қандай?

Перовский. Шайтан білсін! Баяғы дала номадтарының тұрпайы қару-жарақтары болса керек. Зеңбірек қайдан келсін оларға.

Гекке. Пушка болмаса да, олардың кейінгі кездегі дайындықтары көңіл аударарлық. Номадтар қаруы қора-қопсының айыр, күрек, шалғы секілді қоқыр-соқыры, немесе қасқыр соғатын шоқпар ғана емес, Көктатыр деген жерде оқ-дәрі дайындап, соғыс аттары мен жауынгерлерді арнайы дайындайтын да көрінеді.

Атаман Покатилов. Тәйірі, баяғы жабайы шиті мылтыққа неше жерден дәрі дайындаса да...

Гекке. Шиті мылтық қана емес, айбалта, сүңгі, қылыш соғумен бірге мылтық та соғатын болыпты. Тіпті көтеріліс басшыларының біразында неміс шеберлерінің браунингі, кейбірінде штуцерге дейін бар көрінеді.

Перовский. Махамбет ақынның Хиуаға көбірек барғыштауынан хабардарсыздар. Әлі олар көрші мемлекеттердің, Бұхара мен Қоқанның қару-жарақтарын ғана емес... Жарайды, сұрақты көбейте бермей, ұсынысқа, әскери қимыл жоспарына кірісейік.

Гекке. Менде мынадай ұсыныс бар. Бұл жолғы көтерілісшілердің сайланып келуі, ана басқа сұлтан, билердің ауылдарын ара-тұра шауып алып, мал-мүліктерін тонап кетуінен мүлдем бөлек. Егер осы жолы хан ставкасын түгелдей өртеп, құртып жіберсе, бұл, сөз жоқ, бір жағы Ресей империясының әкімшілігіне деген қыр көрсету. Яғни мына көрші Солтүстік Сібір қырғыз-қайсақтарының Кенесары Қасымов бастаған көтерілісшілерінің де рухын көтеріп, сеніміне дем беру.

П е р о в с к и й . Міне, мәселе қайда жатыр.

Г е к е . Жоғары мәртебелі Василий Александровичтің, мына іргедегі Хиуа хандығы туралы да, мәселені тереңнен қозғауы тегін емес. Ендеше бұл жолғы көтерілісшілерді басу, құрту деген кезеңі жеткен мәселе.

П е р о в с к и й . Менің ойым да осылай еді. Қане, сіздіңше қалай, полковник мырза?

Г е к е . Соғыс тактикасында психологиялық соғыс дегенді білесіздер. Қырғыз-қайсақ ұлты басқа ұлттарға қарағанда аса балажан, аса бауырмал тіпті фанатично туысқаншыл халық. Біз, әрбір әскери бөлімше, Орал қазақтары, Орынбор шекара бөлімшесі, арнайы жазалаушы отряд бөлімшелері әр жаққа бөлініп, көтерілісшілердің, кемінде тең жарымының отбасы мүшелерін тұтқындап, аманатқа әкетуіміз керек. Сонда, құлағына хабар жеткен көтерілісшілердің кемінде тең жарымы өз отбасы мүшелерін қорғау жолында, бекіністерін, қоршауын тастап ауыл-ауылына тарайтыны, сөйтіп үлкен көтеріліс отряды жұбын жазып, ұсақтап, қайта басы қосылғанша, әр жердегілерін топ-тобымен топырлату қиынға соқпайтыны анық.

П е р о в с к и й . Мұныңыз өте ақылды тактика! Қалай, офицер мырзалар?! Осы тоқтамға келейік. Сіздер дайындала беріңіздер. Бара беріңіздер. (Гекеге.) Полковник, сіз қала тұрыңыз.

Перовский мен Геке оңаша.

П е р о в с к и й . Полковникмырза, Батырхан Шахимарданов молладан жедел хабар түсті. Мазмұны мынадай: хан ставкасын құртқан соң Исатай Тайманов пен Қайыпқали Ишимовтің мың шақты адамнан құралған шайқасы Қиыл өзенін бойлай отырып, Ақбұлақ өзенінен өтіп, шекараға тұтқиыл шабуыл жасап, шептен аспақ.

Г е к е. Кешіріңіз, шапағатты мырза, олар Орск бекінісіне шабуыл жасамақ еді ғой.

П е р о в с к и й . Біздің басқа жансыздарымыздан да донесение түсті, Шахмардановтың жазғанымен бірдей.

Г е к е. Қандай міндет жүктеледі, шапағатты мырза?

П е р о в с к и й . Бұл жолғы әскери әрекеттеріңіз тек қана Исатай-Махамбет пен Қайыпқалидың шайқасын құртып, басшыларын ұстау ғана емес, сонымен бірге Елек өзені арқылы өзіне бағынышты халқын алып, Кенесары Қасымовқа қосылу үшін Торғай даласына асқан Табын руының басшысы Жоламан Тіленшинге де қарсы қимыл болады. Егер оларға Тайманов-Махамбет шайқасы қосылса, олардың күресі, енді, Жәңгір Бөкеевке ғана емес, бүкіл Ресей империясына қарсы күреске айналмақ. Ендеше бұл бізге соғыс министрінің де, тіпті ұлы императордың да алдындағы соңғы сын.

Г е к е. Бізге берілетін негізгі күш, шапағатты мырза?

П е р о в с к и й (сәл ойланып). Орынбор полкынан үш жүз әскер, Елек казактарынан төрт жүз, Орал казак полкынан екі жүз, жаяу әскерден елу адам, екі артиллериялық қару. Подполковник Мансуров командование сіндегі бес қаруды, Орынбор башқұрт әскерінен жеті жүз казак.

Г е к е. Толығынан жетіп жатыр, шапағатты мырза!

П е р о в с к и й . Және сіздерге Орданың батыс бөлігінің правителі Баймағамбет Айшуақовтың отряды қосылады.

Г е к е. Бұйрықты орындауға дайынмын! (*Кетіп бара жатып тоқтайды*). Айтқандай, Хан ставкасының жағдайын жеткізген кім? Алябьевтер емес пе?

П е р о в с к и й (*күліп*). Жо-оқ, номадтардың ежелгі әдісі — ат құйрығының тілігіне қыстырған хатты мылқау атқосшылары алып берді.

Оныншы көрініс

ТҮРМЕ АУЛАСЫ. ШПИЦРУТЕНМЕН ЖАЗАЛАУ

Төрт бұрыштап салынған түрменің кең ауласы. Беліне дейін жалаңаштанған солдаттар қарама-қарсы бөлініп тұрған ұзын саптың арасымен бір адамды өткізіп, шпицрутенмен жазалап жатыр. Арқасы тілім-тілім ол шынжыр кісендері шылдыр-шылдыр етіп, қолдарына мылтық байлап сүйрелеген солдаттың соңынан ілбіп, сүйретіле басып үнсіз өтіп барады.

Сырттан бір топ кісендеулі тұтқындарды саптың шетіне әкеліп, қатар-қатар тізіп қояды. Түрме рот-мистрі тұтқындарды хабарлайды.

Р о т м и с т р . Көтерілісшілерге мынадай жазалар кесіліп, бұйрық етілді: 1) Исмаил Қалдыбаев — саптың ортасымен үш рет өткізу — 1500 шпицрутен, 2) Сарт Идилев — 1000 шпицрутен, 3) Дустахан Джанибеков — 1000 шпицрутен, 4) Ижбай Қадыровқа — 1000 шпицрутен, 5) Уса Төлегеновке — 1000 шпицрутен, 6) Тойчеке Умаровқа — 500 шпицрутен, 7) Исмаил Өтемісовке — 1500 шпицрутен.

Бұларды да беліне дейін шешіндіріп дайындап қойғанда, жазаланушы адам да осылардың алдына саптың шетіне жетеді.

Жазаланушы тұтқындар бастарын зорға көтереді. Жаңа келген тұтқындар аяқтарындағы шынжырлары шылдыр етіп, бәрі де иштерін тарта күбір етеді:

— Махам-беет!

Сақал-мұрты өскен, беті ісінген Махамбет, денесінде жарадан сау-тамтық жоқ, құлағы жұлынған, беті

кесілген, денесіндегі қаны әлі жуылмаған, кей жеріндегі қаны қатып, жаралары қарақотырлана бастаған достарына, аға-інілеріне дәрменсіз, аянышты жүзбен қарап тұрады да баяу ғана күбір етеді.

Махамбет. Жеңілген екенсіңдер ғой. Жайықтан өте алмаған екенсіңдер. (Тұтқындар бастарын изеседі.)

Махамбет (сөзін үзіп-үзіп, демігіп). Исатай... Исатай ағам аман ба, қолға... қолға түскен жоқ па?

Тұтқындардың бастары салбырап үнсіз тұр. Бір кезде Тойшеке ақсақал кемсең қағып: Исатай жоқ. Өлді. О дүниелік, — деп, бұғаулы қолын зорға көтеріп бетін сипайды. Сәл үнсіз, мәңгірін тұрып қалған Махамбет бір кезде жарылып, бар даусымен өксік аралас айғай салады.

Махамбет. Иса-та-ай, ағата-ай!

Бүкіл тұрме ауласы жаңғырығып кетеді. Төрт қабырға бірдей «Исатай, ағатай» деп дүр сілкінгендей болады. Тұрменің тор терезелерінен көздері шарасынан шыққан тұтқындар көрінеді.

Махамбетті екінші айналымға әкеліп барады. Бұл жолы ақын басын көтеріп алған, ыза, кек қайнаған жігермен әр соққы сайын, өлең жолдарын шымырлай түсіп, саңқылдап барады. Ұрған сайын ширай түседі. Бар әділетсіздікке деген өз қарсылығы, кектен, ызадан, күйініштен, өкініштен шыққан жолдар, арқаға дүре тиген сайын көтеріліп, ақынның үні үдей түседі:

Мен, мен едім, мен едім,
Мен Нарында жүргенде
Еңіреп жүрген ер едім.
Исатайдың барында,
Екі тарлан бөрі едім.
Ерегіскен дұшпанға,

Қызыл сырлы жебе едім.
Еділдің бойы ен тоғай,
Ел қондырсам деп едім.
Жағалай жатқан сол елге,
Мал толтырсам деп едім.
Еңсесі биік ақ орда
Еріксіз кірсем деп едім.
Керегесін қиратып,
Отын етсем деп едім.
Туырлығын кескілеп,
Тоқым етсем деп едім.
Тақта отырған хандардың
Төрде отырған ханымын
Қатын етсем деп едім.
Тілекті тәңірі бермеді,
Тілекті тәңірі бермеді.
Ежелгі дұшпан ел болмас,
Етектен кесіп жең болмас,
Хан баласы ақсүйек
Ата дұшпан сен едің,
Ата жауың мен едім.
Мен, мен едім, мен едім,
Исатайдың барында
Екі тарлан бөрі едім...

Он бірінші көрініс

ТАҒЫ ДА ТҮРМЕ

Қабырғаларында қалың-қалың тыстары алтын тұст-ті әріптерімен жалтыраған кітаптар жиһаздалған этажеркалар тұтқан сәнді шағын кабинеттің кең емен үстелінде отырған көзілдірікті, сұлу мұртты, шоқша сақалды, аппақ құдай шашы қасқа маңдайына жарасымды мосқал адам Нұрсұлтанды ертіп кірген Махамбетке бәйек болып жатыр.

М и х а и л И в а н о в и ч . Отырыңыз, отырыңыз! Өз балаңыз ба? Отырып сөйлеңіз.

М а х а м б е т (*Михаил Ивановичтің үстелі алдындағы иықты орындыққа жайғасып, Нұрсұлтанның кекілінен сипап отырып.*) Ағайынымның баласы еді. Орысша сөйлесе алмайтын болған соң, өзім әкеліп отырмын. Өтемісов Бекмұхамбет деген ағамның баласы. Құдай иіп, Ресейдің оқу орындарына бұратана халықтардан да балалар алатынына қуанышымызда шек жоқ.

М и х а и л И в а н о в и ч . Иә, Құдайға шүкір, Императорымыздың даңқы арта бергей! Бұрын бұратана халықтардың хандарының, ақсүйектерінің балаларын ғана алушы едік, енді, шынында да, бұл қырғыз-қайсақтар үшін де үлкен бақыт. Және де бұратана халықтың балалары оқуға өте құштар және шетінен алғыр.

М а х а м б е т . Әттең, біз еуропалық білім ала алмай қалдық қой!

М и х а и л И в а н о в и ч . Әрине өкінішті! Сіз орысша бірсыдырғы тәуір сөйлейді екенсіз, жаза білесіз бе?

М а х а м б е т . Арабша, парсыша, татарша сауатым бар. Ал орысша аздап қана хат танымын!

М и х а и л И в а н о в и ч . Онда, бар білгеніңізше, орысша өтініш жазыңыз.

М а х а м б е т . Апырай, ә!

М и х а и л И в а н о в и ч (*Махамбеттің жанына келіп*). Жүрексінбеңіз. Жаза беріңіз. Бұл әшейін, формальность. Білгеніңізше жаза беріңіз.

Қағазға шұқшиған Махамбеттің сыртынан басын олай бір, бұлай бір қисайтып, көзілдірігінің үстінен күдіктене қараған Михаил Иванович, Махамбет басын көтеріп алғанда, лезде жымып:

— Мен, қазір, қажеттілік жағдайымен сізді қалдыра тұрайын. Жаза беріңіз (*Кетеді.*).

Н ұ р с ұ л т а н . Көке, әлгі шал бастығы ма? Мені оқуға алам деді ме?

М а х а м б е т . Алады, алады. Тек, сен байқа... Келістік қой. Аузыңнан аңдамай шығып кетпесін. Сен — Бекмұхамбеттің ұлысың.

Н ұ р с ұ л т а н . Білем, көке, ұмытпаймын да, жаңылмаймын да. Мен — Нұрсұлтан Бекмұхамбеттің ұлымын, Махамбеттің ағасының ұлымын.

М а х а м б е т . Тағы да ұмыттың. Менің атымды атама дегенім қайда?

Н ұ р с ұ л т а н . Немене, туған әкемнің атын өмірі айтпайын ба?

М а х а м б е т (*жеңіл күрсініп*). Әзірше айтпа. Мүмкін бір кезде мақтанышпен айғайлап айтатын күнің де туар.

Нұрсұлтан жыға түсінбей, иығын көтереді. Сырттан аяқ дыбысы естіледі де, Махамбет қағазына шұқшияды.

М и х а и л И в а н о в и ч (*сырттай сөйлей кіріп*). А, жазып болдыңыз ба?

Қарт ағартушы Махамбет жазған қағазға үңіледі де, күліп жібереді.

М и х а и л И в а н о в и ч . Ох, дорогой Утемисов! Сіз дауысты дыбыс қалай естілсе, солай жазыпсыз. (*Өз орнына қарай жүре сөйлейді.*)

«Дарагой Михаил Иванович» дейсіз. «Дарагой» емес, «дорогой». Жаңа шыққан орыс грамматикасында, «без ударное о пишется как о, читается как а» деген ереже бар. Ну, ештеме етпейді. Псковтықтар, тверліктер осылай айтып, осылай жазады. Сондықтан да оларды окающие дейді. Айыбы жоқ. Орыстардың көбі, сіз түгілі, бұл жөнінен әлі сауатсыз. Және мен кінәлімін, сізге өтініштің үлгісін беруім керек еді. (*Тартпасын ашып, бір қағазды ұсынады.*) Міне, мына өтінішке қарап жазыңыз. Бірақ (*күледі*) мұндағы

фамилияны, өтініш иесін түгел көшіріп қоймаңыз. Өз атыңызды, өз қолыңызды қойыңыз. Жаңылмасам, сізді мен бұрын да көрген сияқтымын. Мұхаммед Өтемісов емессіз бе? (Есіктен қарулы, еңгезердей екі полицей кіріп келеді.)

П о л и ц е й. Сіз — Мұхаммед Өтемісов?!

Махамбет ширақ қимылмен үстелдің Михаил Иванович жағына шығады. Қолында ұзын кездік-қанжар. Михаил Иванович сасқалақтап, көзілдірігі мұрнының ұшына кетіп полицейлардың артына тығылады.

П о л и ц е й. Кинжалыңызды бізге тапсырыңыз. Текке боқ басында өліп қаласыз. «Қарсылық жасады» деп ата саламыз.

М а х а м б е т. Мені ұстауға қандай хақыларың бар?

П о л и ц е й. Сіз түрмеден қашқан түннен бері бізде тізімдесіз. Біз сізді ұстап апаруға міндеттіміз. Онда барған соң, мүмкін, босатар. Ол біздің міндетке кірмейді. Қарсыласпаңыз.

М а х а м б е т. Өте сыпайы екенсіңдер. Жарайды! Тек сұрарым — баламның көзінше қол салушы болмаңдар. Өйтер болсаңдар, өлгенше соғысамын.

П о л и ц а й. Сіз қарсыласпасаңыз, бізден ондай өрескелдік болмайды.

М а х а м б е т. Жарайды!..

Қолындағы қанжарын Махамбет шиыршық атқыза лақтырады, полицей да өзіне қарай шыркөбелек ұшқан қанжарды көз ілестірмей сабынан қағын алады. Қолына бұғау салып жатқанда Махамбет оқты көзімен Михаил Ивановичке қарайды.

М а х а м б е т. Ағартушы адам да жауыз болады екен!

М и х а и л И в а н о в и ч (тура қарай алмай). Ресей анамызға кім қарсы болса, мен де ол адамға өле-өлгенше қарсымын.

М а х а м б е т . Менің Ресейде еш өштігім жоқ. Мен патшалық диктатураға, жалпы диктатура атаулыға қарсымын. Ал Ресейдің өркениетіне, әсіресе білім, ғылым мен ағарту жағына құштармын. Тіпті ғашықпын. Сол үшін де баламды оқуға әкеліп едім. Михаил Иванович, мені жазғырсаңыз да, баланың еш кінәсі жоқ. Жүрегіне дақ салмай, оқуға қабылдануына қамқоршылық етерсіз.

М и х а и л И в а н о в и ч (*күмілжіп*). Менің қолымнан келсе... Бұл жөнінен мен кішкентай адаммын.

Махамбетті әкетіп бара жатқанда, Нұрсұлтан беліне жабысып жылайды: «Көке, әке, әкетайым!»

М а х а м б е т . Жылама! Жігіт жыламас болар. Мені көп ұстамайды. Шығамын, жатқан үйді білесің ғой. Адаспай бар үйге, жылама! (*Полицейлер алып кетеді.*)

М и х а и л И в а н о в и ч (*жалғыз*). Бұл қалай болды. Неге, неге?! Не істедім? Менің шаруам қанша еді?! Түк түсінсем бұйырмасын... Ә-эх! Патриот! (*Өз шекесін өзі өкінішпен ақырын тоқпақтайды.*)

Он екінші көрініс

СОҢҒЫ СОТ

Сот залы. Қарақөлеңке. Залда шағын ғана қара-қура адамдар. Арасында белгілі адамдардан генерал Перовский, генерал Баймағамбет Айшуақов, атаман Покатилов, бір жақ қанатта, екінші қанатта — қала шенеуніктерінің ортасында Жәңгір мен Фатима, Қарауылқожа, Шонти би, тағы басқа атақты шонжарлар, билер.

Тағы бір шоғыр — үлкен шенді офицерлер.

Сот төрағасы тоқпағымен үстелді бір-екі тықылдата ұрып сөйлейді. Даусы ғана естіледі. Өзі көрінбейді.

— Тынышталыңыздар, офицерлер, мырзалар, ханымдар! Қылмыскер бүлікші, Бөкей ордасының бұрынғы азаматы, бұрынғы старшыны Мұхаммед Өтемісовке өзінің үкім алдындағы соңғы сөзін — өкінішін, қателігін, кешірімін, болашақ болмысын айтуға Әскери сот пұрсат беріп, рұқсат етеді.

М а х а м б е т (сақал-мұрты қауғадай, бірінші көріністегідей. Залға қарап тұр). Менің өткен өкінішім де, кеткен қателігім де бар. Елім үшін күрескен арманыма жете алмадым. Бірақ оның бұл арада керегі де, ешкімнің берері де жоқ. Болашақ болмысымды айта алмаймын, өйткені маған деген соттың үкімі жоқ. Сотталам ба, ақталам ба, Сібірге айдалам ба, түрмеге байланам ба, атылам ба, асылам ба — әлі белгісіз. Ал кешірім дейді, мен халқым үшін отқа да, суға да түстім. Оған кешірім сұрамаймын. Тек кешірім емес, өтінішім бар. Соңғы сөз дедіңіз, қасиетті сот бастығы, қазақта оны дат дейді. Ендеше сұрарым — датымды аяғына дейін бөлмей тыңдаңыз, маған үкімнен кейін сол тілегімді сотта қараңыз. Қаншама адам өліміне, мал шығынына, жан шығынына мен ғана, Исатай бастаған шарасыз шаруалар ғана кінәлі екен, ал сол кінәға себепші жауыздықтың, қиянаттың ордасы — Хан ордасы, оның төңірегіндегі елді зар жылатқан, қансыратқан сұлтан, билер, ана отырған Қарауылқожалар, оларға ерік беріп жүгенсіз жіберген ана хан Жәңгір, олардың сүйемелшісі, қамқоршысы болған, елді шауып, жас балаға дейін турап тастап ауылды қан сасытқан ана Покатилов, Гекелер, қазағымның ежелгі жері үшін, өлмелі елінің тұрмыс-тауқыметі үшін әділетсіздікпен майдан салған ер Исатайды тірідей ұстап әкелудің, тергеудің орнына басын кесіп, 500 күміс алғанды артық көрген Богатырев бастаған орысы бар, казағы бар, қазағы бар қаражүректерді, соларға ерік беріп, бар қару-жарағымен жұмсаған, ханға халықтан жинатып алған 4500 түйені Хиуа жолында қырып салып, жол бастаудан бас тартқан 70 жігітті құмдалада атып

өлтірген ана отырған генерал Перовскийді, Жайықтан өтіп, Кіші ордада туыстарына өтем деген үш ауылды балашағасымен мұз үстінде қырғызған ана отырған шекара бастығы Генсті, осының бәрін біле тұра, тәртіпке салу орнына, таққа отырмай жатып, тәж көтеру салтанатына барғаны үшін ғана қандықол сұлтан-билердің мойнына алтын, күміс қарғыбау таққан, қазақ үшін мәртебе, бірақ мазақ үшін жәй төбе Жәңгірге генерал-майор атағын берген, өзіне бағынышты, бодан елінің жағдайын айтқысы келген біздей пақырларды, білдей ақындарды білмеген, сөзін құлағына ілмеген Николай ақ патшамызды неге сотқа тартып, жазаламасқа... Соттамаса да, кешегі 4000 дүрені көтере алмай өліп кеткен жазықсыз жандардың тым құрмаса 40 дүресін осылардың арқасына салса, Қиянат, Зорлық, Зомбылық дегеннің не екенін көзімен көрмесе де, жон терісімен сезінер еді. Сонда ғана халық соттың не екенін, әділеттің не екенін түсініп, алда риза рақметін айтар еді. Менің тілегім осы ғана. Мен болдым...

Әскери сот төрағасының үні. Өзінің ақындық эмоциясымен жасап алған қателіктерін, бұзақы бүлікшілерге еріп арандап қала жаздаған үшқалақтығын өзінің өкінішімен мен қателігім деп мойындаған жас ақынның болашақ өміріне аяушылықпен қарап, Ұлы Ресей империясының Оралдық Әскери канцеляриясының хұзырындағы Әскери Сот комиссиясының Орынборлық Әскери соты қылмыскер, бүлікші Махамбет Өтемісовке қайырымдылықпен мынадай үкім шығарды: Махамбет Өтемісов өзінің Қаройдағы қонысынан ешқайда аттап шықпауға, еш адамдармен қарым-қатынас жасамауға, өкіметке, өкімет адамдарына қарсы бұзақылық өлеңдерін де әрі өкіметтің жер, билік туралы заңдарына қарсы күреске шақыратын бүлікшіл өлеңдерін ел ішіне таратпауға үкім етіліп, үш жыл мерзімге шартты түрде сотталады. Егер осы шарттардың біреуі бұзылса, ешбір

адвокаттың араласуынсыз тікелей гильотиналық жазаға тартылады.

Сот дәлізіне ұқсаған авансенада, сот залынан біртіндегі шыққан адамдардың бір-бірімен әңгімесі.

Ф а т и м а (Жәңгірге). Өте қайырымды шешім емес пе? Мен бұлай болады деп күтпеп едім.

Ж ә н г і р (Фатимаға). Ал мен осылай боларын сезгемін де, сезіктенгенмін де. Ежелден белгілі қайырымдылық. Мұның арты — жұмбақ та құпия саясат.

П о к а т и л о в (Гекеге). Түк түсінсем бұйырмасын.

Г е к е (Покатиловқа). Қазір қырғыз-қайсақ даласында да, Кавказ тауларындағыдай көтерілісшілердің дүмпуі бар. Бүлікшілерді ата бергеннен гөрі, өз қандастарының қақтығысына тастау анағұрлым дұрыс саясат. (Кетеді.)

Сот залында екі-ақ адам қалған. Мәңгіріп отырып қалған екі адам, аз ойдан соң орындарынан тұрып, бір-біріне жақындайды. Екі генерал — Перовский мен Айшуақов авансенада.

П е р о в с к и й . Ризамысыз, Баймухамед Айшуакович? То есть, Бай-бай...

Б а й м а ғ а м б е т . Ештеме етпейді, шапағатты мырза!

П е р о в с к и й . Кешіріңіз, генерал мырза!

Б а й м а ғ а м б е т . Махамбет көп болса, бір ай, әрі кетсе бір жыл сыр бермес. Бәрібір ол тыныш отыра алмайды. Тағы да қырылыс, тағы да мазасыз күндер...

П е р о в с к и й . Ол жер бізге алыстау, сіздерге бақылап отыруға қолайлы емес пе?! Ендігі тағдыры сіздердің қолдарыңызда.

Б а й м а ғ а м б е т . Солайы солай-ау, бірақ...

П е р о в с к и й . Сіз, анада Исатай өлгенде, көре алмай

қалдым, өз қолыммен өлтіре алмадым, айызым қанбады дегеніңіз қайда?!

Б а й м а ғ а м б е т . Сізде ұмытпайды екенсіз, Василий Александрович!

П е р о в с к и й . Егер есіңізге салғаным ағаттық болса...

Б а й м а ғ а м б е т . Айта беріңіз! Сонда, біртүсінбегенім, бұл үкімнен кейін Махамбеттің басына Империя тарапынан жарияланған ақшалай сыйлық та күшін жоя ма? Махамбеттің басы үшін.

П е р о в с к и й (сәл бөгеліп). Түсініп тұрмын... О-ол жөнінен бірлесуден біз бас тартпаймыз. Аталған ақшадан қам жеменіз. Ол — дайын... арамыздағы ғана... кейін ұмыт болатын құпия.

Б а й м а ғ а м б е т . Әрине, әрине... Сіз қарамағыңыздағы хорунжий Төлеев Ықыласты маған аз уақытқа жібере аласыз ба?

П е р о в с к и й . А, ол өте іскер, сертке де, құпияға да берік адам. Және мұндай іске өте сенімді, таптырмайтын жаужүрек адам! Мен оған демалыс бере аламын...

Баймағамбет қоштаспақшы болып, басын изеп, қайта тоқтайды.

Б а й м а ғ а м б е т . Айтқандай, Василий Александрович, әлгі үкімдегі гил... гилотин дегені не?

П е р о в с к и й . Ол француз сөзі. Францияда Гильотин ба, Гильотен ба, дәрігер болған. Соның ойлап тапқан бас кесетін машинасының аты.

Б а й м а ғ а м б е т (көзі бақырайып). Машина?! Бас кесетін? Адамның басын ба?

П е р о в с к и й . Енді қойдың басын дейсіз бе? Ай-й, аңғалсыз-ау, генерал мырза!

Б а й м а ғ а м б е т . Бас кесу үшін де машина керек пе екен?! Тфу!

Он үшінші көрініс

ҚАРОЙДАҒЫ СОҢҒЫ КҮН

Айдала. Тым-тырыс. Құмды мидай даланың көгілдір ойпатында бір қойтастың үстінде жалғыз адам отыр: Махамбет. Үнсіздікті жақыннан жалынышты қиқ-қиқ еткен құстың үні бұзады.

Махамбет (үн шыққан жаққа қарап). Байғұс-ау, мына жерден не іздеп, не қорек тауып жүрсің? Көл қорыған қызғыш-ау, сен бұлай, алысқа жем іздеп келмесең керек еді. (Күледі.) Сені де бір жыртқыштар соттаған-ау тегі. Мұнда неғып жүрсің?!

(Өз-өзінен ыңылдайды, жаралы көңілін жарып шыққан жаңа өлеңді толғайды.)

Ау, қызғыш құс, қызғыш құс,
Қанатың қатты мойның бос...

(Сәл ойланып.)

Қанатың қатты... мойның бос...
Жалғыздықпен болдым дос...

Ау, қызғыш құс, қызғыш құс!
Көл қорыған сен едің,
Сен де айрылдың көліңнен.
Ел қорыған мен едім,
Мен де айрылдым елімнен.

Сені көлден айырған —
Лашын құстың тепкіні,
Мені елден айырған —
Хан Жәңгірдің екпіні.

Айтып-айтпай немене,
Құсалықпен өтті ғой
Махамбеттің көп күні!..

Махамбет жеңіл ғана күрсініп, алысқа, маң далаға ойлана көз тігеді. «Айдаладан не көріп отырсың» дегендей қызғыш та әлсіз шиқылдайды.

М а х а м б е т .

*Қайран, шіркін от күнім,
Қайран, шіркін шоқ күнім,
Бұрынғыдай жоқ күнім!*

Құмдауыттан Махамбетке қарай «көкелеп» айғайлаған Нұрсұлтанның үрейлі үні естіледі. Терең ойда отырған Махамбет үрейлі үнді естіп, бұл да орнынан үрейлене атып тұрады. Қызғыш та, «не боп қалды» дегендей, шаңқ етеді.

Н ұ р с ұ л т а н (ентігіп, әкесінің қанжарлы белдігін ұсынып). Көке, ана қырдан осылай қарай бір топ аттылы құйғытып келеді. Сұстары жаман!

М а х а м б е т (беишентінің ішінен қанжарының қыны салақтаған белбеуін тағып жатып, көзі алыста). Ия, көріп тұрмын, жүрістері суыт. Бұлар... кім болды екен?! (Ақын маң-маң басып киіз үйге беттейді.)

Айдадала. Баймағамбеттер тобы.

Ықылас кенеп дорбаның аузын қылғындыра ұстаған күйі генерал Баймағамбет сұлтанның алдына ашулы күйде тастай салады.

Б а й м а ғ а м б е т (білседе, шошынып, түсіқашыңқырап). Бұл не?

Ы қ ы л а с. Не болушы еді, бас.

Б а й м а ғ а м б е т (не айтарын білмеген адамдай, не қуанғаны, не реніші белгісіз). Бас? Ненің басы?

Ы қ ы л а с. Ненің басы болушы еді, Махамбеттің басы!

Б а й м а ғ а м б е т (енді ғана есін жигандай, риза

көңілмен). Жарайсыңдар, жігіттер! Анда...Махамбеттен басқа біреулер болды ма?

Б қ ы л а с. Әйелі мен баласынан басқа ешкім...

Б а й м а ғ а м б е т. Олар тірі ме?

Б қ ы л а с. Итім білсін, әйтеуір қалды ғой, киіз үйге қамап кеттік.

Б а й м а ғ а м б е т (*ашуланып*). Қамап кеткен адам шықпай ма, ертең ел-жұртқа кімнің өлтіргенін айтпай ма. Барыңдар, олардың да көзін жойыңдар!

Б қ ы л а с. Енді жазықсыз бала мен анасына қол көтеру жарамас...

Б а й м а ғ а м б е т. Онда өз обалдарың өздеріңе, ертең ол жазықсыз куәлар сендерді жазықты етіп сот алдына апарғанда, ешкім сендерге арашаға түсе алмайды.

Б қ ы л а с (*жалт қарап*). Жұмсаған адам ше?!

Б а й м а ғ а м б е т. Жұмсаушы — басын алушы емес.

Б қ ы л а с. Ә-ә, солай шықтыңыз ба?

Б а й м а ғ а м б е т. Мейілдерің, менікі — сақтық. Егер жандарың ашыса, байлап-матап маған алып келіңдер. Екі-үш күн ұстап, жуасытармын. Көнбесе...

Т ү к т і ж і г і т (*жұмбақтап*). Махамбеттің бір басы құнды болғанда, ана қалған екі бас та құнсыз болмас.

Б а й м а ғ а м б е т (*түкті жігітке ойлана қарап*). Бар, айтқанды орындасаң, құнын да аласың, құнына да қалмайсың.

Түкті жігіт, сақалды жігіт, тағы бір қарақшы кетеді.

Б а й м а ғ а м б е т. Қане, өлгендегі жүзіңді бір көрейінші.

Дорбаның аузын ептеп аша бере, зәресі ұшады. Құлағына саңқылдаған Махамбеттің үні келеді.

Алайма, сұлтан алайма,
Астыма мінген арғымақ...

Б а й м а ғ а м б е т (дорбаның аузын жаба салады).
Оу, мынау әлі тірі ғой, әлі сөйлеп жатыр.

Ы қ ы л а с. Не дейт, қане, қане? (Дорбаға ұмтылып, өлі басқа үңіледі.) Оу, генералмырза, жүрегіңіз әбден шайлығып қалған екен. Үнсіз өлі бастан осынша шошынармысыз, маған ештеме демейді.

Баймағамбет дорбаны қайта ашып жіберіп, шошынып, құлағын басады.

М а х а м б е т т і ң ү н і .

Байеке сұлтан сен болып...
Қайраңнан алған шабақтай,
Қия бір соғып ас етсем
Тамағыма қылқаның кетер демес ем!..

Б а й м а ғ а м б е т . Сендердің құлақтарың керең болған ба? Мына албасты өлсе де, өмір бойы қыр соңымнан қалмай, құлағымның етін жейтін болды ғой. Мұны Жәңгірге берейік те, құтылайық.

Қайғылы музыка.

Он төртінші көрініс

ОРДАДА

Жәңгір хан, Баймағамбет сұлтан, Қарауылқожа, тағы басқа билер. Жәңгір хан қанды дорбаны аша беріп, тура Баймағамбет сұлтанның кебін киеді: өңі қашып, құлағын басады. Дорбаны ашып, қарай бергенде Махамбеттің даусы саңқ еткен: «Хан емесің қасқырсың...»

Ж ә ң г і р. Оу, мына сұмырай әлі тірі ғой...

Б а й м а ғ а м б е т . Айттым ғой, ол албастының басы көмбей, өлмейді.

Жәңгір (ышқына айғайлап). Алып кетіңдер, көміңдер!

Қатты дауыстан үрейленген Фатима, соңынан Салиха кіреді.

Фатима (үрейлі). Хан ием, даусыңыз тым қатты шықты, жайшылық па?

Жәңгір (жымиған болып). Мына бір құсты аулап әкелген екен, соны қызықтап жатқанымыз ғой.

Фатима. Қане, көруге бола ма?

Фатима тым-тырыс бола қалған сұлтан, билердің мына тұрысын түсіне алмай, айнала көз жүгіртіп жүздеріне қарап шығады.

Жәңгір (жұмбақтап). Қара, дорбаны ашып қара. Соңғы рет қарап қал.

Шонти би. Қайтесің, Фатима, қолыңа қаны жұғып қалар.

Жәңгір (тістеніп). Жоқ, қарасын, көрмей қалдым демесін, қысыр қалмасын!

Фатима бұлардың тұрысынан, сөздерінен секем алып, сәл жүрексініп, қолы дірілдеп, дорбаны баяу ашады.

Махамбеттің үні. Жоқ, жаным, менің жүрегім біреу-ақ, қайтейін, халқыма арнайын ба, махаббатыма арнайын ба? Ғашығым туралы бір-ақ өлеңім бар, әлі айтылмаған, жазылмаған бір-ақ өлеңім бар, өлсем, ішімде кетеді. Жалғыз-ақ өлеңім... Ол — сен!..

Фатима (Махамбеттің басына ұзақ мәңгіріп қарап тұрады да). Махамбет! О, жауыз-з-з-да-ар! (Жан даусы шығып, талықсып, құлап түседі.)

Жәңгір (маңындағыларға айғайлап). Мына басты көрге апарып тығыңдар. Махамбеттің соңғы үні тұншықсын,

жағы қарыссын! Құлағымыз тыншысын! Жүрегіміз жайлансын! Көміңдер, тез көміңдер!

Он бесінші көрініс

ТАҒЫ ДА АЙДАЛА. КИЗ ҮЙ. ҚАРАҚШЫЛАР

Айдаладағы киіз үйге екі-үш қарақшы жеткенде, бассыз мәйіттің қасында Махамбеттің әйелі Типан әлі отыр.

Түкті жігіт (қылышын суырып алып, төніп). Неғып былшып отырсың, түк көрмегендей... Әй, Типан! Әй, қатын! (Типанды иығынан жұлқып қалып.) Не көрдің, тілің байланып қалған ба?

Т и п а н (мәңгіріп қарайды, қорықпайды да, саспайды да, «тіл» дегенге, тілін көрсетіп). Ия, тіл! (Ыржалақтап күледі.) Мынау тіл, тіл!

Түкті жігіт («әдейі істеп отыр ма» деп секем алып, қылышын көтереді). Шауып тастаймын, не көрдің деймін, айт қане, әйтпесе ана Махамбет байың құсатып, басыңды шабамын.

Т и п а н (еш сескенбестен). Махамбет, түс, түс көрдім.

Түкті жігіт. Неғылған түс, неғылған түс?

Т и п а н (бұларға біртүрлі жалынышпен де, аянышпен де қарап, есіне әлдене түсіп, сау адамша сөйлейді). Кеше... ия, кеше, Махамбет, тап осы арада отырып, мен бүгін түс көрдім дейді. Түсімде — мен өлген екенмін, басым жоқ екен, сонда да сөйлейді екем дейді. (Типан сақылдап кеп күледі. Қарақшылар шошынып, шегіншектей береді.)

Ия, міне, Махамбет қасымда, өзің айтшы, Махамбет. Махамбет, түсіңді өзің айтшы.

М а х а м б е т т і ң ү н і (күліп). Мен өлген екен деймін.

Мені кебінге орап тастапты. Басым жоқ екен деймін. Үлкен, кең қорадай көр екен деймін.

Ия, мен өлген екенмін. Ақ кебінге орап қорадай кең көрдің қабырғасына сүйеп қойыпты. Біреу басымды қосқандай болды. Сөйлеймін, өз даусымды өзім естимін. Қасымда бір үлкен кебінде Исатай ағам ораулы. Алдында мойындарына дейін кебінге ораған, қызыл еті кеткен сиреген тістері ақсып, көздерінің орны үңірейген, бас сүйектері жалтыраған үш-төрт адамның қаңқасы. Мен біріншісіне, өңімдегідей айғай салам: «Әй, сен кімсің? Көрге қашан келдің?»

Ой, аллай, алдымдағы қаңқаның бас сүйегіне жан кіріп, кәдімгі адам кейпіне айналды: Жәңгір хан. Ия, ешкімді мен-сінбейтін тәкаппар хан. Мүләйім.

Ж ә н г і р. Мен сенен кейін, көп ұзамай келдім, Махамбет. Ресей елшісі жіберген татар шаштараз ұстарасының уынан бес-ақ күн ауырып, қазам жетті.

Екінші қаңқа Фатима бейнесіне айналды.

Ф а т и м а. Ия, ақ патша мекемесінің астыртын қастандығынан қаза тапты.

Үшінші қаңқа Зұлхарнайын бейнесіне айналды.

З ұ л х а р н а й ы н . Ол ертеден-ақ, генерал-губернатор Эссенің Орал хандығын жою жоспарынан басталған. Әкеме ескерткем, қайтейін!

Ж ә н г і р. Ресей әкімшілігінің хандықты жою, қазақ елін басқаруды тікелей өз қолына алу жоспарын мен де білетінмін, бірақ амалым қанша.

Ф а т и м а. Хан өлісімен хандық қана емес, хан қазынасы да, менің қазынам да талан-таражға түсті. Мен көп ұзамай құсадан өлдім. Маған бұйырғаны кебін ғана.

М а х а м б е т . Мен түсімде, бұрын айтпаған, бірақ көңілімде жүретін бір өлеңді мына өлгендерге айтып жатырмын:

Әуелі Каспий телегей,
Ағыл да тегіл теңіздей.
Еділ мен Жайық бойындай,
Суалмай ағар сел болдық.
Етек-жеңі кең болдық,
Бөкейлік тұтас ел болдық.
Жүре келе бөлініп,
Бұрынғыдан кем болдық.
Бірте-бірте соңынан
Білтеленіп сөгіліп,
Бір-бірімен соғысқан
Сатыр да сұтыр сең болдық.
Дариға-ай, шіркін, ақыры
Батыстан соққан бетке ұрып,
Терістен соққан көтке ұрып,
Жатжерлік желге жем болдық.
Мүжіліп, кеміп, желініп,
Ақырет кебін сүйреткен
Аядай көрде жалаңбұт
Хан менен қара тең болдық.
Сонымен, қане не болдық
Сонымен, қазақ, не болдық?!

Б ә р і қ о с ы л ы п.

«Ақырет көрде жалаңбұт
Хан менен қара тең болдық», —

деп сақылдап кеп күледі де, әп-сәтте тым-тырыс тына қалады.

«Кішкентай» сияқты кңйдің аясында авансценаға дара шыққан Махамбеттің даусы қайта саңқылдайды:

Еділ үшін егестік,
Жайық үшін жандастық.
Қиғаш үшін қырылдық,
Тептер үшін тебістік,

Теңдікті, малды бермедік,
Теңдіксіз малға көнбедік.
Сол секілді асқан қайраттан
Ойлашы, қане, не таптық?!
Ақыры жем боп дұшпанға,
Малды беріп былайға,
Жанды беріп Құдайға.
Бәрінен де жұрдай боп,
Таусылып, өліп, жер қаптық.
Ханың мен халқың тұтаспай,
Ақыл мен сана ұштаспай,
Жан-жаққа тартсаң, қазағым,
Жеріңді бөтен еншілеп,
Ұлың мен қызың тентіреп,
Байлығың жатқа пұл болып,
Өксімен өтіп күндерің,
Сүрерсің өмір күң болып,
Кешерсің ғұмыр құл болып!..

Б ә р і .

Ойлашы, ұрпақ, ойлашы,
Гибрат алып біздерден
Ой түбіне бойлашы...

С О Ң Ы.

КРОССВОРД НЕМЕСЕ ӨЗІП МАСҚАРАД

Екі актілі сатиралық комедия

«Өзілден безген адам — шындықтан безген адам».

Тургенев

Қатынасушылар:

ХАЙДАРОВ ЖҰМАБЕК — айықтырғыш (масхана) бастығы, капитан, мосқал адам

ОРЫНБАСАР АМИРОВИЧ — қалалық бір мекеменің бөлім меңгерушісі, мосқал адам. Масханада — Арыстан

БАҚАЙ — пошта тасушы, мосқал адам. Масханада — Қоян
СИМУЛЯНСКИЙ НИКОЛАЙ АБРАМОВИЧ — курортторгтің қойма меңгерушісі, мосқал адам. Масханада — Түлкі

АШОТ — бармен әрі кәуап пісіруші. Масханада — Борсық

БӨРІБАЙ БАЛТАБАЕВИЧ — комхоз бастығы, мосқал адам. Масханада — Қасқыр

ФАРИД ШАРИПОВИЧ — сақтық кассасының меңгерушісі. Масханада — Есек

МҰРАТ — музыкант-педагог, үйленбеген жігіт. Масханада — Маймыл

ТҮНГІ ҚОНАҚ (Олег Николаевич) — практикадағы журналист, студент. Масханада — Мысық

ЗОЯ — хатшы қыз

ШИКІЛ САРЫ — ақ халатты әйел

ШОМБАЛ ҚАРА — кезекші милиционер әйел

МИЛИЦИОНЕР

МӘКЕН — Хайдаровтың әйелі

Оқиға шағын курортты қалада өтеді.

ПРОЛОГ

Репродуктордан жаңа жылға арналған, мерекелік көңіл күйді білдіретіндей ән естіліп тұрады. Хайдаров сәл ыңылдай жүріп, шыршаны сәндеуде. Мәкен келеді. Қолында екі сөмке.

Х а й д а р о в . Ә, келіп қалдың ба?!

М ә к е н . Бүгін жаңа жыл алдында біздің фабриканың дүкеніне түспеген зат жоқ. Сонда біраз бөгеліп қалғаным...

Х а й д а р о в . Тұра тұр. Бері кел. *(Креслоның жанындағы қапшықтағы маскаларды көрсетеді.)* Міне, көрдің бе, қаншама маска алдым.

М ә к е н . Мұның бәрін қайтесің? Қай балаңа алдың?

Х а й д а р о в . Бүгін біз қызық жасаймыз!

М ә к е н . Қандай қызық?

Х а й д а р о в . Жаңа жылдық маскарад! Бүкіл құрдас-тарымды қонаққа шақырдым.

М ә к е н . Қонаққа?..

Х а й д а р о в . Орынбасар, Бақай, Бөрібай, Николай Абрамович...

М ә к е н . Жүмекесі-ау, онда кешеден бері неге айтпадың? Үлгері алмайтын болдым ғой.

Х а й д а р о в . Үлгересің. Әйелдеріңсіз шақырдым. Еркектер сынамайды.

М ә к е н . Тү-ү-у, әбігерсің-ау, әбігерсің. *(Кетіп бара жатып.)* Аяқ астынан бірдемені ойлап табасың да жүресің.

Х а й д а р о в . Мен сәл мызғып алайын. Оятарсың, Мәкентай! *(Телефонды алып, нөмірін тереді.)* Вытрезвитель? Ә, аға лейтенант, бүгін сіз кезекшімісіз? Келе жатқан Жаңа жылыңыз құтты болсын! Мен үйдемін. Егер, алда-жалда бірдеме боп қалса, үйге телефон соғарсың. *(Телефонды іледі де, «Адам және заң» журналын ашады.)* Кроссворд! Жаңа жылдық кроссворд. Қане, көрейік... «Айлығынан шайлығы»...

(Күбірлеп жатып ұйқтап кетеді.) «Айлығынан шайлығы»...
(Жаңа жылдық ән айтылып тұрады.)

БІРІНШ АКТ

Бірінші көрініс

Машинка дыбысы. Қабылдау бөлмесі. Зәулім терезеден ұшқындаған қар, қала ұйлері көрінеді.

Іште хатшы қыз Зоя, екі клиент — Бақай мен Мұрат.

Зоя басып отырған машинкасын ысырып қойып, шарайнаның алдына барып, толқынды сары шашын желпіп тастап сыланады. Адамдардың отырғаны кәперіне де кірер емес. Мұндай кісілерге әбден еті ұйренсе керек.

М ұ р а т (атып тұрып тақпақтап). Не деген шаш! Алтын күннің кірпігіндей құлпырып, сары даланың алтын масақ егініндей толқынданып, бір жығылып, бір тұрып, қос иықтан белуарға төгілген. Не деген қас! Ақ нөсерлі жауыннан соң иілген, сан бояулы кемпірқосақ тәрізді, әжем айтар ертегінің батыры құлаш керіп жауға тартар садақ па? Әлде кәдімгі, көк аспанда қалықтаған ақиықтың қанаты ма керілген, білек қандай, мұндай білек ежелден, аппақ мәрмәр піл сүйегі делінген. Жұмыртқадай мінсіз біткен иегі, жұмыр балтыр, жебе саусақ, хас сұлудың белгісі, екі аяғын бір басуға ерінген. (Зоя мырс етіп күліп, бір сәт назарын тастап, қайтадан айнаға бұрылады.) Күміс күлкі, сыңғырлаған чехтың хрусталындай, баяу қимыл, биязы үн, жылы назар, япырым-ай, мойны керік, мұндай көрік, көкемау, бір адамның тал бойына біте береді екен-ау.

Б а қ а й (қол соғып). Тамаш-ша тамаш-ша! Қалай келістіріп айтасың, әкем. Шынында, қызым мақтаса мақтарлықтай. Тағы да айтшы, тағы да...

З о я (*Мұратқа*). Текке арамтер боп қайтесіз, комплимент кәмпит емес, әртіс жолдас!..

М ұ р а т. Мен әртіс қана емеспін, сіздің іні-қарындастарыңызды оқытатын ұстаз-педагогпін, Зоя Александровна.

З о я. Білем, білем. Былтырдан бері сіз заржақтығыңызбен тойдырып та, шаршатып та болдыңыз. (*Айнадан бетін бұрмастан.*) Осы күні педагогтерді түсіну қиын, клоун ба, комик пе?!

М ұ р а т. Орекеңнің қабылдауына келген адамдардың бәрін де ұнатпай, бәріне де ытырына қарауға тиіссіз.

З о я (*бұрылып*). Дәл үстінен түстіңіз... Бірақ өзім түсінбеймін, неге олай?

М ұ р а т. Мұнда келген адам, үлкен нәрсе ме, болмашы дүние ме, әйтеуір бірдеңе сұрай келеді. Беретін адам болмаса, сұрайтын адам кімге ұнаушы еді? (*Қоңырау шылдырайды, Зоя иығын қиқаң еткізіп ішке беттейді.*)

З о я. Әрине, бергенге не жетсін!

М ұ р а т (*Бақайға*). Естідіңіз бе, осы күні ауыз үйдегі хатшыға дейін көп сіз-бізден бір шыж-быжды жақсы көреді.

Б а қ а й. Е, «Күлшелі бала — сүйменді» деп тегін айтпаған ғой.

Іштен Зоя шығады.

З о я. Махаббаттың алғашқы белгісі не?

Тырс етсе елеңдеп, есікке телміріп отырған екеуі жарыса сөйлейді.

Б а қ а й. М ұ р а т (*жарыса*). Махаббаттың?!

— Алғашқы белгісі?

Б а қ а й. Қызым, сондай сұрағыңды маған қойып қайтесің. Мені Орынбасарға кіргізіп, мына жас жігіттен оңаша сұрай бермейсің бе?

З о я (*қолына қағаз алған*). Ал кім тез табады (*күліп*), соны Орынбасар Амирович қабылдайды.

М ұ р а т. Махаббаттың алғашқы белгісі... алғашқы белгісі... алғаш-қы-ы? Сүйісу.

Б а қ а й. Әкем-ау, сүйіскенге дейін алдында бірдемелері болмаушы ма еді? Сендерде тек бас салып сүйісуден келеді екен.

З о я. Дұрыс айтады, сүйісуден бұрын алғашқы белгі?

М ұ р а т. Ендеше, жүрек солқ ету. Бір сөзбен — естен айрылу. Дәрігерлер тілімен — инфаркт!

З о я (жазып). Тағы... тағы...

М ұ р а т. Ұйқыдан қалу. Яғни, түні бойы дөңбекшу. Үнлеу, аһлау!.. Тағы да... Соңынан қалмау, яғни салпақтау. Яғни (Бақайға қарап күліп), өз әйеліңді ұмыту. Әрине, әйелің болса...

Б а қ а й. Қой, әкем. Әйеліңді, сірә да ұмытармысың. Одан да өз әйеліңнен қорқу де.

М ұ р а т. Таптым, таптым. Махаббаттың алғашқы белгісі — есалаң боп кету.

Б а қ а й. Әкем-ау, жындану деген махаббаттың алғашқы белгісі емес, соңғы белгісі ғой!

М ұ р а т. Бәке, енді сіз таппасаңыз, менің тәжірибем бітті. Алғашқы махаббатыңыздың белгісі қалай болып еді?..

Б а қ а й. Е-е-ей, бізде белгі-селгі қайдан болсын, соғыстан кейін картішний системаның кезінде ұйленгеміз...

Қоңырау шылдырайды, Зоя ішке кіріп кетеді.

Б а қ а й. Мұны бізден неге сұрайды?

М ұ р а т. Ана іштегі Орынбасар Амирович сұрап отыр ғой?

Б а қ а й. Сонда моральдық жағымызды тексеру ме?

М ұ р а т. Жоқ, аға. Бұл — кроссворд, сөзжұмбақ, кейбір адамдардың осындай хоббиі болады. Қайтесіз, білгенімізді айта берейік те.

Б а қ а й. Айта бергенде, не айтамын. Әй... пошта жайынан

неге сұрамайды? Мен бәрін айтып берер едім. Күніне біздің елімізде қанша хат тарайды? Қанша телеграмма? Қанша газет-журналдар? Қандай көлікпен? (Иштен Зоя шығады.)

М ұ р а т . Б а қ а й (жарыса). Дұрыс па екен? — Қайсысы дұрыс екен?

З о я. Білмеймін. Әйтеуір жазғандарымның бәрін алып қалды... Сосын көптен шеше алмай жүрген өте бір қиын кроссвордтың шешуін жолдады.

М ұ р а т . Б а қ а й . Бізге ше?

З о я. Әрине, сіздерге. Және қалай шешті, солай қабылдаймын деді.

М ұ р а т (алақанын уқалап). Қане, көрейік.

Сырттан айықтырғыш бастығы Хайдаров кіреді.

Х а й д а р о в (көңілсіз). Саламатсыздар ма? (Кабинетке беттейді. Күтушілер атып тұрады.)

Б а қ а й . М ұ р а т (жарыса). Оу, мұныңыз қалай? Кезек деген болмай ма?

Хайдаров одарға алара бір қарап, ішке еніп кетеді.

З о я. Қызмет бабындағы адамдарға кезек жоқ.

М ұ р а т. Сонда біз?..

З о я. Сіздер жеке қара басыңыздың қамымен жүрсіздер.

Б а қ а й . М ұ р а т (жарыса). Қара бастың қамы? Қарағым, олай деме! Қателесесің.

М ұ р а т. Қара бастың қамы біздің қоғамда болмауы керек. Менің қамым — қоғамның қамы, қоғамның қамы — халықтың қамы, халықтың қамы — менің қамым, менің қамым — сіздің қамыңыз, сіздің қамыңыз — оның қамы, оның қамы — көпшіліктің қамы, көпшіліктің... (Дауыс әлсіреп, жарық өлімсіреп сөнеді.)

Екінші көрініс

Орынбасар Амировичтің кабинеті. Орынбасар журналға шұқшыып, кроссворд шешіп отыр. Сырттан Хайдаров түтігіп кіреді.

Х а й д а р о в . Осы менің алдыма қашанғы кесе-көлденең тұра бересің? Бір емес, екі емес, әлде әдейі істеймісің?! Жолдасқа, досқа жақсылық жасасам, жұрт көзіне түсермін деп қорқамысың? Қорықпай-ақ қой, маған жалған жақсылықтың қажеті жоқ. Мен өзіме тиесілі жақсылықты ғана, әділ жақсылықты іздеймін. Оған қақым бар.

Орынбасар үнсіз ғана, көзілдірігінің үстінен жақтырмай қарайды да, иегімен де, қолымен де есікті нұсқайды.

Х а й д а р о в (абыржып). Не?! Шығып тұр дегенің бе?!

О р ы н б а с а р . Мәдениетті адам әдетте бөлмеге кірерде рұқсат сұрайды. Содан соң мәдениетті адам шағымын да, ренішін де даурықпай, елірмей, байсалды түрде, ұғымды етіп айтады.

Х а й д а р о в . Оу, енді бірге өскен құрдасымызға да өзімсініп, жеке жерде айғайлауға болмай ма? Формализм дегенді қашан қоямыз?

О р ы н б а с а р . Ізет жөні бір басқа, қызмет жөні бір басқа. *(Пауза.)* Ал не шағымың бар еді?.. Тез, қысқа!

Х а й д а р о в (тағы да жұлқынып). Осы мен *(иығындағы погонын шапалақтап)* өмір бойы капитан болып жүре беруім керек пе? Органда істегеніме, міне, табаны жалпақ отыз төрт жыл. Менімен қатар келгендердің алды генерал. Соңы полковник. Енді бір жылдан соң пенсияға шығамын. Жетеді. Шаш осы жұмыста ағарды.

О р ы н б а с а р . Әйтеуір пенсияға шығады екенсің, үлкен шеннің қажеті қанша?

Х а й д а р о в . Еңбегіңе орай жұлдызыңның жанғанына не жетсін!

О р ы н б а с а р . Және де үлкен жұлдыздың ақшасы да үлкен екен-ау.

Х а й д а р о в . Әрине, сөз жоқ...

О р ы н б а с а р . Стоп! Міне, ұсталған жерің!

Х а й д а р о в . Неменеге ұсталамын?

О р ы н б а с а р . «Шен керек, шен керек», — деп кіре қақсағанша, ақша керек, пұл керек деп неге турасын айтпайсың?

Х а й д а р о в . Е, ол былай да белгілі емес пе?

О р ы н б а с а р . Ақша, ақша... қалай ұялмайсыңдар?

Х а й д а р о в . Неге ұяламын? Міне, қызық! Ұялса маңдайы жіпсімей ақшаны күреп жүргендер ұялсын. Ал мен ұялмаймын. Алсам еңбегіме аламын. Маған қиянат еткен сен ұял, ұялсаң.

О р ы н б а с а р . Ол не қиянат, оны саған кім айтты?

Х а й д а р о в . Қайтесің, естідім.

О р ы н б а с а р . Ал естісең сол, сені майорлыққа қалалық милиция бөлімі биыл да ұсынған екен, мен биыл да сызып тастадым. Қарсымын!

Х а й д а р о в . Қарсымын, неге?

О р ы н б а с а р . Сол, қарсымын. Званиенді көтеретіндей соңғы 15 жылда ерекше еңбегің жоқ.

Х а й д а р о в . Оу, вытрезвительдің начальнигінде не еңбек болуы керек көзге түсерлік? Немене, мен гектарынан 15 центнердің орнына, 20 центнерден астық оратын диқанмын ба, немесе бір сиырдан пәлен литр сүт сауып жоспарды асыра орындайтын сауыншымын ба?

О р ы н б а с а р . Міне, шындыққа өзің келе жатырсың. Әр жұмыстың өз көрсеткіші бар.

Х а й д а р о в . Не, мен жұмысты жаман істедім бе? Бұрын вытрезвитель хозрасчетта болды. Онда ешкімнің бет-жүзіне, үлкен-кішілігіне қараған жоқпыз. Өзімізді өзіміз финанс жағынан ешкімге тәуелсіз ұстап тұрдық. Кейін мед-вытрезвительге айналдық. Қазір бізге түскен мастардың дер кезінде дәрігерлік жәрдем алмай тұншығып өлгені, не көшеден жиналмай, қыста үсіп қалған фактілері жоқ.

О р ы н б а с а р (суырмадан қағаз іздеп). Жарайды, шұбыртпа, шұбыртпа! «Балапанды күзде санайды». Саған түскен балапандарыңның саны жылдан-жылға кеміп келеді. Ол неге?

Х а й д а р о в . Бізге түсетіндер инкубатордың балапандары емес, адамның балалары. Олар аз түссе — жұмыстың жақсарғаны да!

О р ы н б а с а р . Сеніңше солай. Биыл үш жүз, ендігі жылы екі жүз. Бара-бара мүлдем түспесе, вытрезвитель жабылады. Осы ма жұмысыңның жақсарғаны?

Х а й д а р о в . Еһ, бұдан артық не жақсылық керек? Дүниеде мастар болмаса, адамдардың рухани мәдениетінің жетілгені, эстетикалық түсінігі байып, санасының өскендігі, осыған қолымыз жетсе, вытрезвительдің тәрбиелік маңызының артқаны.

О р ы н б а с а р . Стоп... Стоп! Медвытрезвительді тәрбие орны деп саған кім айтты? Сен мүмкін мастарға лекция оқырсың? Штатқа екі-үш лектор алу керек шығар!

Х а й д а р о в . Бұл да ойда болатын нәрсе екен.

О р ы н б а с а р . Жолдас капитан, мен сенімен қалжыңдасып отырғам жоқ... Медвытрезвительдің міндеті... міндеті — көшеде... қоғамдық орындарда... жүрген мас адамдарға әуелі дәрігерлік көмек көрсетіп, төсекке жатқызып демалдырып, ертеңіне айып қағаздарын толтырып, олардың қызмет орнына хабарлау. Ал тәрбие жұмысы мен әкімшілік шараларды кім қолданады? Онда шаруаң болмасын... Түсінікті ме?

Х а й д а р о в . Бұл жағы түсінікті-ау. Бірақ...

О р ы н б а с а р . Иә, не бірақ?..

Х а й д а р о в . Орынбасар, осы-ы (желкесін қасып) шынын айтқанда, кейінгі жылдары, арақ ішетіндер... мастар күрт кеміп барады... Арақ ішу модадан шығып барады.

О р ы н б а с а р . Мода, мода... мәселе басқа-да-а-а!.. Осы сендердің жаздығүні «орын болмай жатыр, койка жетпейді», — деп жүргендерің қайда?

Х а й д а р о в . А-а, жазда-а! Әрине, жазғы маусымда бір-екі ай солай болатыны рас.

О р ы н б а с а р . Сонда немене, арақты да жұрт маусыммен ішетін болған ба?

Х а й д а р о в . Біздің қала шағын болса да, курортты қала ма?

О р ы н б а с а р . Ие, болса ше?

Х а й д а р о в . Жазда санаторийге, демалыс үйіне келгендер, аздап көңілденіп ішіп... обалы нешік, бізге біраз жұмыс тауып береді. Ал қысқа қарай... тіпті қыста ресторандар қаңырап бос тұрады. Енді өзіміз ішіп түспесек...

О р ы н б а с а р . Егер дұрыс жұмыс атқара алмайды екенсіңдер, іш, түс! Вытрезвительді қаңыратпай, өздерің жат!

Х а й д а р о в . Орынбасар, күлкісі жоқ, мен шын айтып тұрмын, қазір бейсауыт жүрген бір масты емге таба алмайсың. Бір-екі «дежурный» мастарымыз бар еді, олар да...

О р ы н б а с а р . Менде шындықты айтайын саған. Потребсоюзға, курорттарға айына қанша арақ-шарап түсетіні, күніне қаншасының сатылатыны туралы ақпар қолымда. Соларды кім ішіп жатыр?.. Ә?.. Төгіп тастайтын шығар?

Х а й д а р о в . Төкпейді, жұрт ішеді. Бірақ олар бірінің үйіне бірі қонаққа барып, мәдениетті түрде ішеді.

О р ы н б а с а р . Сен арақ пен мәдениетті олай жақын-дастырмай-ақ қой!

Х а й д а р о в . Енді оларды қонақта отырған жерінен қармақпен тартқан балықтай суырып алып, қолма-қол табаға салып шыжғыру керек пе?!

О р ы н б а с а р . Олай қылжақтап, жалтарма, сеніңше ол адамдар қонақта қыстап қалатын шығар? Үйлеріне қайтпайды?

Х а й д а р о в . Қайтады.

О р ы н б а с а р . Аспанмен қайтатын шығар?!

Х а й д а р о в . Көшемен-ақ қайтады.

О р ы н б а с а р . Көше қоғамдық орынға жатпайтын шығар?

Х а й д а р о в . Жатады. Бірақ ешкімге соқтықпай, ешкімге тіл тигізбей өз бетімен кетіп бара жатқан адамды қалай сүйрелейміз?

О р ы н б а с а р . Стоп!.. Яғни, өз бетімен кетіп бара жатқан мастер бар? Оларды көріп тұрасыңдар. Ар жағы оңай. Ол адамды қалай сүйрелеуді милиция ешкімнен сұрамайды... Гәп басқада ендеше...

Х а й д а р о в . Неде?

О р ы н б а с а р . Медвытрезвительге түсетін мастер баршылық та, қағазға түсетін адамдар жоқшылық.

Х а й д а р о в . Түсінбедім.

О р ы н б а с а р . Сенбеп едім алғашқыда, сендерге де жеткен екен...

Х а й д а р о в . Не жеткен екен?

О р ы н б а с а р . Жең ұшынан жалғасу! (Орнынан атып тұрып, ақырып.) Пара!

Х а й д а р о в (ол да орнынан атып тұрып). Пара?! Қайдағы пара? Жала ғой бұл, жала!..

О р ы н б а с а р (үстелді ұрып). Отыр! Айғайлама! Алуға шошымайсыңдар, айтуға шошисыңдар!

Х а й д а р о в (*басын шайқап, зорға*). Жо-о-оқ... қателесесің. Жалған сөз, жалған!..

О р ы н б а с а р . «Жел болмаса, шөптің басы қимылдамайды». Осылай ма еді?

Х а й д а р о в . Сонда біз маскүнемдерден, бичтерден пара алмақпыз ба? О-oh! Қисын жоқ қой, қисын...

О р ы н б а с а р . Қисынын келтіру оңай. Оны да естідік... Мысалы, сенің орныңда мен болсам, пара алғым келсе, сұрамайды екем. Беретіндер өзі келеді екен. Мен зорға қабылдайды екем, қабылдай отырып: «Қызмет орнына мына қағаз барса, сенің күнің не болады?» — дейді екем. Не болатынын өзі де біледі. Менің алдыма тастай салады екен. «Мына қағазды қызмет орнына берейін бе, әлде, сен... бересің бе?» — дейді екем. Болды. Түкті адамға түсінікті.

Х а й д а р о в (*жүрегін басып қиналып*). Сонда-а.. менің парақор... ұры... болғаным ба?.. Дәлел...

О р ы н б а с а р . Жоқ, дәлел жоқ. Сондықтан да орыс мақалымен айтқанда: «Не пойман — не вор» — «Ұсталмаған ұры емес!» (*Жалма-жан журналды ашып кроссвордты қарай бастайды.*) Ұсталмаған ұры... (Үнсіздік.)

Капитан Хайдаров орнынан баяу тұрып графиннен су кұйып ішеді де, жіпсіген маңдайын сүртеді. Содан соң әлденені ойланып, қайтадан құр атқа мінгендей тыңайып, пысық сөйлей жөнеледі.

Х а й д а р о в . Ореке, сонда өзі биыл қанша адам жетпей қалыпты былтырғыға?

О р ы н б а с а р (*қағазына қайтадан көз жүгіртін*). Жасыратыны жоқ, званиеңнің өсуіне тап биыл қарсы болмайтын едім. Мынаны қараш, тағы да бақандай жеті адам жетпейді.

Х а й д а р о в (*күліп*). Жеті адам? Түһ, Ореке-ай, соны да кем деп тұрсың ба?

О р ы н б а с а р . Факті. Біреу артық болса, артық дер едік қой. Кемнің аты кем дағы. Бұл — жұмыстың кемдігі.

Х а й д а р о в . Енді 7 адамның орны жыл аяғына дейін әлі толмай ма?

О р ы н б а с а р (*мырс етіп*). Қайдағы толған. Жыл біткенде ме? Бүгін 31-і екенін ұмыттың ба?

Х а й д а р о в . Жо-о-оқ, ұмытқам жоқ. Бірақ... ескі жыл әлі біткен жоқ қой.

О р ы н б а с а р . Бітпейтін несі қалды? (*Сағатына қарап.*) Міне, жұмыс аяғы бітті.

Х а й д а р о в . Ол сіздің жұмыстың аяғы, ал біздің жұмыстың басы енді басталады.

О р ы н б а с а р (*қолын сілтеп*). А-ай, өзің мылжың боп кетіпсің ғой. Ал енді басқа шаруаң болмаса... (*Қағаздарын жинай бастайды.*) Уh-h, аяқ астында іскер бола қаласыңдар. Бұрын қайда қалдың. Көрсете ғой онда іскерлігіңді. Көр-ре-ейік...

Х а й д а р о в (*алға шығып өзіне өзі*). Е-е, достым-ай, мені парақор, ұры деп түсінеді екенсің ғой. Жо-оқ. Кеңседе отырып біреулердің өсегіне сенесіңдер. Жар-райды... бір жылдық жұмыс сол жеті адамда тұрса, көрсек көр-ре-ейік... Орынбасар, қанша айтқанмен бір ауылда, бір класта оқыған құрбылармыз. Қызмет бабында нелер болмайды. Әлгі бір атақ үшін қанша сөзге бара жаздадық. Ендігі жылы отставкаға шығамын. Биылғы жаңа жылдың алдында құрдастардың бастарын қоссам деп едім. Осы аз ғұмырда өкпелесіп қайтеміз, бір күні тырапай асып өле қалсақ...

О р ы н б а с а р (*басын көтеріп алып*). Қой, о не дегенің, атама!

Х а й д а р о в . Әйтсе де... Ал мен саған басты шаруамды айтайын.

О р ы н б а с а р . Ол не, басты шаруа?

Х а й д а р о в . Мен сенен атақ, шен сұрайын деп келгем жоқ. Ол жалғыз сенің қолыңда да емес. Мен сені қонаққа шақыра келгем.

О р ы н б а с а р . Қонаққа?!

Х а й д а р о в . Телефон соғуды ұят көрдім. Үйдегі Мәкен замандасың да: «Өзің барып, өз аузыңмен шақыр үлкен адамды. Жаңа жылдың алдында бірге болайық!» — деді.

О р ы н б а с а р . Оу, жаңа жылдық той, әркімнің өз ошағында өткізетін той емес пе, әуре боп қайтесіңдер!

Х а й д а р о в . Жаңа жылға бір сағаттай қалғанда үйге барарсыңдар. Неш-ше жыл болды басымыз қосылмағалы...

О р ы н б а с а р . Оның рас!.. Стоп!.. Әлгі бәтшағар Александра Басовна да сырқаттанып... Енді ол... ренжімесе, жарайды, үйге телефон соғарсың.

Х а й д а р о в . Құп болады! (Честь беріп шығып кетеді.)

О р ы н б а с а р (тағзы да журналын алып, капитанның сыртынан қарап). «Ұсталмаған ұры!» Әр жерден жұлмалап, әр жұлдыздан бір жүздік ақша санайсың, ә? Сонда тұрмысың қалай? Көрейік бүгін тұрмысыңды да, қызметтегі қылмысыңды да. (Кнопканы басады.) Шынында да, осыларды тым еркінсітіп жібердік. Бүгін бір тексеріп көрейінші.

Үшінші көрініс

Қабылдау бөлмесі. Іштен Хайдаров шығады. Қоңырау шылдырлайды. Хатшы Зоя есікке беттейді.

Х а й д а р о в (өзіне-өзі). Жеті адам... жеті адам. (Енді келушілерге.) Әй, Бақай, құрдас-ау, сен бе едің?

Б а қ а й . Иә, мен, мен. Кәдімгі бала жастан бірге өскен Бақайың — мен. Тіпті көзге ілмейсің-ау!

Х а й д а р о в . Ғапу ет, құрдас. Жаңа шаруамен асығыс жүріп, есім шығып, сендерді құттықтауды да ұмытып кетіп-пін-ау, келе жатқан Жаңа жылдарың құтты болсын!

Б а қ а й . М ұ р а т (жарыса). Ә, рақмет, бірге болсын!

Х а й д а р о в . Бала-шағаларыңның игілігін көріңдер!..

Б а қ а й . Рақмет, өзіңіз де қызығын көріңіз.

М ұ р а т . Менде, капитан аға, бала-шаға жоқ. Одан да жаңа жылда мына есіктің алдына телмірме деп, жаңа тілек айтсаңызшы. *(Күледі.)*

Б а қ а й . Иә, мен де шаруамды биыл бітіріп, осы араға енді келмесем екем деймін. Тіпті адамда құн да, қадір де қалмайды екен.

Х а й д а р о в . Олай тілек білдіру, әшейін көңіл жықпастық болар еді.

Б а қ а й . Неге, «Жақсы тілек — жарым ырыс» деген.

Х а й д а р о в . Бәрібір келесі жылы болмаса, тап биыл *(күліп)* сендерді Орынбасар Амирович қабылдамайды. Үйіне кетейін деп жатыр.

Б а қ а й . Осымен үшінші жыл.

М ұ р а т . Бір минутқа қабылдаса да жетер еді.

Х а й д а р о в . Ештеме етпейді, енді жаңа жылда кірерсіңдер, ал қазір менімен бірге жүр.

Б а қ а й . Қайда-а?!

Х а й д а р о в . Шыққан соң айтамын, үлкен бір ой келіп тұрғаны. Мен десең жүр. Мені сыйласаң.

Б а қ а й . Қазір енді, білейік те.

Х а й д а р о в . Білетін түгі де жоқ. *(Иштен Зоя шығады.)* Ал сұраңдар...

Б а қ а й . М ұ р а т *(жарыса)*. Қабылдай ма?

З о я . Не деген түсінбейтін адамсыңдар. Тап жаңа жылдың алдында кім сіздерді қабылдап отырады.

Б а қ а й . Қызым-ау, ескі жылда да келуден кенде емеспіз ғой.

З о я . Енді қабылдамайды, кетейін деп жатыр. Бұл арада отырмаңыздар, көзіне түспеңіздер.

Б а қ а й . М ұ р а т *(жарыса сөйлейді)*. Көзіне түссе, шырағым-ау, құбыжық емеспіз...

— Бізді көрсе немене, жүрегiнiң қабы жарыла ма?

З о я (зілмен). Сіз неге айғайлайсыз?! Үйіңізде тұрғандай. Өзіңіз педагогсіз.

М ұ р а т. Мен енді табиғи даусымды өзгерте алмайтын шығармын.

З о я. Қажет болса (қалжыңдаған болып күліп), бәрін де өзгертесіз.

Х а й д а р о в. Айттым ғой. Келесі жұмада келерсіңдер, жүріңдер.

З о я (салғырт). Ие, келесі жұмада. (Қолын сілтейді.)

Б а қ а й. М ұ р а т (жарыса). Келесі жұмада?!

З о я (мазақтағандай). Егер, кроссвордты шешіп келсеңіздер, кіресіздер, шешілмесе, мазаламаңыздар.

М ұ р а т. Шешеміз. Шеше алмасақ бұл маңға жоламаймыз. Уәде?

З о я. Уәде!

Х а й д а р о в. Кеттік!

Б ә р і. Қош-сау болыңыз! Жаңа жылды жақсы қарсы алыңыз!

З о я. Рақмет. Сіздер де! (Клиенттер кетеді.)

З о я (олардың соңдарынан қарап тұрып, күліп). Кроссворд шешеміз деп мәз боп барасыңдар-ау. Шешесіңдер оңайлықпен! Бұлардан осылай құтылмасаң, сірә да, құтыла алмайсың.

Жинала бастайды. Басындағы паригін шешіп алып, сөмкесіне салады.

Төртінші көрініс

Бар-кәуапхананың іші. Мұнтаздай таза бөлмеде оты алаулаған камин. Жарқ-жұрқ музыка. Шетел эстрадасының ән-күйлері. Ашот магнитофон тетігін

бұрап, өзі сүйетін күйге түсіріп қояды да, камин алдында дуылдасып ішіп отырғандарға кәуап әкеледі. Олар — Балтабаев, Симулянскийлер. Қабырғадағы есікке қарама-қарсы кішкене қақпа қағылады.

А ш о т (мойнын бурмастан, айғайлап). Жабық, жабық. Құлақтандыруды оқымайсыңдар ма? (Тағы да қағылады.) Ревизия мұнда, ревизия!

С и м у л я н с к и й . Содан, әлгі қонақта отырғандар, жаңағы Қасым деген шалды ал кеп мақтасын. Бірі: «Қасекең қырық жылдай ел басқарған, адал да керемет турашыл жан», — десе, екіншісі: «Сөзге де шешен, өте білімді, әрі әділ адам», — деп, енді біреулері: «Төрт-бес жұрттың тілін біледі, музыкадан да хабары күшті, мұндай бесаспап таза адамдардың қатары қазір сиреп барады, ел ағасы болатын мұндай ғажап адамдар дүниеге келер ме екен. Атына орай өзі де қасиетті адам ғой», — десіп, не керек, төрт-бес сағат жыр қылды. Содан шыдамым таусылды...

Б а л т а б а е в. Шыдамым дейсің, ондайда менің жыным келеді...

А ш о т. Ие, мен де шыдай алмаймын, сіз ғой өте көнтерілісіз-ау, көнтерілісіз.

С и м у л я н с к и й . Қанша көнтерілі болғанмен, зорға шыдадым-ау. Содан, олардың аузын мықтап және әдемілеп жаптым.

А ш о т. Және құлыптап жаптым деңіз. Сөзге ұстасыз-ау, өте ұстасыз!

Б а л т а б а е в . Астарлап сөйлеуге қандай шеберсіз. Мен болсам ғой, дүңк еткізіп қойып қалам.

С и м у л я н с к и й . Астарлап ұруға өздері де оп-оңай ыңғайға келіп қалды. Біреуі отырып: «Со кісіні көрмегелі бір-екі жыл өтті. Шіркін-ай, кездескен сайын үлкен бір сабақ алғандай, көңілің де, өзің де өсіп қаласың», — демесі бар ма?

Б а л т а б а е в . Емешелерінің үзілуін.

С и м у л я н с к и й . «Еһ, көрмегенді мен қазір көрсетейін, ана ауыз үйдегі телефонды алып келші» деп, бір жігітті жұмсадым. (Ашотқа.) Ашот, ана телефоныңды әкелші мына жерге. (Ашот сымы шұбатылған телефонды әкеліп қояды алдына. Симулянский жаңағы қонақта сөйлескен қалпына түседі.)

С и м у л я н с к и й (телефон цифрларын теріп). «Бұл кім, ә? Пенсионер жолдас, Қасымбысың?! Неге хабарласпай жатырсың, әбден бастық болып жаман үйреніп қалғансың ғой. Иә, иә, маған әу бастан бастықтығың жүрмейтіні белгілі... Жарайды, көп сөзді қайтесің... тез кел... нөмірі екінші магазин түбінде күт. Он бес минут жететін шығар. Тез шық. Сол арада тұр», — дедім де тұтқаны тастай салдым. Бәрі аңтаң, жаңа ғана керемет деп тамсанған адамдарының менің алдымда кім екенін көрсін дедім.

А ш о т. Ол келді ме?

Б а л т а б а е в . Аналар көрді ме?

С и м у л я н с к и й . Келмеуге шама қайда? Бәрі көрді. Үстіне шолақ тонын қоңылтақ іле салып, мойны сорайып тұрған байғұсты аязда біраз сүмірейттім. Отырғандардың қайсыбірі: «Тоңып қалды-ау, енді бармайсыз ба», — деп қыңқылдап, жаны аши бастап еді: «Өздерің барыңдар, жаңа көргілерің келіп еді ғой, маған керегі жоқ», — деп, одан сайын әлгі шалды іске алғысыз еттім.

Б а л т а б а е в . Оған сол керек. Өзінше әділ, ақылды адамсып, көрінген жиын-мәжілістерде жастарға тәрбие айтқыштығына не берерсің. Ал өзі ішсе тамаққа, кесе киімге жарымаған адам. Шыр бітпейтіні де содан.

С и м у л я н с к и й . Менің алдымда томпаңдап, қайда шақырсам, сонда келетіні де содан.

А ш о т. Шынында да, ол қалайша зыр жүгіріп жүр.

С и м у л я н с к и й . Мына Бәрібай Балтабаевич айт-

қандай, ғұмыры жарымаған кісі емес пе. Қартайғанда жинап-тергеніне өзінше бір адам болып жиһаз алмақшы екен.

А ш о т. Жиһа-аз?

С и м у л я н с к и й . Иә, жиһаз. Және қандай дейсің? Әлгі-і ағаш үгіндісінен жасалған нашар дүние.

Б а л т а б а е в . Е-е, сорлы-ай! Біз ғой оны дачаға қоюға да алмаймыз.

С и м у л я н с к и й . О-ой, оларға бәрібір емес пе! Сол үшін маған қайта-қайта келгіштеп жүр. Қартайғанша басына құнты жоқ, дүниенің қасиетін қолында тұрғанда білмей, пенсияға шыққан соң зорға түсініп жүрген ондай ұсақ адамда ірі қасиеттің болуы да мүмкін бе?

Б а л т а б а е в . Дәл менің ойымнан түстің-ау, Николай Абрамович. Өз қара басына құнты жоқ сондайлар, басқаға да титтей жақсылық істей алмайды. Қазақта «Береген қолым — алаған» деген сөз бар.

С и м у л я н с к и й . Иә, иә, «Сен — маған, мен — саған» деп те тегін айтпаған ғой.

А ш о т (*бокалын көтеріп*). Сол үшін. Адамгершілік те барлыққа байланысты. Барлық барда адамгершілік, адамгершілік барда барлық бар. Өмірдің мағынасы да сол — «Сен — маған, мен — саған!»

Бәрі соғыстырып ішеді. Сыртта есік үсті-үстіне қағылады.

Д а у ы с. Мен Хайдаров, аш есікті, мен Хайдаров!

Ашот амалсыз ашады. Сырттан капитан Хайдаров, Фарид Шарипович, иығына қоржын асқан Бақай кіреді. Іштегілердің жүзінен ұнатпаған сыңай білінеді. Хайдаров сезсе де, сезбегендей көңілді, ақжарқын.

Х а й д а р о в . Oh-ho, жақсылар мен жайсандар, амансыңдар ма, Жаңа жылдарың құтты болсын!

Б ә р і. Айтсын, айтсын!

— Бірге болсын.

Х а й д а р о в . «Жолы болар жігіттің жеңгесі алдынан шығадының» кері. Көптен көрмеген құрдастар отырсыңдар ғой.

Б а қ а й . Көптен жемеген кәуап иісі де мұрын жарады, жарықтық!

Х а й д а р о в . Тамаша, тамаша! Кәне, Ашот үстелді қайтадан жаса. Бәріміз бір үстелге отырамыз. Арағыңды, шашлығыңды аяма. (*Қасындағыларға.*) Отырыңдар, отырыңдар!

А ш о т . Оу, мұнда келмейтін едіңіз...

С и м у л я н с к и й . Иә, ішпейтін де сияқты едің.

Б а л т а б а е в . Бүгін бір көңілінде желік бар-ау, сірә?

Ф а р и д Ш а р и п о в и ч . Мені де көшеден ұстап алып келді. Әлі ештеңе түсінсем бұйырмасын.

Х а й д а р о в . Ал түсіндірсе былай. Жолдастар, құрдастар, бүгін ішеміз, жейміз! Тек құрдастар ғана. Жаңа жылдың алдында бір тамашалап бас қосамыз. Ылғи осы арада отыратындарыңды біліп, әдейі іздеп шықтым сендерді. Тілеулес достарсыңдар! Қалай тамаша кездестік. Ашот, жай, төк бәрін. Менің есебімнен!

Ашот жүгіріп бәйек болып жүр.

Б а л т а б а е в . Сенің есебіңнен ішейік-ішпейік, әйтеуір, жақсылық болса, жарайды! Тегі, қартайғанда Мәкен ұл тапқан-ау!

Б а қ а й . Солай ма?

Х а й д а р о в (*Бақайға*). Бала жағын саған тапсырдық қой, Бақай, мына отырғандарды сырттай білесің ғой, әйтсе де таныстырып қояйын. Симулянский — курортторг қойма меңгерушісі, Балтабаев — комхоз меңгерушісі, Ашот — кәуапхана меңгерушісі. Бақай, жолдастар, бұл да құрдас, хат тасушы — пошташы. (*Бәріне.*) Екі қуаныштың басы

қосылып тұр, құрдастар. Бүгін туған күніме орай, көптеп күтіп жүрген арманым орындалатын болды. Дәрежем өсетін болды. Майор атағын алатын болдым.

О т ы р ғ а н д а р (жамырай). Әйтеуір, беретін болды ғой. Ондай болса болды, құттықтаймын!

— Құтты болсын.

— Болды-болдылар үшін ішейік!

Атылған шампан, сыңғырлаған бокалдар. Ішілген арақ, шараптар.

Б а қ а й. Іһм-ім-м. (Кәуапты жеп отырып.) Не деген дәмді кәуап.

Ф а р и д Ш а р и п о в и ч. Шынында да, мынау бір ерекше кәуап екен. Тегі, көрінгеннің қолы жете бермейтін шығар.

С и м у л я н с к и й (кекесін). Хайдаров жолдастың қуанышына Ашот алдын ала даярлаған ғой!

А ш о т (үстелді жасай жүріп). Әлбетте, әлбетте! (Тағы да бәріне қуяды.) Сіздерге ширпотреб, полуфабрикат жүрмейді ғой.

Х а й д а р о в. Жолдастар, менің майор атағын алуыма қарсы болмасаңдар, егер қолдасаңдар, бүгін ішулерің керек. Адам адаммен адам. Қолдаңдар, достар, алып қойыңдар!

Б ә р і. Қолдаймыз.

Қолдаймыз! (Бәрі көтереді.)

Х а й д а р о в. Ашот, болмайды, болмайды! Зіл қалдырма. Сен, немене, маған тілектес емесісің?

А ш о т. Атамаңыз, атамаңыз! Сіз, мен үшін өте қадірлі адамдардың бірісіз. Мен әшейін, сіздерді!..

Х а й д а р о в. Ендеше, түбінде зіл қалдырма. Бүгін сенің де ішкенің... (екі ұшты күліп) теріс емес... (Арақ құйылады.)

С и м у л я н с к и й (тост көтереді. Сөзінде май-

да кекесін). Жолдастар! Хайдаровтың бүгін туғаны қандай жақсы болған. Бір жылғы құрдаспыз. Егер ертең туса ғой, мұндай бақыт бізге жазбас еді. Біздің қатарымыздан да ішкіштердің есебін алып жүретін ұлы статистің туғаны қандай мақтаныш. Хайдаров енді көп ұзамай полковник атағын алысын. Ол үшін бір-ақ нәрсе — арақ-шарап ішіп вытрезвительге түсетін адамдар көбейе берсін, көбейте берейік! Сол үшін, жолдастар!

Б ә р і. Майор үшін!

— Подполковник үшін!

— Болашақ полковник үшін!

Музыка.

Бесінші көрініс

Айықтырғыштың кең тіркеу бөлмесі. Қабырғаға «Жаңа жыл құтты болсын!», «Жаңа жылды жаңа табыстармен қарсы алайық!» деген ұрандар ілінген. Іште екі адам: бірі — ақ халатты шикіл сары әйел, екіншісі — шомбал қара әйел, аға сержант. Сыртта машинаның гүр-р етіп тоқтаған үні. Сырттан милиционер жетегінде Бақай кіреді. Оны тапсырған милиционер честь беріп шығып кетеді.

Б а қ а й. Амансыңдар ма, шырақтарым! (Қоржынын үстел үстіне қоя салып.) Оһ, шіркін, (үй ішін айнала қарап) көзге ыстықсың-ау. (Екінші жаққа қарай кетіп қалады.)

Ш и к і л с а р ы. Тұра тұрыңыз, ақсақал документтеріңіз бар ма?

Б а қ а й. Шіркін-ай, үйім-ақсың-ау, үйім-ақ, көзге ып-ыстық.

Ш о м б а л қ а р а. Немене, сағынып қалдың ба?

Б а қ а й. Еһ, сағынбағанда, жастығымның тең жартысы осы үйде өтпеді ме?

Ш и к і л с а р ы. Ақсақал документіңіз бар ма деймін?

Б а қ а й. Әкем-ау, ол неге керек еді... (Қалтасын басып.)
Жоқ, жоқ-ау деймін. (Қабырғаны басып.) Ой-бой, шырақтарым-ай, мына бұрыш жағы дымданып тұр екен. Отын кемсін-ау, тегі! Біз тұрғанда жеңгелерің бір қылау қалдырмаушы еді-ау. Қап, әттегене-ай. (Қабырғаны сипалап жүр.)

Ш и к і л с а р ы. Ақсақал, фамилияңыз Қарамендин, атыңыз Бақай емес пе?

Б а қ а й. Иә, солай! Ой, әкем сол, танығаныңа, білгеніңе шүкіршілік. Рақмет!

Ш и к і л с а р ы. Е-е, сізді қала жұрты түгел біледі, пошташы емессіз бе? (Жазып отыр.)

Б а қ а й (үстелге жақындап). Мен шырағым, пошталион болғалы қырық бес жыл. Бұл жерде алғаш қолхоз құрылғанда, ту-у Мәскеуден, Алматыдан келетін құпия хаттар әуелі біздің қолдан өтетін. Қай уақытта да бұл сондай абыройлы жұмыс... Таң атпай газет-журналдарды қоржыныңа толтырып алы-е-еп...

Ш о м б а л қ а р а. Шал енді ана шкафтардың біріне шешін.

Б а қ а й (таңырқап). Әкем-ау, шешінгені несі?

Ш о м б а л қ а р а. Шешініп, осында жатасың.

Б а қ а й. Қой, әкем, жеңгелерің не дейді, үйіме бармаймын ба? Әлгі милиция бала үйіңізге апарамын деген соң, қуанып машинасына отырсам, ол баяғы ескі үйіме алып келіпті.

Ш и к і л с а р ы. Білесіз бе, қазір бұл үйдің не екенін?

Б а қ а й. Е, біз кеткен соң бұл үй басынан не кешпеді. Детсад болды, музей болды. Қазір вытрезвитель дей ме? Митрезвитель дей ме?..

Ш и к і л с а р ы. Е-е, біледі екенсіз. Миды тазартатын жер. Ал енді өзіңіз шешіне қойыңыз.

Б а қ а й (күмілжіп). Қарақтарым-ау, бұл сонда қалай болғаны?

Ш о м б а л қ а р а . Бұл солай, шал (*қолтығынан демеп*), ертеңге дейін миыңды демалдырып тұрасың, қазір массың.

Б а қ а й (*көніп*). Әкем-ау, іше ғой деген соң ішкенім рас еді, көңілшек басым және балаларымның, достарымның денсаулығы үшін, мас болсам мас шығармын. Бірақ үйге жететін қауқарым бар еді ғой. (*Шешіне бастайды.*) Мас адам ештеңе білмейді, не айтып, не қойғанын білмейді деуші еді... Мен бәрін білетін сияқтымын. Есім дұрыс, сонда бұл қалай болғаны?

Ш о м б а л қ а р а . Мұнда түскеннің бәрі есім дұрыс деп ойлайды. Бірақ олай емес.

Б а қ а й. Ол да жөн. Солай болса, солай шығар. (*Есікке қарай беттеп барады.*) Е-е, айтқандай, қала адамдарының мені танымайтыны жоқ, мыйтрезвительге түсіп, мына шалға сақалды басымен не көрінген демей ме? Ұят-ай! Қарақтарыма, тыныш ұйқтайын, ана қоржынның ішінде балаларыма алған бетперделердің бірін киіп алайыншы, беріңдерші (*Қолымен нұсқап.*) Сөмкенің ішінде.

Ш о м б а л қ а р а . Сенде бір заржақ екенсің. (*Сөмкені ашып, бәрін шашып.*) Осыншама масканы қайтпекшісің?

Б а қ а й. Қарағым-ау, он төрт балам бар, бірдеме алсам бәріне бірдей алатын әдетім.

Ш о м б а л қ а р а . Қайсысы керек?

Б а қ а й. Бәрібір, әйтеуір бетімді жапса болды да.

Ш о м б а л қ а р а (*қоянның масқасын лақтырып*). Мә, әй, шал! (*Қасына жетіп келіп*). Шалбарыңды шеш, таста!

Б а қ а й (*масканы киіп*). Қарағым-ау, енді ұят болмай ма? (*Шалбарын шеше бастайды.*)

Ш о м б а л қ а р а . Мұнда ұят жоқ, шал ұятты ішпей тұрып ойлау керек!

Сыртта машина гүрілі. Қоян масқасын киген Бақай, шалбарды шешіп тастап, дамбалшаң ішке тез еніп ке-

теді. Аяғында тәпішке. Сырттан қолында дипломаты бар түнгі қонақ — Олег Николаевич кіреді.

Т ү н г і қ о н а қ . Саламатсыздар ма?! Келе жатқан Жаңа жылдарыңыз құтты болсын!

Ш и к і л с а р ы . Рақмет, бірге болсын!

Т ү н г і қ о н а қ . Бұл ұй вытрезвитель ме?

Ш и к і л с а р ы . Иә, айықтыру орны.

Ш о м б а л қ а р а . Және сауықтыру орны — медвытрезвитель.

Т ү н г і қ о н а қ . Онда дәл тапқан екенмін. (Төбеге, жан-жағына қарап.) Тап-таза, мұнтаздай әрі қаланың қақ ортасынан қалай жақсы орын берген.

Ш о м б а л қ а р а . Ұнап тұр ма?

Т ү н г і қ о н а қ . Енді... ұнасын-ұнамасын... Жо-жоқ, ұнайды, ұнайды. Іші жылы шығар? Сіздерде бос орын болу керек, апатай?

Ш и к і л с а р ы (таңырқап). Бос орын? Немене, қызметке тұрайын деп пе едіңіз?

Т ү н г і қ о н а қ . Жо-жоқ, жататын орынды сұрап тұрмын.

Ш и к і л с а р ы . Жататын?

Т ү н г і қ о н а қ . Бір түнеп шығуға рұқсат па екен?.. Жамбасақысын төлеймін.

Ш о м б а л қ а р а (сәл ашу шақырып). Сен өзің, ботақаным, түріңе қарағанда сап-сау адам сияқтысың, сөзіңе қарағанда... (Кеңірдегін шертіп, мұрнын тартқылап жақындай түседі.)

Т ү н г і қ о н а қ . Жо-жоқ, апатай, ғұмырымда аузыма алып көрген емен.

Ш о м б а л қ а р а . Ендеше, бұл ұйге неге келдің?

Т ү н г і қ о н а қ . Қонуға дедім ғой, апатай, то есть...

Ш о м б а л қ а р а . Келіншегің қуып жіберді ме?

Ш и к і л с а р ы. Үйіңізге мазасыз меймандар келіп қалды ма?

Т ү н г і қ о н а қ. Құдай үшін мазақтамаңыздаршы. Тұңғыш рет командировкаға шығуым еді.

Ш и к і л с а р ы. Командировкаға?

Ш о м б а л қ а р а. Командировкаға келсең, бұл қонақүй емес қой, жарқыным!

Т ү н г і қ о н а қ. Қонақүйде болдым. Орын жоқ.

Ш и к і л с а р ы. Жаңа жылдың алдында ма? (Күледі.)

Ш о м б а л қ а р а. Тілін білмеген адамға оларда қысы-жазы орын жоқ.

Т ү н г і қ о н а қ. Кәдімгі орыстілінде-ақ жағдайымды түсіндірсем де илікпеді.

Ш и к і л с а р ы. Ондай жерде орыс тілі жүрмейді. Мейманхананың өз тілі бар.

Ш о м б а л қ а р а. Ендеше, мен орыс тілінде айтайын — здесь мест нет.

Т ү н г і қ о н а қ. Маған бір-ақ орын. Мұнда үнемі қаңырап бос тұрады дейді ғой, апай.

Ш о м б а л қ а р а. Бұл мастарға арналған орын. Түсіндің бе? Ішпейтіндерге орын жоқ. Түсіндің бе? Енді, жігітім, мазаны алмай шыға қойсаң...

Т ү н г і қ о н а қ. Сонда, қайда бармақпын?

Ш о м б а л қ а р а. Ондағы менің шаруам қанша?

Т ү н г і қ о н а қ. Сыртта аяз, үсіп қалмаймын ба? Киімім де жұқа.

Ш о м б а л қ а р а. Саған жылы дубленка әперуім керек шығар. Шырағым, оған өзімнің де қолым жетпей жүр.

Т ү н г і қ о н а қ (ашуланып). Не деген безбұйрек, қатыгез жандар едіңіздер.

Ш о м б а л қ а р а. Әй, сен немене, мұнда кімнің қатты, кімнің жұмсақ екенін тексеруге келіп пе едің? (Білегінен мытып.) Кәне, тайып тұр!

Т ү н г і қ о н а қ . Бір минут! Қолыңызды тартыңыз, сержант апай, не деген қатты еді... ескертемін, менің мамандығым фельетоншы.

Ш о м б а л қ а р а . Қорқытпа фельетоныңмен.

Т ү н г і қ о н а қ . Биыл оқу бітіремін. Практикадамын, байқаңыз. Мен мұнда фельетонға материал іздеп келдім...

Ш о м б а л қ а р а . Қиратасың. Әуелі мейманхананың администраторын жаз. Сосын бізді.

Т ү н г і қ о н а қ . Бәріңді де жазамын, біріңнен бірің айнымайсыңдар. Жүрек жоқ, бір түйір аяушылық жоқ.

Ш о м б а л қ а р а . Кәне, шығамысың, жоқ па?

Т ү н г і қ о н а қ . Ал шықпаймын, не істейсіңдер?

Ш и к і л с а р ы . Мұндай хулиганды милицияға тапсыру керек.

Т ү н г і қ о н а қ . Апай, бір-екі жүз грамм, ұрттам арағыңыз бар ма?

Ш и к і л с а р ы . А-арақ?

Ш о м б а л қ а р а . Бұл апаң саған ресторан ба? Мен саған официантка шығармын. Марш!

Т ү н г і қ о н а қ . Тым құрмаса, бір жұтым.

Ш о м б а л қ а р а . Мазақтайын деген екенсің. Жооқ, мен қазір... (Үстел үстіндегі таяқты ала ұмтылады. Түнгі қонақ сыртқа қаша жөнеледі. Сыртта машина гүрілі.) Тым болмаса, аузынан сәл ғана иіс шықсайшы... Қарашы өзін, ұятсыз.

С ы р т т а н д а у ы с . Қолтықтама деймін. Мені мас деп ойлайсың ба?

Сырттан Симулянскийді қолтықтап кіргізген милиционер честь беріп, кетіп қалады.

С и м у л ь а н с к и й (жәдігөйленіп, жымыңдап). О-у, бикештер, кеш жарық! Келе жатқан Жаңа жылдарыңыз-

бен!.. Оу, бұларыңыз не, қабақтарыңызды түйіп... Ну-у, қыз балаларға жараспайды. Кәне, күліңіздерші, күліңіздерші! Тю-тю-тю... тю-тю! Кәне, кәне! Не деген сұлу жаратылған жансыңдар. Форма қандай жарасады өздеріңізге, құйып қойғандай. Кәне, әрі қараңызшы, беліңіз қандай қиылып тұр.

Ш о м б а л қ а р а (*иығынан бір жұлқып орындыққа отырғызады*). Жұрттың белінде не шаруаң бар? На-ахал!

Ш и к і л с а р ы (*қағазға шұқшиып*). Кәне, документтеріңді...

С и м у л я н с к и й . Жаным-ау, ғұмырымда қалтама документ салып көрген емеспін.

Ш и к і л с а р ы . Онда аты-жөніңіз?

С и м у л я н с к и й . Көгершіндерім-ау, мені шын танымай тұрсыңдар ма? Мені документсіз-ақ бүкіл қала жұрты білгенде...

Ш о м б а л қ а р а . Біз білмейміз сендей данышпанды.

С и м у л я н с к и й . Мен данышпан емеспін, бірақ... бар данышпан мені біледі...

Ш о м б а л қ а р а . Кәне, қылжақты қой, қалтаңдағыны түгел үстел үстіне сал.

С и м у л я н с к и й . Мә, сенбесеңдер, бәрін салайын. (*Ақша, т.б. бұйымдарды үстел үстіне шашып тастайды.*) Осылардың тіпті керегі жоқ.

Ш и к і л с а р ы (*зілмен*). Бізге де керегі жоқ.

Ш о м б а л қ а р а . Кәне, енді ана жәшікке шешін де, анау есікке қарай қайқай. (*Иығынан нуқып қалады.*)

С и м у л я н с к и й (*шатқаяқтап*). Ой, қарағым, қолың не деген темірдей еді. Әйел адамға жараспайды.

Ш о м б а л қ а р а . Кәне, сөзді қой да шешін, әйтпесе, бұдан да жаманды көресің.

С и м у л я н с к и й . Көгершінім, қызым, звонить етуге рұқсат па?

Ш и к і л с а р ы . Бұл переговорный пункт емес.

С и м у л я н с к и й . Көгершіндерім-ай, ертең бастықтарың мына қылықтарыңды естісе, өздеріңе сөгіс береді ғой.

Ш и к і л с а р ы . Ертең бұл үшін сөгіс емес, алғыс айтады бізге.

С и м у л я н с к и й . Сенбесеңдер, үйіне звонить етіңдерші, жаңа ғана бірге болғанбыз.

Ш о м б а л қ а р а . Кәне, шешінемісің, жоқ па? (*Қолын бұрап, сүйрей жөнеледі.*)

С и м у л я н с к и й . Қолым, қолым... қарағым, арқан емес қой. (*Шомбал қара шешінетін жәшіктердің алдына әкеледі. Симулянский шешініп отырып міңгірлеп.*)
Өздеріңе жақсыболса, істей беріңдер. Жаңа бастықтарыңның туған күнін жуып, әйтпесе мен де ішпейтінмін...

Ш о м б а л қ а р а . Өтірігіңе береке берсін! Біздің бастық мамыр айында туған.

С и м у л я н с к и й . Дұрыс, мамыр айында бір рет туған. Бірақ шала туған, тымаққа салып, биікке іліп қойған. Содан тымақтан, қайта туған, то есть шыққан күні...

Ш о м б а л қ а р а . Жетті, кәне, сылтауратпа. Желтоқсанда тумаж түгілі, мүлдем тумай кетсе де!

С и м у л я н с к и й . Ей-ей, сержант жолдас. (*Атып тұрады, шомбал қара иығынан бір нұқып, қайта отырғызады.*) Олай бастықтарыңа тіл тигізбе! Мен жан жолдасымды олай балағаттатып қоя алмаймын. (*Аяқ киімін білем деп атып тұрады.*)

Ш о м б а л қ а р а (*тағы да иығынан бір нұқып*). Кім балағаттаған?

С и м у л я н с к и й . Сен... жаңа ғана: «Мүрдем кетсін, өлсін оңбаған!» — деген сен емессің бе? (*Шикіл сарыға қарап.*) Сен куәсің ғой, айтты ғой! Ертең, көгершінім, сыбағанды аласың.

Ш и к і л с а р ы . Иә, айтты, жаман айтты... Мен де айттым... Менің де сыбағамды бергіз.

С и м у л я н с к и й (екеуіне алмакезек қарап, әлдененені түсінгендей қарқылдап тұрып күледі). Бәсе, бәсе, мен әдейі досым деп едім. Сіздерді сынағалы айттым. Әйтпесе, ондай сүмелекпен кім дос болушы еді. Нағыз оңбаған адам. Әйтпесе, осы жерде ұзақ жыл тапжылмай дені дұрыс адам отырар ма... Жо-оқ, сіздерді айтпаймын, сіздер жассыздар. Ал ол болса, қашан пенсияға шыққанша... Білем, білем, бұл арада оның іші майлы. Сіздердей емес, ол әбден байып алған (Сыбырлап). Пара алады (Айқайлап). Пара! (Жұдырығын түйіп.) Аларсың менен жаманғатты! Саған бергенше, мына еңбекақысы аз қарындастарыма бермеймін бе? Беремін, мүмкін әрқайсысына алтын жүзіктен салатын шығармын. Жаңа жылға келген тамаша модный көйлектер бар. Кигізбедім бе, менде бәрі бар, бәрі!..

Ш о м б а л қ а р а (жалаң аяқ, шабдар дамбалды Симулянскийді жетелеп). Рас, айтасың, сенде бәрі бар, бәрі... Әзір жата тұр. Кейін көрерміз барлығыңды да, байлығыңды да...

С и м у л я н с к и й (қуланып). Әзір жата тұр дедіңіз бе? Түсінемін, түсінемін. Ұғамын. (Қолымен ауаны сызғылап.) Птичка! Сосын шығарып жібересіздер... Жаңа жылдың алдында... Түсіндім... (Тоқтай қалып.) Ішінде біреулер бар ма?

Ш о м б а л қ а р а. Болса немене, жүрегіңнің қабы жарыла ма?

С и м у л я н с к и й (алдына тізерлеп). Айналайын көгершінім, өмір бойы алдыңызда берешек болып етейін. Мені сіздер танымасаңыздар да, қала адамдарының бәрі таниды. Мені көрсе олар...

Ш о м б а л қ а р а. Көрсенеме, шошып кете ме?

С и м у л я н с к и й. Жо-оқ, көрсенеме бірдеме сұрайды, көгершінім, басқа бөлмеге жеке қамаңдаршы. Мені танытпаудың бір амалын жасаңдаршы.

Шомбал қара . Бізде люкс болмайды. (Шикіл сарыға көзін қысады. Ол түлкінің маскасын лақтырып жібереді.)

Симулянский (аяғын қушқан қалпы). Ай-ай-яй, ай-ай-ай! Аяқ киімнің тозып қалған екен. Тю-тю, өзі Жетісу фирмасының етігі ғой, осы ертең маған келші, неше түрлі модный етіктер бар, қалағаныңды берейін...

Шомбал қара . Жарайды, жарылқасаң бұрын қайда қалдың? Мә, бүркеніп жүретін әдеттерің ғой сендердің.

Симулянский (масканы алып киіп жатып, қуанып). Ой рақмет, мың да бір рақмет. Мені шығарғанда да жеке шығара көріңдер. Бұдан былай таныс боламыз. Менімен жұрттың бәрінің таныс болғылары келеді. Ал мен көрінгенмен таныс болмаймын... (Ішке еніп бара жатып өзімсініп қылжақтап, Шомбал қараның бүйірінен түртіп ойнайды.) Тю-тю-тю!

Сыртта машина гүрілі. Жарық баяу сөнеді.

Алтыншы көрініс

Көше көрінісі. Жапалақтап жауған қар. Жақында, әріректе электр жарығымен әшекейлеген жаңа жылдық құттықтаулар, ұрандар құбылады. Алыста әр жерде жаңа жылдық кеіштерде ойнаған музыка әуендері. Айық-тырғыштың алды. Милиция машинасы. Машинадан түскен екеу. Орынбасар Амиров пен Хайдаров. Сәл қызулау — шала бурыл.

Орынбасар . Әй, Жұмашке, өзі, ішетін адамға табыла береді екен-ау. Біраз отырып қалыппыз-ау.

Хайдаров . Е-е, анда-санда бас қосқанға не жетсін. Бір-бірімізден алыстамауымызға себеп қой, әйтеуір.

Орынбасар . Солай, иә, солай. Мен сені бұлай деп

ойламап едім. Өздерің өте қарапайым, тіпті жұпыны тұрады екенсіңдер.

Х а й д а р о в . Енді, әйтеуір, қатардағы адамдардай тұрмысымыз бар. Жетеді...

О р ы н б а с а р . Ал жолдас капитан, құрметіңе мың да бір рақмет! Енді үйіңе қайта бер.

Х а й д а р о в . Қайта бергенің қалай? Жоқ, үйіңе дейін машинамен жеткізіп салам.

О р ы н б а с а р . Капитан жолдас, қонақ шақырған адам қонағын үйіне жеткізіп салуға міндетті емес. Орта жолға дейін шығардың, рақмет! Қазір вытрезвительге кірем де, үйге өзім-ақ кетем.

Х а й д а р о в . Медвытрезвительге ме? Онда бірге барайық.

О р ы н б а с а р . Мұндай жерде жеке жүргенді ұнатам. Және де сіздің үйде қонақ болуымның — сенің қызметіңе еш жеңілдік жасамайтынын (*күліп*) алдын ала ескерткім келеді.

Х а й д а р о в . О не дегенің. «Ізет жөні бір басқа, қызмет жөні бір басқа!»

О р ы н б а с а р . Міне, міне... енді-енді түсіне бастадың. Құрдастықты да анда-санда болмаса, жиі пайдалана беру жарамайды. Қош бол! (*Ішке кіріп кетеді.*)

Х а й д а р о в (*темекісін тұтатып*). Ә-әй, достым-ай, бірге өскен құрдасым-ай. 15 жыл осы жерде еткен адал еңбегіме күмән келтіресің. Жо-оқ, бекер күмәнданасың. Тексер енді, тексер! Сұра, көр. Кімнің ақ, кімнің қара екенін айыр. (*Честь беріп.*) Сау бол!

Жетінші көрініс

Айықтырғыштың тіркеу бөлмесі. Іште Орынбасар, Шикіл сары, Шомбал қара. Орынбасар бөлме ішін ерсілі-қарсылы аралап, көзбен сүзіп, аналарға жүзін де

бұрмай, еркін сөйлеп жүр. Оны маскүнем деп түсінген екі қызметкер «Бұл не істер екен?» дегендей, сыңайын аңдып, іштей күліп, бақылап отыр.

О р ы н б а с а р . Қала-а-ай, бөлмелерің жылы ма? Жылуды қайдан аласыңдар? Бастықтарың ренжітпей ме? Тынышты ма? Күніне қанша адам түсіп тұрады?

Ш о м б а л қ а р а . Көресің ғой.

О р ы н б а с а р (оған мән бермей). Бәрін тізімге алып, жұмыс орындарына қағаздарын жіберіп тұратын шығарсыңдар?! Айып ақшаларын уақтылы төлей ме? (Ұрандарға қарап тұрып.) Мынау қате ғой, алып тастаңдар!

Ш и к і л с а р ы . Не қате? Ұран қате ме?

О р ы н б а с а р . Ұран қате болушы ма еді, ұранның сөзі де? «Қарыс алайық» емес, «қарсы алайық» қой.

Ш и к і л с а р ы (қолын сілтеп). Ә-ой, бұл ұран біздікі емес, моргтан алғанбыз.

О р ы н б а с а р . Бәсе, бәсе, өзім де біліп ем. Бұл вытрезвительге бастығынан бастап өңкей сауатсыздарды қайдан жинаған!..

Ш о м б а л қ а р а . Әй, кәне, қате-мәтені, сылтау-мылтауды қайтесің. Давай, қойқаңдамай шешін.

О р ы н б а с а р (артына жалт бұрылып). Ш-ше-шін? Кі-ім?!

Ш о м б а л қ а р а . Кім шешінуші еді? Мен шешінейін бе?

О р ы н б а с а р . Жолдас милиционер!

Ш о м б а л қ а р а . Аға лейтенант!

О р ы н б а с а р . Лейтенант жолдас, алдымен «сен» дейтін мен сіздің құрдасыңыз емеспін. Өздеріңізде мәдениет жоқ қой, мәдениет.

Ш о м б а л қ а р а . Кез келген маскүнемге «сіз» деп сызылатын жайымыз жоқ. Кәне, шешін!

О р ы н б а с а р . Мұнда жұрт тек шешіну үшін келе ме?
(*Ашуланып.*) Сіз өзі не айтып тұрсыз?! Шешініңіз не?

Ш о м б а л қ а р а . Шешін деген сол — іш киімге дейін түгел сыпырып, жалаң аяқ, жалаң бас ана бөлмеге қайқай деген сөз.

Ш и к і л с а р ы . Алдымен фамилияңызды, қызмет орнын жаздыруды ұмытпаңыз.

О р ы н б а с а р (*енді-енді түсініп, күледі*). Сіздер, өзі мені кім деп тұрсыздар?

Ш о м б а л қ а р а . Сенің кім екеніңнің, жалпы бізге қажеті шамалы. Ертең қызмет орныңа жіберуге, айып ақшасын төлеуге ғана керек.

О р ы н б а с а р . Сіздер мені шынымен маскүнемдердің бірі деп тұрсыздар ма?

Ш о м б а л қ а р а (*кекетін*). Маскүнем емессің, жай әншейін аузыңнан керосин иісі мұңкиді.

О р ы н б а с а р . Жетті, доғарыңыз сөзді!

Ш о м б а л қ а р а . Әй-әй, доғарың не?

О р ы н б а с а р . Не деген дөрекі адамсың? Мен қалжыңдап тұр екен десем! Фамилияң кім өзі?

Ш о м б а л қ а р а . Өзіңнің фамилияң кім алдымен?

О р ы н б а с а р . Амиров Орынбасар Амирович! Енді түсінікті шығар!

Ш и к і л с а р ы (*анкетасын толтырып, жайбарақат*). Түсінікті, Амиров Орынбасар Амирович... (*Басын көтеріп.*) Қызмет орныңыз?

О р ы н б а с а р . Мен Амировичпін деймін, Амиров.

Ш и к і л с а р ы . Оны жаздық қой, қайда жұмыс істейсіз?

О р ы н б а с а р . Сіздер шынымен білмей тұрсыздар ма? Масқара ғой мынау, масқара! Мен Амировпын, Орынбасармын.

Ш о м б а л қ а р а . Мұнда келгеннің бәрі «бастық-

пын», «орынбасармын» деп кеудесін соға келеді. Өйтіп үлкен адамдардың атын былғама. Оған құлағымыз үйренген.

Ш и к і л с а р ы. Документіңіз...

О р ы н б а с а р . Мені документсіз-ақ білмейсіңдер ме? Бұл не сұмдық.

Ш и к і л с а р ы. Біз документсіз ешкімді білмейміз, білуге міндетті емеспіз.

О р ы н б а с а р . Ал документ болмаса ше?

Ш и к і л с а р ы . Онда ертең суретке түсіріп аламыз да, көшеге іліп қоямыз. Біреу-міреу кім екеніңізді айтып береді.

Ш о м б а л қ а р а . Бізден бөрібір құтылмайсың!

О р ы н б а с а р . Сіздер қылжақтай бастадыңыздар, мен қазір... (*Сыртқа ұмтылады.*)

Ш о м б а л қ а р а (*қолында таяқ, алдын кес-кестеп*). Қайда? Қайда барасың? Тек енді бір аттап көр. Тура жауырын ортадан... біз жауап бермейміз.

О р ы н б а с а р . Мен қазір Хайдаровты алып келемін. Сазайларыңызды тартқызамын.

Ш и к і л с а р ы. Хайдаров жолдас көрінген маскүнемнің жетегінде жүретін қолжаулық емес, біріншіден. Екіншіден, сіз бізді қорқытпаңыз. Біз қызмет бабындағы адамдармыз.

Ш о м б а л қ а р а . Сендейлердің талайын көргенбіз. Әйел екенмін деп басынба. Қайқайта бір пе-ер-сем!..

О р ы н б а с а р (*басылып*). Жоқ, сіздер мені шынымен танымай тұрсыздар ма? Мен тіпті мас та емеспін. Ұстауға қақыларыңыз жоқ. Әрі мен...

Ш и к і л с а р ы. Бәрі осылай дейді. Оны қазір көреміз. Әбден жауыр болған сөз.

О р ы н б а с а р . Мен сіздердің жұмыстарыңызды, осы вытрезвительді тексере кетейін деп келдім...

Ш и к і л с а р ы. Тексеріңіз, тексеріңіз. Таң атқанша жатып алып тексеріңіз. Ал бұған не дейсіз?

Ш о м б а л қ а р а . Қане, сөзді қой да, шешін. Сенімен салғыласып тұратын уақыт жоқ. Мұның тексергішіне не берерсің.

О р ы н б а с а р . Сіздер бірдемені түсінбей тұрсыздар. Ертең ұят болады.

Ш и к і л с а р ы (күліп). Міне, мұныңыз шындыққа келеді. Ертең ұят болады, бірақ ұялатын кі-ім?

О р ы н б а с а р . Мен жаңа Хайдаровпен бірге келдім.

Ш о м б а л қ а р а . Бірге іштім дерсің?

О р ы н б а с а р . Иә, тойс, қонақта аздап... әрине, іштік.

Ш и к і л с а р ы (кекесін). Және біздің бастықтың үйінде қонақта болған шығарсыз?

О р ы н б а с а р . Тура айтасыз! Оны қайдан білдіңіз?

Ш о м б а л қ а р а . Жарайды, жарайды, ендігі ертегіңді ертең тыңдармыз... (Күліп.) Бұлардың бәрі бүгін біздің бастықпен ішіпті. Бір қызығы — біреуі үйінде, біреулері барда. Ойлан, мүмкін сен біздің бастықпен моншада отырып ішкен шығарсың?

О р ы н б а с а р . Мен шынымды айтып тұрмын. Қазір телефон соғайық. Менің кім екенімді айтып берсін Хайдаров жолдас.

Ш о м б а л қ а р а . Білеміз, білеміз, мұнда түскендер біздің бастықтың не құрдасы, жамағайын-жекжаты, не жерлесі боп шығады. Оны телефонсыз-ақ білеміз!..

Ш и к і л с а р ы . Бірақ ендігәрі есіңізде болсын. Мұнда түскендер, мейлі, туысы ма, досы ма, Хайдаровтан еш рақым жоқ! (Сыртта келе жатқан адам дыбысы.)

О р ы н б а с а р (қуанып). Әне... келді... өзі келе жатыр. (Сыртқа ұмтылып.) Хайдаров, жолдас капитан!.. Жү-ма-аш, Жұмашке!

Сырттан тәлтіректей, ықылық атып Түнгі қонақ кіреді. Қолтығында дипломаты.

Т ү н г і қ о н а қ . Пардон, апатайлар! Милиция қарлығаштары, кеш жарық! Мен тағы да келдім. Дұрыс па?

Ш и к і л с а р ы . Ә-ә, дұрыс, дұрыс, жаңа келісіпсің.

Т ү н г і қ о н а қ . Мә! (*Ішкі қалтасынан жартылай ішілген шөлмегін шығарып, тарс еткізіп үстелге қояды.*)

Түгел іше алмадым, батпады... Бірақ... осы да жетпей ме?

Ш и к і л с а р ы . Жетеді, жетеді.

Ш о м б а л қ а р а . Әшейін аузың күншығысқа қарап қалыпты, тамаша-а!

Т ү н г і қ о н а қ . Сіздерге жараса болды. (*Қалтасынан документін суырып беріп.*) Мынау... паспорт... мынау жеке басымның куәлігі. Олег Николаевич, журналист, мынау командировка куәлігі. Мен енді шешінемін.

Ш и к і л с а р ы . Ана жәшіктердің босына шешін!

Т ү н г і қ о н а қ . Есть!

Ш и к і л с а р ы (*қалжыңдап*). Шифоньеріміз жоқ, кінәліміз.

Т ү н г і қ о н а қ (*байсалды*). Ештеңе етпейді, бәрі бір күнде бітпейді.

Ш и к і л с а р ы . Асықпай шешін! Жығылып қалма!

Т ү н г і қ о н а қ . Есть! (*Қиқаң етіп.*) Пардон!

Ш и к і л с а р ы . Әй, балақай-ай, артығырақ басып жіберіпсің. Бірден бұлай ішуге бола ма екен!

Ш о м б а л қ а р а . Аузыңнан иісі шықса, жететін еді ғой.

Т ү н г і қ о н а қ . Жо-оқ! Это не честно!

Ш о м б а л қ а р а . Кәне, енді сен де шешін! (*Орынбасардың қолына жармасып сүйрелейді.*) Сыйлағанды білмейді екенсің. Жұрт, міне, мұнда жалынып, қолы зорға жетеді. (*Шешіндіре бастайды.*)

О р ы н б а с а р . Жә-р-рәйді, ішін де көріп шығайын. Мұнда кімдер бар екен? Мүмкін бұл да керек шығар... Тексерейік...

Т ү н г і қ о н а қ (*шешініп жатып Орынбасарға*). Сіз өзіңіз шешіне алмайсыз? Наверно, инвалид Отечественной, да? Дұрыс, өте дұрыс! Соғыс мүгедектері аз қалды. Құрметтеп шешіндіру керек... Гостиницадағы тасжүректер сізге де орын бермеген, ә? Сыйламайды, ә? Ох, әділетсіздер! Ничего, ничего... көрерміз... (*Тұрып.*) Ал көріскенше сау болыңыз, братан... ренжімеңіз...

Қолтығында дипломаты, баспалдақпен сыртқа кетіп барады.

Ш и к і л с а р ы (*көріп қалып*). Қайда барасың?

Т ү н г і қ о н а қ . Пардон. Жатуға барамын!

Ш и к і л с а р ы . Қардың үстіне жатамысың? Ол сыртқа шығатын есік.

Т ү н г і қ о н а қ . Пардон! Сыртқа шықпаймын — это не честно!

Ш и к і л с а р ы . Ендеше, ана есікке бар. Қолтығыңдағыны тастап кет!

Т ү н г і қ о н а қ . Мұнда қағаз, қалам. Шөлмек жоқ, бізге мұнсыз болмайды. Профессия!

Ш и к і л с а р ы . Жарайды. Мә, мынаны киіп ал! (*Мысықтың маскасын береді.*)

Т ү н г і қ о н а қ . Бұл не? (*Масканы көріп.*) Мысық! Онда (*есікті нұсқап*) тышқандар?..

Ш и к і л с а р ы . Жо-жоқ. Бәрі киген. Сен де киіп ал, шошып кетерсің!

Т ү н г і қ о н а қ (*масканы киіп*). Пардон! Жаңажылға... өт-т-е ақылды ойлап табылған! Осылай қарсы алу керек... четко! (*Ішке кіріп бара жатып қайта бұрылады. Бетін сипап.*) Мынау ұрғашы мысық па, әлде... еркек пе? Да-а... барибир (*Ішке кіріп кетеді.*)

О р ы н б а с а р (*ызалы*). Маған да маска! (*Көп маскалардың ішінен арыстан маскасын таңдап алып,*

асығыс кие-мие ішке беттейді.) Ал ішкі жағдайларыңмен де танысайық!

Ш о м б а л қ а р а . Иә, таныс, таныс!

Сырттан арсалаңдап Мұрат келеді. Қолында футлярға салған скрипка.

М ұ р а т . Кеш жарық, менің сүйкімді қонақжай апатайларым! Жаңа жылдарыңыз құтты болсын.

Ш о м б а л қ а р а . Бірге болсын!

Ш и к і л с а р ы . Құтты болсын!

М ұ р а т (*қалтасынан екі әтір алып*). Орамал тонға жарамаса да, жолға жарайды. (*Ұсынады.*)

Ш о м б а л қ а р а . Рақмет!

Ш и к і л с а р ы . Рақмет!

М ұ р а т (*үстелге шампанды қойып*). Мынаны сағат дәл 12-ні соққанда.. Жылдағыдай жаңа жылды қарсы аламыз. (*Шкафтардың алдына барып шешіне бастайды.*)

Ш о м б а л қ а р а . Өзің көптен келмей кеттің ғой!

М ұ р а т . Сағынып қалдыңыздар ма?

Ш о м б а л қ а р а . Сағынғанда қандай!

Ш и к і л с а р ы . Сені ұй алған шығар, бізді енді ұмытты ғой деп жүр едік.

М ұ р а т (*шешініп жатып*). О-о, ұй алсам, алдымен сіздерді қонаққа шақырмаймын ба? Бүгін жаңа жыл, әркімнің өз отбасымен жеке отыратын мейрамы, оларға бөгет болмайын деп, осылай қарай, үйреншікті мекеніме тарттым... (*Шкафты ашып қалып.*) Әй, мынада киім! (*Екіншісін ашып.*) Мынада да... (*Төртіншісін, бесіншісін ашып.*) Мынада да киім. Мынада да... Бүгін өзі меймандарыңыз не деген көп, жаңа жыл алдында аспаннан қар боп жауған ба? (*Соңғы бос шкафқа киімдерді іліп жатып.*) Бұрын қаңырап бос тұрушы еді... (*Бірінші шкафты қайтадан ашып.*) he-he, менің тәпішкем қайда? Сіздер көрген жоқсыздар ма?

Ш о м б а л қ а р а . Жоқ.

Ш и к і л с а р ы . Мүмкін үй сыпырушы бір жаққа қоймаса?!

Ш о м б а л қ а р а . Онда етігіңді киіп ал!

М ұ р а т . Жарайды, ештеме етпес, тәртіп керек, тәртіп. *(Жалаң аяғымен еденді тітіркене басып есікке қарай беттеп, қайта бұрылады.)* Скрипкамды ұмытып барады екем ғой.

Ш и к і л с а р ы . Мұратжан-ау, оны қайтесің?

М ұ р а т . Дайындалу керек. Бір күн дайындалмай қалсаң, саусақтарың біртүрлі салдырап...

Ш и к і л с а р ы . Ана өңкей ішіп алған дәу перілер саған скрипка тартқызып қояр деймісің.

М ұ р а т . Е, олардың мендегі шаруасы қанша!

Ш о м б а л қ а р а . Расындада, сақтықкерек. *(Маскаларды таңдап.)* Бүгін жануарлар мен хайуанаттардың бәрін қамадық. Түлкі де бар, арыстан, борсық та бар, кім біледі, адамды көрсе шамдарына тиер, мә, киіп ал. *(Маймылдың маскасын береді.)*

Ш и к і л с а р ы . Сосын, Мұратжан, бізге бір скрипка тартып берші, көптен сағындық қой.

Ш о м б а л қ а р а *(есік құлпын ашып жатып, қайта жабады)*. Иә, шынында сағындық! Сосын демаларсың!

Мұрат маймылдың маскасын киіп, скрипканы иегіне қояды да, сұлу сазды бір шығарманы орындайды. Музыка тартыла бастағанда, шымылдық баяу сырғып жабыла береді.

ЕКІНШІ АКТ

Сегізінші көрініс

Айықтырғыштың іші. Темір кереуеттерде ақ төсекте жатқан «мастар». Ортада бар-жоғы он шақты рабайсыз үлкен ойыншықтармен безендірілген шырша. Үстінде

бір графин су, екі стақан қойылған биік үстел. Бұрышта, қабырғаға майлы бояумен салған Шишкин суретінің көшірмесін ілген. Тап ортада бөлмедегілерге тәкаппар қарап отырған «Белгісіз бикеш» («Неизвестная») суреті.

Есік құлпы сылдырлайды. Іштегілердің кейбірі тықыршып елегізиді.

Б о р с ы қ (графиннен су ішіп тұр). Тағы біреуді әкелді. Ешкі ме екен, қой ма екен?!

Сырттан Арыстан кіреді. Бұтында Түлкінікіндей шабдар дамбал іштегілер бастарын көтерісіп алады.

Қ а с қ ы р (қарқылдап күліп). Әй, тұрыңдар, тұрыңдар! Сәлем беріңдер, өзі келді, өзі!

Б о р с ы қ (тағзым етіп). Құзырыңызға құлдық, төрлетіңіз, Ареке!

Е с е к. Ассалаумағалейкүм, Арыстан аға, сізді де көретін күн болады екен-ау!

Т ү л к і (басқаларына зекіп). Сондай да ойын бола ма екен, ұят емес пе, үлкен адамды мазақтауларың... (Бәрі ду күледі.)

Б ә р і. Үлкен адамды!

Т ү л к і (Арыстанның қасына барып бұраңдап). Ареке, көңіліңізге ала көрмеңіз, ішіп алған өңкей есерлер...

Қ а с қ ы р. Өзің ішпей, басыңа құйған шығарсың? Ха-ха-ха!

Т ү л к і. Жалаңды жаппа. Біз Арекең екеуіміз жаңылыс түскенбіз. Сендер ішкіштер, жегіштер!

Қ а с қ ы р. Тіліңді тарта сөйле, қу Түлкі!

Т ү л к і. Өзің тарт, бейбастақ маскүнем!

Қ а с қ ы р. Қа-ап, мынаны қайтейін? (Күліп.) Жеп қойсам ба екен!

Е с е к. Енді жей алмайсың, көрмеймісің Арыстанның бауырында бұраңдап жалмаңдауын. (Тағы да күлкі.)

Қоян (басын көтеріп алып). Бұл не шу?! Бұл не даңғаза?
(Тағы да күлкі.)

Борсық. Әй, саған не жоқ, қитар неме, ұйқтай бер!

Есек (Қоянның құлағынан тартып айғайлап). Мына Қасқыр мен Арыстан сені қайсымыз бұрын жеп қоямыз деп таласып жатыр.

Қоян. Тіліңмен жағыңа сүйенбей, жатыңдар, демалыңдар!
Ертең де шаруа бар.

Қасқыр (ырылдай есінеп). Шынында да бір-екі сағат мызғып алайықшы, бәрібір, айықпай бізді шығармайды.
(Бәрі орындарына қайта жайғаса бастайды.)

Борсық (кекесін). Арекең орынсыз қалатын болды ғой.

Қоян. Сиысып жатыңдар енді!

Түлкі. Сиысатын түгі жоқ, Арекеңе өз орнымды беремін, жатыңыз, Ареке!

Арыстан. Сенен орын сұраған кім бар?!

Есек. Бәсе десе-ау!

Түлкі. Ареке, онда құшақтасып, былай... қойындасып бірге жата кетейік...

Арыстан. Не деген жабысқақ неме едің. Өзі кейіп тұрған жанымды... бар, жата бер орныңа! (Үстел қасына келіп отырады.)

Түлкі (орнына кетіп бара жатып). Ғафу етіңіз, суық тиіп тымауратып қала ма дегенім ғой, қазір қалада вирус.
(Есік темірлері сылдырлайды.)

Борсық. Тағы біреуді әкелді.

Бәрі көрпелерін иектеріне дейін жамылып жата қалады. Арыстан ғана тәкаппар әрі шыдамсыз. Сырттан, қолында скрипка, Маймыл кіреді.

Маймыл. Пой-пой! Пой-о-ой! Бүгін бүкіл зоопарк көшіп келген бе? Ой, сабаз-ай, айуандардың жатысын-ай!

Арыстан. Айуаның не, ей?

М ы с ы қ (орнынан атып тұрып). Тамаша, тамаша айтылған сөз. (Басына жастанған сөмкесін ашып жаза бастайды.) Тамаша тақырып: «Масханада — айуандар!» (Басқалары да бастарын көтерісіп.)

— Кім айуан?!

— Кім айуан?!

М а й м ы л. Айуан деген мына сен — Арыстан, сен — Қасқыр, сен — Түлкі, сен — Борсық. Ал өттерің жарылып кетсе де!

А р ы с т а н. Ішкен екенсің, жұртқа ұрынбай жайыңа тұр, көргенсіз!

Т ү л к і. Әдепсіз!

М а й м ы л. Айналайын Ареке, әкіреңдеме сен олай, шаңыраққа қара. Мұнда түскен соң, бәріміздің тереземіз тең.

Т ү л к і. Қара дәмесін. Маймыл қайда барса да Маймыл, Арыстан қайда жүрсе де Арыстан!

М а й м ы л. Биыл жазда курортқа келген бір профессор, осында түсіп қалды. Сол айтады: «Адамдарды өлім ғана теңейді» деуші еді бұрынғылар, ал бұл кезде «Адамдарды вытрезвитель теңейді», — дейді. Так што, айғайлама, жолдас Арыстан! Сен түгілі профессордың өзі де мына бізбен тең сөйлескен. (Кетіп бара жатып.) Өттең, ондай кісілігі бар адамдар енді түсер деймісің!

Т ү л к і. Немене, саған Арекеңдер тақияңа тар кеп тұрма?

М а й м ы л (Қоян жатқан төсекке келіп, көрпе астынан көрінген қос құлаққа қарап аңырып тұрып қалады). Оу, мына бір салпаңқұлақ қайдан жатыр? Әй, тұр орныңнан, тұр деймін...

Қ а с қ ы р. Оны неге мазалайсың, өзің былай тұр.

М а й м ы л. Сен килікпе, шаруаң қандай! Жата бер. (Қоянды жұлқып-жұлқып қалып.) Тұрамысың, жоқ па?

Қ о я н (көрпеден басын шығарып). Шырағым-ау, әліңнің жеткені мен бе? Ана Қасқырдың жанына барып неге жатпайсың.

М а й м ы л. Ешкімнің қасының керегі жоқ! Мынау менің орным.

Қ о я н. Меншікті орның ба, әкем-ау?

Т ү л к і. Сатып алған шығарсың?

М а й м ы л. Иә, сатып алғанмын.

Қ о я н. Шырағым, Маймылжан, басқа орын жоқ болса, кел, бірге жатайық.

М а й м ы л. Біреумен бірге ғұмыры жатып көрген емен. Ұйқым қашады.

Т ү л к і. Хи-хи! Сен мұнда ұйқтауға келген шығарсың?

М а й м ы л. Иә, мен мұнда, есінде болсын, сен сияқты ішіп келмеймін, тек қана тынығуға келемін.

Б о р с ы қ. Сосын скрипка тартуға, хо-хо-хо!

Қ а с қ ы р. Сосын кітап оқуға, ха-ха-ха!

М а й м ы л. И-иә. (Қоянды жұлқып орнынан тұрғызады.)

Қ о я н. Шырағым-ай, құйрығымды қоныс таптырмадың-ау... (Орнынан тұрып еденде жатқан тәпішкені іле кетеді.)

М а й м ы л (бас салып). Таста аяғыңдағыны.

Қ о я н. Әкем-ау, мұндағы шаруаң не?

М а й м ы л. Бұл менің тәпішкем. Менің меншікті мүлкім. Қарай гөр, мен таба алмай жүрсем. (Аяғына жармасады.) Көрінген маскүнем хайуан бір-бірден сүйретіп әкетсе, нем қалады.

Қ о я н (жұлқынып). Түсінемісің, Маймылжан, еден мұздай, құяңым бар еді. (Жұлқынып қашады, Маймыл бас салып құлақтан ұстайды.) Шырағым, құлақтан тартпа, тамырын үзесің.

М а й м ы л. Үзілсе үзілсін!

Т ү л к і. От, нахал! Әлімжеттік жасауын, берме, Қоян, берме, мен бармын.

М а й м ы л (тәпішкені кеудесіне басып жатып алған Қоянның маскасын тартып қалғанда, шешіп алады. Көзі бақырайып). Бә-әке... Өй, Бақай ағай, сіз бе едіңіз... Кешіріңіз аға, кие беріңіз. Тіпті басымен алыңыз... (Екеуі кереуетке қатар отырады. Бақай маскасын қайта киіп алады.)

М а й м ы л. Мұнда біреуді біреу танып болмайды. Мен, Бәке... (Құлағына сыбырлайды.)

Қ о я н. Е-е... әкем-ау, өзіміздің... (Атын айтып қала жаздап, аузын басады.)

М а й м ы л. Маймыл...

Қ о я н. Е, өзіміздің Маймылжан екенсің ғой.

М а й м ы л. Ия, Қоян аға!

Қ о я н. Сонда, Маймылжан, оның қалай болғаны? Мына кереуетті өзімдікі дейсің, тіпті тәпішкең де осында. Сонда қалай болғаны, осында жиі түсемісің?

М а й м ы л. Солай десе болады, Қоян аға! Бұл менің «екінші пәтерім».

Қ о я н. Әкем-ау, өзің сөзіңе, әлпетіңе қарағанда, тәптәуір жігітсің. Сол құрғырды іше беру өнер ме? Желуткеңе кесел емес пе?

М а й м ы л. Қоян аға, мен мұнда ішіп түспеймін, ішпей түсемін.


Т ү л к і (орнынан атып тұрып). Міне, міне, дұрыс айтады. Бұл милиция қызық, кейде сап-сау адамды да жауып тастайды.

М ы с ы қ (ол да елеуреп). Пардо-он, тұра тұр. Бұлар маған ішпей түсуге болмайды деген соң, мен амалсыздан іштім. Мені алдаған екен ғой, вот ұятсыздар!

М а й м ы л. Жоқ, милицияда ұят бар.

М ы с ы қ. Жоқ, ұят жоқ. Гостиницада, мұнда ұят жоқ!

Т ү л к і. Блат бар.



А р ы с т а н (өзеуреп). Дұрыс айтады, блат бар.

М а й м ы л. Бұларда ұят бар, ұят басқаларда жоқ.

М ы с ы қ. Кімде жоқ?

М а й м ы л. Қажет болса айтайын: алдымен, Қоян аға, өзіңізге мәлім Орынбасар Амировте жоқ!

Т ү л к і (ішін тартып). Орекеңде?! Оң ұятсыз маймыл! Өзіңде ұят жоқ, көргенсіз! Онда ұят бар.

Қ о я н. Бар болса, бар шығар-ау, бірақ азырақ... егер ұят болса Маймылжан екеумізді үш жыл салпақтатып қоярма?

М а й м ы л. Иә, осы масхананы баспана ғып жүрермін бе? Оның есігін үш жыл күзетермін бе? Бәрі соның кесірі...

М ы с ы қ (қағазын дайындап). Иә, неге күзетіп жүрсіз?

Е с е к (ол да жақындап). Иә, неге күзетіп жүрсің?

М ы с ы қ. Айтыңызшы, Маймыл аға! Қызық екен, ішпей келіп масханада жатасыз, бұл пәтеріңіз сияқты, үш жыл әлгі... (жазып) Амировтың қабылдауын күтіп жүрсіз?.. Қызық әрі жұмбақ.

Қ а с қ ы р. Айтшы әй, Маймыл!

Е с е к. Қайда асығып барамыз, айтсаңшы.

Б о р с ы қ. Иә, қызық екен.

А р ы с т а н. Әй, айтсаң айт, мыналарды үздіктірмей, сосын жатыңдар даурықпай!

М ы с ы қ. Әй, Арыстан, олай әкіреңдеме!

Б о р с ы қ. Кімнің шікіресісің. Әулиесің бе!

Қ а с қ ы р. Тыңдамасаң шығып кет! Хаһ-хаһ-хо! Егер шығарса! Хо-хо.

М ы с ы қ. Аға, ағатай, құлағым сізде.

М а й м ы л. Мысықжан, аяулы аңдар! (Скрипканы алады.) Бұл бір таусылмайтын ұзақ жыр, мұңды хикая.

Орындықтың үстіне шығып пистолет жарығында скрипкада ойнайды. Минорлы музыка. Музыка фонында

Маймылдың қайғылы үні репродуктордан естіліп тұрады. Бұл концерт залында өтіп жатқандай әсер береді.

М а й м ы л (минорлы музыка фонында жыламсырап).
Үш жыл болды бітіргелі, тым іргелі музыкалы жоғары оқу орнын. Содан бері күй болса да, үйім болмай жүрген түрім мынау, осы порымым. Аюға да, Қасқырға да, Арыстан мен Бүркітке, тіпті Қойға, Ешкіге де, бір Итке шағынсам да, жалынсам да, тегі бірақ жағыну келмеді-ау деймін қолымнан, қыбын әлде таппадым, ылғи суық жел үрлеп оңымнан да солымнан, құйын ойнап, шаң борап, жүріп кеткен жолымнан, еш хайуанға жақпадым. Сөйтсем, сорлы басым-ай, босқа өткен, зая кеткен алтын өмір — бес жыл ғұмыр жасым-ай, қыл аспапты қылғындырып, зарлатып, сыбызғы мен трубаны, гитараны зар илетіп, тыңдаушының көз жасын бұлаудай ғып парлатып, қол соқтырып тәмәм жұртқа жүргенім, балаларға білім беріп, музыкадан, ән-күйден, әр сәт сайын ләззат тауып, рақаттанып күлгенім — бәрі-бәрі бекер екен, құр әшейін желіккен әнге салып, күйге бөлеп еріккен есер екем, әлпештейтін жақсы да емес, тым жерлейтін жаман да емес, бір сөзбенен аса қажет маман да емес, қайтейін, Маймыл екем пайда да жоқ, залал да жоқ әншейін!

Ду соғылған шапалақ. Пистолет жарығы сөніп, негізгі жарық, жанғанда Маймыл скрипкасын иегінен алып, қос шекесін қысып, төмен қарап отырып қалады.

Қ о я н. Маймылжан-ай... (Жыламсырап.) Жүйкетамырымды босаттың-ау! Талай кездесіп жүріп жағдайыңды да сұрамаппын-ау.

Т ү л к і. Не жағдай! Осы күні жастар әбден құтырған. Сендей кезімізде үй түгілі, үйшігіміз де болмайтын. Сенің қайта анда-санда жататын жерің бар екен. Мына мыйтрезвительдің іші неден кем?

Б о р с ы қ. Шынында, тамақ берсе, мен осында жылдап жата берер едім.

Е с е к. Әй, Маймыл, сен неге маман емессің? Ол қате, оны саған кім айтты?

Қ а с қ ы р. Білімнің бар ма, күшің бар ма, ешкімге шағынба. Өзіңе тиесілі затты тартып ал.

Т ү л к і. Не әдіске сал!

Қ а с қ ы р. Әйтпесе, аштан өлесің! Ашта-ан!

Т ү л к і. Есең кетеді, есең!

Қ о я н. Маймылжан-ай, мұғалімді маман емес дегенге жұрттың құлағын үйрете бермеші. Мұғалімнен асқан мамандық жоқ.

Е с е к. Оның үстіне музыкадан.

М а й м ы л (*басын көтеріп*). Олай деп жүрген мен емес. Егер мамандық болмаса, бес жыл жанымды беріп, терімді төгіп оқырмын ба?

Қ о я н. Сонда маман емес деп жүрген кім өзі?

М а й м ы л (*Қоянға*). Әлгі екеуіміз есігінде телміретін...

Қ о я н. Орынбасар Амирович?

Т ү л к і (*шошынып, сасқалақтап*). Орекең бе, бекер шығар, қойыңыз.

Қ а с қ ы р. Какоf-сякоf бекер! Орынбасар дегенің әшейін әзірше сыйлы болып жүрген адам. Әйтпесе музыка түгілі, басқадан да хабары шамалы.

Б о р с ы қ. Преферансыңның өзін шала білетін көрінеді...

Т ү л к і. Біреуді сыртынан лағнаттауға жандарың әуес-ау. Орекең нағыз бесаспап адам, преферанс түгілі, триньканың жанын шығарады.

Қ а с қ ы р (*жаратпай, зығырлана*). Ох, зымиян Түлкі, құйрығың бұлаңдайды, ә-ә?

Т ү л к і (*шыдамай*). Ой, Қасқыр, мықты екенсің, осы пікіріңді сау кезіңде өзіне айтсаңшы... Әһ, қалай екен?!

Қ а с қ ы р. Өзімнен азулыға, өзімнен әлдіге тиісіп, өле алмай жүргем жоқ...

Т ү л к і (*Маймылға*). Бәрін бүлдіріп отырған осы сен! Суайтсың. Орекең саған қай жерде маман емессің деді. Сенімен дастарқандас болған шығар?.. Мүмкін екеуің парда бірге бусанып, барда бірге ішетін шығарсыңдар, хи-хи-хи! (*Ешкім құлмеген соң ыңғайсызданып қалады.*)

М а й м ы л. Осыдан екі жыл бұрын мен музыка мектебінде қабылдау емтиханын алдым. Емтихан қорытындысында сумұрын шошқаның торайы мен қорбаңбай аюдың қонжығы өтпей қалды...

Т ү л к і. Оның дұрыс енді. Солар үйінде пианиноны сәнге сатып алғаны болмаса, әй, балалары да өздері сияқты мақау, түк сезбейді-ау, түк сезбейді.

Е с е к. Және де жұрттың қолы жетпей жүрген пианиноның ең тәуірін солардың алатынын қайтерсің!

М а й м ы л. Содан арада екі-үш күн өткен соң, телефонға біреу шақырып, директор бөлмесіне келсем, шақырған жаңағы Орынбасар Амирович екен. Бұрын сөйлесіп көрмеген адамым, даусы да әмірлі екен. (*Орынбасардың даусына салып.*) «Балақай, аюдың қонжығына қандай қарсылығың бар?» — деп, амандық-саулық жоқ зірк етті. Кішкентай қонжыққа қандай қарсылық болсын? «Ол не деген сөзіңіз?» — дедім. «Оқуға неге қабылдамадың?» — «Музыкалық қабілеті жоқ», — «Кім шешесінен туғанда скрипкасын ала түсіпті, үйрет!» — «Үйреткенмен ештеңе шықпайды», — дедім. «Жоқ, шығады!» — деді. «Жоқ, шықпайды!» — «Жоқ, шығады!» — «Жоқ, шықпайды», — «Балақай, сен кімсің өзің, байқа, мен айтып тұрмын, оқуға түседі, мен айтқан соң оқиды!» — деді де, тұтқаны тастай салды.

Т ү л к і. Ақымақсың!

М а й м ы л. Мен бе?

Т ү л к і. Енді мен деп тұрмысың! Өзіңнен үлкенмен салғыласқанша, оның балаға деген қамқорлығын, бір айтқанын орындай салсаң, жағың қисайып кете ме?!

М а й м ы л. Неғылған қамқорлық?! Ол сәбидің болашағын ойлап жүр дейсің бе? Өз сөзінің аяқсыз қалмауын ғана ойлайды. Ертең ұстаздың шашы ағарып, бала шәкірттің миы ашып, екеуінің де қияли болатынында шаруасы жоқ. Ақылға сыймайды...

Т ү л к і. Е, онда ақылың басыңа сыймай бара жатса, селкілде де, билей бер.

М а й м ы л. Өзім де сол ақылдан зардап шектім. Екі жыл болды пәтер алуға кезегім жетпей-ақ қойды. Сызылып қаламын.

Т ү л к і. Ондай адам үй түгілі, қоғамдағы тізімнен сызылып қалса да таң қалуға болмайды. (*Борсыққа.*) Темекің бар ма? О, тартуға болмайды екен ғой.

М ы с ы қ. Содан соң? (*Қағазын алып жазып отыр.*)

М а й м ы л. Сүйтсем, Орынбасар Амирович пәтер бөлу комиссиясының мүшесі екен. Бір күні есебін тауып Орынбасармен телефонмен жалғастым. «Шырағым, сен түгілі, мамандарға үй жетпей жатыр. Солай, балақай!» — деп тістеніп, тұтқаны тастай салды.

М ы с ы қ (*жазып*). Ал енді не істемексіз?

Қ а с қ ы р (*күліп*). Кеңсесіне барып кеңірдектен алғаннан басқа амал жоқ.

Т ү л к і. Онда кімді қиратады? Сотталады да кетеді. Одан да құрметті адамдармен сыйыспағаннан соң, бұл қаладан қарасын батырғаны жөн.

Қ о я н. Оу, балаларымызды кім оқытады?

Б о р с ы қ. Дүние жүзінде Маймылдан басқа музыкант құрып қалған шығар?!

Т ү л к і (*қол соғып*). Браво, браво! Маймыл құрыса, дүниеде ән де, сән де құриды.

М а й м ы л. Мен өмір бойы осы масханада жатсам да, ерегескенде ешқайда кетпеймін.

Т ү л к і. Қиратарсың!

М а й м ы л. Қиратайын, қиратпайын, әйтеуір, Орынбасарға кірсем болғаны. Мен неге маман емеспін? Кім маман, кім жаман, соның аражігін айырып алайын деп жүрмін.

Т ү л к і. Браво, браво! Айыр, айыр.

М а й м ы л. Орынбасар Амировичтің ең кемшілігі сол — жұрттың сөзіне еретін көрінеді. Ауызба-ауыз сөйлеспейді. Ал мен сөйлесемін, көзін жеткіземін.

Т ү л к і. Браво, браво! Жеткіз, жеткіз.

Қ а с қ ы р. Дәмең зор екен, Маймылым!..

А р ы с т а н (*алға озып. Өзіне-өзі*). Шынында да, бұл бір ойланатын жайт екен.

Б о р с ы қ. Дүниеде неше бір күлкілі қызық жайлар да, қызық жандар да болады-ау! Ал сен, Қоян, Орынбасардың қабылдауында неге жүрсің?

Қ а с қ ы р. Иә, мұныкі Маймылдікінен де қызық болуға тиіс!

Т ү л к і. Бұл да Орекеңді қорқытайын деп жүрген шығар.

М ы с ы қ (*Қоянға*). Сіз де үй ала алмай жүрсіз бе? (*Жазып.*) Балаларыңыз бар шығар?

Қ о я н. Бар, конешно!

Қ а с қ ы р. Конешнең не, ей?

Қ о я н. Конешно — құдайға шүкір деген сөз.

М ы с ы қ. Балаларыңыз нешеу?

Қ о я н. Әзірше он төрт.

Б ә р і. О-о-о-он тө-ө-ерт!.. Әзірше!

М ы с ы қ (*қағазға жазып, басын шайқап*). Сонда да сізге үй бермейді, ә?

Қ о я н. Жо-оқ, қайта алған үйімді өткізе алмай жүрмін.

Б ә р і. Өткізе алмай?!
М ы с ы қ. Тар шығар?

Қ о я н. Жо-оқ, дағарадай төрт бөлме.

Б ә р і. Төрт бөлме?!
А р ы с т а н. Қалада одан үлкен пәтер бола ма?

М ы с ы қ. Онда қашық тұрасыздар ма?

Қ о я н. Жо-о-оқ! Қаланың тап кіндігінде.

М ы с ы қ. Қыста суық па?

Қ о я н. Жо-о-оқ, орталыққа, арнайы салынған үй суық болушы ма еді. Қыста құлақ күйеді.

Қ а с қ ы р. Ей, қарағым-ай, онда саған не жетпейді?!
Т ү л к і. Төрт бөлмені алып ап кекірелеп жүр де!

Қ о я н. Төрт бөлме не керек, егер кемпірімнен айрылып қалсам...

Е с е к. Әй, айрылғаны қалай?

Қ а с қ ы р. Е, көп пәтерлі үйде не болмайды?

Б о р с ы қ. Иә, және өңкей ығай мен сығайлар тұрса.

М ы с ы қ. Сонда шынымен сізді, он төрт балалы әйеліңіз тастап кетпек пе?

Қ а с қ ы р. Осы күні үйді тастап төркініне кете қоятын әйел қайда-а-а, байын қуып шығады да... (*Күрсінеді.*) У-ух-х!

Е с е к (*ол да күрсініп*). Иә, қазір көп баланың әкесі герой емес, шешесі герой болып тұр ғой...

Қ а с қ ы р. Әй, Қоян, әйтеуір басын бықсытқан соң, соңына дейін жасырмай айтшы, сенің әйеліңе қызығушы бастықтардың бірі ме, әлде жастардың бірі ме?

Б о р с ы қ. Әрине, жастар болады да!

Қ о я н. Өйдөйт деген! (*Селтиген құлағы селтеңдеп, өзі селкілдеп күледі.*) Он төрт баласы бар әйелге сіздер сияқты ішіп алған мастар болмаса, дені дұрыс қай бастық, қай жас қарайды деп едің?

Қ а с қ ы р. Оу, жаңа ғана кемпірімнен айрылатын түрім бар деп, зар илегенің қайда?

Қо я н. Айрылам дегенде, адам алып кетеді деп қорықпаймын, құдай алып кетеді деп қорқам да. Осы үйге кіргелі бір басына бірнеше ауру жабысты.

Е с е к. Жынды ма?

Б о р с ы қ. Шалық шығар?

Қо я н. Сұрама, бәрі бар. Біріншіден, нервнай. Сол нервнай деген пәледен үш түрлі ауру өрбиді екен: ұрысқақ, күншіл, жалқау.

Т ү л к і. Жаңа пәтер алған адам ауруға шалдығады дегенді бірінші естуім.

А р ы с т а н (ы з а л ы , б а с қ а ж а қ қ а қ а р а п). Бұларға енді меншікті курорт салып беру керек шығар...

Қо я н (е с т і п қ а л ы п). Арыстан шырағым, маған курорт емес керегі, мәселе басқада ғой.

М ы с ы қ. Шынында да, түсініксіздеу. Қоян аға, басынан бастап айтыңызшы. (Жазуға дайындалады.)

Қо я н. Басынан бастаса былай: мына өзіміз отырған осы үй, яғни осы мыйтрезвитель — менің үйім. Бұрынғы үйім.

Е с е к. Оу, мына қорадай азынаған үйді қимай жүрмісің?

Б о р с ы қ. Әй, тұра тұршы.

Қо я н. Қимасам кетем бе? Көп балалы әйелге жеңілдік болсын деп, от жақпайтын, су тасымайтын төрт бөлмелі кең сарайдай пәтер бергендеріне көп рақмет! Әттең, жаңа үйдің ең жоғарғы бесінші қабатынан беріп, бар пәле содан басталды емес пе!

А р ы с т а н. Енді бесінші қабатты пәтерге бермегенде, оған қой қамай ма, кептер ұстай ма?

Т ү л к і (к ү л і п). Браво, браво! Жұрт пәтер ала алмай жүреді, бұл — қабат таңдайды.

Б о р с ы қ (к ү л і п). Әйеліңе ұрысқақ ауру сол этаждан жабысты ма?

Қо я н. Қалай десем екем? Енді былай, сол үйдің екінші қабатында Орынбасар тұрады, Амирович!

Т ү л к і (Орынбасар-Арыстанға көз қиығын тастап).
Тіпті өзіңе кемеңгер адамдармен бірге беріпті ғой.

Қ о я н. Сол кемеңгермен бірге бергені қырсық болды емес пе. Өзің сияқты жай адамдармен көрші болғаның тыныш екен.

М ы с ы қ. Иә?

Қ о я н. Туғалы жеке үйге үйреніп қалған он төрт бала жаңа пәтерге барысымен күніне он төрт рет то далаға, то үйге кіріп-шығып, топырлады да кетті. Сол сол-ақ екен, күніне он төрт рет бір смен, он төрт рет екінші смен ұрыс, айғай-шу басталды да кетті.

Б ә р і. Қалай басталды?

— Кім бастайды?

Қ о я н. Жаңа айтпадым ба, әлгі екінші қабаттағы Орынбасардың айпара әйелі бар, он төрт рет бір келеді, он төрт рет екі келеді: «Балаларың көргенсіз, үйде ұстай алмайды екенсіңдер, несіне табасыңдар жүгенсіздерді», — деп 28 рет шаңымызды қағады.

Т ү л к і. Әрине, күніне 28 рет қасыңнан дүрлігіп өтіп жатса, мен жынданып кетер едім. Қайта Александра Басовна өте көнтерілі, мәдениетті адам ғой.

Қ о я н. Иә-иә, оқымаған біздің әйел мәдениетсіз. (Әйелінің даусына салып.) «Сен айтты деп аяғы шыққан балаларды тірідей қамап қояйын ба, көре алмасаң көзің ағарсын!» «Қой, деймін, қой», — десем, оқымаған адам болмайды. (Әйелінің даусына салып.) «Балаларымның жүргені ұнамаса, бесінші қабатқа олар неге көшпейді, неге ауыстырмайды. Төрт бөлме де, төрт бөлме — бәрібір. Сонда шуды да естімейді, площадкалары да шаң болмайды. 14 балама 14 парашют алып балконнан қарғытайын ба, 14 баланы көпсінсең, тағы бір тожынасын табамын, о несі екен!» — деп шаңқ-шаңқ етеді. Жазда бесінші қабатқа судың көтерілмейтіні бар. Сонда 14 бала қолдарына іліккен аяқ,

шара, күріжке, шіләпшінмен даладағы колонкаға жүгіреді, тағы да ұрыс. Оқымаған адам, субординация дегенді білмейді.

Е с е к. Ал күншіл болғаны қалай?

М ы с ы қ (жазып). Иә!

Қ а с қ ы р. Әбден құтырған ғой.

Қ о я н. Оның рас, бұрын жерүйде тұрғанда күндеу дегеннің не екенін білмейтін. Білсе де қолы тимейтін. Осы көп қабатты үйге келгелі, кейде терезе алдында отырып алып, сөйлей береді, сөйлей береді: «Ау, осы жеңіл машина қызметкер күйеулеріне беріле ме, әлде қызметсіз отырған әйелдеріне ме?» — дейді.

А р ы с т а н. Иә, иә, дұрыс байқаған! Қазір бұл мәселе қолға алынып жатыр. Бірде-бір қызмет бабындағы машина жеке меншіктің шаруасына жүрмейтін болады. Өт-те дұрыс!

Қ о я н. Былтыр қыста әйелімнің күншіл сөзіне ерем деп, ұятқа қалғаным бар. Тағы да терезеден қарап отырып: «Ана қарашы, біздің көршілердің басында, тіпті ана шашлық жасайтынның басында да құндыз малақай, сен неге алмайсың, қатарыңнан кем қалма», — деген соң, салып ұрып магазинге келмеймін бе?!

Б ә р і. Магазинге келгені несі?

— Магазинде бола ма екен?

Қ о я н. Иә, солай екен. Дүкеншілер өзімді мазақ қылды. «Құндыз деген не? Тірі нәрсе ме, өлі нәрсе ме? Ол аспанда ұшатын мақұлық па, суда жүзетін мақұлық па?» — деп шексілелері қатады. Сүйтсе-е-ем, ол магазинде емес, қоймада, Симулянскийдің қолында тіршілік ететін мақұлық екен.

Т ү л к і. Ей, қылиым-ай, саған ол не керек еді. Жылына келетін бес малақайдың бес иесі бар. Келесі жылғы, одан арғы жылғы иелері тағы бар. Оң, жиырма жыл құндызды күтіп жүргенше, өзіңнің бір жылдық қоян терің жетпей ме?

Дефицитте не жұмысың бар, ақылсыз сол, миың ашып кеткен бе?!

Қ о я н. Міне, қойма меңгерушісі де дәп осылай деп жаман сөкті.

Б о р с ы қ. Өзің Қоян басыңмен ұялмастан Аюдың, Арыстанның тымағын кигің келеді, ә-ә-ә!

Қ о я н (*мойындап*). Иә, иә!.. Әйелімнің күншілдігінен тағы бір ұялғаным бар. «Осы мына Орынбасардың үйіне жылда ремонт жасайды, жылда жөндеп береді. Сонда екі басты шағын отбасына жасағанда, он алты жан тұратын үйге үш жылда бір жасамайтыны қалай?» — деп құлағымның етін жеген соң, салып ұрып комхоздың бастығы Бөрібайға бармаймын ба?

Қ а с қ ы р. Ей, қитар Қоян, сенің әйеліңде де, өзіңде де бір шайнам ақыл жоқ. Егер ақыл болса, ес болса, қолы қысқа екі басты адаммен таласармысың. Он төрт баламен білек сыбанып кірісіп кетсең ғой, бір-ақ күнде бітетін шаруа. Не деген көржалқаусыңдар?

Қ о я н . Оның рас, шынында, жайлы үйге келген соң, біз де бір жерімізге қарамай, жалқау боп кеттік.

Мысық. Қоянға, әйеліңіздің үшінші ауруы — жалқаулық деп едіңіз. Осы ремонт жасамайтын жалқаулығын айттыңыз ба?

Қ о я н. Ол әшейін, бер жағы ғой, жаңа үйге келген бетте есік алдына бұрынғы жерүйдегі әдетімен гүл егуші еді. Басқаларға ерегесіп, оны да қойып алды. Колонканың суы дәмсіз болады деп, қала сыртындағы бұлақтан ерінбей иін-ағашпен су әкелуші еді. Шіркін, бұлақ суының шайы қандай дәмді... Бәрін айт та, бірін айт, ең сорақы жалқаулығы сол — биік үйге келгелі бала табуды қойып алды.

Т ү л к і. Хи-хи-хи! Он төрт бала аз боп тұр ма? Хи-хи-хи!

Е с е к. Енді өзі герой болуы керек емес пе? Хо-хо!

Қ о я н (Есекке). Өзің айтқандай, бәрібір геройлықты еркекке бермейді. Ойым — әйелім дважды герой болса деймін ғой.

Қ а с қ ы р. Ха-ха-ха! Сонда сен өзі, Амировка кіргенде, баланы қалай көбейтуді ақылдасайын деп жүрмісің, әлде... ха-ха-ха!

Қ о я н. Қасқыр қарағым, күлме, баланы көбейтуге өз ақылым да жетеді.

Е с е к. Жарайды, күлкі өз алдына, сол кісінің қабылдауында болдың делік, одан не пайда саған?

Қ о я н. Не пайдасы қалай? Әттең, осындай әділетсіздіктер мен жолсыздықты естісе, Орынбасар Амирович тас-талқан болар еді...

Б о р с ы қ. Тас-талқан болып не істей қояр еді?!

Қ о я н. Біріншіден, шынында ұй дұрыс бөлінбеген екен деп, қабаттарымызды ауыстырар еді.

Б о р с ы қ. Ауыстырар еді? Сен екінші қабатқа, ол бесінші қабатқа. (Кекесін күлкі.)

Қ о я н. Екіншіден, комхозды шақырып алып: «Жағымпазсың, ұятсызсың, көп балалы үйге ремонт жасамай, ылғи екі басты бізге ғана жасатып жүр екенсің ғой», — деп, жерден алып, жерге салар еді...

Б о р с ы қ (кекетіп). Иә, салар еді.

Қ а с қ ы р (кекетіп). Ақылыңнан айналайын, көжегім!

Б о р с ы қ. Осыншама ақыл, сенің басыңа үнемі түсе ме, әлде мас кезіңде ғана түсе ме? (Бәрі күледі.)

Қ о я н. Ең болмағанда, мына көп пәтерлі үй сендердің табиғатыңа үйлеспейді екен деп, өзіміздің үйреншікті құтты қонысымызды қайтарып берер еді...

Е с е к. Мынауың өмірі аяқталмайтын көп-көп сериялы тамаша ертегі фильм екен.

Б о р с ы қ. Хи-хи-хи! Аңқау сәбилер көретін фильм.

А р ы с т а н (ақырып). Жо-оқ!.. Сендер мұндай мәселені

қашанда қалжыңға айналдырасыңдар. Бұл қалжың емес, тіршілік мәселесі, қоғамдық мәселе!

Т ү л к і. Браво! Арекең дұрыс айтады, өте ірі мәселе, бұған қоғамдық тұрғыдан қарау керек.

А р ы с т а н. Қателіктер болмай тұрмайды. Бірақ соны тым тереңдетпей, тым қисайтпай, дер кезінде жөндей білу керек.

Е с е к. Әй, хайуандар, ендеше, күлкі өз алдына, мынау екеуін Орынбасарға кіргізетін екен. Армандарынан шықсын.

Қ а с қ ы р. Мен кіргізейін, не бересіңдер?

Е с е к. Оу, соған да ақы сұрайсың ба?

Т ү л к і. Е, алып үйреніп қалған, бола ма?

Қ а с қ ы р. Ендеше, өздерің кіріңдер. Осы күні тегіннен-тегін кім кімге қол ұшын береді екен? Көрейік...

Қ о я н. Сендер бізді кірсін десеңдер, әйтеуір қарап отырсыңдар ғой. (*Маймылға.*) Әлгі немене еді, жұмбақ, сөзжұмбақ?..

М а й м ы л. Айтқандай, иә! Кроссворд.

А р ы с т а н (*елең етіп*). Кросс-во-орд?

Қ о я н. Иә, кроссвордты шешіп беріңдерші.

А р ы с т а н. Оһо, міне жөн сөз.

Қ а с қ ы р. Ол не қылған кроссворд?

М а й м ы л. «Адам және заң» деген журналға шыққан сөзжұмбақ.

Қ о я н. Оны шешсек, біздің тілегіміз орындалады.

М а й м ы л. Орекең бізді қабылдайды...

А р ы с т а н. Иә, қабылдайды. (*Өз аузын өзі жаба қояды.*)

Қ а с қ ы р. Кәне, айта ғой, көзді ашып-жұмғанша...

Б о р с ы қ. Қазір-ақ қағып тастайық.

Е с е к. Ей, қайдағы бала-шағаның ермегін... Одан ұйқым артық. (*Төсекке қисаяды.*)

А р ы с т а н (Есекке). Әй, маубас, сен кроссвордқа олай тнiспе, ұйқтасаң өзің ұйқта, жұрттағы жұмысың қанша!

Т ү л к і. Рас-ау, жұмысың қанша?! Кроссвордты ақылды миылар ғана шешеді, бұл Есектің қолынан келетін шаруа емес!

Е с е к (қолын сермеп). Әй-й, сендер-ақ миы болыңдар, (Бүркеніп жатады.)

М а й м ы л. Кроссвордтың сөзі былай: «Айлығынан шайлығы көп, шайлығынан байлығы мол ұсталмаған ұры».

Қ а с қ ы р. Мынауың кроссворд емес, жаңылтпаш қой!

А р ы с т а н. Түк те жаңылтпаш емес. (Жиналыстағы әдеті бойынша орындықты бір қозғап қойып, жайғасып отырады да, қызметтегі мақамымен сөйлей бастайды. Мұны жиналыс деп түсінген Мысық есік жақтағы үстелді көтеріп әкеп қояды да, Арыстанның алдына бір стақан су құяды. Койканың шетіне отырады да қағазын жайып қойып жаза бастайды. Ендігі қимыл-әрекеттердің бәрі жиналыс өтіп жатқандай әсер береді.) Айлық ақшасынан гөрі шайлығы — яғни көлденең табысы көп адам, әрине, байлық құған адам. Бірақ ешкім байлық көзін айтып, ұстап бермеген соң, ұсталмай жүрген ұры.

М ы с ы қ. Яғни, ұрлықпен байып жүрген адам. (Жаза бастайды.)

Т ү л к і. Жарайсың, Ареке. Арекең қандай тамаша талдап берді. Яғни бұл адам — біздің қоғамдағы ұры, паразит.

А р ы с т а н. Иә, ұсталмайтын ұрлықтар бар. Ол — пара, жең ұшынан жалғасу, қоғам мүлкіне жасырын тырнақ батыратындар. Өз еңбегімен күнелтпей, кісі еңбегімен байып жүрген арамтамақтар!

М а й м ы л. Яғни, тұрмысы ерекше, көлденең ұры табысы мол, бай адам. (Мастығын тарқатайын деп басын шайқап-шайқап қояды.)

Арыстан. Дәләзі, ал табыңдар! (Бәрі ойланып қалады.)

Мысық (жазып). Тағы бір тақырып табылды: «Бізде кім жақсы тұрады?»

Есек (ұшып тұрып). Мен таптым... (Бәрі оған таңырқай қарайды.) Ол — жаңағы Орынбасар Амирович!

Түлкі (шек-сілесі қата күліп). Тапқан екенсің, ойбай, шегім-ай, шегім-ай... ай, Есек-ай, сенде бір шөкім ми болсайшы.

Арыстан. Ай, Есек, саған деген сөз жоқ. Жатпаймысың тыныш қана жайыңа!

Есек. Айғайлама, Арыстан. Сенен менің миым кем емес, сөйлеуге қақым бар.

Түлкі. Қақың болса бетіңмен лақпай, дұрыс сөйлемейсің бе? Орекеңнің қандай қатысы бар бұл арада?!

Есек. Әй, өздерің емес пе, жаңа пара алатын адам деген. Пара да ұрлық емес пе?

Мысық (жазып). Пара алғанын көрдіңіз бе?..

Есек. Жаңа ғана Қоян айтпады ма? Басқа үйлерге ремонт жасамай, оның үйіне жылда жасайды. Тегін бояу, тегін сыр, тегін ремонт. Сен сол үйге барып көр. Басқасын былай қойғанда, оның есігі де емен. Бөлмелерінде тағы да сегіз есік бар. Бәрі жаңадан, еменнен салған. Әрбір емен есіктің құны 80 сом 52 тиын. Сонда есептей бер. Ас үй, шомылатын бөлме, тағы басқа қажетті жер түгел асты-үсті кафельмен көмкерілген. Әрқайсысы 37 тиыннан 2 мың 224 кафельге, оның жұмысына қанша ақша кетеді. Есептей бер. Әрине, ол басқа үйлерге жасалмаған. Олар, әйтеуір, кіргеніне мәз. Осындай жасырын ремонт пара емес пе? Мемлекет қалтасынан артық, заңсыз алынған дүние бәрі пара, бәрі ұрлық.

Түлкі. Оу, оны жасап жүрген әлгі комхоздың бастығы Бөрібай Балтабаевич емес пе? Өне ұры, өне пара беруші.

Қасқыр. Тапқан екенсіңдер. Біреу үйіне мемлекет қар-

жысымен жылда тегін ремонт жасатады, аннан-мыннан қағыстырып дача соқтырады. Біреу оған жауап беру керек.

Б о р с ы қ. Әй, Қасқыр, сен босқа қорғаштама комхозды, егер комхоз бастығы тегін материалды босқа бермесе, яғни пара бермесе, одан Орынбасар Амирович тартып ала ма?

А р ы с т а н. Борсық сөзінің де жаны бар.

Т ү л к і. Он теңгелік пара берген адам, мың теңгелік ұрлық жасайды деген сөз.

Б о р с ы қ. Ендеше, нағыз ұсталмаған ұры Бөрібай Балтабаевич!

Қ а с қ ы р. Тапқан екенсіңдер ұрыны. Ескі құрағанның есі кетеді дейді.

Б о р с ы қ. Ей, Қасқыр, сен мынаны айтшы: осы үй, мына Қоянның үйі, неге үш жылда үш рет өзгереді?

Қ а с қ ы р. Е-е, исполкомның қаулысы солай болса.

А р ы с т а н. Одан комхоз пайда тапты ма?

Қ а с қ ы р. Неғылған пайда? Алғашқыда бұл үйді балалар бақшасына беріп еді, кейін суық деп музей жасады. Одан соң, едені салқын, сауықтыру орнына қолайлы екен деп, вытрезвительге берді. (*Айнала қарап.*) Міне, түр ғой, детсад пен музейдің экспонаттары. Комхоз жеп қойды деймісің?!

Т ү л к і. Бұларды, әрине, ешкім алмайды, көзге түсетін азбыншы дүниені қайтеді... Мәселе көзге түспейтіндерде...

М ы с ы қ. Түлкі аға, сіз табиғатыңызда қулық-сұмдықты көп білуіңіз керек, ол қандай көзге түспейтін дүниелер, айтыңызшы?

Т ү л к і. Көп қой, Мысық бала!

Қ а с қ ы р. Е-е, Түлкі өз жегенін қашанда Қасқырға жауып құтылып кететін әдеті емес пе?! «Бөрінің аузы жесе де қан, жемесе де қан!»

Т ү л к і. Сен ауыз-мауыз деп олай менің аузымды қышытпа, ал айтсам былай, Мысық бала, жаз, бәрін жаз:

осы үйді балалар бақшасына деп бөліп, он бөлме жасады ма?

Б а с қ а л а р ы . Жасады ма?!

Т ү л к і . Музейге деп әлгі бөлмелерді ашып жіберіп, да-
ладай зал жасады ма?

Б ә р і . Жасады ма?!

Т ү л к і . Медвытрезвительге деп, астындағы тақтайларды
жұлып тастап, цементтеп, әрине, қалың емес, жұқа ғана, үш
жылда қырық құбылтты ма?

Б ә р і . Құбылтты ма?

Т ү л к і . Соның бәрі ақша ма, жоқ па?

Б ә р і . Ақша ма, жоқ па?!

А р ы с т а н (*үстелді тоқылдатып, графинді шер-
тин*). Тынышталыңдар! Иә, Түлкі, дұрыс, әрі қарай.

Т ү л к і . Үш жылда үш жағынан үш ұра қазылып, үш рет
жабылды, қаншама ақша топырақ астында қалды. Оны еш-
кім қайта қопарып тексере алмайды.

Б о р с ы қ . Яғни жүз теңгенің жұмысы мың теңге, мың
теңгенің жұмысы он мың теңге боп топырақпен көмілді.

М ы с ы қ (*жазып*). Түсініктірек, кішкене анығырақ.
Ол неге үш ұра, ол неге үш рет жабылады? (*Мастығын
тарқатқысы келіп, басын сілкіп-сілкіп қалады.*)

А р ы с т а н . Иә, неге жабылады?

Қ а с қ ы р . Оны мен айтайын!

А р ы с т а н . Сөйле, Қасқыр.

Қ а с қ ы р . Балалар бақшасы болғанда, жылу оңтүстік
жақтан, Горононың котельныйынан тартылды ма? Му-
зей болғанда ол жабылып, жылу терістіктен, Мәдениет
үйінен тартылды ма?! Ал медвытрезвительге келгенде ол
жабылып, жылу көшенің арғы бетіндегі қалалық милиция
басқармасынан тартылды. Оның несі айып? Барлық жерде
тәртіп солай.

Е с е к . Жоқ, бұл тәртіп емес, тәртіпсіздік! Үш рет ас-

фальт та қазылып, үш рет жөнделді. Жүз-жүз метр асфальт қазылып, қайта салынса, орға көмілген құбырлар бүкіл орауымен жер астында қалып жатса, мұның бәрі орта есеппен жүз мыңдаған мемлекет қаражатын желге ұшыру, шашу деген сөз.

Б о р с ы қ. Оның бәрі ұшып кетпейді, жартысы қалтаға кетеді. Қалтаға ұшып кіреді.

Қ о я н. Иә, иә, дұрыс айтасың, шіркін, еліміз бай ғой, әттең, не керек, осындайлар ғой үкіметтің ақшасын ысырап қылатын. Әй-әй, аямаймыз-ау, аямаймыз!

А р ы с т а н (*ызалы*). Міне, қайда ұрылар!

Т ү л к і. Міне, қайда, айлығынан шайлығы көп, шайлығынан байлығы мол ұсталмаған ұрылар! (*Даурығып.*) Табылды, ұрыл-а-ар!

Ш о м б а л қ а р а (*есіктегі кішкентай қақпақты ашып*). Не боп кетті сендерге. Шұламаңдар, ұйқтаңдар!

А р ы с т а н. Жа-ап! Мешайт етпе! (*Графинді тықылдатып.*) Кәне, кім сөйлейді?

Қ а с қ ы р. Әй, Қоян, осының бәрі әлгі сенің кроссвордыңнан шыққан сөздер. Өзі неше әріптен тұрушы еді.

Қ о я н (*Маймылға қарап*). Неше әріп еді?

А р ы с т а н (*байқамай*). Тоғыз әріп...

М а й м ы л. Иә, тоғыз әріп. (*Арыстанға.*) Оны қайдан білесіз?

Қ а с қ ы р. То-о-ғыз!? Ха-ха-ха! Бағанадан басты қатырмай, соны айтпайсыңдар ма? Ендеше, комхоздың бұған қандай қатысы бар? Бәсе, қисынсыз. (*Саусағын санап, қарқылдап, ырылдап күледі.*) Тоғыз болса, мен таптым, таптым.

Б ө р і (*саусақтарын санап*).

— Кім?

— Кім екен?

— Ал айтшы.

Қ а с қ ы р. Айтсам... шаш-лыч-ник! Ха-ха-ха!

Б ә р і (шулап):

– Дәл өзі.

– Тура!

– Шашлычник!

– Табылды!

Б о р с ы қ. (орнынан атып тұрып). Тапқан екенсіңдер, тұрмысы жақсы адамды!

Е с е к. Дұрыс айтады. Шашлычниктен бай адам жоқ.

Б о р с ы қ. Несі бай? Соншама ол жұрттан алабөтен айлық ала ма?

Е с е к. Мәселе айлықта емес дейді ғой, шайлықта-а!

Қ а с қ ы р. Әй, Борсық, сен тұра тұр, білмесең мен айтайын. Осы қалада Ашот деген жоғары білімді борсық шашлықшы бар, өзі қандай семіз болса, тұрмысы да сондай.

Б о р с ы қ. Несі семіз, жұрттың көңілін табам деп, мұғалімдік дипломын шабаданға салып қойып, күні-түні демалыссыз, ұйқысыз түтінге шашалып-қақалып жүрген бір бейбақ.

Т ү л к і. Тапқан екенсің көңілшек бейбақты.

Е с е к. Егер нарядпен істейтін құрылысшы болса, көрер едім неше сағат артық істегенін.

Б о р с ы қ. Енді артық жұмыс істегенге де кінәлі ме?

А р ы с т а н. Халық үшін артық істеу мен қалта үшін артық істеудің арасы жер мен көктей, шыр-рағым!

Т ү л к і. Ген-ни-ал-но! Бір тиын пайда болмаса, бір минут қолы қимылдар ма?

Е с е к. Ондайлар ең арты, жылына бір рет тегін жұмыс істейтін субботникке де шығар ма екен?

Б о р с ы қ. Немене, тегін субботникке шығып, жұртқа тегін шашлық жегізу керек пе екен?..

А р ы с т а н. Стоп... стоп. (Графинді қағады.) Сендер енді бетімен даурықпаңдар... Ал бармен бай дедік. Сонда немен дәлелдейсіңдер?

Қ а с қ ы р. Біріншіден, ол аузының ішін түгел алтындатып алған.

Т ү л к і. Және таза саф алтыннан.

Б о р с ы қ. Ауыз өзінікі, тістерін алтыннан салдырмағанда, пластилиннен салдыра ма? Қызық екен, сөз деп соны да! Әйтпесе, оны біреуден тартып алды дейсің бе?

Қ а с қ ы р. Осы қалада ең алғаш «Волга» алған кім?

Б о р с ы қ. Еһ, «Волга» мінбегенде, ол байғұс самосвал міне ме, әлде самокатпен жүре ме?

Қ а с қ ы р. Мәселе оның қай марканы алуында емес, мәселе қалай алуында. Соңғы бес жылдың ішінде ол бес машина ауыстырды.

Т ү л к і. Бесжылдық нормасын асыра орындаған ғой, ха-ха!

Қ о я н. Қо-қой. Бес жыл толмай машинаны ауыстыруға болмайды деген заң бар емес пе?

Қ а с қ ы р. Ол заң — машинасы жоқтарға... Хо-хо!

Е с е к. Саусағында көзі мың кұбылған меруерт алтын сақина. Неше сом тұрады, білесіңдер ме? Кемі — он бес мың!

Қ о я н (*ішін тартып*). Он бес мың! Әкем-ау, ол ана саусағынан қымбат қой!

Қ а с қ ы р. Түк те қымбат емес. Сол жарқылдаған сақиналарды табатын жылтыңдаған саусақтар.

Б о р с ы қ. Ай, сен, ауыз өзімдікі деп қисынды-қисынсыз сөйлей береді екенсің.

Қ а с қ ы р. Ә-ә, саған қисын керек пе? Онда айтайын, бір-ақ мысал: осы қалада жылына үш, не төрт рет айлап арақ болмайды. Бір «қызығы» тап сол кезде осы бардан күні-түні арақ үзілмейді. Әрине, екі есе бағасымен...

Б о р с ы қ. Тәйірі-ай, одан Ашот байғұсқа қанша пайда түсер дейсің. Ол курорттағы бастығы Симулянскийдің сақтықтағы дефициті емес пе?

Т ұ л к і. Біреуді қыстырмасаңдар іштерің кебеді, ә. Одан Симулянскийге не пайда?

Е с е к. Пайда? Сенесебін шығара алмасаң, мен шығарайын. Күніне жүз шөлмек арақ сатылады дейік...

Қ а с қ ы р. Оу, бүкіл қала арақтан қаңсып тұрғанда, ол аз ғой.

Е с е к. Орта есеппен, орта есеппен... Сонда бір күнде жүз шөлмекке 500 сом таза пайда (*Нығарлап.*) Бір күнде.

Оны 30 күнге көбейтсек — 15 мың пайда. Оны үш айға көбейтсек — 45 мың пайда.

Қ о я н. Қырық бес мың-ң?!

М а й м ы л. Үш айда 45 мың?! Біздің 15—20 жылғы еңбекақымыз ғой мынау!

А р ы с т а н. Мынау рас болса, шынында да сұмдық қой?!

Қ о я н. Ей, оларды тексеретін біреу болмаушы ма еді?

Қ а с қ ы р. Аһа! Оның көмекейі жоқ шығар?! Бәріне де жетеді. Бәріне.

Е с е к. Енді түсіндіңдер ме?! Мені енді мазаламаңдар, ұйқтаймын! (*Жатады.*)

А р ы с т а н (*үстелді жұдырығымен ұрып, атып тұрады*). Міне, қайда дефицит сыбайластар. Міне қайда, «үстелмаған ұрылар!»

Б ә р і (*жарыса*):

— Міне, дұрыс, кроссвордтың шешуі табылды.

— Кімде дефицит тауар — сол айлығынан шайлығы көп.

— Шайлығынан байлығы мол...

— Ұсталмаған ұры!

Т ұ л к і. Сабыр, сабыр, аңдар, хайуандар, дабырламаңдар! Сөзге құлақ беріңдерші.

Қ о я н. Иә, Түлкіжан айтсын!

А р ы с т а н. Сөйле, Түлкі! Бірақ қысқа сөйле...

Т ұ л к і. Хайуандар, әуелі бір нәрсені түсініңдер: дефи-

цит заттар зәруліктен туады, оны ширпотребпен алмастыра алмайсың. Ол сатушының ниетіне байланысты емес...

Б ә р і (жамыраса):

— Неге байланысты емес?!

— Тапқан екенсің!

— Дәлелінің түрін!..

Т ү л к і. Оу, енді, босқа күйдірмей, тыңдаңдаршы!

А р ы с т а н. Жарайды, шуламаңдар, айтсын!

Т ү л к і. Жаңа бес малақай төңірегінде әңгіме қозғадыңыздар. Жарайды, түсініктірек болу үшін бес малақай емес, бес моторды алайық. Машина бөлшегі. Бұл да дефицит. Егер жылына мыңдап түссе, олай болмас еді. Жылына бесеу-ақ түседі. Ал сол бесеуін түсісімен бес адамға беріп жіберуге болар ма еді?

Қ а с қ ы р (кекесін). Болар еді. Бірақ онда сатушыда бедел болмай қалады ғой, ха-ха!

Т ү л к і. Сондай қыңыр, қисық сөз не керек. Сол бес мотордың бәрін зәру де, зәру емес, әшейін ертеңгі күнін ойлағандар да алып қояр еді. Ал түгелдей сатып жібердік дейік, ертеңінде осында курортқа өз машинасымен келген бір шошқаны екінші бір есек соғып кетіп, моторын собалақ нанға айналдырып жіберді делік. Оған қалай қол ұшын берерсің! Әне, дефицит кімге қажет, кімге сақтау керек...

М а й м ы л. Жоқ, мұның атын зәру тосу дейді.

Б о р с ы қ. Иә, мұндайда авария жасаған Есек бейбақ, сөз жоқ, моторға артығырақ төлейді.

Б ә р і (жарыса):

— Үш есе.

— Төрт есе төлейтініне дау жоқ.

Қ а с қ ы р. Бәсе десейші, сатушының қамқорлығы белгілі қамқорлық. Олай жақтамай-ақ қой оларды.

Т ү л к і. Ендеше, одан да түсініктірек етіп айтайын. Жолдастар, тойс, айуандар мен жануарлар. Мысалы, мен аң-

дар анатомиясының запчастарын сататын магазиннің бастығымын делік.

Б о р с ы қ. Айуандар мүшелерінің бе? Шіркін-ай.

Қ о я н. Қой, ондай дүкен, біріншіден — жоқ, екіншіден — ондай бөлшектер шығарса, оны дәрігерлер бермей ме?

Қ а с қ ы р. Үшіншіден — ондай магазинге сені кім бастық сайлайды.

М а й м ы л. Өкінішке қарай, сондай жерлерге қашанда Түлкілерді қояды. (*Арыстан графин тықылдатады.*)

Т ү л к і. Ондай дүкен енді жүз жылдасын болады. Хайуандар, перспектива солай. Жарайды... соған, мысалы, мына мен, ешкімге залалы жоқ Түлкі бейбақ бастықпын делік. Менің прилавкамда, не қоймада алты жүрек, бес өкпе, жеті бауыр, сегіз мұрын, он үш тіл, 24 пар кеңірдек, қос-қостан отыз шақты көз, мың метрдей ішек, үш центнер азу тіс, екі бөшке ми жатыр делік. Қалай, соларды ақшасы барлардың бәріне талғаусыз үлестіре беруім керек пе?

Қ о я н. Алла сақтасын, Түлкіжан-ай, абайлап сатшы, жаным, тауысып алмашы, орнына жұмсашы.

А р ы с т а н. Шынында да, ойланатын нәрсе екен!

Қ о я н. Ойланғанда қандай! (*Шыбын-шіркей болып.*) Әлгі, әсіресе ми жарықтық қанша дедің, екі-ақ бөшке дедің бе? Апыр-ай, тым аз екен. Көрінгенге қасықтап тарата берсең, несі қалады? Түлкіжан-ай, абайлашы!

Т ү л к і. Міне, қыли екеш қыли да түсініп отыр. Қоян, екеуімізге ми не керек, бізге қауашақ бас болса, жетпей ме?! Ал ми кімге керек? Көрінген ақшасы көп еріккенге емес, күні-түні біз үшін басын қатырып, миын ашытатын мына азулы Қасқырларға, адуын Арекеңдерге керек. Соларға сақтау керек, міне дефицит деген — осы, айуандар, жануарлар.

Б о р с ы қ. Жөн сөз, жөн сөз!

Т ү л к і. Ендеше, «дефицит», «айлықтан артық шайлық»,

«ұсталмаған ұрылар» деген әшейін миф. Өсек-аянға жаны құмар адамдардың шығарған ермегі.

Б о р с ы қ. Ертегі. Әйтпесе, дача, машина кімде жоқ. Еңбекақы өсті. Жетеді. Бүгінгі байлық — алатын айлық!

Қ а с қ ы р. Шынында да, осы күні біреуден біреу артық тұрады деген сөз — әшейін көре алмаушылық!

А р ы с т а н. Аңыз дегілерің келеді ғой?!

Т ү л к і. Дәл төбесінен түстіңіз. Тауып айтасыз-ау, Ареке, аңыз! Қазір бәріміздің тұрмысымыз жақсы. Бірдей. Артық дүние, артық байлық ешкімде жоқ. Ондай тойымсыздық кімге керек?!

Б о р с ы қ. Дұрыс-ау, шіркін, кімге керек?!

Қ а с қ ы р. Жаны бар сөз... (Есінеп.) Жа-а-аны бар.

Е с е к (атып тұрып). Түк те жаны жоқ!

Қ а с қ ы р. Әй, мынау қайта тірілді.

Е с е к (үстелдің қасына келіп). Рас, мен кроссвордыңды шеше алмаймын. Кімнің қисапсыз бай, кімнің ұры екенін де дәл айта алмаймын. Менің анық білетінім сол — қас-сада ақшасы барлар шын еңбегімен, айлығымен жинаған адамдар да, айналымға түгелдей салмай, мемлекет ақшасын үйінде жасырып ұстайтындар — арамза байлар, яғни ұрылар. Мұндайлар қазір бар, қоғамда мұндай сұмдар бар!

А р ы с т а н. Міне, мына сөздің жаны бар. Және де айналымға салмағандар қып-қызыл зиянкестер емес пе?

Е с е к. Сөз жоқ. Бізде миллиондаған ақшалар қазір айналымда жоқ. Ал айналымдағы ақша — талай миллион шаршы метр тұрғын үйлер, кооперативке түсетін ет, май, жеміс. Яғни, халықтың өз дүниесі. Оны тығып ұстаушылар — халықтың қалтасына түсуші ұрылар.

А р ы с т а н. Сен, кассаға кім ақша салмайды — осындайларды шетінен тізіп, кейін бір айтып берсең. Мұндайлардың тамырына балта шабар едік. Ой, бірақ оны қайдан білесің?

Е с е к. Неге білмеймін, білемін!

Т ү л к і. Әй, есек, сен түк те білмейсің, жұрттың басын қатырма олай!

Б о р с ы қ. Ішіп алғанда Есекке дейін ақылды, білгіш...

Қ а с қ ы р. Айтпа, әшейінде есеп білмейтін миғұла Есекке дейін жыңды суды ішіп алғанда...

Е с е к (*маскасын жұлып тастап*). Мен бе есек? Мен бе? Мен бе ештеме білмейтін миғұла? (*Басқалары ұрпие қалады.*)

М а й м ы л. Оу, мынау шынында Есек емес, сақтық кас-сасының бастығы...

Қ о я н. Өзіміздің Фарид қой.

Б о р с ы қ (*салы суға кетіп*). Иә, бұл біледі, кімнің қанша ақшасы барын, қанша салып тұратынын, бәрін, бәрін біледі...

М а й м ы л (*Есекке*). Сіз, сонда кімнің үйінде қанша ақша тығып ұстайтынын да білесіз бе?

Т ү л к і. Оны қайдан біледі?

Қ а с қ ы р. Әшейін сандырақ қой! Әй, жолдас, кассадағы ақша — құпия екенін түсінесің ғой?!

Т ү л к і. Оны жариялағаның үшін басыңмен жауап беретіңді білесің ғой!

Б о р с ы қ (*ол да өре түрегеліп шақылдап*). Нешінші статьямен жауапқа тартылатыныңды білетін шығарсың?!

Е с е к (*маскасын жалма-жан киіп*). Мен... мен...

Т ү л к і (*шаңқылдап төніп*). Иә, сен, акт жасауымыз керек... Жолдастар, хайуандар, акт жасап, ертең мұны тергеу орнына жөнелту керек.

Е с е к. Мен енді кімнің қанша ақшасы барын, ешкімнің атын атағам жоқ...

Қ а с қ ы р (*иығынан тартып, гүрілдеп*). Атамасаң да, касса құпиясының сырын аштың.

Т ү л к і (*шаңқылдап*). Көпшілік ішінде өсек таратып, жұрттың бір-біріне деген сенімсіздігін өршітетін, қоздататын — сендейлер!

Б о р с ы қ. Сотқа тарту керек, сотқа!

Е с е к. Айналайындар, қойыңдаршы, сендердікі ылғи қорқытудан келеді екен, мен ештеме білмеймін, әшейін ақшаларын тығып ұстайтын арамза ұрылардың барын ғана айттым.

Б о р с ы қ. Олар кім, кәне, айт! *(Бас салады.)*

Т ү л к і. Кім арамза?! *(Бас салады.)*

Қ а с қ ы р. Кім ұры? Айт жаныңның барында. *(Бәрі Есекке жабылып, шалқасынан жығып, керіп тастайды.)*

Е с е к. Білмеймін, жіберіңдерші, ұйқтаймын, менде қандай алашақтарың бар? Білмеймін оларды...

М ы с ы қ. Білмесең ертең білесің, пардон!

Е с е к. Әне, ана Мысық бәрін біледі.

М ы с ы қ. Ертең сен де білесің. Таң атпай алдыңа өздері-ақ жалынып-жалпайып келеді. *(Бәрі Есекті босатып, аңырып, Мысыққа қарайды.)*

Б о р с ы қ. Жалынып-жалпайып?

Т ү л к і. Не айтып тұрсың?

Қ а с қ ы р. Ішкен неме не демейді.

Б о р с ы қ. Дәуде болса, осының бойына арақ жаңа тарай бастаған.

М ы с ы қ. Жоқ, тарқай бастады.

Т ү л к і. Онда айтып тұрғаның не?

М ы с ы қ. Ертең сақтық кассасы түске дейін ғана ашық болады...

Б о р с ы қ. Ертең демалыс емес пе және де мейрам.

М ы с ы қ. Естімеген шығарсың? *(Күледі.)* Ертең касса жұртқа ақша босатады, бірақ ешкімнен ақша алмайды.

Е с е к. Тап ертең ешкім алмайды да, салмайды да.

Қ а с қ ы р. Әй, Мысықтың баласы, сен осы не көңірсітіп тұрсың?

М ы с ы қ. Естімегендерің... Ертең жоқ, арғы күні, яғни,

жаңа жылдық мерекеден кейін реформа болады. (*Реверанс жасап.*) Пардон! (*Бәрі сілейіп тұрып қалады.*)

Т ү л к і. Ре... ре...

Қ а с қ ы р. форма...

Б о р с ы қ. Реформа!

М ы с ы қ. Иә, ре-фор-ма! Ақшаға! Алыпсатар саудагерлер, мемлекет дүниесіне қол сұғатын сұғанақтар, айлықтан шайлықты артық тауып жүрген ұрылар ертең зар қақсайтын болады.

М а й м ы л. Онда алды бүгіннен-ақ қақсайтын шығар.

Қ о я н (*жайбарақат*). Баяғыда, кассаға салмағандар он пайызын ба, әйтеуір, бірдеме алған.

Б о р с ы қ (*жыламсырап*). Он-ақ пайыз.

Қ а с қ ы р (*жыламсырап*). Ол не болады?

М а й м ы л (*жайбарақат*). Сонда ақшаларының 90 пайызы күйіп кетеді екен-ау. (*Басқалары Мысықты қоршап алады.*)

Т ү л к і. Әй, оны сен қайдан естідің?

Қ а с қ ы р. Өзіңдікі жай әшейін сандырақ па, әлде?

Б о р с ы қ. Әшейін өсек шығар? (*Жалынғандай.*) Өсек деші, айналайын Мысығым, өсек деші!

М ы с ы қ. Өсек болса, ертең көрерсіңдер, оған несіне қиналасыңдар.

Т ү л к і (*ашуланып*). Паникер!

Қ а с қ ы р (*ызалы*). Өсекші!

Б о р с ы қ. Осындайлар ғой, бүлдіріп жүретін.

Т ү л к і. Мысық деген ештемені білмеймін деп бәрін бүркеп жүруші еді. Бұл бықсытып...

Қ а с қ ы р. Қойшы, осы бір жаман сасық Мысық та бірдемені біледі деп тұрсыңдар ма? Сандыр-р-рақ!

М ы с ы қ (*маскасын жұлып алып*). Пардон! Мен бе жаман мысық, мен бе сасық? Мен астанада тұрамын, жаңалыққа бір табан жақынмын. Мен бәрін естіп келдім,

мен бәрін білемін: ертең, ертең реформа! Ақшаға реформа! Алыпсатарлар, ұрыларға, парақорларға реформа! Үйінде ақша тығып ұстайтындарға реформа!

А р ы с т а н. Міне, дұрыс. Реформа болмаса, болдыру керек. Шынында да, бұларға бір ақша реформасы қажет! *(Бәрі ерсілі-қарсылы сенделіп жүріп кетеді.)*

Қ о я н. Сауап, сауап! Ақшаның құнын тіпті төмендетіп жіберіп еді.

М а й м ы л. Сауап, сауап!

Б ә р і *(қолдарын шошайтып, өтірік қосылған болып жыламсырап).*

— Сауап, сауап!

Е с е к. Оу, онда менің мына отырысыма жөн болсын. *(Жүгіріп барып есікті ұрғылап.)* Ашыңдар, ашыңдар! *(Тағы ұрғылайды.)* Ашыңдар, ашыңдар! Менің шығуым керек! Ертең жұмыс күні маған. Ертең реформа! Ашыңдар, ашыңдар, босатыңдар мені! *(Тағы да тоқтаусыз төпелей береді.)* Жұмыс істеу керек. Реформа-а!

Т ү л к і *(жүгіріп барып)*. Есеке, Есеке, қолыңыз ауырады ғой. Мен, мен... *(Ұрғылайды.)* Сіз айта беріңіз. *(Басқаларына.)* Е-ей, сендер, көмектессеңдерсейші! Есекеңнің, то есть Фарид Шариповичтің қолын аясаңдарсаңшы, өзі нәзік адам! *(Басқаларына есікті ұрғызып, өзі жүгіріп, авансценада шеткерірек тұрған Арыстанға келеді.)* Ареке, Ареке, осында қамалып отыра береміз бе? Тіпті мастығымыз тарқағалы қашан, шығаратын уақыт болды ғой, айтсаңызшы.

А р ы с т а н. Сумаңдамашы-ей!

Т ү л к і. Ғафу етіңіз, енді-і... сіз...

А р ы с т а н. Өзің неге айтпайсың... ішуге, жеуге ауыз барда, сөйлеуге жо-оқ!

Т ү л к і. Енді сіздің беделіңіз... орныңыз... бөлек қой, қадірлі Орынбасар Амирович!

А р ы с т а н (*селк етін*). Мені қайдан танып тұрсың?!
Т ү л к і. Қалай дейсіз бе? Сізді, бағана кіріп келгеннен-ақ танығамын, аса ардақты Орынбасар Амирович!

А р ы с т а н. Жетті. Тықылдамай. Аты-жөнсіз-ақ айтуға болады ғой.

Т ү л к і. Айтайын... айтайын, Орынбасар... то есть, Ареке. Сіз екеуіміздің бұтымыздағы... бұтымыздағы дамбалға қараңызшы.

А р ы с т а н. Еһ, несі бар екен?!

Т ү л к і. Импортный... Бірдей емес пе?

А р ы с т а н. Бірдей болса, оны неғыл дейсің?

Т ү л к і. Біздікіндей шабдар дамбал қоймаға екеу-ақ түскен. Кеше біреуін орап, сіздің үйдегі замандасқа ұстатып жіберіп едім...

А р ы с т а н. Ә-ә-ә, солай де, сендер берудің неше түрлі жолын біледі екенсіңдер. Жұрттың бәрін сыбайлас еткілерің келеді екен. Ол болмас, бол-ма-ас! (*Есікке беттейді.*) Енді ісім сендермен болсын...

Т ү л к і (*соңынан бұлаңдап*). Мені тастамай өзіңізбен бірге ала шығыңыз, Орынбасар... то есть!

Бәрі де — Мысық, Қоян, Маймылдан басқалары, Арыстанға қосылып, есікті төпелеп, ұрғылай береді, ұрғылай береді. Есік ашылады да, Хайдаров екі қызметкерімен кіріп келе жатады. Маскалы «мастар» ештеме болмағандай, бәрі қол ұстасып, ойыншықтар ілінген шыршаны шыр айналып, кішкентай балалардың үніне салып, жаңа жыл әнін шырқап, секіре билеп кетеді...

Біз — сәбиміз, баламыз,
Шырша жырын жырлаймыз.
Қол ұстасып аламыз,
Өкпелесіп тұрмаймыз.

Қайырмасы:
Біз — сәбиміз, баламыз,
Ашылмайтын арамыз.
Жаңа жылға бәріміз,
Қушақтасып барамыз,
Біз — сәбиміз, баламыз!

*Ән-биді скрипкамен Маймыл сүйемелдейді, Қоян мен
Мысық жарысып тақпақ оқиды.*

Қ о я н. Некрасов «Русьте кім жақсы тұрады?»
М ы с ы қ.
Русьте ең жақсы
Тұратын кім екен?
Роман айтты: помещик
Қ о я н. Демьян айтты: чиновник.
М ы с ы қ. Лука тұрып: поп деді.
Е к е у і қ о с ы л ы п .

Өңшең вельмож, бояр мен
Жуан қарын саудагер —
Русьте жақсы тұратын,
Сауық-сайран құратын...

*Ән айтылып, би биленіп жатыр, шымылдық сырғып
жабыла береді...*

ЭПИЛОГ

Х а й д а р о в (айғайлай оянады). Табылды, табыл-
ды! Дұрыс, Ореке, бетпердені алатын уақыт жетті!..

Алжапқыш тұтқан Мәкен жүгіріп келеді.

М ә к е н (үрейлі). Не боп қалды? Не болды?!

Х а й д а р о в . Масқара, масқара! Әлгі біздің адамдар
қонақтарымыздың бәрін масханаға қамап қойыпты.

Мәк е н. Масхана?! Не дейді?!

Х а й д а р о в (*телефонмен*). Жолдас аға лейтенант! Бұл не масқара?! Бұл не масқарад?! Түсінбейтін несі бар. Менің қонақтарымды түгел шығарыңыз! Не, не? Ешкім жоқ? (*Тұтқаны іледі.*)

Мәк е н. Жүмекесі-ау, қартайайын дегенсің бе? Түсіңнен шошыдың ба?

Х а й д а р о в. Иә, тағы да түсім екен ғой. «Тауық түсінде тары көреді» дегендей, тағы да масхана кіріп жүр түсіме... Мынау не?

Мәк е н. Оқтау.

Х а й д а р о в. Оқтау? (*Қарқылдап күледі.*) Ендеше, сен түсімде қолыңа оқтау орнына шоқпар-таяқ ұстап милиционер болып жүрсің.

Мәк е н. Мен милиционер? Пәле-ау деген!

Х а й д а р о в. Тіпті түске қисынды-қисынсыз нәрселер де ене береді екен-ау!

Мәк е н. Е, «түс — түлкі» деген сол емес пе? Әне қонақтар да келіп қалды... (*Есіктің қоңырауы шылдырлайды.*)

Хайдаров пен Мәкен қонақтарын күтіп алады. Бәрі: «Жаңа жылдарыңыз құтты болсын!» — деп көрермендерге бас иіп, ізет жасайды.

ЖАМБЫЛДЫҢ ДАҢҒЫЛ, ТАРҒЫЛ ЖОЛДАРЫ

Екі актілі пьеса-эссе

Кейіпкерлері:

ЖАМБЫЛ – бұрынғы
ЖАМБЫЛ – кейінгі
СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН
ОРАЗ ЖАНДОСОВ
СӘБИТ МҰҚАНОВ
МҰХТАР ӘУЕЗОВ
ТАЙЫР Ж АРОКОВ
ҒАЛИ ОРМАНОВ
ҚАСЫМ ТОҒЫЗАҚОВ
ҚАЛМАҚАН ӘБДІҚАДЫРОВ
АЛҒАДАЙ ТЕЗЕКБАЙ
КЕНЕН ӘЗІРБАЕВ

Эпизодта:

Күләш, Дина, аспазшы, мейірбике

ПРОЛОГ

Сахна қараңғы.

Жамбылдың жарғылай мифологиялық, ыңғаймен шығарған «Өтеген батыр» поэмасынан фантастикалық көріністер. Бұл – Жерұйықты іздеген Өтегеннің, кейін 37-жыл зардабын шеккен Сәкендердің, жаңа заманды жырлап, шырмауықпен шырмалғандай болған Жамбылдың символдық тіршілігін көрсетсе керек. Бұл көріністегі дауыс-үндердің шынайы түрде емес, репродуктор арқылы берілгені ләзім.

Ауыздарынан жалын шашқан гүрілдеген айдаһарлар, мың бұралып ысқырған әбжыландар Өтегенді қоршап,

матап алған. Солардың алдында шапан-бөркі өрім-өрім ақын Жамбыл домбырасын безеніп, манасшыларша, қис-сашыларша аруақтанып, жыр сөздерін құйып отыр.

...Күншығыс жақ өртке ұқсап,
Күн шығарда қызарды...
Өтеген батыр сассын ба,
Айдаһарға түп-тура,
Қарсы жүрді бет бұра.
Баратқандай секілді,
Тақсыр қарсы тақсырға.
Ысқырғанда айдаһар,
Тізе бүкті жас тұлпар.
Айдаһар мың бұралып,
Ауыздан жалын от шашты.
Қомданды жылан қос басты,
Шұбарлана шабынып,
Күн көзіне шағылып,
Жылтырап әйнек қос көзі,
Шатынады жарылып,
Шатыната жартасты.
Өтеген сонда баптана,
Қаруланып қаттана.
Айдаһарға шүйіліп —
Сөйтті дағы тіл қатты.
Әй, керемет мақұлық,
Жатып ап зәр шақырып,
Отты аузыңды ашасың,
Айбарыңды шашасың.
Жолды байлап өткізбей,
Тоғыз жолдың торабын
Неге бүйтіп тосасың?
Жайдары, жайлы өмірді
Іздегелі көп болды.
Қондыру үшін ен жарып,
Бақыт келіп, бақ дарып,
Халқымды, қазақ елімді

Ойымда өмір бекіп тұр,
Халқым асу күтіп тұр.
Бөгеме, өткіз, жолды бер...
Әй, Өтеген, Өтеген!
Ер едің сен ертеден.
Жамбыл жаңа хабарды,
Жеткізеді жанарлы.
Қайта тұрсаң молаңнан,
Молаңнан шығып, ояңған
Жегісуға қарасаң,
Көрер едің бақытты
Қазақстан халқынан.
Бастап Тянь-Шань тауынан,
Алатаудың бауырынан,
Оралға дейін созылып,
Шалқып жатқан аулынан...
Көрер едің ел болып,
Қазақстан аймағы
Туын тігіп жайнады.

БІРІНШІ АКТ

Бірінші көрініс

Дала. Алыстан Алатаудың ақбасты тау сілемдері көрінеді. Сол көріністердің фонында алыстан ән естіледі. Жолаушылап келе жатқан Жамбылдың үні:

Домбырасын серік қып,
Өткізді Жамбыл ғасырды.
Өлеңді төгіп өрнектеп,
Асулардан асырды.
Қара терге малынып,
Еңбегі кетіп далаға.
Тойса тойып тамағы,
Тоймағанда аш жүрді.

Саңғыратып даланы,
Әнді шырқап көлбедім.
Сонда менің көргенім,
Құнарсыз дала, қаралы ел.
Күңіренген зарланған,
Қанын сорған жыланнан
Ғасырлар арыла алмаған.

Сахнада екеу: Сәкен Сейфуллин мен Ораз Жандосов.

О р а з. Жәкеңнің өзі.

С ә к е н. Апыра-ай, даусы әлі қартаймаған.

О р а з. Өзі де қартайған жоқ, тоқсанға келсе де аттың үстіндегі отырысы жас адамнан ілгері. Қазір мінгені өзінің ақ есегі-ау деймін.

С ә к е н. Иә, солай, жақындап қалды.

О р а з. Сәкен, ақсақалдың мінезі қырсық, ыңғайын таппасаң... Былай, алыстан орағытып дегендей...

С ә к е н. Білем, білем, бір көрсем де қылт ете қалатын бала мінезін байқағам, көңілі түссе көлдей, тоқсандағы сәби ғой, сәби.

Жамбыл келеді, киім-кешегі көнетөз. Жаман таяқ. Жүзі де жадау. Ана екеуі екі жағынан шығады.

С ә к е н . О р а з . Ассалаумағалейкүм!

Ж а м б ы л. Уағалайкүм әссәләм! Сәлемшіл болсаң бері кел. Оу, Оразжан, сенбісің? (Маңдайынан иіскейді.) Мына сұлу жігіт — қай бала?

О р а з. Жазушы Сәкен... Сейфолланың Сәкені.

С ә к е н. Аанада өзіңізден біраз өлеңдеріңізді жазып алып едім ғой. Журналға шығарғанмын. Ала келдім.

Ж а м б ы л. Бәр-рекелді. Жаңа есіме түстің. Әлгі өзіммен өлеңдетіп қағысып қалатын Арқаның ақиығы Сәкенжан екенсің ғой. Келші, келіншек емес, сүйіспеймін, баламсың

ғой, сені де маңдайыңнан иіскейін... Ал үйге жүріңдер, мал бөлістен алған екі-үш қойым бар, соның бірін сойыңдар, жата-жастана сендердей бастықтарға базына айтар ойым бар.

О р а з. Тәте, асығыспыз... Сізге арнайы айтатын біздің де сөзіміз бар. Сізге өзіңіз атын қойған Мырзажан сәлем айтты.

Ж а м б ы л. Әлгі, ең үлкен дәу бастық па?

О р а з. Иә, Орталық Комитеттің ең үлкен бастығы Мирзоян.

Ж а м б ы л. Оның менде не алашағы бар? Оған не қылығым жақпай қапты.

О р а з. Жоқ, қайта бар ісіңіз, өлеңдеріңіз оған жағып қапты. Оны мына бір жаңа үйге кіріп айтайық.

Жарық сөніп қайта жанғанда (айналма болса тіпті ыңғайлы) бұлар саңғыраған жаңа үйдің ішінде тұр. «Веналық орындықтар» да жаңа. Сол кездегі еуропа үлгісімен жақсы салынған үйдің бөлмесіне қызықтай қараған Жамбыл шын тамсанып сөйлейді.

Ж а м б ы л. Аанада, осы там үйдің қасынан өте беріп, есегімді бір ағашқа байлай салып, ішін көрейінші деп ішке кірдім. Пой-пой-пой! Жасап жатқан жұмыстарын қарасаң! Бес-алты қазақ, орыс, қырғыз қыздары. Мынадай үй, о дүниенің жұмағы ғой. Шіркін, осындай үйде тірісінде тұрған адамның не арманы бар екен деймін.

О р а з. Сізге осындай үй салғызып берсек, қалай болар еді, Жәке?

Ж а м б ы л. Қалай болсын, бұл үйде тұрмай-ақ түнеп шыққан адамның өзі бір жасап қалмай ма? Тұра тұр... қызығы бар. Содан мен әлгі бойжеткендерден «Бұл үйді кімге тұрғызып жатырсыңдар, бұл — мектеп пе, кеңсе ме?» — деп сұрасам, жұмыс істеп қажып жүрген олар жоқ, жастар ғой, шіркін, жастар ғой, өзіммен қылжақтасады келіп:

«Бұл үйді Жамбыл деген дәу ақынға салып жатырмыз, біреулері қырғызшылап: «шоң ақынға, шоң ақынға» дейді, орыс қыздары да «Да, Джамбула дом, Д-Жамбул», — деп, мені қағытып мазақтай ма керек...

О р а з. Ол мазақ емес, тәте. Олар сізді танып қылжақтап тұрған жоқ, танымай тұрып, шындарын айтқан екен.

С ә к е н. Кішкентай есек үстінде үлкен кесек ақын отырғанын білмеген ғой.

Ж а м б ы л. Жоқ, олар келемеждеп, есек мінген ақынды көздеріне де ілмеген ғой.

С ә к е н. Түк келемежі де, қалжыңы да жоқ, бұл үй — сізге салынған үй...

О р а з. Иә, иә, бұл сіздің үйіңіз. Мына үй ішінің бар жиһазы — сіздікі. Ақын жасауы.

Ж а м б ы л. Оу, енді сендер қалжыңдай бастадыңдар ма, әзілің жарасса, атаңмен ойна.

О р а з. Жәке, тәте, былай енді, шын сөзге көшейік, біз мына Сәкен балаңыз екеуміз, осында Алматыдан әдейі келдік. Мынау үйді сізге арнайы салғызып берген — Үкімет.

Ж а м б ы л. Ол ненің ақысы?

О р а з. Оны енді мына Сәкен айтсын. Осы кісінің ұйғаруымен болған іс, біз — қостаушылары ғана.

С ә к е н (*Оразға*). Олай скромничать етпе. (*Жамбылға*.) Жәке, сіз мұндай үйден де артық үйде тұруға ретіңіз бар.

Ж а м б ы л. Бұдан да артық үй бола ма, Сәкенжан.

С ә к е н. Болғанда қандай. Сіз, Жәке, төңкерістен бұрын ел арасында жүріп, талай қисса-дастандарды жырладыңыз, айтыстарда, өлеңдеріңізде ел бірлігін сақтауды, халық аңсаған бостандықты тілге тиек етіп, ел тұтастығын бұзатын, езуші тап, бай-манаптарды бетің бар, жүзің бар демей арам пиғылдарын әшкерелеп, елге мәшһүр болдыңыз. Еліңіз, қара халқыңыз сол үшін үстіңізге шапан жапты, астыңызға ат мінгізді. Қанша шапан кидіңіз?

Ж а м б ы л. Бұйырғаны болды ғой.

С ә к е н. Ал енді төңкерістен кейін халықтың бүгінгі қолы жеткен мына бостандығын, тәуелсіздігін, гүл-бақшаға оранған жарқын өмірін таңды таңға ұрып жырлап келесіз. Ал осы кеңес өкіметі сізге, сол үшін үстіңізге шапан жапты ма?

Ж а м б ы л. Ендігі шапанды кейінгі жастар, сендер кисендер жетеді, біздің кигеніміз сол! Тәуба!

С ә к е н. Жоқ, әуелі сіздерді сыйласын өкімет. Жәке, мына ұй — өкіметтің сізге жапқан шапаны!

Ж а м б ы л. Бәр-рекелді, шапандарың тым үлкендеу екен, мұндай шапанды бір адам емес, бір ұйлі жан түгелдей бүркенген екен...

О р а з. Мінетін атыңыз әлі алда.

С ә к е н. Шапаныңыз ұй болғанда, атыңыз машина болар.

Ж а м б ы л.

Бәр-рекелді, игілер, ел дәстүрін сақтар болар,
Мұндай сыйды кім болса да жақтар болар.
Алмақтың да салмағы бар деген мирас,
Түйсікті жан мұндайды ақтар болар.

С ә к е н.

Түсінгендер бір-бірін жақтар болар,
Шын жүйрігін ел болып баптар болар.
Халқы атынан сөйлейтін қариясын,
Шық жұқтырмай, жүдетпей сақтар болар.

Ж а м б ы л. Рақмет, қарақтарым, Сәкенжан, Оразжан! Тоқсанға келіп тоқырап, көп нәрсені жоғалтып, көп әсерден тоқтаған, жас шақтағы бақытын, зая кеткен уақытын жоқтаған шалды енді баптадың не, сақтадың не?

С ә к е н. Жоқ, қария, шал болып, шау тарғып көп нәрседен алдырсаңыз да, жыр өнерден әлі ешкімге шалдырмай ке-

лесіз. Бұдан былай сізді бұрынғыдай ауыл арасындағы айтыс өлеңге емес, енді жыр дариясы — әлемдік көлемге саламыз.

Ж а м б ы л. Енді мені ақындықтың балуанына салайын деп пе ең? Буындарының шегесі босай бастаған қуатсыз шалдан балуан шыға қояр ма екен?

С ә к е н. Қазір сіздің тұла бойыңыз балуан болмаса да, тіліңіз балуан, Жәке.

Ж а м б ы л. Бәр-рекелді, сөз тапқанға қолқа жоқ!

О р а з. Ай, ақындарым-ай, ақындарым-ай, көңілде жүрсе де ауызға түспейтін сөздерді қайдан тауып аласыздар. Балуан тілді Жамбыл Жабаев!

Сырттан аптығып Алғадай жүгіріп кіреді.

А л ғ а д а й. Тәте, тәте, біздің үйді, аналар...

Ж а м б ы л. Тұра тұр, Алғадай, әуелі мына ағаларыңа сәлем бер, сосын...

А л ғ а д а й. Бәріңізге ассалаумағалайкүм! Көке, көке, ана біздің үйді құлатайын деп жатыр.

Ж а м б ы л (*таяғын ала атып тұрып*). Ол қай бейбастақтар? Әуелі иесінен сұрап алмай ма?

О р а з. О, не боп қалды?

Ж а м б ы л. Бар, бар жүгір... Құлатпасын, тимесін үйіме.

О р а з. Қай үйді айтасыз?

С ә к е н. Ескі, жаман тамды айтасыз ба?

О р а з. Ішінде заттарыңыз қалып па еді?

Ж а м б ы л. Жоқ, жоқ, бар дедім ғой.

А л ғ а д а й. Барайын, айтайын.

Жүгіріп шығып кетеді.

С ә к е н. Тәте-ау, ана итеріп қалса құлайтын ескі үйіңізді айтасыз ба? Оны қайтейін деп едіңіз. Мынадай, патшаның кең сарайындай үй тұрғанда оны қайтесіз.

О р а з. Музей жасайтын шығар, ха-ха!

С ә к е н. Адам қартайғанда бір бала, ха-ха!

О р а з. Мына үйдің сәнін кетірмей, түп орнымен сыпырып тастап, ол жерді бау-бақшаға айналдырамыз деп отыр колхозыңыз.

Ж а м б ы л. Жоқ, күзге дейін тимеңдер.

С ә к е н. Сонда шынымен ескі үйді қимайсыз ба?

О р а з. Ол енді мал қораға да жарамайды. Үйездейтін жылқы да есігінен сыймайды.

С ә к е н. Есектер сияды. Бірақ ол да азайып барады.

Ж а м б ы л. Жарайды, дабырламаңдар. Айтайын, ел естісе, түсінбейтіндер мазақтай ма деп жасырып ем. Қасиетті Төле би бір кезде «Қарлығаш әулие» атанып еді. Мен әулие атанайын деп отырғам жоқ, бірақ атам қазақтың салып кеткен ізгі ізі бар. Жандының ішінде адамзатқа ең жақыны — үй қарлығашы. Менің тозған үйімнің бір бұрышында қарлығаш ұясы бар еді. Сары ауыз балапандары жаңа ғана жұмыртқа жарып шығып еді. Қарақанаттанып ұшқанша тимеңдер. Мен жаңа үйге көшіп қарық боп жатқанда, балапандарының үйін бұзып, ата-анасын ғарып қып тастамаңдар. Жанды тіршілік, қарлығаштарым, балапандарым, аман болсын!

О р а з. Түсіндік, тәте, түсіндік. Тезекбай шырағым, бар да жұмысшыларға мен айтты де, үйді әзірше бұзбасын де.

Т е з е к б а й. Мен деген кім?

О р а з. Үлкен бастық де!

Т е з е к б а й. Айтамын, қатырамын оларды. *(Кетеді.)*

Ж а м б ы л. Ал мына жігіттеріңе жол болсын. Өздері парлап жеккен арғымақтарша, ауыздықтарымен алысып, жұлқынып тұр ғой.

О р а з. Бұлардың бәрі сіздің хатшыларыңыз.

Ж а м б ы л. Хатшылары несі?

С ә к е н. Кейде атшыларыңыз да болады.

Ж а м б ы л. Мені ақын сайлап болдыңдар, енді болыс сайлағыларың келді ме. Мына үй ақын үйі емес, болыстың жатын үйі екен ғой.

О р а з. Тәте, тәте, атшы деген ұнамаса, ескі тілмен айтқанда бұлар ендігі жерде аузыңыздан не шығады, соны қағып алып хатқа түсіретін хатшыларыңыз, уәзірлеріңіз.

Ж а м б ы л. Уәзірлерің дегенше, әрдайым дайын тұрар әзірлерің десейші. Сәкенжан, Оразжан, шынын айтайын, бұлар әзірлерім емес, қартаңдай азғырар әзәзілдерім, не жаналғыш әзірейілдерім болмай ма? Бұларыңды мен түсінбей отырмын.

С ә к е н. Оны мен сезіп тұрмын...

Ж а м б ы л. Мен айтып, бұлар жазған өлең қалай болар екен? Жан-жағымнан емініп, жалаң-жұлаң етіп, жұтынып отырғанда менен өлең шыға қояр ма екен. Одан да ақ есегіме мініп алып, ей, ел аралап тепеңдетсем — көмейге тірелген өлең-жыр да жарықтық өз-өзінен құйылмай ма. Ал мыналарың — қаламдарын қанжардай қынабынан суырып, семсердей сүйреңдетіп қос бүйіріме тақап тұрғанда, өлең шіркін де жүрегі шайлығып тыйылмай ма. Жәкең байғұс меселі қайтып амалсыз сүйылмай ма?

С ә к е н. Жәке, сізге ақындық қонғаннан бергі өлең-жырларыңыздың бәрін жатқа білесіз бе?

Ж а м б ы л. Қайдағы білген-ау. Ұзақ қисса, ертегілер болмаса, кішігірім бір қақпайлар айтқан-айтқан жерде қалады. Құймақұлақ біреулер болмаса, кім есінде сақтай береді. Сақтағанының өзі, кейін бұзылып жетеді.

С ә к е н. Міне, міне, талай балуан тілден төгілген алуан өлең, алтын сөздеріңіз қалды-ау әр жерде шашылып, егер солардың бәрін жинағанда, қалың-қалың бірнеше том кітап болар еді-ау. Енді, Жәке, бір сөзің далада қалмайды.

О р а з. Тәте, түсінген шығарсыз. Бұған қазір БК(б)II Орталық Комитеті үлкен мән беріп отыр. Болашақ слеттер

мен съездер, жиындар мен жиналыстар сізсіз өтпейтін болады.

Ж а м б ы л. Пау, деген! Мен сонда саябақтарында дамылсыз сайрайтын бұлбұлдарың болдым ғой.

С ә к е н. Жоқ, батағай қарт ақын, — дүлдүліміз боласыз. Мына мықты ақындар, бір-бір ұлыңыз, білгір інііз: Тайыр Жароков, Қалмақан Әбдіқадыров, Қасым Тоғызақов, Ғали Орманов.

Т а й ы р.

Шыққан жерім батыстан,
Шайыр пақыр мен балаң,
Күнменен тіл қатысқан
Тайыр ақын мен болам!

Қ а л м а қ а н .

Прозашы, әрі ақын Қалмақанмын,
Ескі, жаңа оқуды қармағанмын,
Парторг әрі Жәкен көмекшісі
Болам деп қатарымнан қалмағанмын.

Қ а с ы м.

Қобыланды тұқымымын Қыпшақ бала,
Алтынсарин мектебі ұшқан қалам.
Болса да, кеуде қағып пәлсінбеймін,
Жүремін аталарға ұқсап қана.

Ғ а л и.

Түк те жоқ сыртқы пішінде.
Ақындық жалын ішімде,
Қасыңа келдім, Жәкетай,
Шығару соны үшін де!

Ж а м б ы л. Домбырамды, домбырамды.

Бәрі ұмтылып домбырасын әпереді. Жамбылдың екі иығы қутыңдай, өзі ыңылдай толғанып, толғап кетеді.

Тоқсандағы Жамбылға толқынданып сөз келді,
Көктемнің көгіндей кәрі өмірім өзгерді...

Сөйлей бер, ақ домбырам, дүрілдеген,
Шарықтай күй төгіледі бүгін менен.
Ғасыр бойы бейнет пен азап шеккен,
Зар жылап жұртпен бірге жасын төккен.
Ақынмын, бабаң құрдас бақытты елім,
Тоқсаңда арманына қолы жеткен.
Халықтың енді міне жетілгені.
Құрыштың білінбейді кетілгені,
Аталып Қазақстан ел боп туып,
Үй тігіп, ірге қалап бекінгені...

Екінші көрініс

Сахна қараңғы. Саңқылдаған радио үні. Өткен көріністегі Жамбыл өлеңі жалғасып барып, артынан іле диктор даусы естіледі.

Д и к т о р. Кеңестік алтын ғасырда, бақытты дәуірді жырлаған, қазақ-кеңес поэзиясының алыбы Жамбыл Жабаевтың өлең-жыры, ақындық үні бүкіл жер шарына күн сәулесінің шұғыласындай жылдам тарап, бар әлемдік адамзат баласының жүрегіне күн сәулесінің жылуындай құйылып, бауырлас халықтардың хафиз, ыршы, ашуг, бахшы, шайырларының алдыңғы сапындағы қазақ ақынының асқар атын Алатаудың биігіне бір-ақ көтерді. Бар әлем, бар ел өз тілінде Жамбыл жырын жырлайды.

Бұдан соң әр ақын пистолет жарығында Жамбыл өлеңдерін оқып, ара-арасында топ-топ қошаметшіл адамдардың ортасында домбырасымен жыр жырлаған Жамбылдың өзі де жарқ етіп көрініп қалып тұрады.

Ғ а л и (пистолет жарығында).

«Халықтың сәлемі»

Домбырасын серік қып,
Өткізді Жамбыл ғасырды.

Көз жіберсем алысқа,
Көпті көрдім дегенім —
Көп зарыққан ел екен.
Шексіз дала дегенім —
Ұлтарақтай жер екен.
Ерлерді көрдім дегенім —
Ер емес екен, кем екен.
Хандарды көрдім дегенім —
Халыққа қонған шер екен.
Өзен, көл көрдім дегенім —
Көз жасының селі екен.
Кемдіктің кесіп тұсауын
Енді азаттың құсы боп,
Халқым, кірді берекең!

Т а й ы р (пистолет жарығында).

Өлеңім, шарла ауылды,
Тыңда, дала, Жамбылды,
Өмірде заңды көп көрдім,
Сол заңдар бүгіп белімді
Көзімнің жасын қан қылды.
Маңдайға әжім түсіріп,
Қайнатып миды даң қылды.
Тыңда, дала, Жамбылды,
Тыңда, Қастек, Қаскелең,
Сөйлесін кәрі бауырың.
Ардақтаймын советтің
Әділ заңын тамаша.
Орнатқан шаттық дәуірін.

Д и к т о р д а у с ы .

... Закон по которому
Степь расцвела.
Закон по которому...

Қ а с ы м (пистолет жарығында).

Енді бүгін қарасам,
Айналам бақыт кең жатыр.

Бірімен-бірі туысқан,
Қол ұстасқан ел жатыр.
Қырғыз, қазақ, өзбектер,
Моңғол, ұйғыр, дүнгандар,
Армян, қалмақ, грузин,
Орыс пенен украин, —
Терезесі тең жатыр.
Алатау, Кавказ ұласып,
Баурайы бұйрат кең жатыр.

Қ а л м а қ а н (пистолет жарығында).

Одағым десем ойыма
Шалқыған шалқар көл түсер.
Көкжиегі бал-құрақ,
Көкорай шалғын жер түсер.

Осылайша пистолет жарығы әр ақынның бетіне түсіп, олар өлең оқиды (режиссердің таңдауымен де алуға болады). Мүмкін болғанынша әр тілде оқылып тұрса (орыс, украин, кавказдықтар тілінде) құба-құп, Жамбыл жырларының жер шарын аралап кеткен географиялық әрі интернационалдық ауқымы сезілер еді.

Сахнада шам жанғанда сырттан келе жатқан жаңа Жамбыл көрінеді. Бұл пьесадағы екінші Жамбыл, жаңа заманда жаңарған Жамбыл. Киімдері су жаңа: құндыз бөрік, жаңа мақпал шапан. Омырауда ордендер. Қолында әдемі трост.

Жамбыл кіреді. Осыдан бастап бұл жаңа Жамбыл.

Ж а м б ы л (жалғыз, өлеңдетіп).

Өлеңім, шарла ауылды,
Тыңда, дала, Жамбылды...

Өлеңім бүкіл жер шарын шарлап кетті, жаңа заманда қайтадан жасардым. Арманымның орны толды. Бұдан асқан ақынға бақыт, асқақ үн бар ма?

Тұрмысым патшаның тұрмысындай,
Шөлдесем, шайымды демдеп тұратын,
Жетелсем дәрі-дәрмегімен емдеп тұратын,
Жиын-тойға қадірлеп кел деп тұратын,

Өлеңнің азығын дайындап, ақынды жемдеп тұратын жанашыр адамдарым қасымда, домбыраны мен күйлемегенде кім күйлейді, арынды арғымақ жырымды өзім қамшылап, өзім тізгіндеп, өзім билемегенде, кім билейді.

Жамбыл енді шарайнаның алдында.

Ж а м б ы л. Қанша шал боп қалдық десек те, киім де, оған қадалған мына ордендер де жарасады екен-ау! Ағаш көркі — жапырақ, адам көркі — шүберек... Оу, әлгі үстімдегілер қайда кетіп қалды? (*Үстін сипалақтайды.*)

Б ұ р ы н ғ ы Ж а м б ы л (*айнадан*). Ешқайда кеткен жоқ, үстіңде. Мен де сенмін. Бұрынғы киіміңдегі бұрынғы Жамбылмын. Сенің де қабырғаңмен кеңесетін бір уақытың келген шығар.

К е й і н г і Ж а м б ы л (*күмілжіп*). Иә, иә, келді. Кеңесейік. Өзім де ойлап жүр едім.

Б ұ р ы н ғ ы Ж а м б ы л (*айнадан шығып*). Ойлайсың да қоясың. «Аяз би, әліңді, құмырсқа жолыңды біл» дегендей, анда-санда мына ескі, жамаулы шапан кезіңді — мені неге ұмытасың?

К. Ж а м б ы л. Ұмытқаны қалай? Неге ұмытайын!

Б. Ж а м б ы л. Ұмытпасаң үстіңе жапқан шүберекке, төсіңе таққан сөлкебайға несіне мәз боласың. Тәніңді шүберекке бөлегенмен, жаныңды қалай бөлейсің.

К. Ж а м б ы л. Жанымды шүберекке түйіп осы уақытқа дейін шонжармен де, атқамінер пысықтармен де, ұрықарылармен де айқасып келдім, енді жанымды әддилеп шүберекке бөлейтін де күн туған шығар.

Б. Ж а м б ы л. Бұрын шен тағып, шекпен кигенді ащы тіліңмен түйреп сөгуші едің, бүгінде қалай көне қалдың?

К. Ж а м б ы л. Көнсем — еңбегімнің еш болмағаны, соның жемісі шығар, ішкенім алдымда, ішпегенім артымда. Дәмді-тәтті тағамымды, үнді шайымды мезгілімен дайындап беретін Патсайым деген аспазшым бар, ауырып деміге қалсам, ем-домы даяр ләктірім Рахымбайым бар, жаным жайлау, жағам бос. Енді мұндай өмір беріп, тоқсандағы жасымды жиырма бестей жасартқан, халқымның қолын бақытқа жеткізген мына кеңестік өмірді мақтап, жырға қоспағанда, кімді әспеттеп, кімді дәріптеуім керек?

Б. Ж а м б ы л. Алданып қалған жоқсың ба?

К. Ж а м б ы л. Алданғаны несі! Алданатын бала ма екем?

Б. Ж а м б ы л. Алданбасаң, кеңес үкіметінің жарқын жағы мен салқын жағын неге қатар айтпайсың? Әділет қайда, әділет? Баяғыда екі жағы да бірдей, мүсіні де, міні де, түні менен күні де қатар айтылмаушы ма еді.

К. Ж а м б ы л. Қандай кемшілігін, қай жетімсізін айттайын? Қай қыры, қай мінін?!

Б. Ж а м б ы л. Кемшілігі? Білмейтін бе едің, кеңес орнағалы неше жыл? Кешегі күнге дейін мына жыртық киім, жыртық көрпе, жыртық үйде, жыртық күйде келмеп пе едің. 18-20 жылдағы аштық есінде ме? Кешегі 30-жылдары қалай күн көрдің? Қырғыз ағайындарды паналап, қотыр атыңды сабалап, аштан әрең өлмей қалмап па едің? Бүкіл қазақ ағайының аштықтан басы ісіп мәңгіп, тым-тырақай жан-жаққа қаңғып кетпеп пе еді? Бар қазағыңның жартысынан көбі осы кеңес үкіметі тұсында аштан қырылып өлмеп пе еді? Кеше ғана: «Келемін тепендетіп есекпенен, үкіметім нан береді есеппенен, есектен жерге құлап жатқанымда, көрінген атып жатты-ау кесекпенен», — деген сен емес пе едің? Бүгінгі жеген есепсіз наныңа енді мәз болып шалқақтайсың келіп...

К. Ж а м б ы л (*айғайлап*). Жетті. Оны басқалар айт-

сын. Мен енді тоқсанға келген шағымда сақалды басыммен жақсылықты көрмей, жамандықты айтуға дәтім бармайды. Қалған өмірімде жақсылықты ғана айтып өтем!

Сырттан Алғадай, аспазшы жүгіріп кіреді.

А л ғ а д а й. Не боп қалды, тәте?

А с п а з ш ы. Тәте, даусыңыз қатты шықты ғой.

А л ғ а д а й. Ауырып қалған жоқсың ба?

Ж а м б ы л (*сабасына түсіп*). Жәй, әшейін!.. Әлгі... көптен келмей кеткен жолбарысым келіп...

А л ғ а д а й. Жолбары-ыс!

А с п а з ш ы. Ыстағыпыролла.

А л ғ а д а й. Тәте, тәте, ол қандай жолбарыс? Ол қайдан келді? Қазір қайда? Кетіп қалды ма?

Ж а м б ы л. Мен саған жасыңда айтпап едім, қорқады деп, енді азаматсың ғой, айтайын: менің Сырым деген батырым бар ғой. Соны күзететін жолбарысы болған. Сырым өлген соң ол маған келген. Ол — маған келген ақындық аруағым. Ол менен мүлдем кетсе, менің ақындығым да қожырап, бітеді. Мүлдем кетсе, менің мүлдем көз жұмуым да ықтимал. Міне, сол жолбарысым жаңа келді. Ол менің көзіме ғана көрінеді.

Сырттан Қалмақан кіреді.

Қ а л м а қ а н. Ассалаумағалайкүм!

Ж а м б ы л. Уағалайкүміссалам! Иә, түнделетіп неғып жүрсің? Алматыдан келемісің?

Қ а л м а қ а н. Иә, асығыспын, сізді алып кетуге келдім.

Ж а м б ы л. Қайда, не боп қалды?

Қ а л м а қ а н. Жазушылар одағында ертең біздің мәселеміз қаралмақшы. Партия жиналысында деп еді, ақыры шулатпайық деп, шағын президиумда деп келістік. Тайырлар да сонда...

Ж а м б ы л. О ненің жиналысы?

Қ а л м а қ а н . Сізді қатыстырмаймыз деп еді, мен айтпай кетіп қалдым. Жолда айтам... Түнделетіп жүреміз...

Үшінші көрініс

Жазушылар одағы президиумы председателінің кабинеті. Иште аз ғана адам — Сәкен Сейфуллин, Мұхтар Әуезов, Ғали Орманов, Тайыр Жароков, Қасым Тоғыззақов... Сәбит Мұқанов жиналыс ашып тұр.

С ә б и т. Сонымен, жолдастар, тоқетері сол, қазір цензура бұрынғыдан да қатал боп барады. Әр сөзіңнің астын, астарын, тұспалын, төркінін, тіпті етігі мен бөркіне дейін тіміскілеп жүрген адамдар да көбейіп барады.

Т а й ы р. Оның көбейгенін қайдан білесіз?

С ә б и т. Жасырын хаттар, астыртын... әлгі... Мұхтар, қалай деуші еді, сенің орысшаң менен мықтырақ қой.

М ұ х т а р. Анонимка дейді, Сәбит, ұмытшақ боп барасың ғой өзің.

С ә б и т. Дұр-рыс, әдейі сұрай салып ем.

Т а й ы р. Аты-жөні көрсетілмеген хаттарға мән берудің қажеті қанша?

С ә б и т. Біз бәріне мән бермегенмен, мына бір ананимді тексермей болмайды. Бұл әлгі парторгтың қолына түскен, оған оның да қатысы бар. Айтқандай, оның өзі қайда?

Ғ а л и. Кімді айтасыз?

С ә б и т. Қалмақанды айтамын. Бізде неше парторг бар еді. Әбдіқадыровты айтамын. Ол бұл хатты аяқсыз қалдырмайды. Иә, талқылай берейік. Әлде парторгты күтейік пе?

С ә к е н. Қашанғы күтеміз. Қане, талқылайсыңдар ма, жоқ па, менің уақытым аз.

С ә б и т. Мәселе, былай, жолдастар. Өздеріңе белгілі

бүгінгі күні бүкіл жер шарына аты мағлұм бола бастаған жыр алыбы Жамбыл Жабаевтың атағы әлі шықпай тұрғанда оның ел аузынан, ақынның өз аузынан бұрын айтылған өлеңдерін жазып алып кітапқа шығарған Шамғали Сарыбаевтан кейінгі адам — Сәкен Сейфуллин. Қандай жырлары еді, Сәке?

С ә к е н. Оның бұл арада қатысы қандай?

С ә б и т. 1926 жылы «Жаңа әдебиет» журналына Жамбыл Жабаевтың Сарыбайға арнаған өлеңін басқаннан бері, қарт ақын жырларын мұқият жинап халыққа жария етіп келеді.

С ә к е н. Өзің де біледі екенсің, несін сұрайсың? Әдет пе, немене?

С ә б и т. Дұр-рыс, Сәке, мен өзіңнің тірі классик ақындығыңа, ірі қызметіне қарамай, үлкен басыңмен ауыз әдебиеті өкілдері жыраулардың, ақындардың өлеңдерін ерінбей теріп, сұрап-қарап жүргендеріңді айтып, осы бір мәселеде ақтап алу шарасын көздеп отырмын.

С ә к е н. Сәбит, мен Кеңес үкіметін құруда революциялық күрес жолдарыммен кеңес үкіметінің алдында мәңгі ақталған адаммын, сен ақтамай-ақ қой. Қараламасаң болғаны.

С ә б и т. Дұр-рыс, дұр-рыс! Жолдастар, жақында Сәкен Сейфуллин мектеп оқулығына...

М ұ х т а р. Хрестоматиясына.

С ә б и т. Иә, хрестоматиясына Жамбыл Жабаевтың бір өлеңін қысқартып, шағындап бастырған екен. Әдейі емес.

С ә к е н. Әдейі десе де болады, мәймөңкелейтін несі бар.

С ә б и т. Енді сол хатты Әуезов оқысын.

Қ а с ы м. Мазмұнын айтса да болмай ма?

Ғ а л и. Иә, мазмұны да жетеді.

М ұ х т а р. Онда хаттың ұзын-ырғасы былай: жыр алыбы Жамбыл Жабаевтың «Клим батыр» деген бұрын-соңды батырлар туралы жырда да, қисса, ертегілерде, өлеңдерде айтылмаған тамаша толғауын мектеп хрестоматиясына

дайындағанда өлеңді жонып, кертіп, кесіп, жүндеп, күзеп, не керек, ойына келгендерін істеп «түзеп», ұзын толғауды қысқа өлең етіп тылтитып», бар өлеңді жоқ өлең етіп, кеңестік батыр Климді жырды қысқарту арқылы қастандық жасап, кез келген ауыл арасындағы батырға айналдырып жіберіпті.

С ә к е н. Тылтиған ештеме жоқ, жонылғаны да, қырылғаны да жоқ.

М ұ х т а р. Мен хатта жазылған кінәнің шет жағасын ғана ауызша айтып отырмын. Егер түгел оқы десеңіздер...

С ә б и т. Жоқ, қысқа баяндауға келістік қой. Кітап авторын айт.

М ұ х т а р. Оқулық ретінде шыққан хрестоматияны құрастырушы әйгілі ақынымыз, Жазушылар одағының председателі — Сәкен Сейфуллин... Мен... болдым...

С ә б и т. Хатта мынадай сөз бар: «Егер жыр алыбын бұлай редакциялай берсе, Сейфуллиннің өзі жазсын, әйтпесе қарт ақынды бұлай тықыртуға ешкімнің хақысы жоқ. Бұлай етуде үлкен саяси астар жатыр. Соны да ашуларыңызды талап етеміз».

С ә к е н. Сен де болдың ба, жиналыс председателі, енді маған сөз бер.

Осы арада сырттан Жамбыл мен Қалмақан кіреді. Жамбыл іс-міс жоқ, қатардағы орындықтың біріне жайғасады.

С ә б и т. Қалмақан, саған Жәкеңді әкел деген кім бар?

Қ а л м а қ а н . Партогке де болмай ма? Немене, жасырын өткізгілеріңіз келе ме?

С ә б и т. Өзіңді қорғағың келген екен.

С ә к е н. Жарайды енді, отырсын Жәкең, қатыссын.

М ұ х т а р. Келген екен, енді қарт ақынды қалай қуасың.

С ә к е н. Жарайды, шынын айтқанда, тәтеміздің келгені де дұрыс болды... Мен енді сөзімді жалғастырайын...

«Клим батыр» толғауын хрестоматияға қысқартып берудің

еш айыбы да, саяси астары да жоқ. Қайта мектеп балаларының оқуына, жаттап тақпақтауына лайықталып, ықшамдалған осы түрі өте дұрыс деп білем. Орыс оқулықтарында солай.

Қ а с ы м. Сонда біздің еңбегіміздің еш болғаны ма?

С ә к е н. Сіздің еңбек еш болуы керек еді, бірақ Жәкең шығарып, газет бетіне жарияланған соң, оны талқылаудан басқа шарамыз қалмады. Мен толғауды түгелдей кемсітіп тұрғам жоқ, керексіз жерлеріне сақтық жасау керектігін ескертемін. Мына Жәкеңнің мына хатшыларына ескертіп отырмын. Халық ақынына сый береді деп, тарихи дүниелерді қойыртпақтата беруге болмайды. Ертең Жәкеңнің аты бүкіл дүние жүзіне таралып кеткенде, Жәкеңнен кеткен қателер үшін сендерді кінәламайды, жыр иесін кінәлайды. Жамбыл сөзі сынға түсер де, алтынға бағаланаар күн де әлі алда.

Қ а с ы м. Сонда ашық айтыңызшы, Сәкен Сейфоллаұлы Сейфуллин, «Клим батырдың» қай жері ұнамады. Бізге қандай айып тағасыз? Сіздің сөзіңізге қарағанда, шығарманың осал жағына, мазмұнына біз, яғни хатшылары кінәлі екеміз. Бұдан былай хатшылықты да, сарапшылықты да қоюымыз керек шығар...

Ж а м б ы л. Оу, жұртым, зиялы інілерім, мені мұнда неге шақыртты деп түсінбей келіп ем, енді түсіндім. Сендер, Сәкенжан, менің жырымды нашар деп, мені күстаналап отыр екенсіңдер ғой.

С ә б и т. Жоқ, Жәке, біз сізді шақырған жоқпыз, сізді алып кеп отырған — мына хатшыларыңыз.

Ж а м б ы л. Дұрыс істеген бұлар. Өлең жаман екен. Оны шығарған мен екем. Енді мені шақырмағанда кімді шақырасыңдар. Бұл түсінікті. Өлең нашар болса, сақалыма қарамай ұрсыңдар, сөгіңдер. Ақынның үлкен-кішісі болмайды. Жақсы мен нашары болады. Ал енді, түсінбейтінім — мына менің аузымнан шыққанды қағып алар мына әзірлерімнің айыбы не? Бұларды неге күстаналайсыңдар?

С ә к е н. Сізге берген азығы үшін. Толғаудың азығы.

Ж а м б ы л. Оу, мен сонда қандай азық екенін айырмайтын, көрмейтін соқырмын ба, дәмін түшынбайтын аузым жоқ па, тілім жоқ па?

С ә к е н. Жәке, бұлар осы жолы сізге соқыртеке ойнатқан, көзін байлаған адам алдына келген улы бал деп берсе, байқамай жұтып қоюы хақ.

С ә б и т. Жолдастар, тынышталыңыздар. Жәке, сіздің толғауыңыздың көркемдігінде мін жоқ, Сәкен Сейфуллин жолдастың нені ұнатпағанын тыңдайық. Жәке, тәте, сізді кінәласақ осында шақырар ек қой. Сіздің мұнда келуіңіз бекер болған. Біз хат бойынша, сіздің жырыңызға қиянат жасаушыны ғана шақырдық.

С ә к е н. Мен Климент Ефремович Ворошилов жолдасқа арнап ода жазуға қарсы емеспін. Бірақ әр нәрсенің өз орны, деңгейі, үйлесімі, қисыны бар.

Ж а м б ы л. Қарағым Сәкенжан, «ода» дедің бе? Оның не? Мен ода-модаңды білмеймін. Мен ода жазғам жоқ. Ондайды шығарып жүрген кім?

С ә б и т. Ода деген, былай енді, мадақтау өлеңдер. Сіз дұрыс түсініп отырсыз, ода өлеңдегі ол да бір мода! Сіздің Ленин, Сталин туралы жазған өлеңдеріңіз одаға жатады.

Ж а м б ы л. Немене, Ленин, Сталин мадақтауға тұрмай ма?

С ә б и т. Атамаңыз. Неге тұрмасын. Сіздің Чапаев, Каганович, Куйбышев, Ежов туралы жазған өлеңдеріңіз де сол одаға жатады.

М ұ х т а р. Дүние жүзіне аты әйгілі Ресей ғалымы Ломоносов та ода жазған...

С ә б и т. Жәкеңнің басын олай қатырғанша түсінікті етіп неге айтпайсыздар. Жәке, өзіңіз білетін, бір кезде хандар мен патшалардың сарайында жалдамалы ақындары болған ғой. Оларды сарай ақындары дейді.

Ж а м б ы л. Сонда мен де жалдамалы сарай ақыны болғаным ба?

С ә б и т. Атамаңыз, Сіз — Лениннің, Сталин ғасырының, яғни, халықтың бақытты ғасырының ақынысыз.

Ж а м б ы л. Бәсе, Ленин-Сталиннің ақыны — оны сүйер халық ақыны болсам арланбаймын, солай бола беруге армандаймын, соларды айтып, тілім жетіп мақтай алсам, халқымның да көңілін, ойын жеткізіп қалғандаймын.

С ә б и т. Дұр-рыс. Әрі қарай! Сәке, сөзіңізді әрі қарай жалғаңыз.

С ә к е н. Жарайды. Ода дейін бе, толғау ма, мейлі, өлең дейін.

М ұ х т а р. Дәлірек айтқанда, жолдастар, мұны шешіп алу керек екен.

С ә б и т. Ал айта ғой, Ресейде оқыған сенің энциклопедиялық білімің бізден жоғарылау.

М ұ х т а р. Жарайды, энциклопедиялық-ақ болсын. Ода деген ежелгі грек елінде билеп жүріп айтылатын өлең. Оны жанр ретінде қалыптастырған латын поэзиясының алыбы — Гораций. Орыста Ломоносов, Державин, Радищев, Пушкиндер жазған. Шығыс поэзиясында Рудаки, Науаи қасидалары одаға жақын. Олай болса, Жәкеңнің одаларын да қасидалық өлеңдер деу ләзім.

С ә б и т. Дұр-рыс!

С ә к е н. Өлең «ә» деп басталғанда, «Дейміз бе біз, Шыңғыс хан, атағы асқан, күші асқан Клим Ворошиловтан? Десе, әрі қарай я болмаса ертегі дейміз бе, Ғали арыстан? Теңерміз бе Ғалиді, Ел сүйген Климге? Ескендірді мақтаман, Рүстемді де даттаман, Олар біздің Климдей бола алмаған, болмаған! Өлеңде мін жоқ. Ал теңеуде дым жоқ. Мұны ұсынған сендер — хатшылар.

Қ а с ы м. Сонда сіз Рүстемді, Ескендір мен Ғалиді Климнен артық қойып тұрсыз ба? Түсінбедік қой.

С ә б и т. Сен бұл сұрақты күлдіру үшін қойып отырсың ба? Әлде арандату үшін бе? Әлде ештеңе де түсінбейсің бе?!

С ә к е н. Жарайды. Ары қарай: «Манас шыққан қырғыздан, Ол да мұндай болмаған...»

М ұ х т а р. Бәлі, мына жері мүлдем болмаған екен.

Ғ а л и. Енді мұны да біз үйретті дейсіздер ме. Тәтем Манасты атасындай жақсы көреді, ал Ворошиловты баласындай жақсы көрсе, оның несі айып?

М ұ х т а р (күліп). Бұл арада бір тапқыштық жасай алмаған екенсіңдер. Жәкеңе ой салуларың керек еді. Манастың Клим Ефремовичтен үлкен бір кемшілігі — Манас Ворошиловтей Коммунистік партияның мүшесі болмаған. Міне, Ворошиловтың артық жері осынысында жатыр. Коммунист — Ворошилов, беспартийный — Манас.

Бәрі күле беріп, жым болады. Бір-біріне үнсіз үрейлі қарасады.

С ә б и т. Жолдастар, тым тереңдеп кеттік пе? Үй артында кісі бар. Бас жаққа барыспасақ қайтеді. Мұхтар, Манасқа жаның ашыса, өзің партиядан шығып қалғанда, билетіңді Манасқа неғып бермедің?

М ұ х т а р. Бәлі, сонда қалай? Партия билеті бір қолдан бір қолға ауыса салатын қолжаулық па екен?! Партия билетінің құнын олай түсірме, Сәбит!

С ә б и т. Ыстағыпыралла!.. Мен енді... мен...

М ұ х т а р. «Ыстағыпыралла» деген сөзіңізде Алланың аты бар. Партия туралы сөзде Алланың тілі емес, партия тілімен сөйлеу керек.

С ә б и т. Мұның жала, жала! Сонда, немене, партияның меншікті тілі бар ма екен?

М ұ х т а р. Онда Компартияның тілі жоқ деп көрші, Сәбит.

С ә б и т. Алла, Алла,.. тойс, құдай сақтасын,.. тойс...

Мұндайда ауызға да сөз түспейді екен... Мұхтарды сөзбен жеңе алмайсың.

Қ а с ы м. Онда өзіңіздің жамбасыңызға лайық сөздер бар емес пе?

С ә б и т. Иә, десейші, Владимир Ильич кейде Троцкийді жай сөзбен жеңе алмағанда, «свольш» деп жіберетін көрінеді.

Жып етіп Қаракөзілдірік кіріп, авансценада сыртымен сөйлейді.

Қ а р а к ө з і л д і р і к . Бір-біріңмен қалжыңдаған болып, Компартияны қалжыңға айналдырдыңдар ма? Ленинде қандай шаруаларың бар? Басқа мысал, басқа сөз табылмады ма?

Сып етіп қайта кетеді.

С ә б и т. Мұхтарды олай да, бұлай да жеңе алмайсың. Осыдан бірнеше жыл бұрын, жастау кезіміз, бір үйде қонақта кездесе қалмаймыз ба? Ол кезде ішіңкірейтін, желөкпелеу кезіміз. Біраз қызып алған соң, талай бір кетіп жүрген өшімді алайын деп, мастықты пайдаланған боп, сөз арасына жаман сөздерді араластырып жіберіп-жіберіп алып, ай, сыбағасын бердім-ау. Мұхтар маған қарсы аузының жігін аша алған жоқ.

Т а й ы р. Бас көтертпей, бастырмалатып тастағансың ғой!

С ә б и т. Жо-оқ, қызығы бар, айтайын, қызығы деймін-ау, мұның ішіне жиып отырған бұзығы бар екен.

Т а й ы р. Иә?..

С ә б и т. Иә, содан, қонақтан тап кетерде, ауыз бөлмеде, шыға беріс дәлізде бәтеңкемнің бауын, шие боп қапты, соны шеше алмай, нервнишит етіп отырсам, мына Мұхтарым менен бұрынырақ келіп бәтеңкесін киіп алған, «Әй, Сәбит»,

— деді. Мен айтуым қандай шапшаң болса, қайтуым да сондай шапшаң ғой, «О не?» — дедім, бауды шешіп отырып. «Басыңды көтер, бері қара», — деді. «Е, бұ не айтайын деп тұр» деп, басымды көтермеймін бе. «Әй, Сәбит, — деді тағы қайталап. — Сен бақыршы бала күніңнен мал ішінде жүріп, тәртіпсіз былапыт сөздерге әбден дағдыланып төселгенсің ғой, ал мен болсам, зиялы, тәрбиелі адамдар ішінде өскенмін, бала күнімнен боқтау дегенді білмеймін. Бағанағы боқтағаныңның бәрі өзіңе, бәрі өзіңе!» — деп, шығып жүре берді.

С ә к е н (*күлкісін зорға тыйып*). Е, соңынан қуып жетіп, тағы да бір-екі рет сыбағасын беріп жібермедің бе.

С ә б и т. Қайдағы қуып жеткен-ау, бәтеңкемді кие алмай жалаңаяқ отырған жоқпын ба? Сол күні үйде түні бойы ұйқтай алмадым. Біреуді балағаттау жеңіл де, өзің балағат есту — қандай ауыр. Өзіңнің боқтығыңды өзіңе қайтып берудің өзі қалай жаныңды жегідей жейтінін өз басыма түскенде сол түні бірінші рет сездім. Сол күннен бастап ондайды қойдым.

М ұ х т а р. Онда мен енді балағат сөздерден азат болған екем ғой.

С ә б и т. Сенің қайбір жаныңа тигім келет дейсің, ол да бір қарсыласыңның алдындағы әлсіздігің, жалпы айтқанда, дәрменсіздік қой.

Ғ а л и. Рас, рас. Мына біздің Жәкең ұнатпаған адамдарын «ұнға түскен тышқандай», «теке сақал», «жыбыр мұрт», «қу сирақ», «жүнді бас» деп, мысқылмен шаншып алса, Сәбитті «Балуан Шолақ», қыпшақ Тоғызақовты «Қыпшақай бала» деп, мінез-қимылына қарай атап, Сәкен ағамызды ерекше «Сәкенжан», Мұхтарды «Шоң қазақ» деуі, тіпті бар бітім, мінез-құлқын, образын ашып тұрған жоқ па?

Ж а м б ы л (*ыңғайсызданып*). Жоқ, ара-тұра «қызыңды» деп менің де аузыма жаман сөздердің түсіп кететіні болады...

С ә к е н. Аһа-ха! Онда сіздің де дәрменсіз болғаныңыз-ау.

М ұ х т а р. Енді қалың халық ішінен шыққан, халық мұңын, ел қамын батыл айтатын, батырып айтатын даңғыл ақын, Жамбыл ақын дәрменсіз болса, біздің күніміз не болмақ?!

Ж а м б ы л. Мен (орнынан тұрып) күннен-күнге сендерден де (авансценаға қарай жүріп) дәрменсіз болып бара жатырмын.

Басқалар жоқ, бұрынғы Жамбыл шығады.

Б ұ р ы н ғ ы Ж а м б ы л. Ә, дәрменсіздігіңді мойындай бастадың ба?

К е й і н г і Ж а м б ы л. Иә, күн өткен сайын мойындамасам да сезінетін сияқтымын. Қандай жиын, қандай сауық-сайран, думанды кештерге болмасын — бәріне қалай жыр арнағанымды өзім де білмей қаламын.

Б. Ж а м б ы л. Бұйдасынан сүйреткен түйеге ұқсап бара жатырмын десейші.

К. Ж а м б ы л. Бұйдалы түйе де жаман емес, әйтеуір бақырып-шақырып көш бастайды ғой, ал мен үйдің жанына тұсап қойып, керегінде иті де, құсы да міне сала шабатын колхоздың жауыр атына ұқсап кетпедім бе деп қорқам.

Б. Ж а м б ы л. Бүйте берсең, бір қалыпқа, бір сорапқа түсіп, даңғыл Жамбыл — даңғой Жамбылға, алып Жамбыл — қалып Жамбылға айналып кетесің-ау деп қорқам. Әйтеуір даңғыл жолыңнан — тарғыл жолың көбейіп кетпегей...

К. Ж а м б ы л. Жаңағы Клим батырға таңған жырым Амангелді батырға арнаған жырым еді. Әзірлерім оған қимады. Қазақ қазаққа ондайды қиған ба? Онда «Ворошиловқа берейік», — деп ем, бәрі де көне кетті. Ал Климге жазғаным шынында да, әлгі Сәкенжанның бөліп алған жері болатын. Шынында да сол тұсы өзіме де ұнайды, бала балдырғанның, өзімнің Алғадайымның үнін естігендей болам.

Мойнында қызыл галстук, Алғадай бейнесі (елесі).

А л ғ а д а й. «Клим батыр».

Жауға жерін бермеген,
Тигенге қылыш сермеген.
Ат мінбеген жаратпай,
Әскері темір болаттай...

К. Ж а м б ы л. Мәскеуге үлкен тойға, қазақ өнерінің тойына он шақты күнге барады екенбіз. Осы жолы бар өнерімді салып көрермін. Содан соң кезкелген жерге шапқылай бермей, көңілім сүйген жерлерге ғана барармын.

Б. Ж а м б ы л. Ай, қайдам, бара-бара нағыз сарай ақындарынша қызыққаннан құнығып кетпесең. Құнығып кетсең, дәнігіп алуың да алыс емес.

К. Ж а м б ы л. Көрермін. Мына үлкен сапар — ата-бабамыз көрмеген тамаша сапарға барып келейінші. «Сосынғысын сосын көре жатармыз» деуші еді Қисыбай.

Жарық сөне береді де, музыка әуені пойыз составының үніне ұласады.

Төртінші көрініс

Мәскеу. Қонақүй. Терезеден Кремль жұлдыздары көрінеді. Сағаттаңғы б-дарадидан Кремль куранттарының үні естіледі. Гимн. Жамбыл терезеден сыртқа қарап ойланып тұр. Есікті ақырын ашып, баяу басып Кенен кіреді.

Ж а м б ы л (бұрылмастан). Кененімбісің? Бозторғайым-ай, ұйқың сергек-ау.

К е н е н. Бозторғай күн шыға аспанға көтерілсе, мұңғылдарыңыз олардан бұрын тұрады екен.

Ж а м б ы л. Сонда маған мұңғылдармен бір шатысың бар дегенің бе? Әлде өзіңнің бірдеңең бар ма?

К е н е н. Жоқ, тәте. Ерте тұрғанның ризығы тәңірден

демеуші ме едіңіз. Сізді ерте оялатын Шыңғысханға ұқсатқаным ғой.

Ж а м б ы л. Оу, бозторғайым-ау, қылышынан қан тамған Шыңғысханнан басқа адамың табылмады ма? Климді содан артық деп мен бір пәлеге қала жаздап ем.

К е н е н. Тәте-е, Шыңғысхан бүкіл дүние жүзіне сол қылышының жүзімен аты шықса, сіз жылы жүзді, үздік жырыңызбен, үрдіс үніңізбен дүние жүзіне танылдыңыз, мен сол ұқсастықты айтам!

Ж а м б ы л. Ә-әй, сөз тапқанға қолқа жоқ. Мұның «Қазақ жеріне орыстар Пәшкенімен де, пәшкісімен де кірді» дегені сияқты екен... Ал Лениннің шуағы жалғыз қазаққа ғана емес, бар дүние жүзіне тарап бара жатқан жоқ па. Кеше ғана мен кім едім?

«Келемін тепеңдетіп есекпенен, Үкіметім нан береді есекпенен», — деп есек мінген мен, кеше ғана көкшолағыңды борбайлаған Қордайдың қойшысы, сен екеуміз, арқыраған отарбамен Мәскеудің қақ ортасында, Кремльдей кең ордасында шалжаң басып жүрген жоқпыз ба? Сенің қай атаңа ел билетті, сен болсаң, бүгін де үлкен ақын-жыршы ғана емес, Қордайыңның болысы болдың...

К е н е н. Тәте, тәте, мен сол болыстықтан гөрі, мына астананың ашық аспанының астында, еліміздің ең төрінде отырып, жыр алыбы, өлең-сөздің атасы, өзімнің ағам — Жамбылдың шәйін демдеуші, жанын емдеуші, шабытын демеуші боп соңына ергеніме, соған қолымның жеткеніне ризамын.

Ж а м б ы л. Әй, бозторғайым-ай, ертеде Төле бидің қасына ерген кіші билер Қарлығаш бидің қолына су құюға таласады екен, ол мұсылмандық, інілік парызын атқару ғой. Сен де солардай, ұлы міндетіңді өткергің келеді, сен менен кем ақын емессің, айыбың кішілігің, бүгінде менің көзім тірісінде маған іні боп еретін күндерің көп болғай, ертең мен көз

жұмғанда көргені мол аға боп, халқыңа беретін күндерің көп болғай! Әумин! Бүгін, көптен жоламай кеткен жолбарысым келіп, көлденең түсіп жатты. Ол да, мен де, көз шырымын алған жоқпыз. Құдай бұйыртса, бүгін бір Алатаудай заңғар, Балқаштай кең дария жыр туайын деп тұр.

К е н е н. Иншалла!

Ж а м б ы л. Мен өлсем жолбарысым саған үйірілер-ау, саған. Әумин!

К е н е н. Әумин!

Ж а м б ы л. Ал енді, Кененім, шайыңды жақсылап демдегін!

Сырттан жүгіріп Қасым Тоғызақов кіреді.

Қ а с ы м. Ассалаумағалайкүм! Тәте, менің керегім жоқ па, бірдеме туды ма, жазайын ба?

Жамбыл терезеден бұрылмайды. Кенен «дауыстама» деген белгі береді.

К е н е н. Тс-с! Тәтем түні бойы көз шырымын алған жоқ. Терезеден Мавзолейге қарап, көп ойланып, ыңыранып, көп толғатып шықты.

Қ а с ы м. Онда, бір сағаттасын дайын болыңыздар. Бар делегация Мавзолейге барамыз. Сәкен мен Жүргенов бастап барады.

Кетеді.

Бесінші көрініс

Өнер, әдебиет онқұндігінің салтанаты табысты өткенін баяндайтындай музыкалық әуендер, радиохабарлар. Солардың арасында пистолет жарығында — Жамбыл, Сәкен Сейфуллин, Күләш, Диналар жеке-жеке көрініп, жарық ұлғая түседі, пистолет жарықтары тұтаса түседі.

С ә к е н. Жолдастар, жолдастар. Биылғы 1936 жыл қазақ әдебиеті мен өнерінің, бүкіл кеңестер елінің кіндік астасы Мәскеуде ең шыған биікке, аспанмен астасқан шыңға шыққан жылы. Қазақтың өнер алыптарын бүкіл кеңес халықтары қошаметтеп, шын жүректерінен қол соққан жыл. Өнерден Күләш шығыс бұлбұлы атанса, поэзия алыбы — Жамбыл атамыз ХХ ғасырдың Гомері атанды. Осы жолы Жәкең тудырған «Ленин мавзолейінде» деген ұлы толғауы, келесі күні-ақ бүкіл Кеңес елінің түкпір-түкпіріне газеттер бетінен, радиохабарлар арқылы қанатын самғай ұшып, кеңес жұртының аспанында қалықтап жүр. Бұл жыр — бұрын-соңды айтылған ауыз әдебиеті нұсқаларында, бұрын жазылған жазба әдебиеті шығармаларында кездеспеген, теңдесі жоқ ғажайып поэзия үлгісі. Мына мен де, Кенен де, басқа ақындар да, бұл тақырыпқа өлеңдер арнағанбыз. Олар шынын айтайын, ағынан жарылатын Жәкеңнің мына толғауының тобығынан келмейді, сүйіншісіне де жарар ма екен?! Данышпаным, қарт даңғылым, төтем, көкем, әкем, Жәкең — Жамбылым, бүкіл кеңес жұртшылығының атынан сақалыңнан сүйейін!

Сәкен Жамбылдың мойнынан қушақтап, сақалын сүйіп еркелеп жатқанда Тайыр «Ленин мавзолейінде» толғауын оқиды.

Т а й ы р.

Күнсіздерге күн болған,
Жер жүзіне нұр болған,
Ақылдың кені данышпан.
Езілгенге қол берген,
Кемтарларға жол берген,
Заманның ері арыстан.
Адасқан халық зарыққан,
Сәулеңде келіп табысқан.
Дариядан артық ақылың,
Төбең биік ғарыштан.

Қартайғанда бір көріп,
Зират етіп қайтуға
Жамбыл келді алыстан...
Жер жүзіне шамшырақ
Орнатамын деп едің.
Миллиондаған халықтың
Сүйеніші едің, белі едің...
Ақшыл тартқан басымды
Алдыңа келіп иемін!

Өлең түгелдей оқылса да артықтығы жоқ. Өлең оқылып болғанда қатысушылар түгел қол соғып, қошаметтейді.

С ә к е н. Жолдастар, бұл онкүндік — әдебиетіміз бен өнеріміздің онкүндігі, бәріміздің, халқымыздың ұлы жеңісі. Сол жеңіске жеткен жыр алыбы — Жамбыл, оған тетелес алып анамыз күй анасы — Дина, ән анасы — Күләш, сахна ата-сы — Қалибек бастаған ұлт әртістерімізді ел — Қазақстан асығыспен ұлы мереке деп күтіп отыр. Ертең Мәскеумен қош айтысып, күймен-әнмен, жырмен елге ораламыз.

Сөз аяғы күйге, пойыз жүрісінің ырғағына ауысады. Қараңғы сахнада пойыз терезелерінің жарқ-жұрқ еткен жарығымен күй тартқан күндікті Дина бейнесі, ән салған Күләш бейнелері алма-кезек алмасып, салтанатты өнер кешін баяндағандай әсер қалдырады.

ЕКІНШІ АКТ

ПРОЛОГТЕГІ КӨРІНІС

Сахна қараңғы.

Ауыздарынан жалын шашқан үгілдеген айдаһарлар, мың бұралып ысқырған әбжыландар әлдекімді қоршап,

матап алған. Солардың алдында Жамбыл домбырасын безеп, манасшыларша аруақтанып, жыр сөздерін құйып отыр («Сұржылан» атты өлеңі):

Ысқырды тағы сұр жылан,
Екі айыр тілі у жылан.
Бақытты бейбіт елімде,
Жасырынған сұм жылан.
Ой-шұқырды сағалап,
Елді торып жағалап,
Жабықтан кірген қу жылан.
Ерген иттер айтаққа
Сатылған жауыз, бай тапқа,
Жарықтан қашқан бандалар,
Өңшең соқыр, жын жылан.
Қанқұмарлар жыланы,
Троцкий жыланы,
Қайдағы зұлым сұм жылан,
Жай жылан ба, бұл жылан —
Қара, жолдас, бас қосып,
Халыққа қара түн тосып,
Сақтап зәрін бойына
Туғызбақ боп бізге ылаң,
Халықтың қара жаулары
Бас қосып қай-қайдағы,
Елеусіз жүріп елімде,
Нелер сұмдықты ойлады...

Жамбыл өз-өзінен шошығандай, айғай салып артына қарайды. Жыландардың арасында, жарқ-жұрқ еткен шам жарығында Сәкен, Ораздар көрініп қалады. Жамбыл жан даусы шыға үрейленіп, шегіншектей-шегіншектей шығып кетеді. Шам жанғанда — төсегінен айғай сала шошып оянған Жамбыл отыр.

Бірінші көрініс

Ж а м б ы л. Ғали, Ғали! О, фани! Ғали қайда? Қыпшақай, Қыпшақай, шақырыңдар Қыпшақайды, Ғалиды... О, фани жалған, не боп барады бұл заман. Кімге сенейін, кімді ұғып, кімді түстеп, түсініп, кімге пиғыл берейін, кімге көңіл бөлейін, басым қатты, білмеймін, жақынды да алысты бұрынғыдай көрмеймін, алжыдым ба, тоздым ба, қажыдым ба, біттім бе — о дүниеге оздым ба, кімге сеніп, ес қылып, қай шындықтың етегіне жармасып, қай сұмдықтың жағасына жармасып, кім соңынан ерейін...

Ентігіп Ғали кіреді. Қолында мылтық, жалғыз сауысқан.

Ғ а л и (міңгірлеп, күмілжіп). Тәте, мені шақырдыңыз ба?

Ж а м б ы л. Қолыңдағы не?

Ғ а л и. М-мылтық.

Ж а м б ы л. Сендер қалам ғана емес, қолдарыңа мылтық та ұстай біледі екенсіңдер. Екінші қолыңдағың не?

Ғ а л и. С-сауысқан...

Ж а м б ы л. Сендер жазықсыз құс емес, адамды да атып тастайтын қаражүрек екенсіңдер.

Ғ а л и. Тәте, не боп қалды. Кім кімді атып тастапты? Ашып айтыңызшы.

Ж а м б ы л. Ашып айтатын сендер, ашып айтыңдар қашып жүрмей!

Ғ а л и. Ашып айтса, тәте, мен өмірі сізден қашып жүрген жоқпын. Мылтық тұрмақ, ешкімді көзіммен атып көрген жоқпын, анда-санда аңшы боп шүріппені аңға басып та жүрген жоқпын, әшейін бір зеріккен соң, ішім пысып еріккен соң, тауға шығып кекілік атайын деп, таудан шаршап келіп жатайын деп... Оған да икемім де, ебім де, аңшылыққа тигізер себім де жоқ екен, кекіліктің бірі жақындатпайды, сосын

ақын атпайды, мен мерген емес екенмін, құдай ондай өнерді берген де емес екен. Содан мына бір шықылықтаған өсекші сауысқанды қайта-қайта дүңкілдетіп ата бердім. Бір кезде оқ тиіп, тап алдыма жерге жата кетті.

Ж а м б ы л. Өсекші деймісің, шықылықтаған арам сауысқаннан сендердің де айырмаларың аз-ау, қай жерлерің артық? Біреуің сылтық, біреуің тыртық, біреуің тасадан атар қара мылтық, қайсың барсың бетпе-бет келіп, бұқпай, ықпай атар ақ мылтық?

Шарайнада бұрынғы Жамбыл.

Б. Ж а м б ы л. Иә, Ғалидың кінәсі не? Осынша, «жуас түйе жүндеуге жақсы» деп, өзі де жібек, сөзі де жібек ақыныңды жегідей жеп, жерлегенің не? Жібекті түтемін деп жүн ғып алма, сабыр, сабыр!

Ж а м б ы л (*сабасына түсіп, ыңылдайды*). Е, жібегім, жібектей жұмсақ, түбіттей үлбіреген биязым, әперші ана домбыраны. (*Домбыраны мылтық қып оқталып, атқан боп өлең құрайды*).

Кекілік ұшып дүр етті,
Ғали шошып дір етті,
Атқаны бір сауысқан,
Оқтың бәрін тауысқан.
Ұялғанын байқаймын,
Бәсең шыққан дауыстан.

Ж а м б ы л. Әй, Ғалиым-ай, ашынғанда, күйзелгенде саған зекіп, саған ұрсып, әшейін налимын да. Сен қалаға кеткен екен десем, далаға кеткен екенсің ғой, саған ештеме жетпеген екен.

Ғ а л и. Не жетуі керек, тәте?

Ж а м б ы л. Сәкенжан қамауға алыныпты ғой. Түрмеде отыр дейді ғой. Не үшін?

Ғ а л и. Естісем құлағым керең болсын, сіз де естімей-ақ қойыңызшы.

Ж а м б ы л. О не сөз? Мен әлі керең емеспін.

Ғ а л и. Тәте, тәте, бұрынғылар: «Естіген құлақта жазық жоқ» деуші еді ғой, қазір естіген құлақты да жазғыратын болыпты.

Ж а м б ы л. Естіген құлақты кім естіп қояды екен? Оны қайдан біледі?!

Ғ а л и. Тәте-ау, құлағы естіген қазақтың аузы жыбырламай қоймайды. Сондықтан мен ештеме естіген жоқпын. (Елеңдеп.) Ой, жаңа Қыпшақай қаладан келген, мынау соның жүрісі.

Бөлмеге сәлем беріп Қасым, одан соң Қалмақан кіреді.

Ж а м б ы л. Ал қане, Қыпшақай, Қасым, Сәкеннен не хабар әкелдің, қапасқа қамағаны рас па?

Қ а с ы м. Рас болғанда, бұдан екі ай бұрын қамағаны да рас. Жұрттың жаңа естігені де рас. Сәкен ғана емес, Майлиннің де, Жансүгіровтің де ұсталғаны рас. Қала, ауылдардан ұсталып жатқандарда қисап жоқ. Бәрі — рас!

Ж а м б ы л. Тоқта, сүйреңдемей! Қалай ғана мұны жаның жай тапқандай, жайраңдап, жайбарақат айтып тұрсың, санасыз!

Қ а с ы м . Жайбарақат айтпағанда қайтем, тәте! Бүйте берсе ертең біз де түрмеге бір-бір рет жатып шығамыз. «Түрмеге бір рет те түсіп көрмеген адам большевик емес» деп Ленин атамның өзі айтқан.

Ж а м б ы л. Не үшін түспексің?

Қ а с ы м. Не үшін деріңіз бар ма. Қазір үндеместер жабам десе, жаба салатын көрінеді. Сіздің өлеңдеріңіз үшін де біраз адам түрмеге түсіпті.

Ж а м б ы л. Менің өлеңдерім үшін?!

Қ а с ы м. Сіздің «Ұлы Сталин» деген сөзіңіз бар ма?

Ж а м б ы л. Бар. Немене, Сталин ұлы емес пе екен. Не сандырақ?

Қ а с ы м. Тұра тұрыңыз. «Ленин-Сталинді мадақтайық» деген сөздеріңіз бар ма?

Ж а м б ы л. Немене, мадақтауға тұрмай ма, қызталақ?!

Қ а с ы м. Ендеше, «ұлы» деген сөз «ұлы Сталин» болып, «мадақтайық» деген сөз Ленин-Сталинді «мазақтайық» деп басылып, талай газет-журнал қызметкерлері түрмеге қамалып жатыр. Оны айтасыз. Мен, тәте, одан да қызықты айтайын: бір облыстық газетте бас мақаладағы «Жаппай егіске жұмыла кірісейік» деген тақырыптағы «егіске» деген сөздегі «е» әрпінің орнына «с» әрпі түсіп кетіп, бар редактор, корректор бәрі түрмеге қамалыпты. *(Қарқылдап күледі.)*

Ж а м б ы л. Оның несі қызық? Несі күлкі? «Жаппай егіске жұмыла кірісейік» — «егіске».

Жамбыл жаңа түсініп, екі иығы селкілдеп кеп күледі.

Қ а с ы м. Сол-лай ма екен?

Ж а м б ы л *(күлкісін әрең тыйып)*. Сон...да, сонда, сол үшін түрмеге отырғыза ма? Не деген сұмдық?! Оу, баяғы заманда, бәдік айтыста одан да сорақыларды айтатынбыз. Әдейі қиюластыратынбыз. Сонда, осы сұмдықтарды Сталин біле ме?

Қ а л м а қ а н. Неге білмесін, кімнің дос, кімнің қас екенін, оңы мен солын білмейді деуге, ақ пен қараны айырмайды деуге кімнің аузы барады.

Ж а м б ы л. Сталин қазақша білетін бе еді? Сәкеннің өлеңдерін қалай түсінеді?

Ғ а л и. Түсінбесе, түсіндіретін, орысша аударып беретін кәпірстан қазақтар бар емес пе? Кейде ыммен-ақ ұстап береді.

Ж а м б ы л. Бірін-бірі ұстап беретін қай жауыздар ол? Ол жүзіқара зәнталақтың біреуінің атын аташы тым құрмаса.

Қ а с ы м. Көңіліңізге келеді ғой.

Ж а м б ы л. Ондай қарабет көңілге келмей-ақ қойсын. Білсең, біреуінің атын аташы.

Қ а с ы м. Оның бірі — өзіңізсіз, тәте!

Ж а м б ы л. Не дейт! Не айтып тұрсың? Мен қай уақытта Сәкенді жау дедім? Бейімбет, Илиясты қамауға ал деп қашан айттым? Ендігі ұл-қыздарымның жаласына мені қалдырмақсың ба? Не жала бұл, не жала?!

Қ а с ы м. Сіз ата дегесін атап тұрмын. Жала емес. Есіңізге салайын ба, «Сұр жылан» деген өленіңізді?

Ж а м б ы л. Сал, сал. Сосын мені де қамат.

Қ а с ы м. Мен жатқа білемін. Керек жерін ғана есіңізге салайын:

Ысқырды тағы сұр жылан,
Екі айыр тілді у жылан.
Бақытты бейбіт елімде,
Жасырынған сұм жылан.
Ой-шұқырды сағалап,
Елді торып жағалап,
Жабықтан кірген қу жылан...
Жарықтан қашқан бандалар
Өңшең соқыр, жын жылан...

Ж а м б ы л. Жетті, жетті, мен соңғы кезде түсімде де сол жыландарды көретін боп жүрмін. Енді Сәкенді қаралаған жерімді айтшы.

Қ а с ы м.

Халқымның жауы — залымын,
Басы өлсе де жыланның
Құйрығы тірі қалмасын,
Күлін көкке ұшырып,
Тастайық шауып тамырын.

Ж а м б ы л. Бары осы ма? Сәкен жоқ қой.

Қ а с ы м. Сәкен жалғыз болса бір сәрі, басқалар да тұрған жоқ па бұл сөзде: «Тастайық шауып тамырын», — дейсіз. Тамыр біреу-ақ болушы ма еді. Сәкен Троцкийдің бір тамыры, бір құйыршығы ғана. Енді көп тамырларын — бандыларын іздеп жатыр. Олардың бәрін табады, бәрін шабады.

Ж а м б ы л. Әй, мен Троский-мроскийдіңді білмеймін. Бейбіт елімізге лаң салып, айрандай ұйыған ел бірлігін, тамаша тұрмысымызды бұзып, ойран салғысы келіп жүрген ішімізден жаулар шықты, олар жалғыз Мәскеуде емес, басқа кеңес жұртының бәрінде бұғып, астыртын қастандық әрекет жасап жүр, солардың, әлгі, не деп едіңдер, иә, «бетпердесін жұлып, айдай әлем алдында аямай әшкерелеп беріңізші!» — деген өздерің емес пе едіңдер?!

Қ а л м а қ а н. Иә, айттық. Сіз әшкереледіңіз. Сізде кінә жоқ. Дәл айттыңыз.

Ж а м б ы л. Дәл айтқанда, мен қазақтың Сәкендердей ардагер ұлдарын айтыпшы ба?

Қ а л м а қ а н. Жәке, енді бәрін де ұмытыңыз. Ардагер деп отырғандарыңыз жау боп шықты. Енді оларды қорғаймын деп пәлеге қалып қайтесіз.

Ж а м б ы л. Мен бе? Мен неге пәлеге қаламын? Мен, қайта іздеу салып, жоқтау айтуым керек.

Жердің жігінен шыққандай, Қаракөзілдірік шыға келеді.

Қ а р а к ө з і л д і р і к. Жоқтау айтам деп жүріп, өздерің жоғалып кетіп жүрмеңдер...

Ж а м б ы л. Мен неге жоғалуым керек, кім мені жоғалтатын? Мені бір құдайдан басқа, тірі пенде жоғалта алмайды. Қарай гөр, мына баланың мықтымсуын. Әй, қаракөзілдірік, сен мені қорқытпа! Әй, осы сен кімсің өзі? Күтпеген, күтінбеген жерде, күдірейіп, кейде сүмірейіп, кейде едірейіп шыға келесің. Ойламаған кезде біреудің ойынан, біреудің қойнынан шыға

келесің. Әркімнің қалтасында жасырын жүрген немесің бе, әлде біреудің арқасында айбының мен айлаңды асырып жүрген немесің бе? Айтшы шыныңды, жеріңді, руыңды, тегіңді, ұлтыңды, шыққан жұртыңды, адам деп қойған атыңды, адамшылық затыңды?!

Отырғандар әуелі аң-таң, Жамбылға үрейлене қарайды.

Қ а с ы м. Тәте, қайсымызға ұрсып отырсыз?

Ғ а л и. Ойыңызға бірдеме түсіп кетті ме?

Ж а м б ы л. Ойыма ғана емес, көзіме де түсті.

Ғ а л и. Кім? Кім?

Ж а м б ы л. Қаракөзілдірік.

Қ а с ы м. Ә, ол бізге ылғи көрінеді.

Ғ а л и. Кейде елестейді. Етіміз үйренген.

Ж а м б ы л. Елестеген емес, сөзін де естідім. Қайда кетті өзі? Кім өзі?

Қ а с ы м. Бұларда ұлт та, ру да жоқ. Бұлардың ақылы да, аттары да біреу-ақ: бұлар — үндемес деген ауылдың, үндемес деген балалары. Бұлар бұрын үнемі ұй артында жүретін. Қазақтың «ұй өзімдікі деме, ұй артында кісі бар» дейтіні содан-тын. Ал қазір бұлар ұй ішіне кіріп алған. Енді бізбен қатар жүрген адамдардың ішіне, қолтығына кіріп, қалтасына түсіп, орналасып алғандары да бар.

Ғ а л и. Иә, әлгі осы ортамыздан, біреуіміздің қолтығымыздан шықты.

Ж а м б ы л. Оу, мыналарың ескінің ертегісі сияқты екен.

Қ а с ы м. Жәке, жаңа заманның да адам сенгісіз ертегісі бар. Оны оқымаған адам сіз түгілі, аздап оқыған біз де біле бермейміз.

Ж а м б ы л. Апыр-ай, кер заманға кез болмасам игі еді?!

Қ а с ы м. Кез болмасам едіңіз не, тәте! Ужe, кезіккенсіз. Бәріміз де қақпанға түскенбіз.

Ж а м б ы л. Қой, Қыпшақай, қайдағыны айтпай. Жақсы сөз — жарым ырыс, заманның жақсылығын айтуға тырыс.

Қ а р а к ө з і л д і р і к. Әй, Тоғызбақтың Қасымы. Қасым емес, қаскөй боп барасың ғой, байқа, байқа! Тоғызқұмалақ ойнағандай тұспалдап, шалдың сау басын қатыра берме. Өзің де сау басыңа сақина тілеме! «Қақпанға түскенге қақпан кінәлі емес, қақпанға түскен кінәлі».

Қ а с ы м (бірден өзгеріп). Әй, Жәке-ай, бұрынғының адамысыз ғой. Кейде аңғармай сөйлей салатыныңыз бар, аңқаусыз-ау, адам қартайғанда бір бала!

Ж а м б ы л. Оу, Қыпшақайым, мен не деп аңғармай сөйлейін. Дәп осы арада құлағың қағыс естімесе, мен ештеме артық сөйлегем жоқ.

Қ а с ы м. Артық сөйлеген жоқсыз, кем сөйлеп қалдыңыз.

Ж а м б ы л. Кем дейді, әй! Сонда, кем сөйлегеннен де кемшілік таптың ба, әй, Қыпшақайым?

Қ а с ы м. Жаңа ғана, бір құдайдан басқа ешкім мені жоғалта алмайды дедіңіз бе?

Ж а м б ы л. Дедім! Өтірік пе? Бұл сөздің не кемдігі бар?

Қ а с ы м. Кемдігі сол — сізді, бізді, бәрімізді құдайдан да бұрын күдекеңнен күдіреті күшті Стекең алып кете алады. Өтірік пе?

Ж а м б ы л. Оу, мен о дүниеге дегенім ғой.

Қ а с ы м. Стекең о дүниені бұ дүние, бұ дүниені о дүние етіп те өзгерте салады.

Ж а м б ы л. Оның рас, мен әшейін бұрыннан келе жатқан сөздің рәсімімен айтқаным ғой.

Қ а л м а қ а н. Заман ыңғайына қарай сөз рәсімі емес, бар рәсімді өзгерту керек.

Ж а м б ы л. Оның рас... Осы сендер менің өлеңімнің сақалын күзеп, мұртын басып, артық-тыртығын түзеуге шеберсіңдер. Кем сөзді толтырып, артық сөзімді де римонттай салмайсыңдар ма. Мен де бір, ескі трактор да бір, кейде

бір жазық жонға шығып алып, жосытып, артық тырылдап-ырылдап кететінім бар.

Қ а с ы м. Ондай жерде «Қалмақан өлең жазады, ақшасын Жамбыл алады» деп ескі гөй-гөйіңізге басасыз ғой тағы да...

Ж а м б ы л. Әй, қу бала, Қыпшақайым-ай, осы сен сұңғыла баласың. Ішінде өртеніп жатқан бір бәле бар. Бәлесің, бәлесің! Әйтеуір тіл-көзден аман жүрсең жарар еді. Айтқандай, менің Сталинге жазған арызымды түзеп, қырнап әкелдің бе?.. Әкелші, бармағымды басып берейін. (Қасым қалтасынан алып, хат ұсынады.)

Ғ а л и. Бұл нешінші хатыңыз?

Ж а м б ы л. Білмеймін, санынан жаңылдым ғой, әйтеуір төпелеп жаздырып жатырмын, жаздырып жатырмын, бірде-бір жауап жоқ. Мен қазір! (Жамбыл бармағын басып, сыртқа шығып кетеді.)

Қ а с ы м. Тәтем Сталинге: «Қазақта халық жауы болмайды, қамалғандарды босат» деп неше рет, неше түрлі хат жазғызды. Осы жолы, егер осыдан жауап жазбасаң, сені мадақтап өлең айтуды қоям, — деп өзінше Стәлинді қорқытып жазғызды.

Қ а л м а қ а н . Сен солай жаздың ба?

Қ а с ы м. Олай жазып өле алмай жүр деймісің?!

Қ а л м а қ а н . Бәсе.

Қ а с ы м. Тәтем Стәлинге айтып отырғанда, мен өлең жазып отырам. Жәкең де сәби ғой, жазып отыр деп илана береді.

Ғ а л и. Сонда сен не жазып отырасың?

Қ а с ы м. Мысалы, осы жолы былай жаздым:

«Біреулерге жас қайғы,
Біреулерге бас қайғы», —
«Бұл сөзімді, Оразжан,
Сталинге жеткіз», — деп,
Жәкең күнде қақсайды.

Қақсаса да бұл сырдың,
Кілтін ешкім ашпайды.
Сыртын беріп бұрылып,
Ешкім аяқ баспайды.

Басқанменен не пайда?! —
Газет, журнал баспайды.
Жәкең сөзі бұл үйден
Қарыс қадам аспайды.

Жаны тыныш өкімет
Ештемеден саспайды,
Саспайтыны — бос сөзге
Сталин құлақ аспайды!

Қ а л м а қ а н . Мына сөзіңнің төркіні жаман екен. Біреудің қолына түседі деп қорықпаймысың? (*Екеуінің көзі де қара көзілдірікке түседі.*)

Қ а с ы м . Несіне, қорқам, Жәкеңе Стәлинге жібердім деп, артынан жыртып тастаймын. Ондай хаттарды «жіберуші болмаңдар» деп ескерткені қайда?

Қ а л м а қ а н . Иә, білем! Мен де ескертемін!

Сырттан Жамбыл келеді.

Ж а м б ы л . Ал жарайды, барыңдар, мен демаламын.

Қ а с ы м . Әлгі хатым қайда, ертең жіберейін.

Ж а м б ы л . Сен қиналмай-ақ қой, сенің қолың ауыр, жаңа қолы жеңіл біреуден Алматыға жібердім.

Қ а с ы м (*баж етіп*). Ойбай, неге жібердіңіз, кімнен, құрыдым ғой.

Ж а м б ы л . Неге құрысың? Құрысам — мен құримын.

Қ а с ы м . Қап. Қайда ол кісіңіз, әлі кеткен жоқ шығар.

Сыртқа ұмтылады.

Ж а м б ы л (*кетіп бара жатқан Қалмақанға*). Тұра тұр.

(Хатты ұсынып.) Әлгі жеңілтек Қыпшақайдай емес, сен салмақтырақсың ғой, мына хатты Стәлинге салып жіберші.

Қалмақан қағазды қалтасына салып шығып кетеді.

Екінші көрініс

Сырттан жүгіріп Алғадай келеді.

А л ғ а д а й. Тәте, тәте, басыңды көтер, Сәбиттер келіп түсіп жатыр.

Ж а м б ы л (жатқан орнынан тұрып). Ол неге келіпті? Үш-төрт ай бойы бәрінен құтылып, басымды арашаладым ба деп ем, тағы да менің басымды қатырып, миымды ашытуға келген шығар.

Сырттан Сәбит, Мұхтар, Қалмақан, Фалилар кіреді.

С ә б и т (қолдасып). Ассалаумағалайкүм!

Бәрі қол алысып, отырады.

Ж а м б ы л. Ал Балуан Шолақ, Шоң қазақ, неге келдіңдер, шаруаларыңды айтыңдар да, менен сыбағаларыңды алып, ана қонақұйден сыбағаларыңды жеп, Алматыларыңа қайтыңдар. Сөз — осы.

С ә б и т. Сөз осы болса, біздің де сөзіміз осал емес. Сіздің мәселеңізді қарап, біз де біраз сыбағаңызды беруге келдік.

Ж а м б ы л. Ол ненің ақысы!? Сендердің жанарған кеңес үкіметтеріңді, сендердің бақытты өмірлеріңді жырлап, енді мына аза бастаған, тоза бастаған, түрме иісі шыққан тіршіліктеріңді көрмей, өлуге бар шығар бұл қақбастың қақысы.

С ә б и т. Сіздің мәселеңізді қарауға біздің де бар қақымыз. Жәке, сіз, прежде всего, Жазушылар одағының басқалармен бірдей мүшесісіз. Мен, прежде всего, Жазушылар одағының басқалардан ерек білдей бастығымын.

Ж а м б ы л. Ал терге, терге! Ендігі тергемегендерің, түрмеге бермегендерің, тірідей жерлемегендерің мен екенмін.

С ә б и т. Алла сақтасын! Қайдағыны айтпаңызшы!

Қ а р а к ө з і л д і р і к . Олда мүмкін: «Қақпанға түссең — қақпанды жазғырма, неге түстім деп өзіңді жазғыр».

С ә б и т (*бәсеңсіп, жасқаншақ*). Маған ана жоғарғы жақтағы өзіңіз білетін Дәулерден күнде звонок, күнде құлағымның етін жейді. Дхамбул Джабаев қайда? Ауырып қалды ма? Неге үнсіз жатыр? Сендер сөйлетпей тастадыңдар ма? Социалды қоғамға жаулар жабылып жатқанда, Жамбыл жабығып қалды ма, жалығып қалды ма, айтар сөзден жаңылып қалды ма?

Ж а м б ы л. Жабықтым да, қамықтым да, бірақ жалыққан жоқпын, айтар сөзден жаңылған да жоқпын, тек, жас жетіп бәрінен де тарықтым, торықтым.

С ә б и т (*сөзді бұрып*). Оу, тарығатындай, тәтесі, не боп қалды? Аанада ауылда өткен үлкен слетке машинамен бармай, қасқа атыңызға мініп, кеш қалыпсыз. Шопырыңызға ұрысса, ол мен кінәлі емес, тәтем машинаға мінбей қойды дейді.

Ж а м б ы л. Меншіксіз машинадан меншікті ат жақсы.

М ұ х т а р. Меншіктісі қалай?

Ж а м б ы л. Әй, Балуан Шолақ, ана маған берген машина кімдікі?

С ә б и т. Кімдікі болушы еді — сіздікі!

Ж а м б ы л. Жоқ, Сәкендікі, Сәкенжандікі. Оның қырық жылдық тойында өкіметтің оған тартқан сыйы екен.

С ә б и т. Ол арасын білмедім. Бірақ онда тұрған не бар? Сәкен жау болса да, машинасы жау емес қой.

Ж а м б ы л. Кеше баламдай ғана бауырыма басқан Сәкенжан қапаста қамығып, өзі құрған жарық дүниеге бір шығып, таза ауаны бір жұтуға зар боп, зарығып отырғанда, мен қалай ғана дәтім шыдап, оның машинасына мініп жүрем.

С ә б и т. Тәте, Мәди ақын да: «Жалғыздың өзі өлсе, несі қалар? Мінген ат, қатын, бала жауда қалар» деген жоқ па?

Ж а м б ы л. Сонда мен Сәкенжанның жауы болғаным ба? Оның машинасын мінбеймін. Қасқа атымнан жарылқасын.

С ә б и т (*Мұхтарға қарап*). Тәте-ау, қазір жау боп кеткендердің қасқа атын да, басқа атын да мініп жүргендер бар, одан несін қысыласыз? Солай емес пе, Мұхтар?

М ұ х т а р. Бәлі, оның несін сұрай қалдың менен, бұл сөзің енді жарасып та тұрған жоқ, шындыққа жанасып та тұрған жоқ.

Ж а м б ы л. Ә, балуанның, әшейін жаны ашып тұрғаны шығар? Айтқандай, мен саған Балуан Шолақ деп ат қойып ем, сен кейінгі кезде балуан емес, қорқақ боп барасың. «Қорқақ адам қор болып, Көлеңкеден қорғалар, құрдай болып жорғалар, жұртқа жәрдем берер ме. Қиын күнде ондайлар».

С ә б и т. Менің, қазір ештемеге шамам келмейді, қолым қысқа молақпын, балуан емес, шолақпын!

Ж а м б ы л. Жай шолақ боп қалсаң ештеме емес-ау, тек шолақ белсенді болмасаң жарар еді... Біреулер солай деп жүр ғой.

С ә б и т (*түсінбегенсіп*). Тәте, жұрт сізді заманының ең белсенді жыршысы, бел шешіп кірісер белсенді жаршысы деп жүр, сіз тұрғанда бізге ондай белсенділік қайдан келсін...

Ж а м б ы л. Бұл сөзіңнің жаны бар, Балуаным! Тоқсаннан асып, жүзге басқан бәйтерекпін бе деуші едім өзімді, сөйтсем замана бәйтерегінің бір бұтағына қонып алып, дамылсыз тоқылдатқан тоқсандағы тобықтай ғана тоқылдақ екенмін.

М ұ х т а р. Тәте-ау, олай торықпаңыз. Сіздің жырларыңыз ғасырға, ұрпақтан-ұрпаққа кетеді, сіз тоқылдақ емессіз, замана бұлбұлысыз, Жәке!

Ж а м б ы л. Бақытты заманды, Стәлінді жырлағаным халқыма, ұрпаққа жетсе де, Стәліннің құлағына жетпей қойды.

С ә б и т. Неге жетпесін, жеткенде қандай!

Ж а м б ы л. Егер жетсе Сәкенжанды, Бейімбетті, Илиясты айтып жазған қағазым неге жетпейді? Неше айдың жүзі болды. Қыпшақайыма жаздырып едім, жауап та жоқ, Қыпшақайым да көрінбей кетті.

С ә б и т. Ол бармағыңызды басқан хат па еді?

Ж а м б ы л. Иә, иә, оны қайдан көрдіңдер?

С ә б и т. Ол бізде, Президиумда қаралған.

Ж а м б ы л. Ол қайдан сендерге түсіп жүр?

Бәрі бір-біріне қарасады. Қалмақан төмен қарап, бұға береді.

С ә б и т. Соның артынша-ақ, Қыпшақайыңыз да тұтқынға алынған.

Ж а м б ы л. Тұтқынға?! Сонда мен кінәлі болғаным ба?

М ұ х т а р. Сіздің ешқандай қатысыңыз жоқ. Ол Майлинмен байланысты.

С ә б и т. Сіздің Майлиннің бала-шағасын қорғап, үйін даулаған шағымыңызды өз арамыздағы Мирзоян да оқи алмай кетті.

Ж а м б ы л. Мырзажанға не болды?

М ұ х т а р. Ол да «халық жауы» болып шықты. Жақында тұтқындалды.

Ж а м б ы л. О, тоба! Оразым аман ба, Оразжан? Оған да шағынып ем!

Авансценаға Ораз бен Жамбыл шығады.

О р а з. Тәте, біз де шындықтың аулын таба алмай адасып, не адасқанымызды айта алмай, сөзіміз шерге, шеріміз уға айнала бастаған, әйтеуір тірі жанбыз...

Ж а м б ы л. Сонша не боп қалды, қара аспанды жаудыратын? Аспанды тіреп тұрған да өздерің, оны құлататын да өздерің емессіңдер ме?

О р а з. Біз де солай ойлағанбыз. Сүйтсек, күмбезді көтергенше ғана бізді тіреуіш етіпті де, көтеріп алған соң, қағып тастап, жалғыз тіреуіш — жалғыз дінгекпен қалдырмақшы екен...

Ж а м б ы л. Е, е, онда тіреуішпін деп жүргендеріңнің көбі құр қуыс кеуде шіренгіш екен де, бірін-бірі ірегіш десейші. Тіреуіштеріңнің түбі тез шіріген екенде, бастарың қосылып, ұйымай жатып, іріген екенсіңдер. «Алтау ала болса ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса төбедегі келеді». Іргелерің сөгіліп, ауызбірліктен кеткен екенсіңдер — онда өз аулыма дем берем деп жүріп, сырттағы жауға жем болдым дей беріңдер.

О р а з. Сырттағы жау алса өкініш аз-ау, іштен шыққан жау жаман екен. Бірін-бірі алдырып жатқан өзіміз емес пе?

Ж а м б ы л. Сол өзіңнің ішінде өзің жоқсың ба?

О р а з. Сіз, тәте, маған күмәнданамысыз? Қашаннан бері?

Ж а м б ы л. Күмәнданбайым, күдікшіл боп барам. Әркімнен күдігім бар, ал айтшы — Сәкен жау ма?

О р а з (*күмілжіп, жан-жағына алақтайды*). Енді... солай деп жүр ғой.

Ж а м б ы л. Маған солай-молайың керегі жоқ, былқылатпай турасын айт.

О р а з. Мен қайдан білейін.

Ж а м б ы л. Сендер, өкімет басшысы, сендер білмегенде, кім біледі. Сендер қаматқан, айт, жаның барыңда, әкеңдей болған маған шыныңды айтпағанда, кімге айтасың? Кеше ғана төс қағысып, құшақтасқан достар емес пе едіңдер. Екеуіңнің бірге жүргендерің қандай жарасымды еді. Достарың қуанып, дұшпандарың күндегендей еді...

О р а з (*көзі қаракөзілдірікке түсіп*). Тәте, бұған сіз араласпаңыз. Қайтесіз... Үкімет жау деген адам — жау!

Ж а м б ы л (*айғайлап*). Сонда — Сәкен жау?! Сеніңше ол — жау?!

О р а з. Жау болса, жау шығар, қойыңызшы, тәте, былай да бас қатып болды. Сіз енді бір жағынан.

Ж а м б ы л. Ә-ә, солай ма, Сәкен жау болса, сен де жаусың, бәрің жау. *(Таяғын ала ұмтылады. Ораз таяқтан қорғанып шығып кетеді.)*

С ә б и т. Тәте, сіздің айтқаныңыз құдайдың құлағына шалыныпты. Ораз да жау боп шықты. Ол да қамауда.

Ж а м б ы л. Не дейді? *(Өз басын өзі тоқпақтап.)* Мен кінәлімін. Мен, мен. Сәкен жау болса, сен де жаусың деп едім. Мен имансызбын, мен, мен кәпірістан! Мен! *(Талықсып құлай береді.)*

С ә б и т. М ұ х т а р *(сүйемелден)*. Сіз кінәлі емессіз.

Қ а л м а қ а н. «Майлин жау болса, мен де жаумын» деген Мүсірепов та әлі аман жүр ғой!

Ғ а л и. Сіздің ешкімге кінәңіз, жазығыңыз жоқ.

М ұ х т а р. Бақытты тұрмысты, көсемдерді жырлағаннан басқа сізде не жазық.

Ж а м б ы л. Енді одан да қалатын шығармын.

Елдің бағы ашылар,
Әділеттік орнаса.
Қасиет болмас халықта,
Басқарушы қорласа.

С ә б и т *(шыбын-шіркей)*. Атай көрмеңіз, атай көрмеңіз.

Қ а л м а қ а н. Қайта сіз жырлаған үстіне жырлаңыз.

С ә б и т. Біз сізді ел арасында жиі болып, жиі жырласын, Стәлінді жырласын, көп жырласын деп әдейі келдік.

М ұ х т а р. Дүниеде бәрі де өткінші, бәрі де өтеді, бәрі де өзгереді, жоғалады. Тек қана жоғалмайтын, суалмайтын — ақын жыры, жазушы сөзі! Сталин өлсе де, оны мадақтаған жырыңыз өлмейді.

С ә б и т. Басқа дәлел таппадың ба, Мұхтар. Сталин өледі деуге аузың қалай барады?

Бәрінің көзі қаракөзілдірікке түседі.

М ұ х т а р. Бәлі, Ленин де өлген жоқ па. Сталин де соның қасына — мавзолейге барады дегенім ғой.

С ә б и т. Бәсе, солай десейші.

М ұ х т а р. Сонда Сталиннің орнына «партия» деп сөйлейміз:

«Ең жарығым — партия,

Күндіз де бар, түнде бар — жанып тұрған жалынды от» дейміз.

С ә б и т. Мұның да дұрыс.

М ұ х т а р. Ал партия жоғалғанда, «коммунизммен» өзгертеміз.

С ә б и т. Мұның енді дұрыс емес, партия қайда жоғалады? Сен үшін жоғалар, безпартийный Мұхтар. Ал бізге партия ешуақытта жоғалмайды.

М ұ х т а р. Бәлі, коммунизм кезінде ешқандай партияның болмайтынын білмеуші ме едің, Сәбит?!

С ә б и т. Ә, солай ма еді өзі, иә, дұрыс.

М ұ х т а р. Ал коммунизм құлағанда...

С ә б и т. Жетті, жетті. Бізге аржағының керегі жоқ.

М ұ х т а р. Міне, Жәке, көрдіңіз бе? Сіздің жырларыңыз мәңгі-бақи өлмейді. Ауыз әдебиетінің өміршеңдігі осында.

С ә б и т. Так што, тәте, төге беріңіз жырыңызды, тоқталмаңыз, бөгелмеңіз.

Ж а м б ы л. Түсініп отырмын түтініңді, «сонда — құда да тыныш, құдағи да тыныш» дейсің ғой.

С ә б и т. Иә, Жәкесі, тыныш жүріп, анық бас, еңбегің кет-пес далаға, бастадың ба бір істі, қала көрме пәлеге, қалдыра көрме жалаға...

Жамбыл жалғыз. Шарайнаға жақындайды.

Ж а м б ы л. Пәлеге өзің де қалма, жалаға бізді де қалдырма

дейді. Бірақ қалай қалдырмаймын. Көңіл қалса, өлең де, жыр да қалады. Бәрі де суалады.

Б. Ж а м б ы л (*шарайнада*). Суалма, суалма! Ақын суалатын, қысыр қалатын бие де емес, сиыр да емес.

Ж а м б ы л. Сонда не істемекпін, қос аяқтан қақпанға оңбай түскен екенмін.

Б. Ж а м б ы л. Иә, айтпап па едім. Қақпанға қос аяқтан ғана емес, тілің де қақпанға түскен. Енді шырмауыққа бір-жола шырматылуың ғана қалды.

Ж а м б ы л. Сонда не істеуім керек?

Б. Ж а м б ы л. Бар деген жерге бар, жырла дегенін жырла. Күн өткен сайын сирете бер, сирете бер. Оның аржағында жүзге тақадың, қаусадың, ауру-сырқау деген бар. Оның аржағы — төсек тарту, о дүниеге бойсұну.

Ж а м б ы л. Иә, құтылудың бір-ақ жолы осы.

Музыка. Музыка соңы қайғылы музыкаға астасып, соңынан репродуктордан соғыс хабары естіледі.

Үшінші көрініс

Репродукторда соғыс туралы хабар. Сәбит Мұқановтың кабинеті. Кабинетте Сәбит, Мұхтар, Тайыр, Қалмақан.

С ә б и т. Сонымен түсінікті шығар. Қалмақан, сен парторг ретінде бүкіл коммунист жазушыларды жина, сен, Мұхтар, ауыз әдебиеті өкілдері — жер-жерден келген халық ақындарымен әңгіме өткізесің. Бәрі де жұмыла қалам алып жауға қарсы өлең-жырларын жолдасын. Өздерің де бір-бір мақала жазыңдар. Бұрынғы батырлардың атын қайта түзетіп, халықтың жауға деген кегін оятып, рухын көтеру керек.

М ұ х т а р. Жамбылдан не хабар?

Қ а л м а қ а н. Тәтем ауруханаға түскелі не заман. Қатты науқас. Ол адамда енді не қауқар бар дейсің.

С ә б и т. Шіркін, Жәкең болса, осындайда бүкіл елдің рухын бір көтеріп тастар еді. Жоғарғы жақта сұрап жатыр. Бағана Ғалиды ауруханаға жібердім, халін білсін деп. Шіркін, тым құрмаса, бір-екі сөз айтуға шамасы келсе, ар жағын қосып та жіберер едік.

Т а й ы р. Жәкең атынан, былай, айтып, жазып дегендей...

С ә б и т. Қой, пәлеге қалып жүрерміз.

Сырттан Ғали кіреді.

С ә б и т. Кімді айтсаң сол келеді, иә, Ғали, сөйле!

Ғ а л и (*күліп*). Өлетін тәтем жоқ, кірген бойда қақ бастан таяқпен салып жіберді.

М ұ х т а р. Иә, онысы несі?!

Ғ а л и. Соғыс басталғанын маған неге айтпадыңдар, шығарыңдар бәлністен деп лаңды салып жатыр. Дәрігер босатар емес...

С ә б и т. Болды, болды, құдай берді дей беріңдер. Кеттік, Мұхтар, сен де жүр. Бәріміз.

Бәрі орындарынан өре түрегеледі.

Төртінші көрініс

Палата. Ақ халат киген Сәбит, Ғали, Тайырлар кіреді. Жамбыл көрпесін жартылай жамылып, сыртқа шыққан мәсілі аяғы жыбыр-жыбыр етіп, теріс қарап жата қалады. Аяғының жыбырынан ашулы екені көрінгендей.

С ә б и т. Ассалаумағалейкүм, тәтесі!.. Оу, Ғали, жаңа әңгіртаяқ ойнатып, қолындағы таяқпен қақ бастан салып жіберді дегенің қайда? Қай жеріңе зақым келді?!

Т а й ы р. Е, тәйірі, тоқсандағы қарттың таяғынан сен түгілі торғайға да зақым келмес.

С ә б и т. Оның үстіне сырқат адам.

Жамбыл атып тұрады.

Ж а м б ы л. Сендер мені өлген екен деп те ойлап тұрған шығарсыңдар. Көрі қақпастан құтылғандарыңа қуанып, іштеріңнен тойлап тұрған шығарсыңдар.

С ә б и т. Алла, Алла! О не дегеніңіз.

Ж а м б ы л. Егер маған жандарың ашыса, торға қамаған тотықұстай қамап тастармысыңдар.

С ә б и т. Қамап емес, сізді денсаулығыңыз түзелсін, мазаламайық деп... Міне, жөтеліп қалдыңыз, әлі айыққан жоқсыз. Еше құлақтан тартады.

Ж а м б ы л. Мен жөтелсем, сендерге ашуланғаннан жөтелем... Бүкіл дүние асты-үстіне келіп, алай-түлей құйын соғып, жер сілкініп жатқанда, мені аясаңдар, жалғыз жатпасын деп шығарып алмайсыңдар ма?

Қ а л м а қ а н . Жер сілкінгені қалай?

Ғ а л и. Қашан жер сілкінді?

Ж а м б ы л. Соғысты айтам, соғыс!

Т а й ы р. Ә-ә, соғыс па?

Ж а м б ы л. Түсінбей тұрғандарың? Соғыс басталғанын неге айтпадыңдар? *(Тағы да жөтеледі.)*

С ә б и т. Тәтесі, оны айтқанда сіздің денсаулығыңызға зақым келмесін деп.

Ж а м б ы л. Не, мен соғыс көрмеппін бе? Зақым келіп, немене, жүздегі Жамбылдың жүрегі жарылып өлер дедің бе? Өлсем, кімнен әулиемін. Стәлиннен жаным ардақты емес!

С ә б и т. Дұрыс, мұныңыз өте дұр-рыс! Әй, ақылдысың ғой, жан тәтем, ақылдысың-ау!

Ж а м б ы л. Ақылдан алжасқан жоқпын, қуатым да бойымда, қане нанбасаң, келші, Балуан Шолақ, күресемісің? *(Сәбитпен белдесіп жұлқысып, алқынып, қайта отырды.)*

Ж а м б ы л. Соғыс басталған түн Стәлін түсіме кірді. Баяғы өзіне барғандағыдай, есігінің алдында тұр баяғыдай, намазым қаза болмасын деп жайнамазымды жазып жіберіп

енді тізе бүге бергенімде Стәлін аржағындағы бөлмесінен баяғысындай шыға келді. Айырмасы бұл жолы — сүттей ақбоз аттың үстінде, сауыт-сайманы жарқ-жүрқ етеді. Бұл жолы да намазымды бұзбады. Оқып болғасын барып: «Джамбыл ақсақал маған өкпелісің, білем. Жеріңді қармауға, еліңді жалмауға, жау жағадан алғанда, халқың үшін өкпеңді қи», — дегенше болған жоқ, қайран жолбарысым да жеткен екен, иығымнан жұлқып-жұлқып оятып жіберді.

С ә б и т. Дұр-рыс. Жолбарысыңыз дұрыс оятқан. Сталин де қазір алғы шепте, жаумен айқасып жүр.

Ж а м б ы л. Бәсе, бәсе! Өзім де солай ойлап ем. Мен де шығам соғысқа!

Т а й ы р (*военком, әскери формада*). Тәте, Алғадайың да...

Ж а м б ы л. Ә, ә... Не... Алғадайға не болды?

Т а й ы р. Тәте, ештеме болған жоқ. Жас та болса азамат екен.

Ж а м б ы л. Иә, айтсаңшы.

Т а й ы р. Алғадайыңыз да өзі тіленіп соғысқа кетті.

Ж а м б ы л. Қашан? Қашан кетті? Мен оны неге білмеймін? Әкесімен қоштаспағаны ма, Алғадайым, құлыным!

Т а й ы р. Менен кінә жоқ: «Қоштасып кет», — деп едім, тәтем сырқат қой, қайғырып, төмендеп қалар, кейін сауыққасын айтарсыңдар деді.

Ж а м б ы л. Әй, құлыным, Алғадайым! Саған да жазықсыздан таяғым тиіп кетті-ау, келші жуасым Ғалиым. (*Ғалидың маңдайынан иіскеп, сүйеді.*)

Енді Жамбыл жырлай жөнеледі.

Асқар таудай еліме,
Байтақ жатқан жеріме,
Шапты фашист дегенде,
Ашуменен аралас,

Жыр да келді көмейге,
Қаһар қаулап денемде!

Сахна қараңғыланып, өлең жалғасы репродуктордан саңқылдайды.

ҚАРАҢҒЫ САХНАДАҒЫ КӨРІНІС

Репродуктордан өлең жалғасы. Пистолет жарығында Жамбыл.

Сен шақырсаң, көсемім,
Әмірің ортақ маған да,
Төгіп жырдың нөсерін
Домбырамды алам да.
Айналам жас — нөкерім,
Мен де барам, қалам ба!
Қорғауға елді кім шықпас,
Аттанды қала, далам да.
Қаусаған кәрі дүниеден
Енді тамтық қалар ма.
Олар фашист — сұр жылан
Уын шашқан адамға.
Денеге уын дарытпай,
Жаныштап басын жыланның
Салайық, халқым, табанға!

Ғ а л и О р м а н о в (пистолет жарығында).

Өмір мен өлім белдесіп
Жырымды, жұртым, енді есті.
Не керек жанды аяуың
Бұл жолдан қалған малың — мал
Бұл жолдан қалған жаның — жан!
Не дейін айтып аяғын!
Қайраты құрыш халық ек,
Қамалды талай алып ек,

Жығып ек туын дұшпанның,
Ұран ғып ұлы нұсқауын
Сталин көсем дананың.
Тағы да берді нұсқауын...
Қан кешкен сонау майданда,
Айбынды Қызыл Армия,
Орында түгел талабын.
Жібермес жауға ол кегінді,
Құтырып шапқан еліңді —
Қанішер фашист жаулардың
Қуырар әлі-ақ заманын.

1 - д и к т о р д а у с ы . Екінші дүниежүзілік соғыс басталысымен-ақ қан майданға аттанған боздақтармен бірге, қазақ халқының алып ақыны — Жамбыл Жабаев жырлары да бірге аттанды. «Винтовкасын кезеніп, солдат шықса соғысқа, домбырасын безеніп, Жамбыл барат соғысқа», — деп, фашизмге қарсы кеңес солдаттары оқ жаудырса, ұлы ақын айбынды жырларын жауға қарсы қарша боратты.

2 - д и к т о р д а у с ы . Жамбыл Жабаев жырларының қуаты мен күшінен рухтанып, жігерленген жауынгерлер, бүкіл Кеңес армиясы, жауға соққыны берген үстіне бере түсті.

1 - д и к т о р д а у с ы . Жамбыл жырлары қан майданның алғы шебінде ғана емес, қоршауда қалған қалалар мен селолардағы, ормандар мен тоғайлардағы партизандар мен тұрғындардың да тіршілігіне дем беріп, болашақ өмірлерінің үзілмес үмітіне де шамшырақтай шұғыласын төкті.

Ф а л и О р м а н о в (*пистолет жарығында*).

Отанымның жүрегі,
Бізге мәлім Москва...
Қарсы тұрып жауларға,
Москваны қорғауға...
Аянбаңдар, ер елім!
Риддер, Шымкент, Балқашым,

Беріп құрыш, қорғасын,
Мұнайын Ембі тастыра,
Көмірін тией бастыра.
Ұлан-қайыр қырдағы,
Қазақстан ұлдары.
Полктарын бұрқантып,
Құрыш, болат құрсантып,
Өмір үшін, ел үшін,
Ұлы астана, сен үшін,
Атанды күшін асыра.

Т а й ы р Ж а р о к о в (*пистолет жарығында*).

Лениградтық өренім,
Мақтанышым сен едің.
Нева өзенін сүйкімді,
Бұлағымдай көремін...
...Өмірімнің жұлдызы
Енді сенсің дегенім,
Лениград ұл-қызы,
Қайыспандар, өренім!..

1 - д и к т о р д а у с ы :

Лениградцы дети мои,
Лениградцы гордость моя!..

2 - д и к т о р д а у с ы . Алып Жамбыл, қайыспас батыр
Жамбыл соғыстың соңғы жылдары көп өлім, көп қайғыдан
қайысты да майысты. Майданда ерлікпен қаза тапқан ұлы,
ұланы, боздағы Алғадайының өлімі — жүз жасаған бәйтерек
Жамбылды дауылдай шайқап өтті.

Ж а м б ы л (*пистолет жарығында*).

Алатауды айналсам,
Алғадайды табам ба?
Сарыарқаны сандалсам,
Саңлағымды табам ба?
Өлім деген у екен,
Мендей кәріп адамға.

Күнде үйімде күңіренем,
Көзіме жас алам да...

Д и к т о р ү н і . Көп уайым, көп зар, мұң мен қайғы ақыры ұлы Жамбылдың алтын басын ауру жастыққа тигізді. Ауыр сырқатпен құлаған ақын Ұлы Жеңісті ауруханада естіп, Жеңіс күнін ауруханада қарсы алды...

Бесінші көрініс

Жамбыл ауруханада төсек тартып жатыр. Сырттан бозбала Тезекбай кіреді.

Т е з е к б а й . Тәте, тәте, ұйқтаған жоқсың ба? Қаншама адам күні бойы саған кіре алмай кезекте тұр. Тура Лениннің мавзолейіне жиналғандай. Дәрігерлер мені ғана әрең жіберді.

Ж а м б ы л . Лениннің деймісің? Бізге Ленин болу қайда-а! Ленин болмай-ақ, оны құдайдай көріп, ақ басымды иіп, жырлап өткенімді, мен өлген соң ел айтып жүрсе, көкірегінде сақтаса, бізге сол да мәртебе. Бір аунап түсуге сол да дұға!

Т е з е к б а й . Тәте, сен әзір өлме.

Ж а м б ы л . Иә, ол менің қолымда ма екен?

Т е з е к б а й . Тым құрмаса, енді бір үш-төрт ай тұра тұрсаң, жүз жылдығыңды тойлар ек.

Ж а м б ы л . Тезекбайым-ай, мен жүзге жеткелі қашан. 90-нан кейін әрбір жыл үш жылға баланады. Ал менің көргенімді, мен сүрген дәуренді дүние жүзінде жүзге келгендер түгілі, екі жүзге келгендер көрмеген шығар, арманым жоқ.

Т е з е к б а й . Шынында, тәте, бір түйір де арманың жоқ па? Алғадайды көре алмағаныңызды да армандамайсың ба?

Ж а м б ы л . Жоқ, бұл жасағанның жазмышына қарсылық, құдай алдында күпіршілік болар еді. Біреу ерте, біреу кеш

өлмек — бір Алланың жазуы, ал Алғадайым болса, жауымен жағаласып жүріп, ердің өлімімен, ақ өліммен кетті. Оны көре алмаған арманымды, қоштасқан жырыммен аталық парызымды өтедім. Менің соңғы өмірімде бір-ақ арманым қалып еді, ол да өтелді. Ол әлгі пашес сұмырайларды біздің жеңгенімізді ести алмай, көре алмай кетем бе деп ем.

Т е з е к б а й . Тәте, тәте, қазір сенің сол пашестер туралы айтқаныңды, сүйінші сұраған адамға айтқаныңды жұрт керемет жыр ғып айтып жүр.

Ж а м б ы л (тіксініп). Иә, не деппін?

Т е з е к б а й . «Сүйінші, пашесті жеңдік, пашесті жеңдік» дегенде, «Е-е, сол ма қуаныштарың?! Мен пашестерді жеңетінімізді білгемін... Мен осынша қуанғандарыңа қарағанда, арғынды жеңіп келді екен деп ойласам!» — деп қалай қатырғансың, тәте, ел шулап жүр. Қалай қатырғансың!

Ж а м б ы л (бар даусымен ышқынып). Несі қатқан? Сондай да қатқан сөз бола ма екен? Сен де соған мәз боп жүрмісің? Әй, сенде ақыл болсайшы.

Т е з е к б а й . Тәте-ау, сенде ақыл болмаса, ол ақылды мен қайдан алам.

Ж а м б ы л . Мен алжыдым, жүзге келдім. Ал сен ақын бола ма десем, ақымақ болайын деген екенсің... Бар, елге тарап кетті-ау бұл сөз. Бар, қойдыр елді... Бар, бар.

Т е з е к б а й . Тәте, мен енді елдің аузына қалай қақпақ болам, ашуыңды басшы...

Ж а м б ы л . Бар, бар... мен өлгенше енді ешкім басын сұқпасын.

Шығып бара жатқан Тезекбайға қақтыға-соқтыға мейірбике кіреді.

Ж а м б ы л (таяғымен ұмтыла). Бар, бар, сен де кет. Ешкімді кіргізуші болма, бар, жап есікті!

Жамбыл айнаның алдында.

Б ұ р ы н ғ ы Ж а м б ы л (айнадан). Апыр-ай, түрің өзгеріп кетті ғой. Несіне осынша қиналды?!?

Ж а м б ы л. Соңғы күні бой жасап, қиналмай, жұртыммен аман қоштасып өлем бе деп ем, оған да қоймады-ау, есер есіріктер.

Б. Ж а м б ы л. Қайтесің, сол бір дұшпанның сөзін. Бұл бүгінгі көрген құқайың ба? Ежелден бір қазақты екінші қазаққа шатыстырып, ұрит соқ деп жүргендер аз ба еді? Кеше ғана Ахмет, Мағжан, Міржақыптарды Алаштың баласы дей алмай, Сәкендерді төңкерістің, кеңестің баласы деп олардан бөліп, кейін Сәкендердің соңына Сәкендерді салып, күйе жағып қаралап, біріне бірін жем еткен жоқ па еді?!

К. Ж а м б ы л. Сонда кім демексің, бір аталастың ұлдары мен ұлыларын бір-біріне айдап салған?

Б. Ж а м б ы л. Саясат, аңғал Жамбыл, даңғыл Жамбыл, саясат. Саясат — қармақ. Мағжан, Сәкен, Сәкендер сол қармақтың басына ілінген жем, бір-біріне солай жем болған, қайран, асыл ерлер. Енді, ол әдістің күні өткен соң, үш жүздің қазағын бір-біріне айдап сала бастапты. Бүгін бір жүз екінші жүзді лағнаттаса, ертең екінші жүз оны балағаттамасына кім кепіл.

К. Ж а м б ы л. Сонда, мен де қармақ басындағы жем болғаным ба?

Б. Ж а м б ы л. Бармақ басындағы балсың ба, қармақ басындағы жемсің бе, болмасаң, болдырғысы келгені ғой.

К. Ж а м б ы л. Оу, өмір бойы, жүз жыл бойы, екі ғасырда ел-жұртымның бірлігін жырлап, тұтастығын қолдап келе жатқан мені, тап өлер шағымда бұлай қаралағаны жаныма батып кетті-ау, тым құрмаса, қисынды сөз болса бір сәрі, арғынды жамандағанда мен кешегі Алғадайымдай Сәкенжанымды қаралағаным ба, туған немерем Ділдаханымдай болған Күләшімнің жанын жаралағаным ба, соңыма ерген Кененімнен бір де кем көрмейтін Нартайымның

қасиетті аталарының сүйегін пәршалағаным ба? Арғынды жамандап, өлең-жырдың пайғамбары Абайдың орнына таласқаным ба, әлде үш жүздің баласын бір-біріне айдап салып, дұшпаным пәшістен бетер аластағаным ба?

Б. Ж а м б ы л. Сені олай айтты деп ешбір есі дұрыс адам, сені қадірлейтін ешбір пенде айтпайды. Өз сорлылығын, өз топастығын, өз жетесіздігін біреуден көретін сұмпайының өзі айта алмай, сенің аузыңа салған сұмырайлығын елеп, ескеріп қайтесің. Одан да Абайым мен Жамбылым деп, екі алыпты қатар атап, қатар қастерлейтін исі қазақпен, есті жұртыңмен қоштасып, қошаметпен о дүниеге сабырмен аттанбайсың ба? Сабыр, сабыр, сыртта елің күтіп тұр. Арыздасып қоштас халқыңмен!

Музыка. Сахна қараңғыланады.

ПРОЛОГТАҒЫ КӨРІНІС

Айдаһарлар мен әбжыландар. Ауыздарынан жалын атып от бүркеді. Аппақ кербіндегі ақ көйлек-дамбалмен ақ сақалы желбіреп солардың ортасынан шыға келген Жамбылдың үні репродуктормен жаңғырыға шығады. Оны тыңдаушылар бәрі ақ халат киген адамдар. Ойынға қатысушылар түгел шыққаны дұрыс. Залдағыларға теріс қарап тұрған олардың жүзі көрінбейді. Ақ халаттылар — Жамбылды күзеткен адамдардың бейнесін көрсеткендей.

Ж а м б ы л. Оу, жарандарым, балаларым!

Мен екі дүние — екі ғасырдың тоғысуын да, жерұйығын да, асқар асуларын да, жан біткеннің жасықтарын да, асылдарын да көрдім. Айға шапқан айдаһарларын да, жанын жеген, жандының бәрін жұтқан жиырылған жыландарын да көрдім. Жанынан безіп, жерінен жеріген аш-жалаңаш адамдарын да, құлазыған құмда жосыған құландарын да

көрдiм. Алыса, жұлыса жүрiп, қабыса, табыса жүрiп, бiрде ұрысып, бiрде күлiп, бiрде даңғыл жолмен, бiрде тарғыл жолмен, шуақты сәуле қуып, бiрде көк жасынындай жаңа туып, бiрде сақалымды көз жасыммен жуып, шындықтың атасына табынған күнiм де, шырмауыққа шымшықтай шырмалып жаңылған күндерiм де болды. Бiрақ бәрiнде де жүрегiм адал, жаным таза, халқымның бiрлiгiн, елiмнiң тiрлiгiн, жерiмнiң кеңдiгiн, қазақтың бостандығы мен басқа жұртпен терезесi теңдiгiн талмай, ештемесiн бөлiп алмай жырлап өттiм. Осы жырларым – сендерге қалдырар мұрам, берер өсиетiм! Ендi бұл жарық дүниеден өтемiн, бүгiн соғыс басталған күн, «соғыс» атын өзiммен бiрге суық жерге ала кетемiн. Жүз жыл халқым деп тынымсыз соққан жүрегiм ендi тоқтайды, ризамын сендерге, елiмдi, ұрпағымды жүрегiммен, жүр...

Жамбыл үзiледi. Музыка.

ҚОС АНАР

Екі бөлімді драмалық оқиға

Кейіпкерлері:

РАЙХАН – совхоз инженері

ҚАРАСАЙ – жалғыз үй иесі, бетіндегі қалына қарап Қарабет дейді кейбіреулер

ХАЛЕЛ – Қарасайдың баласы

ЖӘМІШ – Қарасайдың кемпірі

АҚБӨПЕ – Қарасайдың келіні

ДИКӘЙ – Қарасайдың қолбаласы

МҰҚАТ – Қарасайдың құдасы

АЛАГӨЗОВ – аудан басшыларының бірі. Өкіл

МОРГУН – совхоз директоры, тың көтеруші

ДЕРЯГИН – механизатор, тың көтеруші

ДЕРЯГИНА ТАМАРА – тракторшы, тың көтеруші

Көпшілік сахнада жұмысшылар

Оқиға тың жерді игерудің алғашқы жылдарының бірінде жапандағы жалғыз үй төңірегінде өтеді.

БІРІНШІ БӨЛІМ

Бірінші көрініс

Дала тіршілігінің мұңды әуенін баяндар шертпе құй. Авансценада құрай, алабота басқан ескі жұрт. Мезгіл ала-сапыран көктем басы. Сыртта тоқтаған машина үрілі. Азан-қазан бүрліге ұшқан қаратаған. Жұпыны киінген мосқал әйел – Райхан шығады. Ескі жұртқа қарап үнсіз тұр. Ұзақ жылдар бойы жел өтіне мүжілген, құлаған үй орындарынан әлдекімдердің сыбыры келеді құлаққа.

Ш а л д а у с ы . Айналайын-ай, келдің бе? Сен, сен... шын Райханбысың? Туған жердің суы тартқан-ау ақыры.

Ә й е л д а у с ы (тістеніп). Ә, тағы да келдің бе? Бәрімізді орға жығып, өзің құтылып ең. Елің, жұртың қайда? Соныңнан ерткен ұрпағың жоқ, келдің бе тағы да состиып!..

Е р к е к д а у с ы . Сен келмегелі талай жылдар өтті. Қайда жүрдің? Неге келмей кеттің? Жақсылықтан күдеріңді мүлдем үзгенің бе?

Ә й е л д а у с ы . Өзің жылап тұрсың ғой. Жасыңда жөпшендіге бой бермейтін асау ең. Қазір арының басылып, мұқалғансың-ау.

Е р к е к д а у с ы . Білем, сен қуаныштан жылап тұрсың! Қайта оралдың, қайырлы болсын!

Ш а л д а у с ы . Жәрәйді, жылап ал. Ішіндегінің бәрін ақтар. Бар ауыртпалық көзіңдегі осы жаспен кетсін. Бірақ осыдан соң қайтып жылама. Ал қазір жыла, жылап ал!

Сырттан дабырласып екі адам келеді. Моргун, Алағөзов авансенада.

М о р г у н . Не деген байтақ дала, ұшы-қиырсыз кең жазық.

А л а г ө з о в . Мұның бәрі болашақ бір-ақ совхоздың жері. Анау алыстан мұнартқан қос емшекті бұйратты көремісіз. Сол сіздің совхоздың шекарасы. Оны «Қос анар» дейді. Жер емшегі.

М о р г у н . Жер емшегі?!

А л а г ө з о в . Сол «Қос анардың» бауырына алғаш егін еккен мына — ескі жұрт. Балта ауылы. Отыз бірінші жылы ірге көтерген колхоз еді.

Сыртта пысқырған ат, қарқылдаған қарға үні.

М о р г у н (сыртқа қарап). Айдалада жүрген бұл не қылған адам?

А л а г ە з о в . Ә-ә, бұл сонау алыста көрінген жалғыз үйдің иесі. Жапан түзде міз бақпай отырғанына талай жылдар өтті. Ешкіммен қатысы жоқ жұмбақ жан.

Сырттан түлкі тымақты, бетінде алақандай қара қалы бар Қарасай келеді, қолында бүктеп ұстаған қол қамшы.

Қ а р а с а й . Ассалаумағалейкүм, жолдас Алагөзов, здрасти! Айдалада адасып жүрген қай бейбақтар десем... ескі жұртқа сәлем беріп тұрған бастықтар екен ғой.

А л а г ە з о в . Жер қарап жүр едік... Осы араға орнайтын болашақ совхоз директор Моргун жолдас.

Қ а р а с а й (*Моргунның ұсынған қолын алып*). Е, олай болса, үйге жүріңіздер. Алыстан келген қонақты ата дәстүрімен қарсы алу парыз емес пе?

А л а г ە з о в . Рақмет! Рақмет! Күн кешкірмей «Жаңа талапқа» жетуіміз керек. Әлі Моргун қонақ болады ғой. Жаңа совхоз орталығы сен тұрған Талжан ағашының бауырына салынбақшы. Қонақтан ығыр боларсың! (*Райхан жаққа қарап.*) Райхан, жүріңіз енді кетейік.

Қ а р а с а й (*үрейлі*). Рай-хан?!

Моргун екеуі кетеді.

Райхан таяна бере екеуінің көзі түйісіп қалады.

Р а й х а н (*жұртқа қарап*). Қарасаймысың, баяғы қонысыңда әлі отыр екенсің-ау.

Қ а р а с а й (*жұртқа қарап*). Апырай, сен тірі ме едің?

Шертпе күй.

Екінші көрініс

Ақбөпенің отауы. Іште — Ақбөпе, Мұқат, Дикәй. Аласа үстелде ондық шам жарығымен тамақ ішіп отыр. Ал-

дарында арақ. Масаңдау Дикәй теңселіп, изеңдеп қойып
ән салып отыр.

Әмірхан, не ғып жүрсің қойың жаймай,
Мен жүрмін қайын атаның көңілін қимай.
Он аяқ отыз мысқал көжеңді ішіп,
Жатасың кең төсекке кеудең сыймай.

М ұ қ а т. Шәу, пәле! Әй, тағы біреуін алып қойшы.
(Қырлы стаканға арақ құяды.)

А қ б ө п е. Әке, жетеді ғой енді, ауырып қалса қайтесің?

М ұ қ а т. Тұу, өгіздей жігіт ауырушы ма еді, «Мысыққа
да бір күн той» дейді. Мә, іш, іш! Әлгі құда мұны адам са-
натына қоспайды. Эттең, менің қолымда болсаң, қонақ атау-
лыдан қалдырмай, қасыма алып жүрер ем.

Д и к ә й.

Қара тайға жарасқан қара терлік,
Жараспайды жігітке төтен ерлік.
Жамандардың жабыққан ісі дейді,
Өлең айтып көңілді көтерелік.
Қарағым-ай...
Қырға шығып, өзіңді қарадым-ай...

М ұ қ а т. Пәлеу, шіркін. Әй, мына диірменнің құдайы
қайтеді-ей! Даусы қыздың даусындай ғой.

Д и к ә й (өлеңін тоқтата қойып). Мен орысша да айта
аламын.

М ұ қ а т. Ә, кәне айтшы.

Д и к ә й.

Ақ сиса, белый сиса, красный сиса,
Қалмайды кімдер пешком зорлық қылса.
Мұстафа Шорманский атымды алып,
Атандым поэтому пешком Мұса.

М ұ қ а т (қарқылдай күліп). Түу орысша қалай таза айтасың. Жетік адамға орысшаның қазақшадан түк айырмасы жоқ екен-ау! Орысша өлеңің үшін! (Стаканға құяды.) Әй, Дикәй, осы сен өлең айтқанда неге бүкіл құйрығыңмен қопарылып изеңдейсің?

Д и к ә й (жымыңдап, бөгеліп). Құйрығым қозғалмаса, айта алмаймын.

М ұ қ а т. Е, сенің құйрығың онда патефон болды ғой, ха-ха-ха!

А қ б ө п е, Күн ұзын диірмен тартқанда өлең айтудан аузы бір босамайды, әбден диірменнің нәшіне үйренген ғой.

М ұ қ а т. Е-е, бүйтіп отырамын де (диірмен тартқан адамның қимылына салады). Ал осы диірмен тартқан стажың қанша сонда?

Д и к ә й (жымыңдап). Біраз болды ғой.

А қ б ө п е. Соғыс жылдарынан бастап диірмен тартушы.

М ұ қ а т. Иә-иә, айтқандай, осы сен соғыс кезінде ауданда бар үйдің диірменің тартып жүруші едің-ау. Ол кезде мұның қаны жерге тимейтін. Ау, пенсияға шығатын уақытың болыпты ғой. Тұра тұр, сонда осы сен нешеге келдің өзі?

Д и к ә й (түнжыраңқы). Біразға келдік қой. Тауық жылы туыпсың дейтін.

М ұ қ а т. Көзің кілбиіп, түнде түк көрмейтінің содан екен ғой, ха-ха! Сонда осы Бәйтөбетің қырықтарды алқымдап қалған шығар-ау. Солай ма, ей?

Д и к ә й. Солай шығар.

М ұ қ а т. Ұмытпасам, сол кезде отыздарға тақап қалған жігіт. Осыған кім қойды екен, әйтеуір біреулер «диірменші бала, Дикәй бала» деп ат қойыпты.

А қ б ө п е. Ә-ә, бірінші естуім.

М ұ қ а т. Орыстың «дикий» деген сөзін алып, үйсіз-күйсіз жетім деп қойғандары ғой. Өзіңнің шын атың кім еді, әй? (Пауза.) Айтсайшы-ай, ұмытып қалдың ба?

Д и к ә й. Тұрсын!

А қ б ө п е. Тұр-сы-ын! (Бір ыдысты алып ауыз жаққа шыға береді).

М ұ қ а т. Ал енді шыныңды айтшы, Дикәй, осы күнге дейін өзің жігітшілік құрып көрдің бе? Ха-ха-ха!

Дикәй жымыңдап, тұқыраңдап күле береді.

М ұ қ а т. Әй, айтсаңшы, бірдеңе есіңе түсіп отыр-ау.

Д и к ә й (әлі де жымыңдап). Есімде жоқ. (Орнынан тұра жүгірем дегенде, Мұқат иығынан басып қайта отырғызады. Ақбөпе қайта кіреді.)

М ұ қ а т. Әй, ұялшақ, соған да жігіт ұяла ма екен. Тұра тұр. Сені осы үй қолбалалыққа алғалы неше жыл болды?

Д и к ә й. Біраз болды ғой. Он шақты жыл.

М ұ қ а т. Әйел неге алмайсың?

Д и к ә й. Ағатайым әперем деген.

М ұ қ а т. Қашан? Кәрәсін қатқанда ма?

Д и к ә й. Бұдан он жыл бұрын айтқан.

М ұ қ а т. Ей, пақыр-ай, қашпаған қашардың уызына қараған бейбақ. Дикәй, шынымен әйел алғың келе ме өзі?

Д и к ә й. Білмеймін... (Күмілжіп.) Алған теріс болмас еді.

М ұ қ а т. Соны мен де ойлап, саған бір әйелді дайындап қойдым.

Д и к ә й. Сіздерде басы бос әйелдер көп пе?

М ұ қ а т. Басы босты қайтесің, қаласаң, қыз әперем. Немене, осы Қарасайдың босағасында көк жұлын боп, ит тіршілікпен ғұмырыңды өткіземісің. Сенің де жар құшатын мезгілің жетті, шырағым.

Д и к ә й (күрсініп). Оһ, шіркін-ай...

А қ б ө п е. Әке, келемеждеп қайтесіз, сол да ойынға жата ма?

М ұ қ а т. Келемежі несі, шыным — сол. Қатран дегеннің қырыққа келген қызы бар. Бес байға тиіп шықты. Соны әперем, егер мен барғанша біреуге кетіп қалмаса. Әй, бәрібір ол кеудесінде жаны болса қайтып келеді, қорықпа.

Сыртта ит үре беріп басылады. Ішке, қолында шілтерлі шам, Жәміш кіреді.

Ж ә м і ш. Әй, Дикәй, қораға шам алып шық. Қарасайлар келді. *(Шілтерлі шам сөне береді. Шамды жаға алмай қолы дірілдеп, Дикәйдің айы кіріп, күні шығады).*

М ұ қ а т. Әй, не боп қалды мына байғұсқа?! Зәр қысты ма, ей!

Ж ә м і ш. Ойбой, мынаның аузы қисайып қалыпты ғой. Бар, төсегіңе жата ғой, шал көрмесін мұныңды.

Д и к ә й *(шілтерлі шамды көтеріп, екінші қолымен шамды нұқиды)*. Жоқ, апа, мынау шамның біреуін қораға, біреуін далаға алып шығамын.

Ақбөпеден басқасы тысқа шығады. Үйге ентіге басып, құшақ жая Халел кіреді.

Х а л е л. Ақбөпеш.

А қ б ө п е. Халел!

Екеуі ицқырасып, құшақтасады.

Үшінші көрініс

Тауық қора. Үш адам. Қарасай, Мұқат, шілтерлі шам ұстаған Дикәй.

М ұ қ а т. Ойпырым-ай, құда, ана бір бурыл ат жарылғалы тұр екен. Сөре шығар кемі, тпә-тпә!

Қ а р а с а й. Сенің де көзің көргіш-ау, көп жылқының ішінен алабөтен қалай танысың?

М ұ қ а т. Жеген ауыздың көзі қырағы емес пе?

Қ а р а с а й. Ұзынсарыда соятын соғымым ғой. Қақтап алсақ, жыл бойғы азық емес пе? Әй, Дикәй, қазір шамды мына араға қой да, үйге барып тамағыңды ішіп ал. Сонсоң ана сиырлардың астын тазала. Өй, мынау жаңа туған бұзау құсап аяғын баса алмайды ғой. Бұл өнерді қайдан таптың?!

Д и к ә й. Ағатай, құда маған қатын әперем дейді.

Қ а р а с а й. Итке темір, саған қатын не керек? Бар, тамағыңды іш те, жұмысыңа кіріс.

М ұ қ а т. Құда, ұрыспай-ақ қой бір жолға, мен едім арақ берген. Мына тың келіп жатыр, Дикәй менсіз-ақ үйренер әлі.

Қ а р а с а й. Ол жаққа аяғын қия басып көрсін...

Дикәй шамды қойып кете береді.

М ұ қ а т (*темекінің түтінін сақиналандыра шығарып*). Ал құда, амандық болса таң қараңғысымен жүрем. Асығыспын, шаруамды айтайын, Қареке.

Қ а р а с а й. Ол не шаруа сонша жан алқымға тірелген?

М ұ қ а т. Тірейтіндер тіреп жатқан жоқ па? Мына тың келмей жатып, іргеңе дейін жеріңді қара жыртындыға айналдырып тастапты. Тірелген емей немене?

Қ а р а с а й. Е, сол ма, қазақтың ен даласының жері жыртуыңа да, қырқуыңа да жетпей ме? Мал бағатын жер табылмас деп қорқамысың?

М ұ қ а т. Табылар-ау, бірақ соған бағатын малың болса.

Қ а р а с а й. Мал болмағанда, оны қай құдай алады?

М ұ қ а т. Құдай емес, үкімет алады. Өзің әлі беріде жүр екенсің ғой. Шынымен естімегенсің бе? Мына тыңға байланысты жаңа заң шығыпты.

Қ а р а с а й. Заң? Ол не заң?

М ұ қ а т. Артық мал ұсталынбасын, бәрін етке өткізу керек дейді.

Қ а р а с а й. Сонда бір үй қанша мал ұстауы керек екен?

М ұ қ а т. Бір сиыр, бір шошқа.

Қ а р а с а й. Жылқы ше?

М ұ қ а т. Онда бір жылқы, бір шошқа!

Қ а р а с а й. Шошқа-шошқа деп шошқадата бермей, жөніңді айтсайшы, сонда сиыр қайда? Шошқа саумақпыз ба?

М ұ қ а т. И, «Тазы ашуын тырнадан алады», заң шығарған мен деп отырсың ба?! Жылқы мен сиырды бір қораның астында ұстауға болмайды, тебісіп, сүзісіп қалады дейді. Ал шошқа сүзіспейді де, тебіспейді де.

Қ а р а с а й. Қой, сапаның сары даласы жатқанда өйтпес.

М ұ қ а т. Оның үстіне ана Райхан да келіпті. Ойпырым-ай, ит жанды неме екен, құйрығын кесіп тастасаң қайта жалғап жүре беретін кесірткедей сұмырай, енді сені аяп қалар деймісің. Саған енді бұл арада тұрудың реті қалай болар екен...

Қ а р а с а й. Қартайғанда не ретін айтасың. Туған топырағымнан қайда кетпекпін?

М ұ қ а т. Ә, солай ма? Онда ін түбінде жатып қыңсылайтын қасқыр болам десейші. Өзің біл...

Жақында малға санақ жүреді. Осында тұрған малдарымды әкете.

Қ а р а с а й. А, жарайды, малың аман...

М ұ қ а т. Сосын Қареке, «айран сұрай келіп шелегіңді жасырма» дейді. Ренжіме, тағдырға ара түсу қиын, қайтейін, Ақбөпені де осы жолы көшіріп ала кетуге келдім.

Қ а р а с а й. Жарайды, жарқыным. Малыңды ертең алып кет, бірақ Ақбөпені әкете алмайсың...

М ұ қ а т. Әкете алмағаны қалай?

Қ а р а с а й. Әдейілеп алдарыңнан өтем бе деп едім, енді өз үйімде айтуға тура келді. Балалар бізден де зерек, ақылды ғой. Өздері қорытса керек. Халелім де ер жетіп

ақыл тоқтатқан екен. Әменгерлік құдай жолын түсінген екен: Халел мен Ақбөпе қосылыпты. Беттерінен жарылқасын, батаңды бер, илаһи амин!

М ұ қ а т (*аңырып*). Апырай, Жәлелдің жылы болмай жатып... Тым құрмаса алдымыздан да өтпегені ме?

Қ а р а с а й (*Дикәйға*). Құданы үйге кіргіз, қараңғыда ашаға басын соғып алар. Сосын Халелді алып шықшы, малдарды бөлейік.

Мұқат пен Дикәй кетеді.

Қ а р а с а й (*жалғыз*). Ә, Омбының алаяғы, енді құйрығыңды бұлғаңдатып, сен де менен сырт бере бастадың ба? Жо-оқ, сен олай қиқаңдасаң, мен Ақбөпені бұл қораның астынан шығармаспын, сонда апан маңынан ұзай алмайтын бөрідей ұлырсың... Ұли бер, ұли бер. Сен ұлиды екен деп, енді Халелді туыстарынан ажыратпаспын.

Халел келеді.

Х а л е л. Мені шақырдың ба, әке?

Қ а р а с а й. Отыршы мына араға (*екеуі отырады*). Әлгі Мұқат неге келгенін білемісің?

Х а л е л. Малына келген шығар.

Қ а р а с а й. Жәлелдің орны суымай жатып, Ақбөпені алып кетуге келіпті.

Х а л е л. Ақбөпені? Мүлдем бе?

Қ а р а с а й. Мүлдем болмағанда қонаққа апарады деймісің? Апарысымен Омбының бір саудагерінің баласына ұзататын көрінеді. Қалыңын да алып қойыпты. Ана Жәлелімнің екі балапаны біреудің қолына қарап қор болатын болды.

Х а л е л. Оларды алып қалсақ қайтеді?

Қ а р а с а й. Осы күні қай әйел баласын тастап кетуші еді.

Х а л е л. Онда не істейміз, әке?

Қ а р а с а й. Мұндайда не істеу сенің ғана қолыңнан келеді.

Х а л е л. Менің?

Қ а р а с а й. Немене, менің қолымнан келеді деп пе ең? (Пауза). Жәлел бір құрсақтан шыққан бауырың. Екеуің тел қозыдай қатар өсіп, біріңе-бірің арқа сүйеу ететін едіңдер. Бірақ сұм ажал дегендеріңе жеткізбеді. Ана кішкентайлары да тірі жетім. Енді оларды біреуге телміртіп, жаутаңдатып қоюдың да реті болмас. Өйтсек, Жәлелдің де аруағы ырза емес. Ендігі айтарым — оларға аға ғана емес, Жәлел орнына қамқоршы бол, қанатыңның астына ал. Атадан қалған мирас бар. Оны да телміртіп, жаутаңдатып қоюдың да реті болмас. Өйтсек, жат жұртқа жіберме. Енді өзің адам ет...

Х а л е л (сөзіне шашалып). Ж-жоқ, жоқ, не айтып отырсың, әке? Масқара ғой, атама, әке, не деп отырсың? (Көзі алайып, атып тұрып, шегіншектей береді).

Қ а р а с а й. Масқарасы несі? Мен сені жарға итеріп отырғам жоқ. Жәлелдің балаларынан сен безгенде, бөтен жұрт не істемейді. Қиқанды қой! Ағаңның орнын жоқтатпа. Оның үйдегі орны көрдей боп суып, қаңырап қалмасын десең, балалықты таста! (Қайта жуасып.) Кейінгісін көре жатарсың. Әзір осы айтқаным болсын. Бұл әкеңнің де, ақ сүтін берген анаңның да тілегі. Ендігісін өзім жайғастырамын!

Орнынан тұрып кете береді.

Х а л е л (жалғыз). Масқара-ай! Бауырымдай боп кеткен Ақбөпеге? Жоқ, жоқ, ұят-ай!

Төртінші көрініс

Шатыр-палатка. Совхоз директорының кабинеті. Кабинетте үшеу. Хатшы Алағөзов, директор Моргун, инженер Райхан. Алағөзов ерсілі-қарсылы жүріп тоқтайды.

А л а г ө з о в . Жолдас Федор Трофимович, жоспар-

ланған жерді түгелдей жыртпай, мал жайылымы үшін жер үнемдеу — бүгінгі күнгі «тың көтеру» деген ұлы ұранымызға кереғар қайшы әрекет. Ана Жамантүз, Қойтас жағына әлі боразда түспеген. Совхоз техникасының тең жарымы Тұғыржаптың ақ тасын тасумен жүр. Машина былай тұрсын, тіркемелі тракторларды жегіп қойыпсыңдар. Бұл мәселелерің бюрода қаралады.

Р а й х а н. Жұмыс былай да бастан асып жатқанда бюроға уақыт жібермей, кейбір түсініксіз жайларды осы арада шешуге болмай ма?

А л а г ө з о в. Не түсініксіз, бәрі де түсінікті. Жоспарланған істің бірі істелмеген. Бұларың қылмыс, директиваға қайшы келіп отырсыңдар!

М о р г у н. Жамантүз бен Қойтасты қайтсеңдер де жыртқындар деген директиваны оқыған жоқпын. Гапу етіңіз, Сіз жалпы директива мен жергілікті жоспарды шатастырмаңыз. Кейбір шалағай жоспарларды жер ыңғайы, жұмыс ыңғайы көтермейді, Нургалә Алагузович.

А л а г ө з о в. Мысалы?

М о р г у н. Әлгі айтқан жерлеріңіз егістікке құнарсыз, шақатты, кей тұсы ащылы жер.

А л а г ө з о в. Оны ауданда неге айтпадыңыз?

М о р г у н. Ұлан-ғайыр жердің ерекшелігін біле беру әзір мүмкін емес, сондықтан бұл араның табиғат сырына қанық тәжірибелі адамдарды тыңдауға тура келеді.

Р а й х а н. Ол жерлер егістікке жарамсыз, малға ғана қолайлы жерлер. Боразда салдырмаған мен.

А л а г ө з о в. А, тәжірибелі адам деген сіз болдыңыз ғой. Жоспарланған басқа жерлерге боразда салдырмаған да сіз шығарсыз?

Р а й х а н. Иә, мен!

А л а г ө з о в. Себеп?

Р а й х а н. Тың жер ұшан-теңіз дария. Дарияны да

үнемдемей ысырап етсең, лайлайсың, сарқып аласың. Ен даланы көшеге дейін жыртып тұқым сеуіп, ертең жайқалып шыққан астықты түгел ала алмай қар астында қалдырсақ — ол қылмыстың қай түріне жатпақ? Әзір егу оңай да, жинау қиын. Айту жеңіл де, орындау ауыр, жолдас Нұрғали Алагөзович!

А л а г ө з о в . Сіз осы инженерсіз бе, директорсыз ба? Совхозға сіз жауап бересіз бе, әлде...

М о р г у н . Егер дер кезінде астық жиналмай жатса, инженер де совхоз директорымен бірдей жауап береді.

А л а г ө з о в . Сіздер, татар халқының әзілімен айтқанда, «тумаған баланың фітиясын қалай береміз» деп қорқады екенсіздер.

Р а й х а н . Сол себепті де алдымен жұмыс атқаратын тұрақты кадр мәселесін бірінші жоспарға қоямыз. Ол үшін совхоз еңбекшілерінің тұрмысын, яғни баспанасын, балалы адамдарға балабақша, мектеп салу мәселесін ойлап, алдымен жұмыс жүйесін жолға қоймақпыз. Әлгі Тұғыржаптың тегін тасын тасыттырмауымыздың себебі де — осы.

А л а г ө з о в . Сіз совхоздың құрылыс инженері де екенсіз ғой?

М о р г у н . Совхоз парторгі, қажет жерде, совхоз архитекторы да болады.

А л а г ө з о в . Ә, онда (*Райханға қарап*) көрегендігіңізді аудан басшыларына, бюрода қаулы алған кезде неге айтпадыңыз?

Р а й х а н (*күліп*). Нұрғали Алагөзович, бюроға бұйралаудан бұрын, шаруашылықты жоспарлаған кезде шақырған жөн. Сонда сөз әрі әділ, әрі өтімдірек болмақ!

А л а г ө з о в . Сіз жоғарғы жердің сөзінің әділдігіне, өтімділігіне күмән келтіреді екенсіз ғой.

Р а й х а н . Сөзді олай бұрмаңыз. Сізге лайық емес. Онда отырғандар да адам, құбыжық емес, қорқытпаңыз.

А л а г ө з о в . Көріскенше, директор жолдас! Инженер жолдас, сіздің аяқ алысыңыз, жасырмаймын, ұнамайды. Ескертемін, байқаңыз, байқаңыз!

Кетеді. Сыртта гүж еткен машина даусы.

М о р г у н . Райхан Сұлтановна, осы Алагөзов сияқты адамға жоқ нәрсеге түйткілдену, шаруашылықты қызмет деңгейімен ғана өлшеп, өзінен жоғары болса, байсалды сөйлесіп, өзінен төменге баяпар болу қандай лайықсыз? *(Пауза.)*

Р а й х а н . Алагөзов — ұзақ жылдар бойы жан аямай үздіксіз жұмыс атқарған адам. Өмір тәжірибесі мол. Әлі де халық үшін тынымсыз еңбек етуден танбайтын, талмайтын адам. Бірақ жұмысбасты боп жүріп, біржақты кеткен. Ана Досановтай емес, Алагөзов мәдениеті де, білімі де келе-келе бұрынғы өзі шыққан қауымнан төмендеп қалғанын аңғармаған сияқты. Қауымнан төмендеу, уақыттан, заман тілегінен артта қалу. Қазіргі уақыт — жасқаншақ, үркектердің, құрғақ бұйрықтың заманы емес, творчестволық ойдың заманы. Меніңше, Досанов сияқты жаңа уақыттың жаңа стильді басшылары көбейе бастаған сияқты. Олар Алагөзовтерге ермейді, Алагөзовтерді өз деңгейіне көтере алатын мәдениетті, білімді басшылар. Мен осыған қуанам.

Бесінші көрініс

Көк майса дала. Далаға төгілген шуақты күннің нұры. Көйлегінің жеңін түріп, білегін сыбанған Қарасай, майкішең Халел, беліне дейін жалаңаш Дикәй бірінің соңынан бірі қатарласа, күнге шағылысқан шалғы жүзін жанып тұр. Алыста тырылдаған трактор, гүрілдеген машиналар үні.

Қ а р а с а й . Сәл демалайықшы. Қартайайын дегем бе, сендерге ілесе алмайтын болыппын, жүрегім қағады. Дикәй, сусын әкелші.

Дикәй кетеді. Қарасай, Халел отырады.

Х а л е л. Осы бір тұстың шөбі ерекше, әке. Мына қарашы (*шалғыны сұрткен шөпті иіскейді*). Бір уыс шөпте сан түрлі гүл аралас жапырақ бар.

Қ а р а с а й. Қайран дала шөбі жұпар емес пе, мұрын жа-
рады. Тіршілікке қуат беретін асыл нәр ғой бұл. Қарашы әне,
мың-мың көбелек, құрт-құмырсқа, инелік, шегіртке, тіпті
кесірткеге дейін, бар жәндік, бар мақұлық осы шөп тамыры-
нан қорек алады. Әттең, не керек, осы тіршіліктің бәрі ертең
асты-үстіне келіп, қара топыраққа айналайын деп тұрған жоқ
па? Ана дәрменсіз көбелектерге обал-ау.

Х а л е л. Осынша ұшан-теңіз даланың бәрі жыртылмай-
тын шығар.

Қ а р а с а й. Әй, қайдам. (*Дикәй әкелген сусынды мейірле-
не ішіп*), кеше атпен біраз жерді аралап едім, сонау Қамысты
көлдің жиегіне дейін айырып тастапты, бүкіл ауданның бар
жері тасталқан жыртылып жатыр. Ертең көбелек тұрмақ,
тіпті тірі құсты көрмесің мына түрлеріне қарағанда...

Д и к ә й (*сыртқа қарап*). Мына бір трактор қымыздың
інісін сезген-ау, осылай қарай келе жатыр.

*Қарасай, Халел орындарынан тұрады. Трактор үні
жақындай түседі.*

Қ а р а с а й. Ау, өзі жалпақ жонды жосылтып жыртып
келеді ғой.

Х а л е л. Ана қара, жолды да айырып өтті.

Қ а р а с а й. Есі дұрыс емес шығар. Ай, остановись, по-
стой, атаңа нәлет, тоқта, стой.

*Сыртқа ұмтылады да, шегіншектейді. Трактор үні
тура түбінен келіп тоқтайды. Шалғысын көтеріп Қара-
сай тұр, алдынан тракторшы Дерягин шығады.*

Д е р я г и н. Старина, шалғыңды тарт, немене, адам ша-
байын деп пе едің? Оданда сусындарың бар ма, әкел.

*Дикәй қалбалақтап қымыз береді, Дерягин аяқты ба-
сына көтере сіміріп қояды.*

Д е р я г и н (аузын жеңімен сүртіп). Ал мына жерден
тайып тұрыңдар.

Қ а р а с а й. Ол ненің ақысы?

Д е р я г и н. Кім сендерге бұл жердің шөбін шап деген?!

Қ а р а с а й. Оны сенен сұрай алмадық.

Дерягин тағы қолын созады. Дикәй қымыз құя бергенде,
аяқтағы қымызды Халел алып торсыққа қайта құяды.

Д е р я г и н. Әй, немене, қазақтар қонақжай болады деуші
еді, сендердің сорттарың бөлек екен. Қане, шалғыларыңды
алып жөндеріңді табыңдар, кешке дейін бұл араның тас-
талқанын шығарамын. Старина, бұл шабындықты енді тү-
сіңде ғана көресің. Екі сағаттың ішінде бұл орында «Қара
теңіз» толқынданып жатады.

Х а л е л. Ай, жолдас.

Д е р я г и н. Иә, мен — жолдас Василий Алексеевич.

Х а л е л. Бұл арада шаруаң болмасын. Басқа жерді
жыртсаң да жетеді. Көріп тұрсың ғой, біз де ойнап жүрген
жоқпыз.

Д е р я г и н. Ойнап жүрген жоқпыз. (Сақылдап күледі.)
Сендер немене совхозға шөп шауып жүрсіңдер ме? (Сес
көрсетіп.) Давайте, кетіңдер. (Тракторға қарай жүреді.)

Қ а р а с а й (қарсы алдынан шалғымен тұра қалады).
Осыдан мына жердің бір түйірін аударып көр.

Д е р я г и н. Неге аудармаймын. Былай тұр, бүгінгі норма
сенің шөбіңнен қымбат. (Сыртқа қарап.) Ал әне директор
келе жатыр, старина, сонымен сөйлес.

Машина гүрілі жақындай түседі.

Қ а р а с а й. Халел, Дикәй, тұрмаңдар, шаба беріңдер. Қара бұлардың басынуын.

Халел мен Дикәй шөпті сырылдатып шауып кете барады. Сыртта машина тоқтайды. Моргун мен Райхан келеді.

М о р г у н. Здраствуйте, ақсақал!

Райхан басын изейді.

Д е р я г и н. Федор Трофимович (*күліп*) совхоздың жаңа директоры табылды. Жердің қожасы мына шал екен ғой, «хозяйн страны», ха-ха-ха! Ал екі директор... (*Тракторға қарай бұрыла береді.*)

М о р г у н. Таң атпай ішіп алғанбысың? Вася, саған не көрінген?

Д е р я г и н. Ішкеннен ешбір зиян жоқ, Федор Трофимович, айдалада ешкімді баспаймын.

Р а й х а н. Ендеше бұдан былай қоятын боларсың. Сені ертеңнен бастап жүк машинасына ауыстырамыз. Шопырлар жетіспей жатыр.

Д е р я г и н. Құп болады, инженер жолдас, паровозға ауыстырсаңыз да мейліңіз.

Р а й х а н. Жарайды, жұмысыңа бара бер.

Д е р я г и н (*сағатына қарап, Қарасайға*). Старина, екі сағат срок!

Кетеді.

М о р г у н (*Қарасай берген қымызды ішіп*). Не деген жақсы сусын.

Қ а р а с а й. Бұл дәрі, жолдас Моргун.

М о р г у н. Дәрі?!

Қ а р а с а й. Иә, иә, әлгі доктырлар дәрі атаулыны мына даланың неше түрлі шөбінен жасайды екен ғой. Білемісің,

түнде басқа мал күйіс қайырып ұйқтап жатқанда, жылқы баласы көбінесе түнде оттайды. Ең қуатты шөп көктемдегі түнгі шөп, күндіз ол күн сәулесінен нәр алып, тамырына сіңірсе, түнде нәрді сол тамырынан алады. Міне, сол кезде оттайтын жылқы сүті, басқа мал сүтінен ерекше. Ал осы сендер, сапаның сары даласын бас көзге тепелеп, айдап-ап жатырсыңдар, сонда, осы мал қайда жайылмақ?

М о р г у н. Қареке, сіз мына жерге бекер шалғы салғансыз. Бұл ара бүгіннен қалмай жыртылатын жер.

Қ а р а с а й. Әй деректр, бұл — жазда шауып алатын нағыз мәйекті жерім... шабындығым, бұдан басқа ұлан-ғайыр жер жетпеді ме?

М о р г у н. Кімнен рұқсат сұрадыңыз?

Қ а р а с а й. Оу, өз иелігімдегі ұлтарақтай жер үшін де рұқсат сұрауым керек пе?

Р а й х а н. Енді сіз ие емессіз. Бұрын бос жатқанда шаптыңыз. Енді бұл араға егін егіледі. Бұл — совхоз жері.

Қ а р а с а й. Е-е... солай екен ғой. «Кірмей жатып төр менікі, келмей жатып жер менікі» деген сөз бар еді-ау о заманнан бері, о заман-ай!

М о р г у н. Солай ақсақал, мына жатқан шөбіңізді тез жинап алыңыз. Бүгін кештен қалмай бұл төңірек түгел жыртылады. Сіздің шаруашылығыңызға қарап отыра алмаймыз. Сау болыңыз.

Моргун, Райхан кете береді.

Р а й х а н (қайырылып). Ана жүрген Жәлел ме, Халел ме?

Қ а р а с а й. Халел ғой.

Р а й х а н. Апырай, дырдай жігіт болыпты-ау.

Қ а р а с а й. Жәлел қайтыс болған.

Р а й х а н (чрейді). Солай ма? Қайырын берсін! Ал мына Халелді жұмысқа бермеймісің?

Қ а р а с а й. Райхан, алақандай жерімді де тартып алдың, енді балама ауыз салма! Жақында кетеміз бұл арадан, жарқыным. Жұғыспа бізге, алма мазамызды! (Райхан кете барады.) А-а, Мұқат, алаулы отыңа салып ең, енді күйіңді тартатын мен ғана болармын. Зауал төне бастады басыма. Көрешегім алдымда екен ғой. Сен алдын ала болжаған екенсің! (Шалғысын лақтырып жібереді. Халел, Дикәй келеді. Үнсіз). О, жасаған, туған топырағымнан енді бір сажын көр де бұйырмайтын шығар (Ессіз күліп). Жаңа қожалар, жерді өлшеп-пішетін жаңа қожалар, жер иелері келіпті. Оу, жер иелері, оу жер иелері, пұрсат беріңдер, күзге дейін. Кетеміз, кетеміз бұл арадан. Көшеміз күзде!

Д и к ә й. Қайда, ағатай?

Қ а р а с а й. Аспан асты кең. Дала бөрісі де тыныштығы бұзылса, мекенін тастап жер ауады. Көшеміз, көшеміз!

Х а л е л. Сонда біз де бөрі болғанымыз ба?

Қ а р а с а й. Басыңа күн туса, бөрі түгілі ит боп кетерсің!

Алтыншы көрініс

Түн. Қара жыртынды. Алыста «Қос анар» белінің ығында анда-санда құн жарқылдайды. Ол кезде қос анар дірілдеп, алып денеге жан біткендей қозғалады. Үстіне комбинезон киген біреу жанұшырып жүгіріп шығады да, ышқына айғай салады. Даусында үрей. Бұл — Тамара.

Т а м а р а. Ах-ах-ей, а-а-а-й!

Д а у ы с а л ы с т а н. Аһ-ай-аһ-ей-аһай!

Т а м а р а (қос қолымен аузын көлегейлеп). Ах-ха-ха-ха-әй!

Сәлден соң Халел келеді, қолында жүген.

Т а м а р а (шошынып). Сен кімсің, неғылған жансың? (Шегіншектей береді.)

Х а л е л. Сен бе айғайлаған, не боп қалды?

Т а м а р а. Кетіңіз бұл арадан!

Х а л е л. Әй, мынау қайтеді. Әй, қыз, өзің емес пе, жаның шыққандай айқайлаған.

Т а м а р а. Айғайласам, мен сені шақырғам жоқ, кетіңіз. Әйтпесе тағы да айқайлаймын, бақырамын!

Х а л е л. Немене, мені қуайын деп пе ең? Кең жерге сыймасаң өзің бар, о несі-ей?! (*Жақындайды. Тамара жан даусы шыға шегіншектейді*). Ха-ха-ха! Тамара, Тамара!

Т а м а р а (*әлі де үрейленіп*). Сен кімсің өзі?

Х а л е л (*қуанып*). Мен Халелмін... Халел!

Т а м а р а (*күліп*). Халил. Сен Халилмісің?! Кешір, Халил, мен танымай қалдым.

Х а л е л. Ой, қыздар деген, сендер бақырып қорқытуға шеберсіңдер.

Т а м а р а (*жүрегін басып*). Ой, как страшно! Халел, жүрегім жарылып кетер ме деп ем. Әлі дірілдеп тұр.

Х а л е л. Соншама не болды?

Т а м а р а (*фуфайкасын шешіп*). Қазір, қазір, жүрегімді басайын. (*Фуфайкасын жерге жазады*). Сәл отырайықшы.

Х а л е л. Жер таза ғой қайтесің.

Т а м а р а. Таза болғанмен шық бар... Әлде майлы фуфайкадан жиіркенемісің?

Х а л е л. Жо-жоқ! (*Екеуі фуфайканың үстіне иық тақастыра отырады*).

Т а м а р а (*кеудесін кере дем алып*). Халил, жаңа мен бір сұмдық нәрсе көрдім.

Х а л е л. Иә!

Т а м а р а. Сонау алыстан оралып келе жатсам, жыртындының үстінде бір нәрсе ағараңдайды. Жақындап келіп тракторды тоқтаттым. Аударылған қалың қыртыстың бауырында домалақ ақтас жатыр. Бұл араға тас қайдан кел-

ген? Не де болса кабинаға салып алайын, кейін бидай сепкенде бөгет болар деп, әлгі тасты көтерсем, жеп-жеңіл. Трактордың жарығына келгенде жүрегім үзіліп түсе жаздады. Басым айналып, әлгі заттың қолымнан қалай түсіп кеткенін байқамадым.

Х а л е л. Иә, не екен ол? Тас па?!

Т а м а р а. Тас емес, бас!

Х а л е л. Бас?! Ненің басы! Жылқының басы ма?

Т а м а р а. Жо-жоқ! Адамның басы! Бас сүйек. Екі көздің үңірейген орны өзіме қадалғанда, ой Халил!

Х а л е л. Кәне, қай арада? *(Орнынан тұра береді.)*

Т а м а р а *(Халелді иығынан басып)*. Кейін мен жүріп кеткен соң аларсың. Сен келмегенде не істерімді білмейтін едім. Мына қап-қараңғы далада әлгі көздей үңірейіп, төрт жағымнан бірдей тесіліп, жұтып қоятындай. Совхозға қарай жүгірейін десем, сүйегі салдыраған Қащей секілді әлдебіреу бас салып ұстап алатын сияқты көрінеді... Ал Халил, сен түн ішінде неғып жүрсің?

Х а л е л. Жылқы бағып жүрмін.

Т а м а р а. Жылқы? Кімнің жылқысы?

Х а л е л. Өзіміздікі.

Т а м а р а. Өзіміздікі? Қанша?

Х а л е л. Он шақты жылқы құлындарын қоспағанда.

Т а м а р а. Не деген көп!.. Оны енді түнде неге бағасың, күндіз жібермейсіңдер ме?

Х а л е л. Болмайды. Жылқы малы түнде оттайды. Күндіз ыстықта ағаш арасында саялап тұрады. Түнде қасында жүріп, жаймаса, ұзап кетеді. Және кім біледі, далада қасқыр да бар.

Т а м а р а. Да, Халел, айтқандай жақында мен қасқыр көрдім. Өмірімде бірінші көруім. Осы арада апаны бар екен. Біздің тракторшылар төрт күшігін ұстап алды. Екі-үш күн осы манда ұлып жүрді. Қазір жоқ, басқа жаққа ауған-ау.

Бірақ қайда барып паналайды. Аянышты-ә! (Халел ойла-
нып қалады.)

Қ а р а с а й д ы ң ү н і . Дала бөрісі де тыныштығы бұ-
зылса, мекенін тастап жер ауады. Аспан асты кең. Көшеміз,
көшеміз!

Х а л е л ү н і . Сонда біз де бөрі болғанмыз ба?

Қ а р а с а й ү н і . Басыңа күн туса, бөрі түгілі ит боп
кетерсің.

Т а м а р а . Халил, неге үндемей қалдың?

Х а л е л (шошып ояңғандай). Иә, иә! Ескі апан. Білем,
білем. Қасқырлар... дала тіршілігі қызық, Тамара, ә?!

Т а м а р а . Романтика, Халил! Мен алғаш тракторға
отырғанда мына мидай далада ішім пысып, жарылып
өлермін деп қорқып ем. Қазір оны ойлауға мұрша жоқ... О,
Халел, егер сен тракторшы боп көрсең. (Тізесін қишақ-
тап аспанға қарайды.) Алатөбеде мың-мың шырылдаған
бозторғайлармен бірге тұрып, шық басқан даланы трак-
тор үнімен дүр сілкіндірген кезді ойласаң. Жалпақ жонды
тіліп, алға қарай ұмтыла бересің, ұмтыла бересің! Артыңда
толқындай боп қара қыртыс қала береді. Көбейе береді.
Көбейген сайын жырта түскің келеді, молайған сайын
тоқтағың келмейді. Рас айтамын. Әбден көзіңе ұйқы ты-
ғылғанда барып, бір-ақ тоқтайсың. Кейде осы айдалада
ұйқтап қаламын. Күні бойы құлақ тұндырған мотор үні
кілт сөнгенде, бүкіл әлем тым-тырыс болып, төңкерілген
аспан, алыстағы қыраттар, төбелер маужырап бәрі саған
қарағандай болады. Сен сал-сал болған денеңді жазып,
дымқыл жер иісі шыққан қалың шөпке фуфайканы төсеп
жата кетесің. Түнгі дала да жүрегі соғып, сенімен бірге
демалып жатқандай болады. Содан кейінгі ұйқы не деген
тәтті. Тіпті ондай кезде сіркіреген жауын астында да та-
маша демалып, сергіп тұрамын... Дала өзіңнің туған үйің
секілді де, сен соның қожасы секілдісің...

Х а л е л (сыртқа қарап). Мына бір машина адасып жүр-ау.

Машина жарығы бұлардың бетіне бірде түсіп, бірде түспей құбыла береді.

Т а м а р а. Жол таба алмай жүр ғой, тегі. Біздің кейбір тракторшылар жолдың екінші жағына өтерде соқа тілін көтеруге ерініп, бірге жыртып жіберетін көрінеді. Кеше Райхан Сұлтановна сол үшін біраз адамды қатты ұрысқан.

Гүр етіп капоты сахнаға жартылай шығып тоқтаған машина моторы кілт сөнеді де, жап-жарық фары Тамара мен Халелдің бетіне түсіп тұрады. Бұлардың қасына еңгезердей Дерягин келеді.

Т а м а р а (жарықтан жасқанып). Фариңды сөндірсейші!

Д е р я г и н. Немене, ұяламысыңдар? Ұрлық жасап жатырсыңдар ма?!

Т а м а р а. Тағы да ішіп алғанбысың?

Д е р я г и н. Сенің ақшаңа ішкен жоқ.

Х а л е л (әңгімені бұрып). Жолдан адасып жүрсіз бе?

Д е р я г и н (ызалы күледі). Жоқ, көжегім, жаңа бір дала қоянын қуам деп зықым шықты. Қорқақ неме көзі жасаурап, жарықтан шыға алмай, машина астында бұғып қала береді. Ақыры жыртындыға түсіп құтылып кетіп еді, сөйтсем Тамараның бауырына тығылған екен ғой.

Т а м а р а. Халел, жүр, трактор кабинасына барып отырайық. Жауын жауайын деп тұр ма, қалай? (Олар тұра береді).

Д е р я г и н. Бұл әлі бұлт қой түйілген. Әзір жаумайды. Үрікпеңдер, әлде сен қорқамысың, көжегім. Әй, тұра тұрыңдар! (Екеуі бөгеледі).

Д е р я г и н. Әй, көжек, Тамара жер жыртып жүр, сен мұнда не жыртып жүрсің?

Х а л е л. Онда не шаруаң бар.

Д е р я г и н. Оһо, қарай гөр, степной орел. Шаңқылдайды өзі!

Т а м а р а. Вася, жетеді енді, ұялсайшы.

Д е р я г и н. Кімнен? Мына сопьяктан ба? Әй, көжек, жүр машинаның алдына түсіп көдемен зыт, қарыныңа прожектордың ізін қалдырайын.

Х а л е л. Кел, мына жүгенді салып, біраз тақымымды жазып алайын!

Дерягин жұдырығын түйіп, жақындай түседі.

Т а м а р а (*Халелдің алдына тұрып*). Жақындама!

Д е р я г и н. Немене, оның жұқпалы ауруы бар ма? Әлде жылан ба шағып алатын? Аһа, түсіндім: саған ұнап қалған екен, қорға, қорға!

Т а м а р а. Жетті енді! Егер бұлай күн көрсетпейді екенсің, ертең кетем бұл арадан.

Д е р я г и н (*бөгеліп*). Әй, көжек, бұл менің әлі түнергенім ғана. Егер шын жаусам, тепелеген бұршақ астында қаласың. Айдалада қыз аулайтын неме екенсің, түсерсің қолыма бір. (*Кетеді*).

Т а м а р а. Қорқытпа, бұл да сендей жігіт!

Машина гүрілі — Дерягин кетеді.

Х а л е л. Бұл неғылған әумесер!

Т а м а р а (*көз жасына булығып*). Менің ағам, кешір, Халел.

Х а л е л. Ағам деймісің! Тамара, мен ендеше...

Т а м а р а. Ештеңе етпейді. Оған сол керек. «Тыңға барамыз, бірге еңбек етеміз» деп алып келіп еді, енді кейінгі кезде мінезі мүлдем өзгеріп барады. Көрінгеннен қызғануды

шығарды. Аанада екеуіміз танысқан күні, ұзақ биледік қой. Сол күні құлағымның етін жеді. Жаңа сені таныңы... Жақында ұрсысып қалдық. Бір палаткада тұратын ек. Мінезіне шыдай алмай аспазшы әйелдердің бөлмесіне кеттім. Содан бері жиі ішетін болыпты...

Х а л е л. Тағы біреу келе жатыр. Вася емес пе?!

Машина жарығы.

Т а м а р а. Енді ол шын соқтығуға келе жатқан болар!

Х а л е л. Онда кетейін.

Т а м а р а. Қорқамысың?

Х а л е л. Жо-о-оқ, әншейін... жарайды.

Жақында машина үні де, фары да сөнеді, бұлардың қасына Райхан келеді.

Р а й х а н. (Халелді көрмегенсіп) Тамара, бұл не тұрыс, тракторың сынып қалған жоқ па?

Т а м а р а. Жоқ, Райхан Сұлтановна, жаңа... жаңа... Халел, әлгіні алып келші. (Халел кетеді.) Райхан Сұлтановна, сіз анау ескі мола, ескі жұртқа соқа салмаңдар деп ескертіп едіңіз ғой. Мына арада мола да, ештеңе де жоқ сияқты еді, жер астынан адамның қаңқасы шықты.

Р а й х а н. Қаңқа?

Т а м а р а. Иә, Райхан Сұлтановна. Зәрем ұшты.

Р а й х а н (мән бермегенсіп). Жербопкеткен көне зираттың орны ғой, тегі. Оны жалғыз үй қасындағы молаға көмдірерміз. Жәрәйді. Ал солярқаларың қалай?

Т а м а р а. Кейде мезгілімен жетпей қалады.

Р а й х а н. Бүгін көп темір бөшкелер алдырдық. Енді солярқаға тапшы болмайсыңдар. Ал лемехты айналымдарда троспен көтеріп көрдіңдер ме?

Т а м а р а. Көтеруге болады. Бірақ ауыр, Райхан Сұлтановна!

Р а й х а н. Соны бәрі айтады. Жақында рычаг орнататын

болдық. Былай да адам жетпей жатқанда, прицеппиктің орнын бір-ақ адам атқарса, ол үлкен жаңалық емес пе!

Т а м а р а (*алысқа, Қос анар беліне қарап*). Райхан Сұлтановна, ана Қос анар шыңында да әйел адамның кеудесі сияқты. Ол туралы бір аңыз бар деп едіңіз. Айттыңызшы.

Р а й х а н. Ә, әлі ұмытпаған екенсің ғой. Кішкентай кезімде әкем айтушы еді. Ертеде осы арада төбесімен бұлт тіреген, аяғымен жер тіреген алып ана болыпты. Бұл жердегі адамдардың бәрі соның балалары екен. Ол шашын тарап, өргенде, осы төңіректе күн орнайды екен де, мақпал қара шашын жайғанда, түн орнайды екен. Бәрі ананың ақ сүтімен қоректеніп өмір сүріпті. Күндердің күнінде ана қартайып, көз жұмар алдында, балаларына: «Ал мен бұл дүниеден кетемін. Сендерге қорек болған қос анарым тасқа айналмақ. Енді сендерді емізе алмаймын. Мен жатқан жерге егін егіп, мал жайып еңбек етесіңдер, аналарыңның тас емшегі тағы да жібіп иер» деп өсиет қалдырған екен. Ана сұлап жатқан биік бел сол Ана деуші еді әкем марқұм...

Т а м а р а. Райхан Сұлтановна, мұныңыз аңыз емес, шын болған оқиға сияқты екен.

Қолында бас сүйек Халел келеді.

Х а л е л. Міне, Тамараны қорқытып жүрген бас.

Т а м а р а. Райхан Сұлтановна, мен кеттім.

Кетеді.

Р а й х а н (*басындағы орамалын шешіп, Халелге*). Мә, мынамен орап ал ана ескі жұрт қасындағы зиратқа көмерсің. Басына белгі қоюды ұмытпа.

Кете беріп, қайта бұрылды.

Р а й х а н. Айтқандай, сен бұл арада түнделетіп неғып жүрсің?

Х а л е л. Жылқы бағып...

Р а й х а н. Одан басқа не кәсібің бар.

Х а л е л. Не кәсіп? Не кәсіп болушы еді?!

Р а й х а н. Сен Жәлелдің інісі Халел емессің бе?

Х а л е л. Иә! Жәлелді де білетін бе едіңіз?

Р а й х а н. Соқталдай жігітсің, «не кәсіп» деп менен сұрайсың. Неге совхозға жұмысқа тұрмайсың? Үйіңе шөп шабасың. Меншікті жылқыңды бағасың. Машинаңа мініп алып, ерсілі-қарсылы сенделіп жүресің.

Х а л е л. Көпсінсеңіз, жақында көшеміз. Біржола көшеміз.

Р а й х а н. Жылы жер іздеймін де... Ол ана шал айтатын сөз. Саған ұят емес пе! Не айтып тұрсың?!

Х а л е л. Келмей жатып мына кең даламыздың аядай жерін көпсіндіңдер. Кеше мына целинниктер «хозяйн страна» деп кекетеді.

Р а й х а н. «Хозяйн страны» деген онша ақылды адамдардың сөзі емес. Бірақ сені кекеткендері дұрыс емес.

Х а л е л. Сонда қалай? Мен хозяйн емеспін бе?

Р а й х а н. Жоқ.

Х а л е л. Мәссаған, сонда сіздіңше туған жеріме иелігім жоқ екен ғой *(ызалы күледі)*.

Р а й х а н. Бұл жерде ит те, құс та, қасқырдың бөлтірігі де туады.

Х а л е л *(сөз таба алмай, булығып)*. Қызық екен.

Р а й х а н. Олар мидай далада тегін су ішіп, тегін жеміс жеп күнелткен бақа-шаян, тышқандар мен суырлар, қасқыр мен құстар. Ал сен де тегін шөпті шауып, тегін суды ішкеніңе мәзсің.

Х а л е л. Қызық екен!

Р а й х а н. Ана қолыңдағы кімнің сүйегі? Білемісің?!

Х а л е л. Көмүсіз қалған біреудің басы шығар.

Р а й х а н. Иә, көмүсіз қалған... Сенің мына далада етек-жеңіді кең салып еркін көсіліп жүргенің соның арқасы. Ол сенің ата-бабаңның басы. *(Енді екілене сөйлейді)*. Атыра-

удан, Алтайға, Қаратаудан Арқаға дейін көсілген қазақтың қасиетті жері үшін ындыны құрып, көздері қанталаған сұғанақтар талайдың басын жалмаған, жүрегін қалқан етіп, ұрпағына мұра етер жері үшін талайдың басы осылай көмусіз қалған. Жер қожасы, жер иесі алдымен солар. Бұл дала нені көрмеген дала, неге белі қайыспаған қайран қара жер. Жеті ағайын жұтты да, алты ағайын аштықты да көрген жер. Ұрпағын жетілтем, перзентін өсірем деп жер тырмалап, егін егіп, талайлар сол аштыққа да ұрынған. Жер иесі, жер қожасы солар. Мүмкін сенің қолыңдағы солардың бірінің бас сүйегі шығар. Сол ата-баба, әкелер, мұраға қалдырған мына кең далаға кім қожа, білемісің Халел! Кеше ұлтарақтай жердің шөбін шаптырмады деп торсаңдайсың. Егер ие бола білсең, мына байтақ дала сенің жерің емес пе? Қазір сен қожа емессің бұл жерге. Сен сатып алған машинаға ғана қожасың. Өйткені оны жуасың, майлайсың, сынса жөндейсің. Мына туған далаға ондай еңбегіңді сіңірдің бе? Бір түп ағаш отырғызып, оны мәпелеп, не егін егіп маңдайың жіпсіді ме? Әне, жаңағы қаршадай қыз сонау Мәскеу облысынан келіп, түн ұйқысын төрт бөліп жанын салып еңбек етіп жүр. Ана отырған үйің Малжан байдың үйі. Одан қалған азбыншы байлық Қарасайға азық болды. Қарасай саған азық, сені асырады. Бірақ ол сенің ұрпағыңа азық бола ма? Тыңда, Халел, ренжіме, мен саған азамат деп ақыл айтам, балам деп ұрсып айтам.

Шертпе күй.

Мына сен жылқы бағып жүрген жер ескі егін орны. Бұдан талай жыл бұрын нан үшін еңбек еткен адамдардың көз жасының белгісіндей иен даланың бір бүйіріне түскен қара дақ, тұсыраған тұлдыр жер. Содан бері қанша жыл өтпеді... (Күй үзіледі. Сыртқа қарап). Мына бір аттылы кім болды?

Х а л е л. Әкем ғой.

Сырттан тыр-тырлаған Қарасайдың үні.

Қ а р а с а й (сырттан). Ау, қайда жүрсің? Зым-зия жоқсың. Жылқылар қайда?

Х а л е л. Мына бір тұста ескі жыртынды бар екен ғой. Соның қалың қурайын ащылап, шықпай қойды...

Қ а р а с а й. Ә, мынау сол түс па еді? Енді үйге қарай жаярсың.

Х а л е л. Әке, бұл жақта да бұрын егін еккен екен-ау. Қашан жыртықан бұл араны?

Қарасай келеді.

Қ а р а с а й. Атам заманда... (Шошынғандай). Ә, мұнда Райхан да бар екен ғой. Сұра, сұра Райханнан!

Жаңағы шертпе күй баяу ғана қайта жалғасады. Авансценаның бір бұрышында Райхан, екінші бұрышында Қарасай. Екеуі де пистолет жарығында. Бұл екеуінің сөзі репродуктор арқылы беріледі де, сөз жүйесіне қарай сахнада оқиға жүріп жатады.

Р а й х а н. Сен әлі сыр ашпаған екенсің ғой... Неге үндемейсің, Қарасай? Мүмкін өзің айтарсың. Әлде ұмытып қалдың ба? Тым құрмаса балаларыңа шет-жағасын естіртсең етті. Онда мен есіңе салайын.

Қ а р а с а й. Білем. Есімде. Бұл араға алғаш құрылған «Жаңа талап» қолхозы егін салғансыңдар, сен басқарма болатынсың.

Р а й х а н. Иә, сен сол кезде де осы күнгі тозығы жеткен жапандағы жалғыз үйде іргең бөлек, жеке отыратынсың.

Қ а р а с а й. Жеке отырмағанда қайтейін, артынан жазықты сиырдай бәрің мүйіздеп, аластап едіңдер ғой. Өңкей сіңірі шыққан кедей-кепшік жиналып, жібі түзу сайман, көліктерің де жоқ, желіндеп тұрған сиырларына дейін соқаға жегіп,

аядай жерге екі-үш қап тұқым сіңіргенсіңдер. Ауыздарың ақтан қағылып, көр жерді талға жау қып, өлмешінің күнімен күзгі бидайға сүйретіліп жеткенсіңдер.

Р а й х а н. Сол жылғы егінде бір тал арам шөп жоқ, жайқалып бітік шығып еді-ау! Соңғы күнге дейін ертең-ақ нанға аузы тиер жұрттың қуанышында шек жоқ еді. Бар тілеуі егіннің үстінде.

Қ а р а с а й. Иә, егін орар алдында күннің аңызақ боп, пеш аузынан үрлегендей ыстық аптаптың соққанын да білем. Бидайларың қауызын жарып төгілгелі тұрған... Түнде жортуылдаған жауларың да көп еді-ау. Жаз бойғы еңбектеріңе бір түнгі әрекет жеткен.

Р а й х а н. О, қасиетті дала, Қос анар. Сол бір түндегідей өмірімде ел қайғысына егіліп көрген жоқ шығармын... Мен шошып ояндым. Далаға ата шықтым. Көшеде ұлардай шұлаған адам, азан-қазан. Аспан қып-қызыл жалын. Жұрт жалаң аяқ, жалаң бас егінге жүгіріп барады.

Қалың егін жанып жатыр. Шырт ұйқыдан тұрған рұсыз жандар айтпай келген апатқа бірі көйлегін, бірі шапанын сермеп, тілсіз жаумен айқасып, мидай араласып кетті. Әп-сәтте тажал өрт келгендерді орап алды. Аузынан от шашқан айдаһарлар мың бұралып, ысылдап, гүрілдеп, жолындағыны жайпап, таптап, атой сап келеді. Шытырлап жанып жатқан егін бе, адам ба, оны да аңғарып болмайды...

Айналасы бір сүт пісірім уақытта етегін ыстық жел көтерген өрт егінді тып-типыл етіп, бозға түскен соң, бойы кішірейіп, алысқа ұзап кете барды. Қарғаша салып та үлгіре алмаған жұрт қап-қара күлі шыққан егін орнына қарап мұңайып, қайсыбірі егіліп жылап тұрды.

Іш киімдері алба-жұлба, қара-қожалақ күл, тұла бойын от шарпыған, жалаң аяқ, жалаң бас адамдар түтігіп, әлде бір аяулысын арұлап қойып қайтқан азалы жандардай, немесе кір кебінін сүйреткен аруақтардай екі иіні түсіп, мойындары

салбырап, үн-түнсіз сахна ортасына келіп, әр жерде состиып тұрып қалады.

Осы жалпақ жонның ұлтарақтай бір бұрышын тырмалап егін еккен елдің есіл еңбегі осылайша далаға кетіп еді. Жер емшегін емгісі келген алғашқы арманды осылайша өрт алған.

Шертпе күй үдей түседі. Қолындағы бас сүйекке қарап ойланып тұрған Халел жалғыз.

Бірінші бөлімнің соңы.

ЕКІНШІ БӨЛІМ

Бірінші көрініс

Алғашқы бөлімдегі күй сарыны. Күй әуенімен қосылатын даласында жосылып жүрген трактор, машиналар гүрілі. Шуақты ашық күн.

Сахнаға жүк машинасының алды ғана шығып тұр. Машина астында шопырдың салаңдаған екі аяғы көрінеді, Халел сол аяқтан тұртіп тұр.

Х а л е л. Жолдас, жолдас! Дерягин сен бе?

Д е р я г и н (машина астында). Не керек саған?

Х а л е л. Инженер жіберді.

Д е р я г и н. Немене, қонаққа шақыра ма?

Х а л е л. Сізге қағаз берді.

Д е р я г и н. Соншама не боп қалды?!

Машина астынан шүберекпен қолын сүрте, созалаңдау шығады. Бұл — Вася Дерягин. Халел екеуі де аң-таң, бір-біріне үнсіз қарасып тұрып қалады.

Д е р я г и н. Әй, көгершінім, то есть көжегім, сені мен бір жерде көрдім-ау деймін. (Халелді майлы қолымен иегінен көтереді).

Х а л е л (*қолын итеріп тастап*). Көрсен көрген шығарсың.

Д е р я г и н. Тоқтай тұр, осы екеуіміз «әлі кездесерміз» деп, келіскен жоқ па едік?! Сен өзің уәдешіл жігіт екенсің.

Х а л е л. Мына қағазды Райхан Сұлтановна берді.

Д е р я г и н (*кекесін күліп*). Немене дуэльге рұқсат алып келдің бе? (*Қағазды оқиды да, Халелге төнеді*). Бұл — сенің сұрауың бойынша жазылған бұйрық па?

Х а л е л. Қалай түсінсең де мейлің. (*Райхан келеді.*)

Р а й х а н. Ә, таптың ба, Халел? Дерягин деген осы жігіт. Озат шопыр.

Д е р я г и н. Райхан Сұлтановна, бұл не, надзиратель ма, әлде адвокат па менің қасыма қосатын?

Р а й х а н. Вася, бұл жігіт өзінің меншікті машинасымен жүргелі бір жылдай болыпты. Бірақ жүк машинасын жүргізіп көрмепті. Бір айдай қасыңа алып стажировкадан өткізесің. Сосын право алып береміз. Күзде жиырма шақты машина алмақпыз. Адам тапшы екенін білесің. Бұл да совхозымыздың болашақ кадры.

Д е р я г и н. Мен шопыр дайындайтын оқытушы емеспін, Райхан Сұлтановна! Сосын осы бір баланы суханым сүймейді. Жалпы осындайларды көргенде, ішіне шыбын түскен жылымшы шарап ішкендей боламын.

Р а й х а н. Дерягин, сенің сұлу сөздеріңді тыңдап тұруға уақыт жоқ. Іске сәт! (*Кетеді.*)

Д е р я г и н. (*ойланып, Халелдің бас-аяғына қарап*). Тақ, тақ... Ал көжегім, біздің дуэль бір айға созылатын болды. Өзің, дегенмен, мені қалап алған жүрек жұтқан неме екенсің. Кәне, бастайық стажировканы. Машина кузовінде шелек бар, отырғыш астында шүберек, алып кел. (*Халел әкелгенше.*) Үстіндегі киіміңді үйлену тойында киерсің. Мұнда тойға келген жоқсың. Енді, бұдан былай мына машинаны майлайтын, тазалайтын сен боласың. (*Халел шелек-*

ті әкеледі.) Ал қазір, көжегім, анау көлге барып су әкел. Әрине, жаяу, жаяу. Тұра тұр. Мына радиаторды білесің ғой. Арақ ішіп көріп пе ең? Егер көрсең, суды радиатордың көмейіне лақылдатып құйма, кеңірдегіне сыздықтатып құй, әйтпесе шашалып қалады. Сосын мына шүберекпен, әрине, тағы да су әкеліп, машинаны жалтыратып жуасың. Жаратылысында тазалықты жақсы көретін адаммын. Мен тамақ ішіп келгенше, осы жұмыс саған жете тұрады. Келісімен рейске шығамыз, болды. Сұрағың жоқ па?

Екеуі екі жаққа кете бергенде Тамара шығады.

Т а м а р а. Халел!

Х а л е л. Тамара, сәлем!

Т а м а р а. Иә, шелегің не, бензин алайын деп жүрсің бе?

Х а л е л. Тамара, мен жұмысқа орналастым.

Т а м а р а. Да-а! Тамаша! Құттықтаймын. Ал асығып барам! Кешке уақытың болса кел. *(Кете береді.)*

Д е р я г и н. Тамара!

Тамара бөгеледі.

Т а м а р а. А, Вася?!

Д е р я г и н *(тұрып қалған Халелге)*. Сен неғып тұрсың, сөлбірейіп! Бар жұмысыңа. *(Халел кетеді.)* Тыңшы құсап қайтеді.

Т а м а р а. Аузыңа сыпайырақ сөз түспей ме? Ал не шаруаң бар? Асығыспын...

Д е р я г и н. Асықсаң, соңғы рет ескертемін, әлгімен кездескеніңнің алды-арты осы болсын.

Т а м а р а *(күліп)*. Не? Жұмыстан қолы босамай ма? Менің де уақытым бола бермейді. Әйтсе де...

Д е р я г и н. Тамара, мен қалжыңдайын деп тұрғам жоқ.

Т а м а р а. Мен де қалжыңдап тұрғам жоқ. Шыным сол. Халел деген бір биязы жақсы жігіт, ұнатамын. Өздерің

бір машинада істейтін болыпсыңдар ғой, байқауымша. Әлі өзіңнің де көзің жетеді. Ал қолың тигенде киімдеріңді алып кетерсің, жуып, өтектеп қойғанмын. (Асығыс кетеді.)

Екінші көрініс

Түн. Жалғыз ұй. Қора іші. Шілтерлі шамның көмескі сәулесі. Сыртта селдете құйған нөсер үніне Қарасайдың сарнаған даусы ұласады. Қолында жалақтаған пышақ, білегін сыбанған, қолы қан.

Қ а р а с а й. Есіл мал, қор болған есіл мал! А, жасаған, көрсетпегенің осы еді. Апандай аузын ашып, азуын салар тажалыңды үйде де, түзде де қапталтың! Менде не өшің бар еді?

Үйден Жәміш шығады.

Ж ә м і ш (баяу ғана). Батыреке-ау, сенің бағусыз малыңды жарған құдай емес, аш қасқырлар емес пе, несіне таусыласың?

Қ а р а с а й. Дала қасқырына не жорық, жаңа туған бөлтірігінен айырып, тыныш жатқан мекенінен қуса, өшіккен бөрі ауызды малға салмағанда қайда салады? Қазір бұл үйде де жаны ашитын тірі жан қалмай барады.

Ж ә м і ш. Бізге не істе дейсің? Ақбөпе баладан шыға алмайды. Дикәй байғұс қайтсін мына нөсерде...

Қ а р а с а й. Дикәй, Дикәй! Атасы басқа алапес, күні үшін жүрген жарымес, ол қайбір малға белі қайысып, жаны ашитын неме! Бұл мал жалғыз маған керек деп жүрген шығарсыңдар. Шәйнегің қайда, шәйнегің, су әкел жуатын!

Жәміш кетеді. Екінші жақтан үстіндегі көйлегі малмандай, жалаң басынан су сорғалаған жалаң аяқ Дикәй келеді, қолында бишік.

Қ а р а с а й (пышағын тастай беріп, қанды қолымен ұмтылады). Ә, келдің бе, таптың ба қойларды, атаңа нәлет!

Д и к ә й. Таптым... Қамысты көлден таптым, ығып кетіпті. (Күмілжіп). Әлгі... әлгі...

Қ а р а с а й. Не әлгі... Әй, әлгі, не әлгі!.. Тілің байланып қалды ма? (Дикәйдің қолындағы қамшыны жұлып алып төне түседі.)

Д и к ә й (жыламсырап, жасқанып). Ағатай-ай. Енді... қас қарайып кетті. Түк көрінбейді, екі қара қойды таба алмадым, жоқ...

Қ а р а с а й. Өзің қайда жоғалып жүрдің?

Д и к ә й. Мен... мен... жауын күшейіп кеткен соң, ана целинниктерде бөгеліп қалдым. Кино әкеліпті, ағатай.

Қ а р а с а й. Ә-ә, Халелдің желіккені аз еді, енді сен де солай қарай ауайын дедің бе? Мәһ саған, мәһ саған!

Дикәйді қамшының астына алады. Бүктетіле құлап, басын қорғаштаған Дикәйдің «Ағатай-ай, ағатайлаған» жалбарынышты үні.

Қ а р а с а й. Мәһ ағатай, мәһ ағатай. Сен қалып ең енді басынбаған.

Үйден жүгіре шыққан Ақбөпе атасын қағып жібереді де, қолындағы қамшыны жұлып алып лақтырып тастайды. Дикәй сыртқа тұра қашады. Жәміш те шыққан.

А қ б ө п е. Не деген аяусыз, қатыгездік! Мал емес қой ол, адам ғой ол! (Дикәйдің соңынан жүгіре жөнеледі.)

Қ а р а с а й. О, жасаған! Ақыры келіннен таяқ жедім. Баламның қойнына келін емес, кесіртке салған екем ғой! Бұдан да алсаң етті ажалымнан бұрын!

Ж ә м і ш (баяу ғана). Батыреке-ау, қойсаңшы, қарғана бермей, мына слина келгені өзің баяпар боп барасың ғой. (Гүрс еткен қопарылыс үні шығады). Астапыралла!

Қ а р а с а й. Әне! Бұлар енді жер үсті жетпейтіндей, жер астының тасын қопарып жатыр. Зираттарды қиратып, ата-бабаның сүйегін аспанға атып жатқан жоқ па?

Тағы да қопарылыс.

Үшінші көрініс

Сырылдаған жауын. Анда-санда күн шатырлап, жар-қылдайды. Минорлы шерше күй сарыны. Бұтағы жапырақ жайған жалғыз ағаш. Жалғыз ағаштың діңін құшақтап, бүрісіп отырған Дикәй. Көйлегі қамшыдан айрылып-айрылып кеткен.

Дикәйдің қазіргі ойы, көңіл күйі ыңылдаған ән болып естіледі.

Жалғыз ағаш, кімнен пейіл сұрайын,
Ағыл-тегіл көзім жасын бұлайын.
Жел өтінде қалтыраймыз пана жоқ,
Жетім күні осылай ғой ләйім.

Сырттан «Дикәй-Дикәй, Тұрсын, Тұрсын!» — деп айғайлаған Ақбөпе даусы естіледі де, аздан соң өзі келеді.

А қ б ө п е. Мына жауында неге алысқа кеттің? Тоңдың ғой, ораншы. (Жеңіл шапанын шешіп, үстіне жабады.) Сені үйдің маңынан, сырттағы мал қорадан іздеп таба алмаған соң, дәуде болса осы киелі ағашқа кеткен шығар деп ем... (Енді сөзбен жұбатқысы келгендей.) Аанада бір-екі рет атай ренжіткенде осылай қарай кетіп бара жатқаныңды көріп едім...

Д и к ә й (әлі де жыламсырап көзін сүртіп). Ақбөпеш, қарғам, не айтайын саған. Мендей мүсәпірді мүсіркеген сені құдай мүсіркесін. Артымнан іздеп шығар кімім бар? Бұл өмірден жоғалсам да орнымды жоқтар кім бар, қарғам!

Мұнымды айтар, шағынар ешкімім де жоқ, ішімде жатқан ащы запыранды үнсіз жұтып жүре берем. Анда-санда қайғыланып кеткенде іштегі шерді тарқатып кетер сырласым, мұңдасым осы жапандағы жетім ағаш.

А қ б ө п е. Былтырдан бері бұл ара — менің де жиі келер орным.

Д и к ә й. Білем, білем, қарғам. Бір-екі рет байқадым оны. Сен де жалғызсырайсың, түсінем.

А қ б ө п е. Есіңде ме, алдыңғы жылы Жәлел соңғы рет Омбыға мал апарып оралған жыл. Ана сары қопаның тұсында қасқырлар қамап, болдырған атын жегенде, өзі қалың қарға омбылап осы қайыңға зорға жетсе керек. Түтеген боранда үйді таба алмады ма, дала кезген көп қасқырлар бұл арада да кезікті ме, ағаштың басына шығып, өзін өзі байлап, көз ілдірсе керек. Бірақ сол кез ілгеннен мәңгі ұйқыға кетіпті.

Д и к ә й. Білем, білем, Ақбөпе. Мен онда Халелмен ауданда едім ғой. Біз үсіп өлді дегенін ғана естіп жеткен ек...

А қ б ө п е. Дала кезіп жүрген бір аңшылар көріпті. Әйтпесе жазға дейін ізсіз кетер ме еді, қайтер еді.

Д и к ә й. Дәл соңғы жолы — көп жылқымен Омбыға жүрер алдында Жәлел біртүрлі қамығып, қайғыға түсті. Мал қорада отырып, «Бұл не тіршілік, айдалада апандағы қасқырлардай елден, жұрттан жырақ өмір кешіп жатырмыз. Тым құрмаса қара жолдың үстінде де емеспіз. Қаладан қайтқанда үлкен жолдан бұрылысымен бұрынғы өз ізімді зорға табамын. Ай, сол жол бірде болмаса, бірде адастырар-ау. Жалғыздық болар менің түбіме жететін», — деп өзінен құлазып кетіп еді.

А қ б ө п е. «Кетейікші, жұрт қатарлы еңбек етіп тіршілік етейікші. Мен көрген жалғыздықты Халел көрмесе екен, балаларым көрмесе екен», — деп маған да шағынушы еді.

Д и к ә й. Жұмысқа тұрғалы, жұртпен араласқалы,

байқайсың ба, Халел де бір түрлі есейген сияқты... Ақбөпеш, сен неге Халелмен бұрынғыдай ойнап-күліп жүрмейсің. Оның жазығы не? Бірің қайны, бірің жеңге кездеріндегі шуақты күндеріңе неге салқын көлеңке түсіресіңдер?.. (Пауза). Кешір, Ақбөпеш... Мен әшейін...

А қ б ө п е (күрсініп). Сен де көп нәрсені байқайды екенсің-ау. Жұрттың бәрі жаныңды жаралардай мазақтап, келемеждегенде, түк түсінбейтін адамдай елемейсің, қабақ шытып ауырсынбайсың да... Соған қарап мен сені...

Д и к ә й. Елегенде не істеймін. Көп нәрсені білем деуден, білмеймін деуді үйренгенмін, сөз таластырып біреуді жеңер, не итжығыс түсер менде не қауқар бар. «Аяз би, әліңді біл» деп әліптің артын күтіп жүре берем. Қайбір күйім тасып ән айтады дейсің. Іш қазандай қайнайды кейде, ән соны тасытпай, булық шығарып қоятын қазанның қақпағы тәрізді.

А қ б ө п е. Мен сияқты артыңа қара нарың жоқ, неге кетпейсің бұл үйден?

Д и к ә й. Кеткенде қайда барам? Он жылдан бері бауыр басқан Халелді, сендерді қимаймын. Қалған өмірімде қайдан енді туыс іздеп, қайдан жақын табам...

А қ б ө п е. Мені де қинап жүрген сол қимастық қой. Ең арты осы жалғыз ағашты қимаймын. Басында дәйім Жәлел отырған секілді. Жаңа үйленген кезде, күнде осы ағашқа келіп, басына шығып отыратынбыз. Біздің ең биігіміз осы киелі ағаш болатын. Жәлел көз жетер жердегі көлдерді, қорымдарды, шоқ ағаштарды, тіпті қыраттарға дейін көрсетіп, осы маңның ащы, тұщы суларына дейін, тобылғы, жусандарына дейін таныстыратын. Өзі білетін моңғол, жоңғарлармен болған соғыстарды айтып, елін қорғаған батырлардың ерлікпен қаза тапқан жерлерін көрсететін. Кешқұрым екеуіміз қосылып ән салатынбыз. Өлді деуге көңілім сенбейді. Жәлелім, (ағаш басына қарап) қатты бір

сөзге келіп, түс шайыспаған, Жәлелім. Кешір, бүгін атаймен түс шайысып қалдық.

Сахнада боран. Жалғыз ағаш баурында, бораннан ықтаған Жәлелдің бейнесі.

Репродуктордан шертпе күй, Ақбөпенің үні.

— Кешір, Жәлел! Халел екеуміздің арамыз баяғы қалпы. Ол інім ғой. Туған інімдей көрем. Ол да соны іштей түсінетін сияқты. Біз бір-бірімізді қимай жүрген бауырлармыз. Бірақ қанша қимағанмен, тіршілікте біз жол айырығындағы адамдармыз ғой.

Жәлелдің үні. Саған артар кінә жоқ. Тірі адам тіршілігін жасар болар. Жасыма. Басыр күндер менімен кетсін. Серпіл. Көппен аралас, ақылшың көбейеді, екеуміз бұл дүниеге киелі ағаштың биігінен ғана қараушы едік, енді алысты көруге талпын. Жолың ашық. Маған анда-санда келгенін де жетеді, рақмет Ақбөпеш!

Төртінші көрініс

Қазандық. Жәміш от жағып отыр. Сырттан үсті малмандай су, Халел кіреді.

Жәміш. Құлыным-ай, аман келдің бе? Мына құдайдың күні де бүгін селдетіп кетті ғой. Шешінші тез, құрғақ киімдеріңді ауыстырып киші.

Халел. Апа, саған цейлон шайын әкелдім.

Жәміш. Силоның не, қарағым-ау, ондай да бар ма еді.

Халел. Бағана совхозға автолавка келіп еді ауданнан, үнді шайынан артық дейді. (Қойны-қоншынан көп шай әпереді.) Апа, әкем үйде ме? (Қазандыққа қақтана отырады.)

Жәміш. Әкең ана төр жақта тұлан тұтып жатыр. Осы үйді бүгін алапатымен көшіріп жібере жаздады.

Х а л е л. Иә, не боп қалды?!

Ж ә м і ш. Сұрама. Өзің де сезіп жүрген шығарсың. Күннен күнге беймаза, күйгелек боп барады. Әлгі Дикәй байғұс соры қайнап таяқ жеп қалды. Үйден қашып кетті.

Х а л е л. Қашып кетті? Мына жауын астында қайда паналайды? *(Орнынан ұшып тұрады.)*

Ж ә м і ш. Іздемей-ақ қой, Ақбөпе алып келген болу керек. Сонда тығылып жатқан шығар. Келінге де бүгін шалдың тілі тиді. Күрең биені қасқыр тартыпты, құлынын жарып кетіпті, пышаққа ілікті. Екі қой жоқ... Айтқандай, жаңа түнделетіп құда да келді. *(Қақалды, төр үйден Қарасай сөйлей кіреді.)*

Қ а р а с а й. Әй, түкіргішім қайда?

Іштен Мұқат та шығады.

М ұ қ а т. Ә, күйеу бала, аман ба? Өзің совхозға тұрам деп судан шыққан сарышұнақтай сөлбірейіп қалыпсың ғой. Машина жүргізеді деп еді, тегі көлеңкеде емес, сыртқы қобдида отыратын жұмыскер болдың ғой.

Ж ә м і ш. Е, жұмыс болған соң, бәрібір емес пе? Әйтеуір киімдерінен ылғи жермай иісі шығады. Кім білген.

Қ а р а с а й. Отырсайшы, Мұқат. Не ана жаққа бармайсың ба, қазандықта не бар?

М ұ қ а т *(қазандық алдында жатқан екі қиды қатарлап, үстіне отырады)*. Жарықтық, осы қидан артық отын бар ма? Қазандық астына қалап қойып, мына Халел құсап өткен-кеткенді ойлап отырғаннан қызық нәрсе жоқ-ау. Бірақ шопырларда не ой болушы еді. Неше рейс жасап, қанша ақша аламыз дегеннен басқа, ә? Айтқандай, Халел, осы сен қанша жалақы аласың?

Х а л е л. Жалақы емес, еңбекақы деңіз.

М ұ қ а т. Иә, иә, зря плата дейді Омбының мұжықтары.

Х а л е л *(күлігі)*. Мың теңгедей «зряплата» аламын.

М ұ қ а т *(ол да күліп)*. Мың теңге? Бір айдағы бар

табысың сол ма? Жауынға малшынып, батпаққа малтығып, күні-түні тас тасып, тұла бойыңнан бензин исі мұңкіп, сасып жүріп табатының бір күнгі базардың түсіміне татымайды.

Қ а р а с а й. Бұл машина жүргізуші емес, машинаны майлап, тазалаушы. Шопыр орыс жігіті.

М ұ қ а т. Ее, е, орыс баласының артына мінгесіп жүр едім де.

Ж ә м і ш (сөзді бөліп). Халелжан, күні-түні дүңкілдетіп жатқандары не осы, кейде тіпті терезе сылдырайды, тура іргеңнен ұрғылап жатқан сияқты.

Х а л е л. Апа, ол бұл арадан, айналып жүргенде елу шақырымдай жердегі Тұғыржап қой. Соның ақ тастарын атқылап, жарып жатырмыз. Қасында тұрып көрсең, апа. Әке, ұмытып барады екем-ау, Моргун сол тастардан бір үйге жетерлік тас, шипр, басқа да стройматериал берем, жұмыс арасында ұй салып ал дейді. Мына біздің ескі үйді күзде бульдозермен көшіреміз дейді. Бұл араға шеберхана салмақшы.

М ұ қ а т. Бос жатқан Тұғыржаптың тасын берем деді ме, жомартын қараш! Бульдозермен көшіретін бұл үй оның несін алыпты, қай атасы салып берген екен.

Х а л е л. Құлайын деп тұрған ескі үйді сыпырып тастамағанда қайтеді? Бұл арадан екі көше үй тартылмақшы. Апа, жаңа салған үйлерді көрдің бе? Шіркін, саңғырап тұр!

М ұ қ а т. Әй, Халел, сен де мал иесісің ғой. Мынаған қарағанда әкеңді енді малсыз-ақ асырайтын шамаң бар. Мал бағатын тұр көрінбейді сенен. Қасқырлар жеп, талан-таражға түспей тұрғанда малдарыңды түгел сатып алып, әкеңнің қолын біржола босатайын деп отырмын, қалай қарайсың?

Х а л е л. Сіздің малдарыңызды да талай жыл бағып беріп едік қой, енді саудаласпай-ақ сіз де бірер жыл ішінде қаржысын қайтарарсыз.

М ұ қ а т. Ғұмырымда мал жайлап көрген емен, Дикәйді

беріңдер. Мына әкеңнің не малын сатқысы келмейді, не Дикәйді бергісі келмейді.

Х а л е л. Оны Дикәйдің өзінен неге сұрамайсыз?

М ұ қ а т. Оның еркі сендердің қолдарында емес пе? Бар десе барады, барма десе бармайды.

Х а л е л. Ол біреудің басыбайлы құлы емес қой.

Сырттан Ақбөпе мен Дикәй келеді.

А қ б ө п е (салқын ғана). Апа, самауырдағы су әлі ыстық шығар. Халел, жүр, жуынбайсың ба. Кішкене қазан бос па, апа, су қайнатайын деп ем.

Ж ә м і ш. Түнде су қайнатқаны несі, тамақ ішіп жатпайсыңдар ма?

А қ б ө п е. Дикәйдің көйлек-көншегін жуып берейін деп ем.

М ұ қ а т. Еһ, сендер сыртта естіп тұр ма едіңдер. Бәсе, өзіңді үйлендіріп, бір жеке үй ғып шығарайын. Ақбөпе, ескі киімдерін жуып, әлек боп қайтесің. Өзім жаңа киім әперем. Әзірше бір киері болса жетеді.

Д и к ә й. Апа, ренжімейсіз бе?..

Ж ә м і ш. Қарғам-ау, қалай қиып жіберем сені?

Д и к ә й. Апа-ау, күнде келіп тұрам ғой.

А қ б ө п е. Дикәй совхозға тас қалаушы боп жұмысқа орналасты. Жаңа директормен сөйлестік. Жатақханадан орын беретін болды.

М ұ қ а т. Ә-ә, бұрын бұйығып жүріп күн көрген Дикәй едің, енді есебін тауып бұл үйден «тикәй» болам де.

Ж ә м і ш. Қарғам-ау, ағатайыңның ашуланып жүріп қолы тиіп еді, өкпелеп қалдың ба?

М ұ қ а т. Жетім қозы тас бауыр! Ащы таяғы қалай көтерсін. Өз балаң болса, өзекке тепсең де кетпес еді.

Д и к ә й. Жетімдік таяғы одан да ащырақ, апа. Сол таяқтан құтылар ма екем. Бағымды сынап көрейін, апа. Ренжімеші,

апа! Маған да осал тиіп тұрған жоқ. Ел қатарлы тырбанып көрейінші, ренжіме, апа!.. Ренжіме, ағатай!

Бесінші көрініс

Түн. Жауын. Доңғалағы бір орында зырылдап батқан машинаның гүрілі. Мотор дырылдап, ыңылдап ышқынады. Сыртта Халелдің «алға, артқа, алға, артқа» деген даусы. Доңғалақ астында майбалшыққа батқан фуфайка сахнаға кеп ұшып түскенде, машина моторы сөнеді. Бет-ауыздары сатпақ-сатпақ батпақ Дерягин мен Халел шығады. Қолында күрек.

Д е р я г и н (батпақ фуфайканы алып). Мынаны доңғалақ астына салғанбысың, ортан белінен батқан доңғалаққа бұл жүк бола ма? Енді өзің жат доңғалақтың астына.

Х а л е л. Осы маңда қолға ілігетін ештеңе жоқ. Бағана біраз тасты кузовта қалдыру керек еді.

Д е р я г и н. Керек еді, керек еді. Одан да мына шымға түспеу керек еді. Көз қайда? Сайрап жатқан жолды тастап, әдейі түстің бе, енді шығар машинаны. *(Өз басын өзі тоқпақтап.)* Саған баранкені сеніп берген мен ақымақ.

Х а л е л. Совхоз алыс емес, трактор әкелейік.

Д е р я г и н. Трактор?! Бұдан былай бір тракторды күнде машинаның үстіне тиеп жүрейік дерсің. *(Фуфайканы лақтырып жібереді. Халел жүгіріп барып алып келеді).* Таста әрман, не қылған дүниеқоңызсың. Енді киюге келеді деп отырмысың?!

Х а л е л. Жұдырып алам.

Д е р я г и н. Басқа лыпаң жоқ па? Мә, менің пенжегімді. *(Шеше бастайды.)*

Х а л е л (фуфайканың өңірін ашып). Тамараның фуфайқасы еді...

Д е р я г и н (тістеніп). Тамараның?! Немене белгіге беріп пе еді...

Х а л е л. Түнеукүні жауында плащымды тастап кетіп-пін, карьерде тоңарсың деп беріп еді. Алғашқы борозда салғандағы телогрейкасы ғой.

Д е р я г и н. Енді сенің жүрегіңді жылытып жүрген телогрейка де. Ки онда, киіп ал. Әтір иісі шығатын шығар. Әлде Тамараның иісі шыға ма?

Х а л е л (күліп). Тамара мұны кейін музейге қоям дейді. Өзіне берем... Шынында да кейін Алматыдан, не Мәскеуден тың өміріне арнап музей ашатын болар... (Екеуі де үнсіз.)

Д е р я г и н (ызбарлы). Ана отырғыштың астындағы балтаны алып кел.

Х а л е л. Балтаны? Оны қайтесің?!

Д е р я г и н (кекесін күліп). Сенің басыңды жарам. Бар, алып кел! Тез! (Алысқа қарап өзіне өзі.) Осы тұста еді ғой. (Халел жүгіріп барып балта алып келеді.) Ал сен, көжегім, қалғып-шұлғымай үйіңе барып ұйқта, әне совхоз көрініп тұр. Карьерге бүгін өзім-ақ барамын...

Х а л е л. Жо-оқ, менің ұйқым ашылды. Әуелі машинаны шығарып алайық. Сосын тағы бір рейс жасаймыз ба?

Д е р я г и н. Оған қам жемей-ақ қой. Бар! (Халелдің қолындағы балтаны жұлып алып.) Сосын... соңғы рет ескертемін. Тамараның қасына енді жуушы болма!..

Х а л е л. Не... Неге?.. Біз, біз доспыз ғой, онда тұрған не бар?..

Д е р я г и н. Білем, достықтарыңның түбінде не жатқанын. Ал Тамараға тісіңнің арасынан шығарсаң (балтаны кезеп) тура басыңды жарамын. Ол — менің болашақ әйелім!.. Енді түсінікті шығар?!

Екінші бетке ширақ адымдап кете береді. Минорлы музыка әуенінде Тамараның баяу, мұнды үні.

— Халел, ол менің ағам, кешір. Кейінгі кезде мінезі өзгеріп барады, ішетін болды. Жұмыс уақытында болмаса, басқа кезде көзінен таса қылғысы келмейді. Кейде жұмыстан пысынап келгенде, үйде шешініп тастап, қалай болса солай жүрсем, «Жап үстіңді, киін», — деп, зекіп тастайды. Бала күнімізде мені қасынан бір елі қалдырмай, көл жағасындағы құмда жалаңаш-жалпы күнге күйіп, асыр сап ойнайтын шақтар қандай рахат, кеңшілік уақыт еді. Енді ол екеуіміз де есейгенбіз-ау. Мен оның алдында өзімді әлі кішкентай қыз сияқты сезінемін. Ол... Жоқ, біртүрлі мінезі өзгеріп барады. Түсінбеймін...

Х а л е л (басын көтеріп алады). Түсінсем бұйырмасын. Әлгі не деп кетті: «болашақ әйелім?!» (Жақыннан ағаш шапқан балта үні естіледі. Халел елегізіп.) Бұл қай түс? Мынау... мынау жалғыз ағаш тұсы ғой! Жәлелдің ағашы! Ва-а-ся! Ва-а-ся-я!

Халел айғайлаған бойы жүгіре жөнеледі. Музыка. Жауын үні. Сахна қараңғыланып, қайта жанғанда жалғыз ағашты құлаштай шауып жатқан Дерягин. Халел жүгіріп келген бойда балтаға жармасады. Дерягин қағып жіберем дегенде, балта ұшып кетеді. Халел балтаға ұмтылғанда Дерягин бұрын барып балта сабын басып қалады.

Х а л е л (бойын жазып). Шаппа ағашты, шаппа!

Д е р я г и н. Ә, енді менен айдаладағы ағашты да аяйын дедің бе, на получай, получай!

Сарт-сұрт ұрып құлатады. Халел Дерягиннің қолындағы балтаға тағы ұмтылады, тағы жұдырық, тағы жұдырық. Халел кескен баудай құлап түседі.

Жалғыз ағаштың маңы ұйытқыған боран. Дерягин ақ балтаны сілтеп жатыр.

Жәлелдің үні. Халел, тұр, тұр орныңнан. Маған пана болған ағашты арашалаймын деп таяқ жеп қалдың-ау, жаным! Ажал жетсе адам да өледі. Қураған кәрі ағаш тағы бір тығынға жараса, оған өкінбе. Бұл да қажет болған ғой. Әттең, енді бұл араға Ақбөпе келмейтін болды-ау...

Сықыр етіп, құлаған ағаш үні.

Алтыншы көрініс

Құн жаңа шығып келе жатқан мезгіл. Шырылдаған бозторғай үні. Теңіздей толқыған сарыбалақ егін көрінеді алыстан.

Сахнада машинаның алды. Түйіншек ұстаған Ақбөпе машина терезесін ұрғылайды.

А қ б ө п е. Халел, Халелжан. Тұр деймін, тұр. Ұйқың мұнша қатты болмаушы еді. *(Иштен ыңыранып, есінеп, Халел шыға береді).*

А қ б ө п е *(жерге отырып түйіншегін шеше бастайды)*. Түні бойы көз шырымын алғам жоқ. Бір жерде жазым болды ма деп, зәрем ұшып... Бетін аулақ қылсын, көрші совхозда бір шопырлар мерт болыпты.

Х а л е л *(есінеп)*. Қарьерден таң ата келдік, сосын мазаларыңды алмайын деп. *(Машина астына кіріп радиатор қранын ағызып бетін жуады.)* Қазір тағы рейске кетеміз.

А қ б ө п е *(түйіншекті дастарқан етіп жазып, бір бөтелке қымыз, ет, май мен нан қояды)*. Мезгілімен тамағыңды ішіп жүрсеңші.

Х а л е л *(қасына отырып)*. Кеше орап берген тамағыңды да түгел жегем жоқ, несіне келдің, ұйқтасаң етті. *(Тамақты қарбытып жей бастайды)*.

А қ б ө п е (бетіне үңіліп). Халелжан, бетіңе не қылған: авариядан амансыңдар ма?

Х а л е л. Әй, әлгі бір... тастарды атқылап жатқанда жақын тұрам деп...

Сырттан Тамараның даусы шығады.

Т а м а р а н ы ң д а у с ы . Сәлем! Тамағың тәтті болсын!

Халел жай ғана қолын көтеріп сәлемдеседі.

А қ б ө п е (ол да қолын көтеріп). Сәлем, сәлем Тама-ра! Бері кел, тамақ іш.

Т а м а р а н ы ң д а у с ы . Асығып барамын. Смен-шигім күтіп қалады.

Х а л е л (күмілжіп). Тамараны қайдан білесің?!

А қ б ө п е. Киіктің лағындай сүйкімді қыз. Біреудің әлпештеген баласы ғой. Өзі қандай бауырмал. Кеше сенің жеңгеңмін деп танысқанмын. Тіпті балаларыма дейін сұрап, іші-бауырыма еніп кетті. Бұларда жаттық жоқ қой, шіркін! Балалардың аттарына дейін біледі, тегі сен айтқаның-ау... Халел, қалай қарайсың? Мен де совхозға тұрайын деп ем. Кеше директор әзірше бензин құятын жерде істе, кейін қолайлы жұмыс табылар деді.

Х а л е л. Әрине, әрине... Мен де айтайын деп жүр едім...

А қ б ө п е. Халелжан, ұйқыдан көзім бұлдырады ма, әлдене болды, білмеймін. Күнде алыстан көрінетін жалғыз ағашты көре алмадым. Төбеге шығып та қарадым. Қазір қайтарда әдейі барып кетпесем...

Сырттан Дерягин келеді.

Д е р я г и н. Машинаға су құйдың ба? Бол, жүреміз.

Х а л е л (аузын орамалдың шетімен сүртіп). Ал той-дым, кеттік біз. Су да құя алмай қалдым-ау.

Ақбөпе (түйіншекті қайта орап жатып). Мыналарды салып ал жолда қарның ашады. Ай, шопр, дәм ауыз тимейсің бе?

Дерягин. Рақмет, таңертең тамақ іше алмаушы едім.

Ақбөпе. Ә, онда жолда жерсіңдер, екеуіңе әлі де бір жеуге жетеді. Халел, ана шопр досыңды үйге әкеп жүрсейші, үйі жоқ, байғұстар, столовойдың тамағы тамақ бола ма? Өзі Тамараның ағасы көрінеді.

Сырттан дауыс. Дерягин, Талжанов, сендерді Райхан Сұлтановна шақырып жатыр.

Дерягин. А-а, сен шағым етіп те үлгергенсің бе? Мә, ескерткішіңді өзің ал. *(Кабинадан батпақ фуфайкені сыртқа лақтырып жібереді).* «Енді Дерягинмен жүрмеймін, аса қауіпті субъект» деп сәлем айта бар Райхан Сұлтановнаға!

Машинаны оталдырып, шегініп кете барады. Фуфайка ұстаған Халел, түйіншек ұстаған Ақбөпе үнсіз дағдарып тұрып қалады.

Жетінші көрініс

Палатка. Директордың кабинеті. Іште Моргун мен Райхан шаруашылық жайын ақылдасып отыр. Алдарында егістік жердің схемасы.

Моргун. Сонымен келістік ғой, Райхан Сұлтановна, бар техниканы мына алқапқа саламыз.

Райхан. Дұрыс, келіспейтін несі бар.

Сырттан Халел келеді.

Халел. Кіруге бола ма? Саламатсыздар ма? Мені неге шақырдыңыздар?

Р а й х а н. Бетіңе не болған, Халел?

Х а л е л. Машинаға соғып алдым.

М о р г у н. Машинаға соққан бет ондай болмайды, мынау ғой. (*Жұдырығын көрсетеді.*)

Х а л е л. Аздап бокспен шұғылданып жүр едім.

М о р г у н. А, солай ма?

Сырттан Қарасай келеді.

Қ а р а с а й. Ассалаумағалайкүм! Мені шақырған екенсіңдер.

М о р г у н. Сәләматсыз ба, отырыңыз. Қазір.

Р а й х а н. Халел, сен завгарға бар, Морозовқа, шеберханада істейсің.

Х а л е л (*шошынып*). Неге, Райхан Сұлтановна? Мен Дерягинмен бірге істеймін. Неге одан айырасыз? Менің кінәм не? Райхан апай, Федор Трофимович?!

Р а й х а н. Жоқ, Халел, сен стажировкадан өттің. Жетеді. Енді шеберханада біраз істеп, ремонт жасауды үйренуің керек. Ол — үлкен сабақ. Жақында жаңа машиналар аламыз. Соның біреуі сенікі. Осы бір жұмада келеді. Сосын жұмыс арасында ауданға барып емтихан тапсырасың.

Х а л е л. Рақмет, Райхан апай. Осыған шақырдыңыздар ма? Кетуге бола ма?

Р а й х а н. Бара ғой. (*Халел шыға береді.*)

М о р г у н (*оның соңынан айғайлай күліп*). Талжанов, жақында спорт құралдарын аламыз, қолғапсыз жалаңаш қолмен соғыспаңдар, бетке дақ түседі...

М о р г у н (*Қарасайға*). Алақсақалмен сізге қатты ренжіп отырмын.

Қ а р а с а й. Менің саған түк те ренішім жоқ. Тап соған...

М о р г у н. Сіз екеуміздің дұрыстап сөйлесуімізге тура келіп отыр.

Қ а р а с а й. Онда айта ғой... Немене, әлгі Халел бірдеме бүлдіріп жүр ме? Ондайы жоқ еді...

Сыртта гүр етіп тоқтаған машина үні. Ішке Алагөзов кіреді.

А л а г ө з о в. Саламатсыздар! Оу, мұнда Қарабет те отыр ғой. Қартайғанда жұмысқа тұрмаса неғылсын. Ай, қу шал енді пенсия қуғың кеп жүр-ау.

Қ а р а с а й. Мен пенсиясыз-ақ өмір сүріп келемін, ал сен пенсияға шыққан соң күнің не болар екен?!

А л а г ө з о в. Е, сен бұрынғыдан да артық өмір сүресің, білем. Тура іргеңнен совхоз орнап, астық шаш-етектен келгелі тұр. Ана суырдың ініндей үйіңе екі ұртыңды толтырып жинасаң да, бір ұра астық құйып аларсың.

Қ а р а с а й. Пенсияның тегін ақшасы жақсы-ау. Бірақ ол бар болғырың тегін келе ме, бүкіл беделіңнен жүрдай ғып, астыңдағы тағыңды, қолыңдағы бағыңды ала келмей ме? «Көктен күбі түсті, күбімнің түбі түсті» дегендей, ай, сендей әкімге пенсияға шығу қиын-ау.

Мына адамдардың шарпысуына түсініксіздігімен Моргунға Райхан сыбырлап, ұғындырып тұрған. Енді әңгімені бөледі.

Р а й х а н. Федор Трофимович, қазақта бір жылы туған құрдас адамдар бір-бірімен қатты қалжыңдаса береді.

М о р г у н. Солай ма? Сонда сіздер, айтұларыңызға қарағанда, алпысқа шыққан құрдассыздар ма?

Р а й х а н. Мен де бұл адамдармен түйдей құрдаспын.

Қ а р а с а й. (Моргунге). Үшеуміз де бір ауылдан едік. Сеніңкіремей тұрсың-ау құрдастығымызға. Рас, сену қиын, Райхан болса — шашы аппақ қудай. Мен болсам, бетімді қап-қара сақал қара қал басқан қарабетпін. Алагөзов болса, үнемі бетінен ұстара кетпейтін көк бет. Үшеуміздің

қартайуымыз да бір ауылдан шығып, үш тарауға белінген жолдарымыз сияқты.

А л а г ө з о в (сөзді бұрып). Айтпақшы, Федор Трофимович, құттықтаймын.

М о р г у н. Немен?

А л а г ө з о в. Сенің Қойтас жағын мал өрісі ету жөніндегі шағымың бюрода қаралмақшы.

М о р г у н. Шағым емес, ұсыныс деңіз.

А л а г ө з о в. Менің де атым аталған екен. Біреудің үстінен жазылған қағазды қашанда шағым дейтін. Егін орағынан кейін орталықтан арнаулы комиссия келмекші. Тегі, сенің жеңетін түрің бар.

М о р г у н. Менің емес, көпшіліктің жеңісі болар онда.

А л а г ө з о в (Қарасайға көзінің қиығымен қарап). Қашанда жастар жеңеді әрине, диалектика, Федор Трофимович. Жарайды, ол туралы кейін. Ал ораққа қашан шықтыңыздар? Жаңа, жолда егіндеріңізді аралап келдім. Бидай пісіп қауызынан төгілгелі тұр. Бір дән далада ысырап болмасқа керек. Биыл тың өмірінде бірінші миллиард беретініміз естерінде ме?! Талай адамдардың омыраулары жарқырайын деп тұр.

Р а й х а н. Иә, егінді шығынсыз жинап алсақ, омырау емес, маңдайдың жарқырағаны сол емес пе?

М о р г у н. Дегенмен еңбек бағаланса, еңбекші де ынталы болмақ.

А л а г ө з о в. Бәсе, бәсе, міне, жастар ештеңені құр жібергісі келмейді. Бірақ байқаңдар, «Херсон» совхозы өнімді сендерден молырақ бермек. Жұлдызды жуан шал алып кетіп жүрмесін.

Қ а р а с а й (өзіне-өзі сөйлегендей). Тың көтергелі жарты астығы қар астында қалып, екі жылдай жаман аты шығып келіп еді, бір рет бұлт ашылса, кеудесінде жұлдыз жарқырай салады екен-ау. Ауа райы шын түзелейін деген екен.

А л а г ө з о в . Ол неғылған ауа райы тағы.

Қ а р а с а й . Осы тыңға дейін егіні шықпай қалса да, сиырлары қысыр қалса да басқарма сорлап, тауықтың күнде жұмыртқаламағанына, қойдың егізден қоздамағанына кінәлі. Жылда жұлдыз санамақ түгіл, сол жылы-ақ жұлдызы сөнетін еді...

А л а г ө з о в (цнатпай). Федор Трофимович, мына шал неге келіп еді, тезірек жөнелтпейсіңдер ме, жеке ақылдасатын шаруа бар.

М о р г у н . Ақсақалдың шаруасы қиын болып тұр... Қареке, сіз малыңызға неге ие болмайсыз, бүгін түнде жылқыларыңыз жарты гектар егісті таптап кетіпті.

А л а г ө з о в . Не дейт! Мынау масқара ғой. Қылмыс қой мынау... Қалайша жайбарақат отырсыңдар бағанадан бері.

Р а й х а н . Қареке, жылқыларыңызды қамап қойдық. Айып төленбей берілмейді. Акт жасаймыз.

М о р г у н . Ал бұдан былай қайталанса...

Қ а р а с а й . Енді мен аяқты малды қалай ұстап тұрайын. Олар да өріс іздейді. Ал айып дегенде, қолға ақша ұстап көрмегеніме табаны күректей отыз жыл. Оны қайдан табамын...

Р а й х а н . Кейін төлейсіз. Онсыз болмайды. Заңды ешкім аттай алмайды.

А л а г ө з о в . Райхан Сұлтановна, бұл шал заңды бізден артық біледі. Жолдас Моргун, мемлекет байлығын жеке меншіктің малына таптатып қоя алмаймыз. Және қазір жеке меншікке басы артық мал ұстауға ешкімнің қақысы жоқ. Бар малын бүгін асханаға өткізіңіз де, егіннің шығынын мал басына шағып, қалғанын үкімет бағасымен төлеңіз. Болды, басқа сөздің қажеті жоқ. Мен өзім жауап берем. Бара бер, Қарабет.

Қ а р а с а й . Оу, Алагөздің баласы, тұра тұр, мен ешқайда кетпеймін, сен қашаннан бері жауапшыл болғансың?

А л а г ө з о в . Әй, Қарабет, жауапкермін бе, емеспін бе, сенің алдында есеп бере алмайтын шығармын.

Қ а р а с а й . Білем, білем. Іске келгенде апырып-жапырып, бір көлдің суын бір көлге сапыратын пысық, жауап берерге келгенде түк көрмеген мысық адамдарды да білем.

Р а й х а н . Қареке, бұл ара сөз таластыратын жер емес. Бізде одан басқа да шаруалар жеткілікті...

Қ а р а с а й (оны тыңдамай). Сен менің бес-алты жыл-қымды қырып, бойнаға өткізіп, өзім жауап берем дейсің. Әрине, оған әлің де, беделің де жетеді. Егер шын жауапшыл болсаң, сонау алғаш қолхоз ұйысқан жылдары қырылып кеткен қыруар малға, қаншама жанға неге жауап бермедің кезінде?

А л а г ө з о в . Қайдағы ескі қоламтаны көсеуге әуессің-ау, Қарабет! Оған менің қатысым қандай?

Қ а р а с а й . Сен ол кезде ет, жүн салығын жинайтын агент емес пе едің?

А л а г ө з о в (кекесін күліп). Болғамын. Кейін есепші де, полевод та, бригадир де болғамын. Қажет болса, әлі де болуға әзірмін. Оның несі айып? Мен сен деймісің, сынық шөптің басын көтермейтін.

Қ а р а с а й . «Аша тұяқ қалмасын, асыра сілтеу болмасын» дегенді желеу етіп, елдің соңғы ешкісіне дейін сыпырып алып, тығырыққа таяп, аштыққа қамағанда, сен де соның бел ортасында емес пе едің?!

А л а г ө з о в . Оны неғыл дейсің?

Қ а р а с а й . Колхозды өз қолымен құрып, ақыры сол колхоз үшін бар қателікті көтеріп, ұзақ сапарда күні бүгінге дейін мына Райхан жүрді. Жауапшыл болсаң, сонда неге ара түспедің, неге ауыртпалықты өз мойындарыңмен көтермедіңдер?

А л а г ө з о в . Е, ол уақыт салмағы еді ғой. Ол кімнің мойнына түсем дейді, сен екеумізден сұрамайды.

Қ а р а с а й. «Уақыт та сағат сияқты бұрайтын кілті бар, оның кілті аспанда емес, адам қолында» дейтіңдерің қайда?

А л а г ө з о в . Жарайды, сен де бір қайдағы атам заманда бітелген ор-шұқырды шұқылап, қазбалай береді екенсің. Жақсылықты көретін, соған бойсұнып еміренетін күнің болар ма екен?! Жеріңе мынадай құт-береке орнап, елің байлыққа кенеліп жатқанда, бір селт етіп қуануды білмейтін не деген тастан жаралған жансын.

Қ а р а с а й. Мен балшықтан-ақ жаратылған едім, отқа күйе-күйе тасқа айналдым. Сен өңкей бір ұрандап өткен жерді ғана айтып, сүрінген жерді айналып өтуге әбден машықтанған екенсің.

А л а г ө з о в . Ондай-ондай кішігірім шұқанақтарды сен екеумізсіз-ақ жаңа заманның жаңа тракторлары тегістеп кетеді.

Қ а р а с а й. Ә-ә, тегістесе тегістер. Былтыр «Озерный» совхозының бір тракторшысы шым үйдің бұрышынан кіріп кетіп, тамақ ішіп отырған адамдардың дастарқанының түбінен бір-ақ тоқтаған.

Р а й х а н (*сәл езу тартып*). Күні-түні жер жыртып қажыған тракторшы қалғып кеткен ғой...

Қ а р а с а й. Соны айтам-ау, қашанда жаңалық тізгінінде отырған адам да қалғымайтын, сергек болмаса, тақтайдай даланы тегістеймін деп жүріп, қайсыбір тіршілікті де сүргілеп алар.

А л а г ө з о в . Нені сүргілеп, нені бүлдіріппіз?

Қ а р а с а й. Тыңды игереміз деп, жергілікті жұрттың малына бықпырттай тидіңдер. Одан да, қолыңдағы малға қараған кемпір-шалдарды колбаса мен қара шайға қамағанша, әр совхоздан неге бірлі-екілі мал жаятын бөлімше ашпайсыңдар?

А л а г ө з о в . Оны маған несіне айтасың?

Қ а р а с а й. Сен де осы ауданның басшыларының бірі емессің бе? Ертең мал басын көбейту керек деген тағы бір

ұран шықса, о дүниеге кеткен қыруар малды бір күнде қалай тірілтіп алмақсың. Оған жауапты қалай берер ең?

А л а г ө з о в . Оған қам жемей-ақ қой!

Қ а р а с а й (ызалы күліп). Әрине, ол кезде сақалың беліңе түскен пенсионер боласың. Қазір он бес—жиырма жылдан соң коммунизмге жетеміз деуге де беттерің бүлк етпейді. Бүлк етіп қайтсін, жиырма жылдан соң бүлкілдейтін бет түгілі, қалтылдайтын бастарыңның қайда болатынын жақсы білесіңдер.

А л а г ө з о в . Әй, Қарабет-ай, өзің қартайған сайын шімірікпей сөйлейтін болыпсың, ә?

Қ а р а с а й. Қорықпайсың дегенің ғой. Мен несіне қорқайын. Қызмет орнымнан айрылып қалам деп қалтырайын ба? Сендер ғой анадан туғанда орындықтарын бірге ала туатын. Енді бір жыл қалған пенсияға сен ғұсап қалай аман-есен амалдап кетем дейтін менде одан да үміт жоқ. Ауданның зиратында игі жақсыларға тәуір орын бөліп қойыпты деседі, содан да үлес алам деп иегім қышымайды.

А л а г ө з о в . Жетер, Қарабет. Құрдастығыңды пайдаланып біраз нәрсені көйіттің, енді айтпағаның қалған жоқ шығар.

Қ а р а с а й. Құрдастықпен қалжыңдасатын менде не күйі бар?

А л а г ө з о в . Онда несіне таусыласың?

Қ а р а с а й. Енді Райхан үшеуіміз секілді құрдастар қанша жасармыз дейсің, келешек мына Моргун сияқты жастардікі. Ендігі жердің иесі де, басшысы да осылар. Тым құрмаса осылар бұл араның өткені мен кеткенін біліп қалсын. Озығы мен тозығын...

А л а г ө з о в . Сауатты адамдар тарихтан біле жатар, босқа арамтер боп қайтесің.

Қ а р а с а й. Ондай-ондай кішігірім уақиғаларды кітапқа жазбай жүр ғой. Ол түгілі дала тарихының куәсі сенің өзің

қазір осы дала туралы сөйлегенде «тың жатқан шексіз дала, меңіреу дала, мидай дала, милау дала, жан баспаған, жан көрмеген иесіз дала, құлазыған тұл дала, көшкен қаңбағынан басқа, қолға ілінер жаңғағы жоқ қу медиен» деп талай алыс пен тартысты үстінен өткізген, түгін тартсаң майы шығатын, топырағы торқа байтақ жерде өшің бардай қазыла сөйлеп, қазымырлана тесілесің. Аты жоқ бір томарың, бір шоқ ағашың, бір қыратын, бір дәнең бар ма? Иесіз қораларға дейін пәленшенің қыстауы атанған, өз жыры, өз қасіреті бар. Өткенді былай қойғанда, күні кешеге дейін, өгізбен соқа тартып, күзде астық алған қолхозшыларын ен даланы өзінің маңдай терімен, еңбеккүнімен ұстап келмеді ме.

Р а й х а н. Қалайша?

Қ а р а с а й. Неге айтпайсың, жолдас Алагөзов. Ол кезде жер бөлімінің бастығы емес пе едің? Госпошлина деп жұрт игере алмаған байтақ даласы үшін де маңдайының маржанын берген жоқ па? Сол кезде «артық жер, бос жатқан жер, иесіз жер, қолхозға керегі жоқ» деп неге жауап бермедің жауап бергіш болсаң.

(Пауза).

А л а г ө з о в. Әй, Қарабет, екеуіміз де шал болдық. Қайтесің мені қажай беріп. Әр кездің, әр пенденің өз шама-шарқы болады.

Сырттан айғайлаған, шұлаған үрейлі дауыстар шығады.

От, от!

Көлге қарай, көлге!

Апырай, өзі жанып кететін болды-ау.

Суға, суға...

Баққа тиеді-ау, баққа!

Жетті, жетті.

Тірі қалса игі еді!

Не болды, не болды?!
Кім өзі? Кімнің машинасы?!

Палатадағылар алғашқы дауысты естісімен-ақ, далаға ұмтылған! Қараңғылық.

Сегізінші көрініс

Дала. Алыста жайқалған егін. Зембілде жатқан адамды қоршағандар аянышпен қарап тұр. Зембілдегі адамның жүзі көрінбейді, қимылдап қалса жарасын ауырсынған аянышты үні ғана естіледі. Сырттан жүгіріп жеткен Дикәй кимелеп ауруға ұмтылады. Тұрғандар: Райхан, Моргун, Қарасай, Алағөзов, Халел, тағы басқа жұмысшылар.

Д и к ә й. Кім бұл, кім? Өзі түк қалмай күйіпті ғой, тірі ме өзі? Кім өзі, кім?

Х а л е л. Айғайлама, Дерягин емес пе, танымай тұрмысың?!

М о р г у н. Қане, не тұрыс, ауданға тез жеткізу керек.

Р а й х а н. Халел, сен жеткізесің.

Х а л е л. Жарайды.

А л а г ө з о в. Менің машинамен жеткізу қиын болады-ау.

М о р г у н. Кузовты машина болмаса, жарамайды.

Р а й х а н. Оған енді жұмсақ бірдеме төсемесе бола ма, сабан да жоқ.

Д и к ә й. Құрылыс басынан табылады.

Қ а р а с а й (зембілді көтеріп бара жатқандардың соңынан айқайлап). Әй, Халел, түнеугі жоңышқа қайда — үйдің қасындағы, соны толтыра салыңдар, одан жұмсақ нәрсе таппайсыңдар.

Оталып жүріп кеткен машина үні. Жүгіріп Тамара келеді.

Т а м а р а. Кім ол, кім жанған?

Р а й х а н. Аздап, бетін от шарпыпты. Онша ауыр емес.

Т а м а р а. Вася емес пе, Вася?

Машина соңынан ұмтылады.

Р а й х а н. Тамара, тұра тұр...

А л а г ө з о в . Кімнің машинасы екен, айыпты шопырдың жазасын тартқызу керек. Сосын, Райхан Сұлтановна, техникалық қауіпсіздік шаралары деген қайда! Бүкіл бензобақтарыңыз, цистерналарыңыз қалай болса солай, ашықшашық жатыр. Бұған кім жауап береді?!

Р а й х а н. Оған айыптымыз. Бәрі бір күнде бола ма? Мен кінәлімін.

Т а м а р а. Федор Трофимович, айтсаңызшы, не болды өзі?

М о р г у н. Вася... Азамат екен. Біреу машинасына бензин толтырып, цистерналардың ортасына қалдырып кетіпті. Әлдекім темекі тастаған ба... жана бастаған машинаны Вася бензин тұрған жерден алып шығып, егін ортасымен көлге жеткізіп үлгеріпті. Сол арада от баққа тисе керек...

Тамараның жылаған ащы даусы. Қараңғылық. Минорлы музыка көңілді еңбек күйіне ұласады. Егін орағындағы комбайндар, машиналардың тынымсыз үні.

Тоғызыншы көрініс

Шертпе күй. Қыламықтап жауған қар. Бөренесі омырылып, төбесі ортасына түскен Қарасай үйінің алды.

Самауыр, көр-жерді сыртқа тасыған Жәміш пен Қарасай. Жәміш піспекті сабаны алып шыққанда, Қарасай зекіп тоқтатады.

Қ а р а с а й. Мұны несіне алып шықтың?! Қалсын шошалада шошиып.

Ж ә м і ш. Енді... керек болмай ма?

Қ а р а с а й. Қай биеннің сүтін құяйын деп едің, сорлы-
ау?!

Ж ә м і ш. Кім біледі, үмітсіз шайтан деген!

Қ а р а с а й. Үміт, үміт... (Сабаны алдына алып, піспекке сүйеніп тұрып қалады). Үміт дегенше үмітті ұмыт десейші!

Ж ә м і ш. Қойтас жақтан мал совхозы ашылады деп жүр
ғой Халел.

*Сыртта тоқтаған машина үні. Жайрандай күліп,
тайрандай басып Мұқат келеді.*

М ұ қ а т. Ассалаумағалейкум! Оу... (Шошынғандай.)
Шаңырақтарың ортасына түсіпті ғой!

Ж ә м і ш. Қой, жаман ырымды айтпай... Атам заманғы
ескі ұй емес пе? Ажал жетсе, адам да опат болады.

М ұ қ а т (күліп). Құда, немене, биелеріңнің сүті үйге
сыймаған соң, далаға шығып пісетін болғансың ба?

Қ а р а с а й. Е, Мұқат, енді мұқатуыңа болады. Сенің
атыңды Мұқат қойған әкеңнің тілегі оң екен, бірақ сен
мұқатқанның бәрі мұқала бермес, Мұқат.

М ұ қ а т. Құда, сенің атыңды да жұрт Қарабет дейді. Ол
да Талжан әкеңнің тілегі болар?

Қ а р а с а й. Болса, болар. Бірақ ел бетімдегі қалыма қарап
айтушы еді, жұрт бетіне қарай алмайтын қарабет еткен әкем
емес, сендер емес пе едіңдер, несін көпірсітесің?

*Сырттан су жаңа пальто, шляпа киген, көзінде кө-
зілдірік Дикәй келеді.*

М ұ қ а т. Мына бір келімсек неғып жүр?

Д и к ә й (шеттегі шорым-борым көтеріп шыққан
Жәмішке). Есенбісіз, шеше?

М ұ қ а т. Ой, мынауың қазақша сөйлейді ғой.

Ж ә м і ш (алақанын көлегейлей қарап). Шүкір, айналайын! Қай баласың, танымадым ба?

Д и к ә й. Танымайсыз апа, Алматыдан келем. Осында апамның апасының ағасынан туған қызды алған жездемің нағашыларының жиеншарына бөле Жәміш деген шешейіміз бар еді.

Ж ә м і ш. Тұра тұр, тұра тұр. Жәміш деген мен. Ал оған қандай жақындығым бар дедің, шұбыртпай анықтап айтшы.

Д и к ә й. Апа, қайталап айта алмаймын. Өзім де ұмытып қалдым. Ал тоқ етері сол — сіз сол Жәміш шешей болсаңыз, мен Тұрсын, осы совхоздың алдыңғы қатарлы строитілімін, жұрт «сүйіп» қойған атым Дикәй.

Ж ә м і ш. Дикәй? (Жақындап.) Ой, қағыңғыр сол. Жанымау, сен шын Дикәймісің? (Бетінен сүйеді.) Ой, алла-ай. «Ағаш көркі — жапырақ, адам көркі — шүберек. (Өңірінен шығып тұрған қағазын ұстап.) Мына біреуі не?

Д и к ә й (сәл қысылып, қағазын жұлып тастайды). Бұл пальтоның әдрісі, апа.

М ұ қ а т. Көзілдірігің де өзіне ұнасып тұр, тура төрткөз ит сияқтысың. Қай кітабыңды оқи алмай жүрсің?

Д и к ә й. Сізді тани алмай қалам ба деп кигенім ғой.

М ұ қ а т. Әй, шірік сол! Сөзін қара.

Ж ә м і ш. Көзінің ақауы бар еді, дәктірге қаратқан ғой.

Д и к ә й. Иә, қараттым. Апа, екеу көзілдірігім. Жұмыста киетінім бөлек. Ал не тұрыс? Апа-ау, дүниені арбаға неге артып жатырсыздар? Машинамен көшірмейміз бе?

М ұ қ а т. Бұл да атыңның жоғын бетіңе басты-ау, құда, ә жасаған! Әй, Дикә, Қарақең арбаға сені жегем дейді.

Д и к ә й. Жексе несі бар. Жегілем. Жегілмеген жұмыс па? Ал мен үйдегілерді шығарайын. Апа, сен демал.

Ендігі жерде құлаған үйге бір кіріп, бір шығып жүріп сөзге араласады.

М ұ қ а т. О, заман-ай, қатын ала алмай жүрген мына жаманның басына шләпісін киіп қойқаңдауын қараш. Тіпті тілі де шығып, тірілейін депті.

Ж ә м і ш. Ой аллай, тіпті түзеліп, құлпырып кетіпті. Сөзі де пысық. Пендені тұрмыс билейді деген ып-ырас.

Қ а р а с а й. Немене, бізден бір қағажу көріп пе еді?

Ж ә м і ш. Әйтседе ел қатарлы жұмыс істеп, жұрт қатарлы жүргенге не жетсін. Өзі, ақшаңды да күреп алатын көрінеді. Аанада, зәрпілет алдым деп, қаншама дүние әкеп тастады.

М ұ қ а т. Тесік өкпе емес пе, өлген-тірілгеніне қарамай жұмыс істейтін шығар. Бірақ ғұмыр-бақи ол осылай болар деймісің. Мына слинаның алғашқы жылында құтыртып қойған да. Енді бірер жылдан соң көрерсің, жылы мұрнына суық қолын тығып отырар әлі.

Ж ә м і ш. Әй, адал еңбек еткен дені сау адамға тұрмыс түзелді ғой. Көрерсің — ертең-ақ әйел алып, қатарлы ұй боп кетеді әлі.

М ұ қ а т. Украинадан жиырма вагон қыз келе жатыр деген. Бұған да бір жілігі татитын біреуі тиер... Айтқандай, Халелдер қайда?

Д и к ө й. Халел, түнеугі отқа күйген Дерягин деген жігітті әкелуге кетті. Ол жігіт орден алатын болыпты, совхоз Райхан апай екеуіне той жасайын деп жатыр. Жақында миллиардтың тойы да болады ауданда. Үлкен той.

М ұ қ а т. Райханға неғылмайсың дейді. Байың жоқ, балаң жоқ, тұл қатынсың деп той жасамақ па?

Қ а р а с а й. Пенсияға шығатын көрінеді.

М ұ қ а т. Қартайып, әжетке жарамай қалу да той болғаны ма? Шығарар бұлар.

Ж ә м і ш. Екеуің әжетке жарап, жетістіріп жүрген шығарсыңдар, жаман қатты.

М ұ қ а т. Ана орыс шопырына Халелдің қанын бергені рас па?!

Д и к ә й. Берсе өз қаны. Бір группа екен екеуінің қаны.

М ү қ а т. Өз қаны! Ол қанды құдықтан құйып алған шығар. Ол атам қазақтың қаны емес пе?!

Д и к ә й. Е-е, өзі атамыздың қаны ежелден орыс қанымен бір группада екен ғой.

М ү қ а т. Ой шірік, группашылын мұның, жаман неме!

Д и к ә й. Бұрын жаман едім, қазір бір деген маман болдым, қайтесіз сондай сөзді.

Қ а р а с а й. Сөйлес, тілін білсең.

Д и к ә й. Биыл осы үйде де той болады әлі. Одан да соған дайындалыңыз.

М ү қ а т. Е, той деген осы емес пе, үйлеріңнің омыртқасы сынып, жұлыны үзіліп жатыр.

Д и к ә й. Бұл үй ме, тәйірі! Совхоз Халелге, как передовой шопр деп үш бөлмелі үй бермекші. Сосын Халел келін кіргізбек.

М ү қ а т. Келіні несі! Ақбөпе қайда? Не былжырап тұрсың!

Д и к ә й. Ақбөпе совхозда. Мен үй алғанмын. Балалармен менің қолымда тұрады. (*Үйге беттейді.*)

М ү қ а т (*тұлан тұтып*). Не дейді? Не масқара? Не басынуың бұл Қарабет? А, Қарабет, Қарабет!

Оныншы көрініс

Палата. Қос балдаққа сүйенген Дерягин сыртта саулап жауған жапалақ қарға кең терезеден қарап тұр. Халат киген Халел.

Д е р я г и н. Жоқ, жоқ, Халел. Бүгін ауруханадан шығысымен бетім ауған жаққа кетемін, дүние кең, маған үгіт айтпай-ақ қой!

Х а л е л. Сені үгіттейтін бала емессің, кетем десең жол

ашық, совхоз басшылары сені алып кел деп жіберген соң Та-
мара екеуіміз келдік...

Д е р я г и н. Тамара?! Ол да келді ме? (*Жалт қарайды. Беті айғыз-айғыз тыртық-күйік орны.*)

Х а л е л. Ол халат жетпей сыртта тұр.

Д е р я г и н. Мен анада оны ішке кіргізбей жібертіп ем.

Х а л е л. Оның барып тұрған ақылсыздық болған. Ол
ғой, бүкіл орақ бойы сені ойлап, көзінен жас кетпеді.

Д е р я г и н. Мүгедекті кім аямайды. Мені аямай-ақ
қойыңдар, мысықтың баласы емеспін.

Х а л е л. Бүгін совхозда үлкен екі той, бірі — Райхан
Сұлтановнаны құрметті пенсияға шығару тойы, екіншісі —
сенің жазылып, совхозға оралу тойың.

Д е р я г и н. Райхан Сұлтановнаға менен арнайы сәлем
айтарсың... Маған тойдың қажеті жоқ... Айтқандай...
Қарыздармын қаныңа.

Х а л е л. Қарыздар болмай-ақ қой, қанның орны өз-
өзінен толатын көрінеді. Одан да, Вася, басқаға қарыздар
болмасаң...

Д е р я г и н. Тағы неге қарыздар екенмін... Сұра...
Айтсаңшы...

Х а л е л. Маған әлі күнге дейін жұмбақ. Тамара екеуіңнің
араларыңа түк түсінбей қойдым. (*Пауза*). Егер айтқың кел-
месе, тағы да өз еркің. Тамарадан бәрібір ештеме сұрамаймын.

Д е р я г и н (*авансценаға қарай шығып, жұртқа қарап
тұрады*). Халел, екеуіміздің арамызда ғана қалсын! Тамара
менің қарындасым емес, тағдыр қосқан туыстармыз.

Х а л е л. Өзім де түйткілденіп жүретін ем... Тамара біле
ме оны?

Д е р я г и н. Жоқ... (*Ақ халатты Тамара кіріп, үнсіз
тұрып қалады. Дерягин де, Халел де көрмейді*). Соғыс
жылдарының қайнаған тұсында, эвакуациямен шегінген
аласапыранда, аяғын апыл-тапыл басқан екі жасар Тама-

ра бір вокзалда адасып қалады. Содан детдомдағы көп жетім балалардың арасынан Тамараны менің мамам алды. Мен ол кезде алты-жетідегі бала едім. Өз фамилиясын Тамара білмегендіктен, Дерягина боп, менің туған бауырым боп кетті. Егіз туыстай жұбымыз жазылмай бірге жүрдік, қатар өстік. Ол өзінің өгей екенін мүлдем білген емес, сезген де емес. Ер жете келе, туыстық сезімді жігіттік сезім билеп еді. Тыңға да туыс боп бірге аттандық. Бар шындықты айтармын дей жүріп, күндер өте берді. Тамараға айтуға батылым жетпеді. Жүрегімді тырнап, ішімді өртеген бар қайғыны араққа жеңдірдім. Саған қолым, басқаға тілім тиді. Енді сенен сұрарым — Тамараға естірте көрме. Алыста жүрсем де, тыңда Тамарам бар, туған қарындасым бар деп жүрейін. Мені сол қуаныштан, туыстық сезімнен айырмаңдар. Туыс қадірін, дос қамқорын палатаның меңіреу төбесіне қарап, жалғыздықтан құлазып, қанаты сынған дәрменсіз құстай жатқанда біледі екенсің.

Халел Тамараны жаңа байқайды.

Х а л е л. Вася, Тамара да келді.

Дерягин жалт қарайды. Тамара жүгіріп келіп құшақтайды.

Т а м а р а. Вася! Родной мой!

Т а м а р а (*Дерягиннен құшағын босатып*). Халел, сыртта Ақбөпе тұр. Райхан Сұлтановна жіберіпті. Тез жетсін депті.

Х а л е л. Иә, не боп қалды екен?

Т а м а р а. Сіздің үй құлап қалыпты.

Х а л е л (*үрейлі*). Апамдар аман ба?

Т а м а р а. Аман, аман. Бірақ түсінбедім, екеуі көшеміз деп жатыр дей ме немене. Ақбөпеден сұрашы өзің анықтап.

Сырттан сестралармен айғайласып, халатсыз, өз киімімен «бір-ақ минутке», «тоса алмаймын» деп киіп-жарып кіріп келе жатқан Ақбөпе көрінеді.

Он бірінші көрініс

Тоғызыншы көріністегі күй. Мұқат айғайлап жатқанда сырттан Халел, Ақбөпе, Дерягин, Тамара келеді.

Х а л е л. Бұларың не, артынып-тартынып қайда барайын деп жатырсыңдар?

Ж ә м і ш. Көшеміз, кетеміз, балам.

М ұ қ а т. Ініне су құйсаң, саршұнақтар да тым-тырақай қашпай ма?

Р а й х а н. Ешқайда қашпайды. Халелге бүгін жаңа үй бердік. Сонда көшесіңдер.

Қ а р а с а й (бұрылмастан). А, Райхан, сен де келгенсің бе? Рақмет қамқорылығыңа! Бірақ ол қамқорлығыңды енді қартайғанда өтей алмаймын ғой.

Д и к ә й. Жаңа үйде отырғыңыз келмесе, мына ескі үйді сырып тастап, орнына өзім-ақ үй салып берем.

Қ а р а с а й (ызалы күліп). Екі қолымды құсырып, қашан ажал келесің деп, кәрі мысықша көзім күлбиіп күн-шуақта отырмақпын ғой.

Х а л е л. Жұмыс істегің келсе, не көп — жұмыс көп.

М ұ қ а т (кекесін). Егінге күзетші болмаймысың, қарақаш құрлы жоқсың ба?!

Қ а р а с а й. Несі бар, ұлан-асыр даламның топырағына шыққан егіннің күзетшісі-ақ болар ем, бірақ сонау қиырға созылған егінге көзім жетер ме?!

М ұ қ а т (орнынан тұра беріп). Күзетуге көзім жетпейді дегенше, өртеуге қолым жетпейді десейші. Жарайсың, құда, жақсы ит те өлімтігін көрсетпейді. Жарайсың, алған бетіңнен қайтпа, хош бол! (Кете береді.)

Қ а р а с а й. Әй, Мұқат, тоқтай тұр. Атаның аруағын ауызға алып, құран ұстап, тісімізден шығармауға ант етіп ек. Өзің бастадың, өзің бықсыттың ертеде қоламтасы сөнген

өртті. Бүгінде атаның аруағында, құранның жүзінде не қасиет қалды?!

Онда кетер алдында... бұл дүниеден, бәрін айтып ақтарылайын, сен де тыңда (*Пауза.*) Райхан, ел жүзіне тура қарауға бетім күйген жанмын. Жиырма жылдан астам жапан дүзде жалғыздық тауқыметін тарттым. Бірақ соған етім өліп, үйреніп едім. Сен тағы келдің. Бұл жолы көп боп келдің, мықты боп келдің. Жеңдің. (*Пауза.*) Ертеде колхозыңның егініне өрт салған мен едім...

Х а л е л. Әке-е!

Ж ә м і ш. Егер сол түні өрт салмасаң, өзің өлетін едің ғой.

Х а л е л (*жан даусы шыға*). Неге, неге?!

Ж ә м і ш. Осы Мұқат бар, «кәмпескеде итше таландым» деп кектеніп жүретін қызылкөз Қанапия бар, үшеуің отырып жеребе тастағандарың қайда?

Қ а р а с а й. Иә, жеребе маған түскен.

Ж ә м і ш. Егер егінді сол түнде өртемесең, мойныға тас байлап суға кетуге уағда қылып ең ғой.

Қ а р а с а й. Мен о жолы өлімнен қорыққам жоқ. «Ерді намыс өлтіреді» деп, намысқа өртеніп шыққанмын.

Х а л е л. Сол да намыс боп па, не айтып тұрсың, әке? Енді мен де ел бетіне қарай алмайтын қарабет болғаным ба?!

Қ а р а с а й. Ә, балам, ол заманды саған түсіну қиынырақ... Әкем Талжан кәмпескеге ілігіп, екі мыңдай жылқысын сыпырып-сиырып алған соң қайғы жұтып, бүк түсіп отырып қалды. Сол жолы құсадан өлді... Мен болсам жаңа үкіметтің аңғарын аңдап, келешекті өзімше жорамалдап, еңбекші жұртпен қосылып жаңа өмірдің жырын жырлауға шындап бел шештім. Ағымнан жарылып аңқылдап, мойынсерікке бірігем деп ақ көңілмен, адал жүрекпен келгенде, кеудемнен итеріп, «тап жауы, байдың құйыршығы, ескінің сілімтігі, кет, жоғал!» — деп алапестей аластап тастады. Бұдан өткен қорлық жоқ еді. Жапандағы жалғыз үйде

жалғызсырап, дәрменсіз шошайып қалғаннан өткен мазақ жоқ еді.

Р а й х а н. Иә, артельдің маңынан жүргізбей, «байдың баласы, қасқырдың бөлтірігі» деп ащы тілді тәңізе біздей сұғып, қуып салғанның бірі мен болатынмын. Әке үшін бала күйген уақыт еді ғой.

Қ а р а с а й. Бойымдағы кек тұтқан қызғаныш отын бір шырпының басына тұтатып, егінге өрт салдым. Қурап тұрған мыңмын шырпы ду ете қалды. Адам баласының арман еткен асыл нәрі қызыл жалынға айналып, алаулап аспанға қарғығанда тура қарауға дәтім шыдамай, алақаныммен бетімді бастым. Жанып жатқан егін емес, он саусағым сияқты лапылдап, екі бетімді күйдіре берді... күйдіре берді. (*Басын сүйеп отырып қалады.*)

Ж ә м і ш. Шал неге үндемей қалдың. Бастаған соң түгел айт.

Қ а р а с а й. Райхан, ендігісін сен жалғашы. Бұдан арғысы саған мағлұм ғой.

Р а й х а н. Мен өздерің айтпасаңдар, аузымнан шығармаймын деп ант-су ішкенім қайда?

Қ а р а с а й. Рақмет саған, осы уақытқа дейін ләм демедің. Енді рұқсат, балам бәрін білсін. Жалғыз айтуға тамағыма тас тығылғандай болып тұр. Есінде ме, мына мәткесі ортасына түскен осы үйдің алды емес пе еді? Есіңде ме?.. Әрине, есіңде...

Мұңды шертпе күй. Райхан мен Қарасай үні репродуктор арқылы беріледі де, қимыл әрекет сол сөздерге қарай сахнада жүреді.

Р а й х а н ү н і. Егін жанған күзден соң, келесі жылы бар малынан айрылып, қолындағы азығын түгескен халық тарығып, жаз шыға жұтқа ұшырады. Басқа ауылдардың халі де нашар еді. Әркім әр жаққа жел айдаған қаңбақтай

босып, бір үзім нан таба алмай аштықтан сендей соғылды. О, қасиетті кең далам, сенің жазығың жоқ. Жазықтыны өзің ғана білесің. Халқыма жеткен сол бір зауалға менің де қарсы тұрар айлам, белдесер дәрменім жоқ еді.

Мен әке-шешесіз қалған аш-арық екі жетімек баланың бірін жетектеп, бірін көтеріп, аяғымды зорға сүйретіп, үрерге иті жоқ жым-жырт Балта аулынан қалаға қарай шықтым.

Қ а р а с а й ү н і . Иә, жұртта қалған бұралқыдай бұрлығып, аштықтан басың көнектей ісіп, менің үйімнің алдына келгенсің. Ұсқыныңнан адам шошырлық еді.

Р а й х а н ү н і . Мен аштан бұратылған екі баланы жол жиегіне қалдырып, ұяттан, намыстан өлердей боп сенің босағаңа келдім. Өмірі ұмытпаспын: Жәміш шығып, маған тура қарауға дәті шыдамай, мұңды жүзін бұрып, қос уыс қуырылған бидай әкеп алақаныма салды. Қаздың үлпілдеген балапанын ұстағандай, аяғымды санап басып, балаларға қарай жүрдім. Сол кезде тап желкемнен сенің үнің шықты.

Қ а р а с а й ү н і . Бұл қайыршыны неге мүсіркейсің? Жұртты ұйыстырам, басын біріктірем, колхоз боламыз деп тыраңдап едің шолақ белсенді. Аяғы не болды? Бәрін аштыққа ұшыратып, енді өзің қаңғып барасың. Қашқың! Мұны мүсіркегенше, итше тепкілемейсің бе?!

Р а й х а н ү н і . Сен арыстандай ақырып, ту сыртымнан төне түстің. Енді ұрады-ау, енді ұрады-ау деп келем... Мен сүрініп кеттім. О, қасиетті далам, сенің жеріңде өскен ақ маржанды шашып алдым. Төрт тағандап еңбектеп жүріп, Қарасайдың жер тіреген тәкаппар аяғының астына төгілген бидайды бір-бірлеп тере бердім. Қарасайдың балағат сөзін де құлағым естімеді.

Қ а р а с а й ү н і . Мал біткенді сыпырып-сиырып, бір жылда жалмап құрттыңдар. Өнді ең тажалдар! Жетіле-

міз, жаримыз, байимыз деп өкіреңдеп едіңдер. Қолхозың қайда, қолхозың асырамады ма сені?! Өңшең жер шұқыған доңыздар, хайуан болдыңдар ма ақыры! Әй, Райхан, біраз күнге тоқал бол маған. Тойындырып жіберейін, ха-ха-ха!

Р а й х а н ү н і . Топырақ аралас бір уыс бидайды теріп ап, тағы да алға жылжыдым... Бар ойым балаларға жету. Қайран бір уыс бидай, бір үзім нан, туған топырағымның қасиетті нәрі!

Бидайды уыстаған Райхан көзінен жас парлап тұр. Мұңды күй үдей түседі.

Жарық қараңғыланып, қайта жанғанда, алдындағы көрініс қайталанады. Сахнадағылар өз орындарында.

Р а й х а н. Мен екі баланы қаладағы детдомға тапсырмақшы болғам. Бірақ алыс жолға шыдар хал жоқ еді оларда.

Ж ә м і ш. Иә, қайдан шыдасын, үлкенінің қабырғасы ыр-сиып, беті күлтілдеп, көзінің нұры жаси бастаған екен.

Қ а р а с а й. Жалаңаш тәнін бір қабат жаялықпен ораған кішісінің ғана көз түкпірінде иненің жасуындай жылтыраған болмашы от бар. Қараңғы түнде өртенген егіннің соңғы отындай елеусіреп сеніп бара жатқан тигімдей шоқты көргенде денем мұздап кетті.

Р а й х а н. Шешесі суалған емшек сүтінің соңғы тамшысына дейін оның аузына тамызып отырып, сол арада талықсып құлап еді... Жағы сембей шырылдаған балаға не істерімді білмей қысылғаннан маңдайымнан шыпшып тер шығып, аузына өз емшегімді салдым. Өмірімде тұңғыш рет... соңғы рет сәби ернінің табы қалып еді кеудемде. Бүкіл тұла бойым шымырлап, белгісіз бір ыстық қан табаныма дейін жүгіріп өткендей болды. Бірақ сүт қайдан шықсын!

Ж ә м і ш. О, жасаған, аш бала жетім қозыдай кеудемді ніскелеп, аймалағанда, балаларым өле-өле семіп қалған тас емшегім жібіп, иіп қоя берді.

Қ а р а с а й. Менің тас жүрегімді де алғаш жібіткен сол жетім перзенттер еді.

Р а й х а н. Ажал табалдырығында тұрған панасыз сәбилерді сендер асырауға алып қалғанда, бұрыңғы реніштің бәрін ұмытып, бар алғысымды жаудырмақшы ем, таңдайға жабысқан тіл күрмеліп, сөзге келмеді, тек іштей күбірледім.

Х а л е л. Ол балалар қайда қазір? Детдомға бердіңдер ме? Тірі ме? Білесіңдер ме?

Қ а р а с а й. Азбыншы нанға, малдың сүмесіне аузы тиген балалар кейін дырдай жігіт боп өсті. Үлкенінен айырылдық, сақтай алмадық. Кішісі... кішісі сен едің, Халелжан!..

Х а л е л. Ме-мен, мен!.. (Пауза.)

Ж ә м і ш. Иә, жетім қозыларым, сендер едіңдер. Жәелдің қозылары жетімсіремесін деп, Ақбөпені бұл қораның астынан шығарғымыз келмеп еді. Енді жетімдік көрмес!

Қ а р а с а й. Тереңде жатқан неше жылғы сыр еді бұл. Бәрін өзім айтып арылдым. Ендігі арыла алмай, бойымда арман да, қайғы да боп бара жатқан бір-ақ нәрсе. Атжалмандай шұлғыған жастық шағымда, жұлынып тұрған жалын кезімде бойымдағы қуатымды еліме, жеріме бере алмадым. Бар жаңалық атаулыға сырттай қызғанышпен ғана қарап келдім. Қартайған сайын сол қызғаныш оты ішімді күйдіріп барады. Өз жеріңе маңдай теріңді төге алмай, туған топырағыңа иелігің жүрмегеннен асқан жасағанның ауыр жазасы жоқ екен. Сол жара — сол жазамен кетіп барамын. Жиырма жыл ішінде жатып жарық дүниеге шыққан мақлұқтай көзімді ашып, жолдас-жора, туыстарды, жұртымды аралаймын. Көрісемін! Қоштасамын. Мен енді сызыққа жақындаған адаммын, көп жасамаспын. Жасағанның жазуы ол. Мен елімнен ғана қорқатын ем, тірімде талай өліп, талай тірілдім. Ал ажалдан титтей де қорықпаймын. Ата-бабадан қалған жерді неше жыл иемденіп келдім. Нағыз жер иесі — маңдай терін бес төгіп

жүрген адам — сенсің, Халел. Сендерсіңдер, балаларым! Сенен бір-ақ тілеуім бар, Халел, қайда жүріп о дүниеге сапар шексек, өзің іздеп келіп, мына анаң екеуміздің қабірімізге туған жердің бір уыс топырағын саларсың!

Баяу шертпе күй. Сахна қараңғы. Сыртта дабырласқан дауыстар.

Тойға барамыз, тойға. Райхан апайдың тойы!

Дерягин келіпті.

Тартуларыңды ұмытпаңдар.

Райхан апайдың тойы!

Райхан Сұлтановнаны құрметті пенсияға шығарамыз.

Құрметті пенсияға.

Құрметті!

Құрметті!

Көмескі жарық түседі. Балта аулының ескі жұрты. Ақ шашы желге желбіреген Райхан. Репродуктордан баяу шертпе күй әуенімен жарыса әлдекімдердің сыбырлаған үндері естіледі.

Ш а л д ы ң ү н і . Апырай, сенің де шашың ағарған-ау.

Ә й е л ү н і . Кешір, Райхан! Бар кінәні саған жауып, тіліміз де тиді. Енді қамықпа, еңбегің зая кетпепті.

Ш а л ү н і . Сенің де пенсия жасына келіп қалғаның ба? Жарайды, бұған да қолың оңай жеткен жоқ, қара мақпал шашыңа түскен қырау — сенің өткен жолдарың, тіршілік жолындағы жеңісің, Райхан!

Ж і г і т ү н і . Есіңде ме, Райхан, туған жердің топырағын жалаң аяғымызбен басып, күнұзақ қатар жүгіруші едік-ау. Томардан-томарға секіріп жұмыртқа іздейтініміз қайда. Алғаш рет екеуміз қарама-қарсы отырып алтыбақан тептік.

Одан соң... Иә, тез ер жеттік. Ересек адамның жүгі не деген ауыр еді. Мен жолда қалдым. Сен тырмысып кете бардың. Қанша қызық көрдің... Тегі бар қызық, арқалаған жүгінді алысқа жеткізе білуде шығар. Жарайды, Райхан! Бәрі қайырымен болсын!

Шертпе күй үдей түседі.

Ш ы м ы л д ы қ.

ҚЫЛМЫСКЕР

Аңызға бергісіз шындықты, шындыққа бергісіз аңызды тиек еткен трагедиялық драма

Бүлпөса — Ұлттық «Астана-Бәйтерек» конкурсының «Ең үздік драмалық шығарма» номинациясы бойынша лауреат атанып, 1-дәрежелі дипломмен марапатталды.

Қатысушылар:

ЕЛЕУСІЗ — 51 — 52-лерде. Бұрын киносценарийші театр режиссері. Қазір — полицай. Сұрбойдақ.

НӘЗИРА — 35 — 36-ларда. Қызметі — сот (судья). Ғылым кандидаты.

ШАЛАМ — 51 — 52-лерде. Бұрын — әртіс. Қазір — көрқазушы.

ӘЛЕМҚҰЛ — 51 — 52-лерде. Бұрын — әртіс. Қазір — көрқазушы.

ПЬЕСА ІШИНДЕГІ ПЬЕСА — «ТӘТӘЙ»

Кейіпкерлері:

ҚАНАТ

ЖАНАТ

АЙСҰЛУ

АЙСҰЛТАН

МИ-ЛАУ ХАН

ЖАҒАЙ — ханның ұлы

САДЫР — ақсақал.

Қос ана.

Мосқал жігіт, келіншек, нөкерлер, әскерлер, қалың тобыр.

Бірінші көрініс

Алыста биік шыңды тау мұнартады. Тау бауырында — зират көрінісі. Дөңестеу жерде қазылған көр, күрек, саймандар. Көр шетінде екеу: Шалам мен Әлемқұл. Арақ ішіп, нан, қияр, ол-пұдды шайнама етіп отыр. Шырылдаған торғай үні.

Ш а л а м (*қияр жеп отырып*). Әй, осы бір торғай көшеден бері пайда болды. Бұлбұл-ау деймін, сайрағанына қарағанда.

Ә л е м қ ұ л. Қайдағы бұлбұл? Зиратқа бұлбұл келуші ме еді. Өлімді жерде шыбжындап жүретін ақкөт емес пе?

Ойдан (сырттан) Елеуов көтеріледі.

Е л е у с і з. Шалам Алейхум, жер қазғандар!

Ш а л а м. Алейхум Шалам, Елеусіз қалған есіл ер!

Ә л е м қ ұ л. Шалам, Шалам! (*Күліп.*) Жер қазғандар емес, көр қазғандар де.

Е л е у с і з (*бұл да әзілдеп*). Иә, иә, айтқандай, аман-сыңдар ма, бір кезде ел кезген жұлдыздар, бү күнде көр қазған көртышқандар.

Ә л е м қ ұ л (*күліп*). Міне, міне, біздің қызметіміз бен атымызды жаңа келістірдің.

Ш а л а м. Қане, сол үшін, көптен көріспедік те, тұрымтай тұсына деп (*құйып жатып*), сол үшін деп алып қоялық. Жаңа бір-екі көрді қазып тастап, демалып отыр ек. Тілегің дұрыс екен, дәл үстінен түстің.

Е л е у с і з. Көптен алмай, бүгін ғана аздап, жарайды (*Қолын бір сілтеп алып қойып, жан-жағына қарайды.*) Ойпырмо-ой, анада бір келгенімде, сонау етек жақта едіңдер, енді мына төбеге жақындап қалыпсыңдар-ау. Өлім-жітім осынша көбейген-ау.

Ш а л а м. Енді бір келгеніңде ана, екінші төбеге де жетіп қаламыз құдай жазса.

Е л е у с і з. Бульдозер құсап бұлай бұрқылдата берсеңдер...

Ә л е м қ ұ л. Қалай бұрқылдатсақ та біздің ғұмырымызға жетеді. Алатаудың сонау етегіне дейін, шүкір, 5—10 жылда өле қалсақ, өзімізге де жетеді.

Ш а л а м. Елеусіз, сен немене, сұрауыңа қарағанда, салық агенттігіне ауысқан жоқсың ба?

Е л е у с і з. Жоға, қорықпай-ақ қой. Біреуге қолқа салармын, бірақ салық салмаймын.

Ә л е м қ ұ л. Әлгі бір бозөкпе полицайлар осында маза бермейді, салықтарыңды төледіңдер ме, неше көр қаздыңдар, неше адам жерленді, заңсыз, тіркеусіз көмілді деп. Әйтеуір, ауыздарына бірдеме тиген соң кетеді.

Е л е у с і з. Мен сендерді тексеріп қайтемін, бір жұма демалыс алғамын...

Ш а л а м (*күліп*). Сол демалысты осы молалардың ішінде достарыммен бірге өткізейін деп келген екенсің ғой, браво! Сол үшін...

Е л е у с і з. Оу, сендер күдікшіл боп кеткенсіңдер ме?

Ш а л а м. Ана қолтығыңдағы томпайғаның не?

Е л е у с і з. Ә-ә, содан күдіктеніп отыр екенсің ғой. Бұл — пистолет. Жақында қытай тілін білгенімнің арқасында қытай базарына полицай боп орналасқам. Қазір сұранып, бір жұмалық демалысқа шықтым.

Ш а л а м. Ы-ым, қолтығыңда пистолет, өзің демалыста гражданскиймен жүрсің. Бұл не? Конспирация?!

Е л е у с і з. Гражданскиймен жүргенім — қазір, иә, демалыстамын дедім ғой. Пистолетті алып жүргенім — демалыстасың ба, службадасың ба, бәрібір қылмыс үстінен түссең, қашанда дайын болу — міндетіміз.

Ш а л а м (*кекетіп күліп*). Сонда, ішіп жүру де міндеттерің бе?

Е л е у с і з. Демалыста ішпеңдер деген инструкция жоқ.

Ә л е м қ ұ л. Е-е, онда, әлгі, мелтондардың ішіп жүргендеріне күлетін ек, сүйтсек, олар ішіп жүріп қылмыскерді тіміскілейді екен ғой.

Ш а л а м. Е-е, онда жаңа түсіндім, бізге келген болып, мына молалардың ішінен қылмыскерді іздеп жүрмін десейші. *(Малшылар екеуі де күледі.)*

Е л е у с і з. Несіне күлесіндер? Қазақтың сөзін білмейсіңдер ме — «Жау жоқ деме, жар астында».

Ш а л а м *(күлкісін тиып, кекесін)*. Әй, шынында да, кейде бейуақта ана жақтағы молалардың ішінде біреулер жүретін сияқтанады. Кім біледі, кісі өлтіргендер, ұрылар осында жасырынып жүретін шығар.

Ә л е м қ ұ л *(шынымен күдіктеніп)*. Иә, әнеугүні екеуіміз осында түнегенде, мен анда-санда оянып жаттым, саған айтқам жоқ. Тым-тырыс мола ішінде біреулер күңкілдесіп біраз жүрді...

Е л е у с і з. Нашашы саудагерлер заттарын осында тығып ұстайды дегенді естігендерің, көргендерің бар ма?

Ә л е м қ ұ л. Жоқ, көргеміз де, естігеміз де жоқ.

Ш а л а м. Банкті тонағандар да ақшаларын осында түнделетіп тығады екен деген де қауесет бар.

Ә л е м қ ұ л. Шіркін-ай, ұстап алып ақшаларын тартып алар ма еді.

Е л е у с і з. Ене, олар оңайлықпен бере қоя ма, қарусыз жүрмейді ғой.

Ш а л а м. Ондай қылмыскерді ұстасаң, андағы мылтығыңда оқ бар ма?

Ә л е м қ ұ л. Е, босқа ұстаушы ма еді.

Е л е у с і з. Оқ бермейді, мен өзім бір оқты қашанда жапырын салып жүремін.

Ә л е м қ ұ л. Е-е, біздің кассадағы ақшамызды ұрлап

жүргендерді ұстасаң, тура осы араға әкеп атшы, бәлемді.
Мен бір дайын көрімді[?]
бесплатно берейін.

Е л е у с і з. Сөз жоқ, сен қазған көрге әкеп атамын, аха-
ха!

Ш а л а м. Сол үшін алып қояйық. *(Бәрі күліп, стақан соғыстырады).*

Ә л е м қ ұ л. Әй, Елеусіз, тұра тұр, ойын ойынымен,
шыныңды айтшы, сен тегін жүрген жоқсың, не іздеп келдің?[?]

Ш а л а м. От алуға келген жоқсың.

Е л е у с і з. Соны өзім де айтайын деп отырмын.

Ә л е м қ ұ л. Ал айта ғой.

Е л е у с і з. Айтса сол, мен сендерді шақыра келдім.

Ш а л а м *(күліп)*. Қайда, түрмеге ме?[?]

Ә л е м қ ұ л. *(ол да күліп)*. Бізді қылмыскер деп кім айт-
ты?[?]

Е л е у с і з. Түрмеге шақырмайды, айдап апарады... «Ә-
әй, «Бастан қан шыққан соң не тұрыс бар», — депті ғой бір
төбелес қой. Құй, айтайын...

Ә л е м қ ұ л. А, қол бөтелкеде, құлақ сенде. *(Құяды.)*

Е л е у с і з. Мен үйленемін.

Ш а л а м. Мынауын керемет жаңалық қой!

Ә л е м қ ұ л. Үйлі-баранды болам де!

Е л е у с і з. Баран-сараныңда жұмысым жоқ. Үйлі болам.
Алдым десем де болады. Ертең той.

Ш а л а м. Елеусіз-ау, мұныңды ертерек неге айтпадың,
жұмысты қоя тұрып, жуынып-шайынып, сый-сыяпатымы-
зды алып, асай-мүсейімізді асынып...

Ә л е м қ ұ л. Елуден асқанша қыз таңдап үйленбей жүр
едің, енді мезгіл жетті, аяғына тұсау, мойныңа қамыт ілетін
шаққа жеттің, құтты болсын! Ал сол үшін, товарищ сұрбойдақ!
(Үшеуі де ішеді.)

Ш а л а м. Келін қай жерден? Келін дейім-ау. Осы біз
құрдас емеспіз бе? Келіншегің қалалық па, далалық па?

Е л е у с і з. Қалалық Аудандық соттың төрағасы. Кандидат наук. Докторлығын қорғайын деп жүр.

Ш а л а м. Ой-бо-ой. Жүріп-жүріп келіп, айды аспанға бір-ақ шығаратын болдың ғой.

Ә л е м қ ұ л. Сонда ол өзіндей жасамыс адам шығар.

Ш а л а м. Күйеуінен айырылысқан біреу емес пе?

Е л е у с і з. Менен кіші — 35—36 шамасында, күйеуге шықпаған.

Ә л е м қ ұ л. Онда кәрі қыз болды ғой.

Ш а л а м. Әй, мейлі, отырып қалған қыздар қазіргі шошақайлардай емес, орнықты болады.

Е л е у с і з. Осында соның машинасымен бірге келдік.

Ә л е м қ ұ л. Ә, машинасы бар де. Өзі айдай ма?

Е л е у с і з. Айдағанда қандай, еркекке бергісіз, нағыз тентек еркекшораның өзі.

Ш а л а м. Ә, өзі қайда? Сыртта қалды ма? Бізден ұялып тұр ма?

Е л е у с і з. Қайдағы ұялған, сендейлердің талайын соттап жүрген адам, ұялушы ма еді. Былтыр авариядан жалғыз туған ағасы бүкіл отбасымен қырылып қалған. Үйлену тойының алдында солардың басына келіп, дұға оқытып, аруақтар жебесін деп рұқсаттарын алып, зиратының тасына гүл қойып, шөп-шаламын тазартып жүр. Өне-е, элитный зиратта. (Қолын бұлғайды.) Нәзира-а, Нәзи-р-а, бері кел, мында ке-ел... Өне, басын көтерді, келеді...

Ә л е м қ ұ л. Ойбай, онда мыналарды жинайық, сот болса, ұят болар.

Е л е у с і з. Жоқ, жинама, қайта ішкен адамдарды көрсін. Үйренсін. Мен де ішімдіктің арқасында бір құпиямды айтып қалайын. Кезі келді.

Ш а л а м. О не құпия? Ертең свадьба. Соған дейін айтылмаған не құпия? Соншама, қалыңдығыңның алдында

айта алмай жүрген не сөз? Мастықты пайдаланатындай, осыншама жасық па ең.

Ә л е м қ ұ л. Постановка қойғанда, біздің екі аяғымызды бір етікке тығатының қайда? Соған қарағанда қалыңдығыңмен әлі жақындаспағаның-ау, сірә?!

Е л е у с і з. Жақындасар күн қайда қашар дейсің? Мәселе басқада-а! Ә, міне, өзі де кеп қалды.

Н ә з и р а. Саламатсыздар ма? (*Шаламмен Әлемқұл орындарынан тұрады.*) Орта толсын!

Ә л е м қ ұ л. Кемтігі сізбен толсын! Алейкум Шалам!

Е л е у с і з. Отырыңдар, отырыңдар, немене, өріп кеткендерің.

Н ә з и р а. Тойға шақыратын достарым бар дегенің осы кісілер ме?

Е л е у с і з. Кісілер десе де болады, көр қазған көртышқандар десе де болады, ха-ха!

Ш а л а м. Иә, айырмашылығы — ойда көр қазғанда ойтышқандармыз да, өрден қазғанда өртышқандармыз.

Е л е у с і з. Танысып қой, мына отырған Шалам, шөпшалам дегенді білесің ғой, шөбін алып тастаған — шаламы. Мына отырған Әлемқұл. Екеуінің атын қосқанда Шалам Алейкум болып шығады.

Н ә з и р а. Еврей жазушысының аты ғой.

Ш а л а м. Псевдонимі. Біздің ассалаумағалейкум дегенімізден алған ғой.

Н ә з и р а. Иә, иә, Құран сөзінен алған, шын аты емес...

Е л е у с і з. Тап өзі. Біз бұл екеуін театрда да Шалам Алейкум деп кеткенбіз.

Н ә з и р а. Бәсе, сәлем бергенде байқадым.

Е л е у с і з. Екеуі де бывший әртістер. Әртіс болғанда да бесаспап — әнші, күйші, жүргізуші, күлгізуші, спектакльді басынан аяғына дейін алып шығатын басты геройынды

да, эпизодтағы бір жалт етер бірегейіңді де қатырып ойнап беретін, әр салалы амплуалы әртістер. Мына кісі Лениннің рөлін, мына кісі Сталиннің рөлін ойнаған заслуженный әртістер.

Л е н и н р ө л і н о й ы н а ғ а н ә р т і с (Лениннің «р» әрпін бұзып сөйлейтін даусына салып). Қазір бұрынғы революционерлер контрреволюционерлерге айналып, терроризмге жол ашып беріп отыр.

С т а л и н р ө л і н о й ы н а ғ а н ә р т і с (мұртын си-паған болып, байсалды). Бұрын бес килограмм сары май ұрлаған адамды түрмеге отырғызатынбыз. Қазір бес кило-грамм сары алтын ұрлаған адамды төрге отырғызатын бо-лыпты.

Л е н и н р ө л і н д е г і . Екеуін де, непременно, көрге отырғызу керек.

Н ә з и р а (алақанын шапалақтап). Тамаша, тамаша! Сіздер гримсіз, костюмсіз, экспромт ойнағанда, осындай-сыздар. Сахнада қандай екенсіздер. Қазір де, бір мезгіл театрда ойнайтын шығарсыздар.

Ш а л а м . Е, айналайын, «бастан тарақ қалғалы не за-ман», депті ғой бір басы таз әйел. Сол айтпақшы, таз кепе кигелі қаша-ан.

Н ә з и р а . Екеуіңіз де ме?

Е л е у с і з . Енді, Шалам кеткен жерде Алейхум қалушы ма еді. Екеуі де бірге кеткен.

Ә л е м қ ү л . Кеткен жоқпыз. Жағдай кетірді. Өзіміз ашқан шағын театр жабылды. Басқа театрлардың да оңған күні жоқ. Гастрольде етке, ұнға, қантқа, кей жерлерде ішкен тамағымыз бен арағымызға ойнадық.

Ш а л а м . Бала-шағамызды қалай асыраймыз. Содан базарға кеттік.

Ә л е м қ ү л . Базарға қыбымыз жоқ екен, бич бола бастадық, бомжға айналмай тұрғанда, құдай иіп мына, заман-маманы-

на, дәреже, лауазымға қарамайтын, өмірі таусылмайтын көр қазу жұмысы табыла кетті.

Ш а л а м. Біреу өлмей, біреу күн көрмейді дейтіннің дәл өзі. Және жай өлімдер өз алдына ғой, осы зираттың көрқазушылары маскүнемдер еді, солар арақтан күйіп өліп, орындарын біз баса қойдық.

Н э з и р а. Енді заман түзеле бастады. Биыл Минкультураға миллиардтап бюджетке бөліп жатыр, театрға қайтып баратын шығарсыздар?

Ә л е м қ ұ л. Жоқ, айналайын. Алғашқыда, біраз қаражат тапқан соң, творчествомызға қайта оралармыз деп едік, қазір зират өз төріміз, көр өз қорымыз сияқты болып кетті.

Ш а л а м. Және, былтырдан бері, ана таудың сонау баурайына дейін, бүкіл еңіс, шатқалыңа дейін 40 жылға жалға алып алдық. Күнде қалтаға түсіп жатқан ақша. Әй дейтін әже, қой дейтін қожа жоқ, әлгі налоговыйлар болмаса. Олардың да көмейі бар. Таңертеңнен кешке дейін таза ауа, ішкенің алдында... дегендей...

Ә л е м қ ұ л. Сосын бұл жер — нағыз театр. Сахнада жазып бергенді ойнайсың, саясаттан шығып кетпейсің. Мұнда — нағыз реальный театр. Неше түрлі образ — біреу-біреуді өтірік, не шын мақтап, шын жылап, өтірік жылап, шын жоқтап, өтірік жоқтап, молдалардың да өлгендерге қарай, қалталарына қарай сорттары, мақамдары өзгеріп, не керек, нағыз спектакль.

Ш а л а м. Радиоқабылдағышымыз бар. Мәдениеттілеу орыс, не қазақ өлсе, Моцарттың реквиемін ара-тұра ойнатып қоямыз.

Ә л е м қ ұ л. Біраз байып алған соң, ана базарда тентіреп жүрген музыкант коллегаларымыз бар, театральный ямадан шығып қалған. Соларды осында, көрдің ямасына әкеп, еңбекақы төлеп, күнде екі-үш сағат ойнатып қоймақпыз. Сонда ауру-сырқау, аш-жалаңаш, маскүнемдер, қашан өліп, осы

зиратқа қолымыз жетеді деп армандайтын болады. Жұмыс кө-өп, қызық кө-өп!

Ә л е м қ ұ л. Мына... Мына заманың қолы қимылдаған адамға дұрыс та сияқты...

Ш а л а м. Оу, заман-маман деп, әңгіме бұзау емізеді, бұзау таяқ жегізеді, көп әңгімемен отырып, ұмытып барамыз. Құй кәне.

Н ә з и р а. Әуелі танысып алмаушы ма едік.

Ш а л а м. Сізбен таныспыз, атыңызға да, затыңызға да қанықпыз, тек себеп үшін отмечать деген бар...

Ә л е м қ ұ л (*құйып жатып*). Түсіндім түтініңді. Себептің себебі — сіздердің үйлену тойларыңыздың басы осы арада, аруақтардың ортасында басталмақ. Аруақ жебемей, тірі келмейді.

Ш а л а м. Мұндай той, мұндай беташар бастамасы дүние жүзінде болды ма екен?! Қане, сіздердің үйлену тойларыңыз үшін, бақытты, баянды отбасы болуларыңыз үшін!

Ә л е м қ ұ л. Үбірлі-шүбірлі болуларың үшін! Аруақтар жебесін! (*Стақандар соғыстырады.*)

Е л е у с і з. Мен бірінші тост үшін ішемін, түбіне дейін (*қағып салады*). Ал екінші тост үшін ішпеймін.

Ә л е м қ ұ л. Дұрыс-дұрыс, екінші тост үшін жеке тағы да құйайық.

Ш а л а м. Жөн-жөн, бөлек ішкен жөн!

Е л е у с і з. Жоқ, мен екінші тост үшін мүлдем ішпеймін! (*Басқалары аң-таң, аңырып қалады*). Қарсымын. Вообщее!

Ә л е м қ ұ л. Қарсымын...

Е л е у с і з. Иә, қарсымын! Архитост. Көнерген тост, жаңа заманға үйлеспейтін антитост!

Ш а л а м. Оу, бақытты, баянды отбасы болыңдар дедік. Бақытты болу екеуіңнің қосылып мақсаттарыңа жету, сол бақыттарыңның баянды болуы — үбірлі-шүбірлі болу емес пе?

Ә л е м қ ұ л. Иә, бұл ертеден, атамзаманнан бері қалыптасқан ең жақсы ақ бата. Бұдан асқан қандай тілек болмақ. Ол аз ба?

Н ә з и р а (*сыпайы ғана*). Мен де түсініңкіремей қалдым... Неге?..

Е л е у с і з. Бұл, бұрын ақ бата, дұрыс тілек болғаны анық. Заманның түзу кезінде. Ал бүгінгі өзгерген заманда, үбірлі-шүбірлі болу — бақыттылық емес, бақытсыздықтың басы. Бүгінгі бала, келешек ұрпақ — қасірет. Бала, адам көбейген сайын өлім көбейіп, жапшай қырылу белең алады...

Ш а л а м. Белең алса, ала берсін. Өлсе, өмірем қапсын. Өлгендерге көр дайын. Сол үшін үрім-бұтақ жаймаймыз ба?

Ә л е м қ ұ л. Енді, туу бар да, өлім бар. Жарықтық Карл Маркс айтқан ғой: «Рождение — это шаг к могиле».

Ш а л а м. Маған керегі — өлімнің көбейгені. Мына іргедегі элитный зиратқа жерленетіндер аз. Менің зиратыма келетін қарапайым қазақтар жетерлік. Тіпті кейде орыстар да, күрт, шешендер, басқа ұлттар да маған келеді. Мен мұсылман зиратына оларды да жасырын жерлей саламын. Тіпті біреу сөз қылса да қорықпаймын. Зират өзімдікі. Маған мәйіттің бәрі бір, мұсылман ба, христиан ба, көрге төленетін ақшасы болса болды. Адамдар көбейсе, көр де көбейеді. Мен үшін көп туылып, көп өлгеннен артық тілек жоқ. Давай сол үшін!

Е л е у с і з. Тоқта, сонда сен, мұсылман еместердің басына ай қоямысың, крест қоясың ба?

Ш а л а м. Өлгесін бәрібір емес пе? Тіпті кейбіреулер ештеме қойғызбайды. Оның әртүрлі себептері де бар, ө-ә...

Ә л е м қ ұ л. Ой, себебін қайтесің, көмдік — бітті. Сенен себебін сұрап отырған кім бар?!

Н ә з и р а. Айтсын айтсын, қызық екен, ағай, қандай себеп?

Ш а л а м. Былтыр сондайлардың бірі, түн ішінде кілемге

ораған, тұла бойы қан-қан өлікті әкеліп, «мә» деп, көп ақша ұсынса да, мәйіттің өлімінен сезіктеніп, көмуден бас тартып едім, онда өзіңді өлтіріп, бірге көміп кетеміз» деген соң, зәрем ұшып, айтқандарын орындадым.

Н ө з и р а. Олар кеткен соң заң орнына хабарламадыңыз ба?

Ш а л а м. Оу, шырағым-ау, айналайын қарындасым-ау, заң орнына хабарлаймын деп, мына кәлләмнан айырылайын ба? Ана сұмдар менің өзімді «хик» дегізбей ме. Заң орнындағылар менің қасыма телохранитель ертіп берер деймісің. Ондай гарант түгілі, рақмет те айтпайды. Жан баққаннан артығы жоқ. Өнер алды... тфу!

Н ө з и р а. Сонда осылай жасырынбақ ойнап, қылмысты бүркей бересіз бе?

Ш а л а м (*күліп*). Бүркемеймін, топырақпен бастырып, жауып тастаймын.

Н ө з и р а. Дәтіңіз қалай шыдап жүресіз?

Ш а л а м. А, мұның дұрыс сұрақ. Алғашында жүрегім алып ұшып, өз-өзімнен қуыстанып, тіпті ас батпай, әлемтапырық күн кештім. Кейін етім өліп алды. Шынында мен жазықты емеспін, несіне қорқамын. Кейін ас батпақ түгілі, әлгіндей мәйітті қойып жатқанда, тартып жіберіп, жайбарақат қана қиярыңды күрт-күрт шайнап тұрамын, жұмыр бас неге көндікпейді. Жақында мына Әлемқұл бір тойға кеткен, мен жалғыз едім, бір сойқандар екі қанар қапқа салған екі мәйітті әкелді. Екеуін де, қолын қол, бұтын бұт етіп қасаптап әкелген екен. Бірі еркек, бірі әйел дейді, бірақ айырып болмайды. Ерлі-зайыпты ма, оны да сұрағам жоқ. Артынан екі табыт әкеліп, екеуін бөліп салып, көмді...

Н ө з и р а. Сонда сіз, мына Елеусіз сияқты полицай, не тексеру орнының адамдары біліп қойып, моланы аш десе не дейсіз?

Ш а л а м. Не деймін? Әуелі көрді қайта ашып бұзғандарың

үшін ақша төлейсіңдер деймін. Бұл — менің ұзақ уақытқа жалға алған меншікті зиратым.

Н ә з и р а . Егер, сіздің өзіңізді көмектесті деп айыптаса қайтесіз?

Ш а л а м . Қалай айыптайды. «Мен ештеңені білмеймін, мәйітті табытымен әкелді. Қазылған көрді сатып алды. Көмді. «Я причем?» — деймін. Е,-е, қарындасым, өмір амалсыз үйретеді. Арам ақша жүрген жерде, аранын ашқан қылмыс бірге жүреді. Қазір санай берсең, ондайлардың талайы табылмай ана, мына молаларда жер жастанып жатыр. Ажалда азу бар да, тіл жоқ. Біз де кереңбіз.

Е л е у с і з (*пистолетін суырып алып, кезеніп*). Вста-ать! Керең-мерең, қайдағы керең. Түр орныңнан! Көтер қолыңды! Көтер деймін. Жүр, алдыма түс. Ана өзің қазған көрге апарып атамын. Нағыз қылмыскер жауыз сен екенсің. Таптым. Театрда жүргенде, қанша маскүнем болсаң да, адам едің. Мына зиратқа тұрғалы, күреп арам ақша тапқалы, нағыз егеуқұйрық көртышқанға айналған екенсің. Мына жалғыз оқ саған арналған, сенің сыбағаң.

Ш а л а м . Мен... Менің қандай кінәм бар. Заман, бұзылған заман айыпты.

Е л е у с і з . Заман... Жам-ан! (*Жұлмалап тұрғызады.*)

Ш а л а м . Заманына қарай амалы! Сендер өзіміз болған соң айтып ем...

Е л е у с і з (*пистолетті маңдайына тосып*). Жүрмейсің ғой, өз обалың өзіңе, өзің қазған көр де өзіңе бұйырмайды. Бір, екі...

Н ә з и р а . Тоқта!

Е л е у с і з . Сен менің жұмысыма араласпа, бүгін де, ертең де, мен полицаймын.

Н ә з и р а . Иә, полицайсың, қылмыскерді таптың, бірақ атуға қақың жоқ. Үкімді сот шығарады.

Е л е у с і з (*қынжылып*). Сот, сот! Бұ дүниеде әділ сот бар

ма? Мұндайларды сот ақтайды. Ұры-қарыларды жақтайды. Міне, сен де көре тұра ақтап тұрсың.

Н э з и р а. Соттау үшін, асықпай, аптықпай, дәлелмен соттау керек.

Е л е у с і з. Дәлел, дәлел, не дәлел! Көріп, естіп тұрып қылмыскерді осылай ақтай береміз. Жо-оқ, қылмысына көзің жетті ме, сол жерде атып тастау керек. Сонда дүниеде қаскөйлік азаяды. Құй! (Бәрі соғыстырып үнсіз ішеді.)

Ш а л а м (үрейлі үнмен). Рақмет, айналайын судья. Мені ату жазасынан аман алып қалдың-ау.

Н э з и р а. Сіз қанша жазықты болсаңыз да, тергеусіз, сотсыз сізді атуға мұның құқы жоқ.

Ш а л а м. Оу, бұл құқы-мұқыға қарамайды. Ата салады. Оған есерлігі де жетеді. Жалпы, режиссер, полицай атаулы аздап шалықтау келеді.

Н э з и р а. Оның үстіне есірік сумен есіріп алған деңіз.

Е л е у с і з. Жарайды, жарайды, біреуің қылмыскер, екіншің сот, біріңді-бірің қостап, енді мені жазықты еткілерің келеді... Одан да осы әңгіме неден шықты?

Ә л е м қ ұ л. Әй, одан да пластинканы ауыстырайықшы.

Е л е у с і з. Жо-оқ, әңгімені қоздатқан сенсің. Соны аяқтайық. Үбірлі-шүбірлі бол дедің. Мен қарсымын дедім. Ол үшін тост көтермеймін дедім. Дедім бе?

Ә л е м қ ұ л. Дедің.

Ш а л а м. Иә, неге қарсысың?

Е л е у с і з. Менің қара басымның қарсылығы. Ойлаңдаршы, мен қазір 53-темін. Енді он жылдан соң 63-ке келемін, пенсияға шығамын. Мизерный пенсия 10 жасар балама жете ме, маған жете ме? Сен үбірлі-шүбірлі дейсің, иә, бала біреу емес, екеу, үшеу болса ше?

Ш а л а м. Оу, алда, мына келін бар емес пе, то есть қарындас. Бұл да асырамай ма? Солай емес пе, қарындас?

Нәзира (күліп). Оған сөз бар ма. Бала ортақ емес пе?

Елеусіз. Ал бұл өліп қалса ше? Жарайды, мен өліп қалсам ше? Тіпті екеуіміз мына Нәзираның ағасы құсап авариядан ба, қатар өліп қалсақ ше? Жетімекті кім асырайды?

Нәзира. Үкімет асырайды.

Елеусіз. Үкімет асырамайды. Бұрынғыдай балаға, оның өсуіне, оқуына деген арнайы қаражат азайды. Өйткені балалар, жетім балалар көбейіп кетті. Сондықтан детдомдар да, ата-аналар да балаларын шетелдіктерге сатып жатыр. Қазір баладан доллар қымбат. Дүние жүзінде баладан безетін аналар көбейді.

Әлемқұл. Мұныға қосылмаймын. Егер бала керек болмаса, әлгі өзің айтқан шетелдіктер неге сатып алып жатыр?

Елеусіз. Ә, ә, айналайын, қарағым, олар шетелдіктердің бәрі емес, ақшалылары, крупный капиталистері. Олардың балаға деген жүрегі жібіп, елжіреп, үзіліп тұрған жоқ. Олар үш түрлі мақсатпен сатып алады. Нәзира, айтшы, заң қызметкерісің, менен көбірек білесің, анада айтып едің ғой.

Нәзира. Өзің айта бер.

Елеусіз. Біріншіден мүлдем баласы жоқ қубас капиталист, ақшасын қайда қоярға білмей, самолетті де, баланы да ермек үшін, тіпті космос кораблін де уақытша бір мініп түсу үшін сатып алады. Екіншілері, бала өскен соң, бақшасын суарып, машинасын жуып, үйін күзететін құл ету үшін алады. Қыз бала болса, естір құлаққа ұят, одан да жаман... Ал үшіншілері туа мүгедек болған балаларға дейін жаны ашығансып сатып алады. Оны не үшін алады?

Шалам. Иә, не үшін?

Әлемқұл. Бір сұмдықты естігеніміз бар, шын болса.

Елеусіз. Шын болғанда қандай. Иә, үшіншілері мүгедек бала емдеуге келмей өлді деп, оның жас жүрегін, сау жүрегін өлмей тұрып өзінің жүрегіне ауыстырып салғызады. Пересадка жасайды. Міне, баланың керегі не үшін.

Бәрі үнсіз отырып қалады да, Әлемқұл арақ құя бастайды.

Ә л е м қ ұ л (*арақ, құйып отырып*). Мұның енді рас. Адамның жаны түршігерлік оқиға. (*Стақандарды таратып жатып.*) Жарайды, қыздар, не әйелдер балаларын долларға сатады делік. Әйтеуір өлмес деп береді делік. Ал роддомнан шықпай жатып, неге тастап кетеді? Әу баста, бала боларын ойламады ма?

Е л е у с і з. Ондайлар аз дедім ғой. Оларға, қыздан гөрі, алдап түсіретін жігіттер кінәлі.

Ш а л а м. Е-е, олай болса, сақтанбай ма? Немесе қашан тигенше, мына екеуің құсап, бала көтеруді үйлену тойларынан кейінге қалдырмай ма? Өліп бара жатыр ма?

Е л е у с і з. Ондайлар аз дедім ғой. Үйсіз-күйсіз, алданып қалғандар. Сақтану үшін де қаражат керек.

Ә л е м қ ұ л. Түк те аз емес. Сендер не білесіңдер. Сот, айналайын, сен де білмейсің. Сендерге жететіні роддомға алғандар, қоқысқа тастағандар, детдомда нәр жетпей өлгендер. Солардың бәрі, сендер білмейтіндер де, бізге келеді, бізге. Олардың бәрін көретін де, бәрін көметін де біздерміз. Сіздердің ақпараттарыңыз басқа, біздің атқаратынымыз басқа.

Е л е у с і з. Соншама жасырын келетінін білмейтіндей мысықтың баласы емес қой.

Ә л е м қ ұ л. Қазір әкесі белгілі жетім туған адам баласынан, әкесі белгісіз мысық баласы қадірлі. Жаңа туған соқырларын әркім бөліп алады. Ал адамдікі... Биылдың өзінде, біздің зиратқа мыңнан аса сәби түсті. Бір жолы түнде, полиция қызметкерлері әр жерден тауып алған оншақты қызылшақа тастандыларды алып келді. Мына сұмдықты жұрт көрмей тұрғанда, көздерін құрт деп, акт жасап, дайын қазылған оншақты көрге көміңдер, ақшасы кейін аударыла-

ды деп кетіп қалды. Бір жапырақ қызыл етке неғылған от-дельный көр. Бәрін бір көрге көме салдым. Ішінде әлі жүрегі соғып жатқан бір-екі шалажансарлары да бар.

Н ә з и р а (*тіксініп*). Шалажансары?

Ә л е м қ ұ л. Иә, ондайлардан дауыс, үн деген шықпайды, әшейін аз уақыт лүп-лүп еткен жүрек қана. Бәрібір адам болмайды. (*Шаламға қарап.*) Әй, ана жолғы нені айттайын ба? Әлгі не деуші еді, судья қарындасым? Иә, инцидент?

Н ә з и р а. О не? Тағы не?..

Ә л е м қ ұ л. Аанада, иә, аанада деймін-ау, тағы да бір-неше перзентті алып келді. Ол жолғы бір ноқай мельтон: дікің-дікің етіп, мен өлтіргендей, «тез көміңдер» деп, мына режиссер құсап, екі аяғымды бір етікке тықпасы бар ма? «Әй, әкіреңдеме, акт қайда, өлген қозы-лақтарға да акт жасалады, сосын мына қазылған көрдің құны деген болады», десем, анау одан бетер, мылтығын шошаңдатып, «мен саған актіні көрсетем, қане, жаңадан көр қаз» деп жағамнан тартып, жаналқымға алғаны. «Кет әрі, көрді өзің қаз, өзің көм», — деп, кеудесінен бір итеріп, қалаға тартып бердім. Ол да сүмелеңдеп соңымнан еріп, ұрып келеді, аузында дамыл жоқ, үріп келеді.

Н ә з и р а. Балалар, өлі сәбилер зиратта көмусіз...

Ә л е м қ ұ л (*күліп*). Е е, қалмағанда, бізбен еріп, қалаға бара ма?

Н ә з и р а. Сіздер... әбден еттеріңіз үйреніп алған-ау! Қалай түршікпей...

Ә л е м қ ұ л. Түршігуді қазір айтам. Ертеңіне, көр қазуға қайта келсем, ой, сүмдық-ай, бұл зиратта не көрмедік, әлгі қатар-қатар жатқан сәбилерді жаңқаша шашып, газетпен, трәпкәмен оралғандардың құндақтарына дейін парша-паршасын шығарып, қаңғыбас, бұралқы үш ит қомағайлана жеп жатыр. Айырып алайын деп ұмтылып ем, аш немелер, ыр

етіп өзіме айбат шегіп ұмтылған соң жан керек, зып беріп балағанымға кіріп кеттім.

Е л е у с і з. Встать! Қара мұның зып беруін! Зып бердім дегенше, көт қыстым десейші. Бір түн далаға тастамай, көміп кетсең, бұл инцидент болмас еді. Аш ит қылмыскер емес, иттің аты ит. Нағыз қылмыскер сенсің. (*Жұлқылап тұрғызып.*) Түс алдыма, ана өзің қазған көрге мына жалғыз оқпен жайратам.

Н ә з и р а. Тоқта!

Бұл жолы Нәзира мен Шалам Елеусіздің екі жағынан шығып, екі қолына жармасады. Масаң полицайдың қолынан мылтық ұшып кетеді.

Н ә з и р а. Полицай мырза, бұл жолы тағы да заңды бұзып тұрсың. Сот үкімінсіз атуға хақың жоқ.

Е л е у с і з (*ызалы мырс етіп*). Хақым жоқ... Қылмыскерді ұстаймын. Үкім шығара алмаймын. Жо-оқ, бұлай арамгер боларым жоқ. Енді үшінші рет қылмыскер кездесе, соттан да, оттан да сұрамаймын, атып тастаймын.

Ә л е м қ ұ л. Ой, сенің ойының ба, шының ба?

Е л е у с і з. Шыным!

Ә л е м қ ұ л. Не үшін?

Е л е у с і з. Үбірлі-шүбірлі ұрпақ үшін. Өзің тос көтересің, бата бересің, ал сол ұрпақты тірідей көмесің, итке жегізесің. Міне, өтірік бата, жалған тілек.

Ә л е м қ ұ л. Е, оларды жаратқан, өлтірген мен бе екем?! Заман өзгерген сайын адамның ындыны тарылып, өз туысына, өз баласына, бала өз ата-анасына мейірімсіз болып барады. Соған мен жауап беруім керек пе? Қайта көмгеніме рақмет айтсын!

Е л е у с і з. Міне, міне, заман өзгерген сайын, адам көбейген сайын бір-біріне деген жаулық қастандық, мезгілсіз өлім көбейген үстіне көбейеді.

Ендеше, дүние жүзіндегі алты миллиард адам әзірше жетеді. Енді көбеймеуі керек, 30—40 жылдай жаппай демалу керек.

Ә л е м қ ұ л. Сонда үбірлі-шүбірлі ұрпақ болмау керек пе?

Е л е у с і з (*қызынып, көзіне жас оралып, жылау мен ыза, мастыққа қосылып*). Ұрпақ, Ұрпақ! Қай ұрпақты айтып тұрсың. Ендігі ұрпақ, жер бетінде миллиондап, миллиардтап көбейе берсе, көбейген сайын, ертең басарға жерің, кірерге көрің де жетпей қалады. Жер тарылған сайын, адамның тынысы да тарылып, бір сүйем жер үшін, жер үстінің байлығын құртып, жер астының байлығы үшін бірін-бірі жағадан алып, буындыра бастайды. Өз байлығы таусылған ел, екінші әлсіз елдің байлығына, ол таусылған соң адам баласы амалсыз бір-біріне араны ашылып, ауыз сала бастайды. Соғыс-соғыс!.. Сонда, адамзат ендігі баланы соғыс үшін туа ма?! Әһ, соғыс үшін?.. Соғыс, әрине, жер бетіне қаптаған адам санын кемітеді, тазалайды, аршиды. Сол соғыспен азайтпай, бір ұрпақ, мысалы біз, біздің ұрпақ 30—40 жылға дейін ұрпақ жаюды тоқтатса, ажалы жетіп өлгендер есебінен жер бетіндегі бықыған адам қайта ортайып қалпына келмей ме?

Ш а л а м. Сонда өмірдегі жаңалықтарды кім ашады, тіршілікті әрі қарай кім жалғап, дамытады, қоғамға жаңа жетістіктерді кім әкеледі?

Е л е у с і з. Осы күнге дейін қоғам былай бір, олай бір өзгеріп, қазір бір қалыпқа түсті. Адамзат жаратылғалы талай кемеңгерлер, ғалымдар, оқымыстылар, тамаша жаңалықтарын, ғылымның небір сиқырлы сырларын ашып, тіпті адам сенбейтін компьютерлік заманға жеттік. Жарты ғасырға, тіпті бір ғасырға осыны пайдалансақ та жетеді. Жерде, адам да біраз демалуы керек. Соғыссыз, бейбіт демалу керек. Ол бүгінгі ұрпақтың қолында. Біздің әрқайсымыздың қолымызда.

Нәзирә. Сонда, бізде бала болмай ма?

Елеусіз. Біз кімнен әулиеміз? Кімнің шікіресіміз?! Әһ?.. Біз қатардағы жай ғана қарапайым адамдармыз. Бізден ерекше әулие туады деп ойламаймын да. Біздейлер жер бетінде миллион, миллиард. Біздің өмірге келгеніміз де, кеткеніміз де ешкімге керегі жоқ. Біз әшейін тамақ ішіп, табақ босатар мақұлықтармыз.

Нәзирә. Жо-оқ, бұл ойының шығар. Қалжының болар. Қияли адамның қиялы шығар?

Елеусіз. Қиял ма, арман ба, мен бұл идеяма бас ұсынған адаммын. Тағдырымды арнаған адаммын. Менде бала болмаңды. Мен... Мен — тәтәймін!

Нәзирә. Тә-тә-й? (Аналарға жалтақтап.) Ол неге? Тәтәй деген не?

Шалам (күмілжіп). Елеусіздің «Тәтәй» деген сценарийі бойынша фильм түсіре бастағанда, қаражат болмай тоқтап қалған.

Әлемқұл. Содан біз өз театрымызда «Тәтәй» атты пьесаның постановкасын, иә қойылымын дайындадық. Тамаша еді, әттең, театр жабылып, еңбегіміз еш болды.

Шалам. Ендігі сахнамыз — осы зират. Біз «Тәтәйді» дайындап жатырмыз, осында ойнаймыз. Театрды, өнерді өлтірмейміз.

Әлемқұл. Зират — біздің театрымыз. Иә, біздің ендігі сахнамыз.

Елеусіз. Ендеше, «Тәтәйді» осы арада түсіндіріп беріңдерші. Пьеса мазмұнын айтып беріңдерші Нәзираға.

Шалам (жүзі жайнап). Олай болса (атып тұрып) кеттік, Әлемқұл...

Әлемқұл (...сергін). Бастадық! Шалам...

Екінші көрініс

Музыка. Домбыра, шаңқобыз, қобыз, сазсырнай саздары. Алдымен домбырадан күй төгіледі.

Ш а л а м (жүргізуші).

Ал көрермен, жараңдар,
Күйші тартқан аспапқа бір қараңдар,
Адам жанын әнге бөлеп,
Жүрек қылын күймен демеп,
Өткендер мен кеткендерді,
Бүгінгіге жеткендерді,
Айнытпастан айтып берер
Төгіп, шертіп тартып берер.
Қазағымның қол мұрасы.
Шежірелі ой мұрасы,
Сан ғасырлық жыр мұңдасы,
Дос, серігі домбырасы.

Ә л е м қ ұ л (жүргізуші).

Мына үн — домбыраның досы шаңқобыздың үні,
Сиқырлы, сазды ән қобыздың үні.

Ш а л а м.

Домбыра мен шаңқобыз қосылып бір кеткенде,
Халқына, еліне,
Аспанына, жеріне,
Даласы мен өзен, көлді суына,
Орман, тоғай нуына.

Кезекпен.

Ә л е м қ ұ л .

Ел бастаған көсемдердің, даналардың тарихын

Ш а л а м .

Ел сақтаған шешендердің, аналардың тарихын,
Ел қолдаған саналы қыз тарихын,
Ерді азғырған сайқал күннің тарихын,
Ұлды арбаған пері, жынның тарихын,
Елді бұзған сандал даудың,
Жалғыз көзді аңғал дәудің...
Мыстан кемпір жалмауыздың
Бәр-бәрінің тарихын.
Сырлы, мұңды, зарлы әуенмен
Шымырлатып төгеді,
Таңғажайып ертегіні

Күмбірлеген көмейінен күймен жырлап береді.

Ш а л а м (жүргізуші).

Бүгін, міне, домбыра мен шаңқобыз,
Сазсырнай мен нән қобыз
Сендерге бір жаңа ертегі,
Жаңа аңыз алып кепті,
Айтып берсін, тыңдаңыз.

Ә л е м қ ү л (жүргізуші).

Сонау алыс жердегі Жоңғар Алатауында,
Боранда да жауында
Көрінетін мың құбылып,
Күндіз күнмен шағылып,
Түнде мың-мың жұлдыздардан
Жақұт, маржан тағынып...

Ш а л а м (жүргізуші).

Аспанменен астасқан,
Жауыздықпен қастасқан
Сәукеле тауы жайында
Сөз төркінін пайымда.

Актерлер орындарынан тұрып пердені ашады. Жарқ етіп, ғаламат сұлу Сәукеле тауы көрінеді. Сахнада — перденің екі жағында екі жүргізуші (қолдарында музыкалық аспаптары) қалады да, ән-күй ойналып тұрады. Бұдан былай Шалам мен Әлемқұл жүргізуші деп аталады. Қай жүргізушіні сөзге бөледі — режиссердің таңдауы.

1 - жү р г і з у ш і .

«Елу жылда ел жаңа»,
— Бұдан елу, тағы елу,
Талай елу жыл бұрын
Ақ басты Алатаудың ар жағында,
Ел тұрмысының тар шағында,
Жоңғар тауының оң жақ бауырында,
Қазақтың жау қолында қалған бір ауылында,

2 - жү р г і з у ш і .

Тілі де, діні де бөлек,
Халқы да, салты да елден ерек,
Жат жұрттық хандар
Өктем боп кеткен елде,
Өз жері өзіне
Бөтен боп кеткен жерде;
Әлгі қазақ елі
Қанша қан жылап егілсе де,
Көз жастары көл болып төгілсе де
Атамекендері

Жетісуға жете алмапты
Бекінген жау шебінен өте алмапты.

Сәукеле тауы жазылып, таулы-тасты, орманды суретке айналады.

1 - жүргізуші .

Осы ауылда,
Жат-жұрттық боп кеткен бұрыңғы
Кезең тауында,
Өнерлері дүйім елге жайылған,
Әсте арылмаған қайғыдан,
Екі ұста тұрыпты.

2 - жүргізуші .

Екеуі бір-бірімен көрші болып,
Нағыз достардай өмір сүріпті.

1 - жүргізуші .

Біреуінің аты Жанат екен.
Сахнада Жанат.

2 - жүргізуші .

Екіншісінің аты Қанат екен.
Сахнада Қанат.

1 - жүргізуші .

Аттары қандай ұқсас болса,
Екеуін де бір ұста соққандай,
Өңдері де ұқсас болыпты.

2 - жүргізуші . Жастары да сондай тұстас болыпты.

1 - жүргізуші . Соққан бұйымдары айтарлықтай екен.

2 - жүргізуші .

Ешкімнің бетін қайтармайды екен.
Шыныдан меруерт,
Қайыршақтан ақықтай асыл тас жасайтын,
Қайрақты қамырдай илеп,
Алып таудан алып батырдың мүсінін қашайтын,

Екі өнерпаздың аты ауыздан-ауызға тарап,
Айтыла беріпті,
Айтыла беріпті.

1,2 – жүргізуші.

Шартарапқа жайыла беріпті, жайыла беріпті.

1 - жүргізуші.

Сол заманда,
Сол төңіректі билеген,
Есіл елді еңіретіп,
Қалың жұртты табанымен
Саз балшықтай илеген,
Бағынышты нөкерлерін,
Тағзым еткен қызметкерін
Мазақ етіп, қорлаудан өзгені білмеген,
Әйел затын көрсе мығып, ығырынып,
Еміреніп, сүюді де білмеген.

2 - жүргізуші.

Найзасынан от үшқындап,
Қылышынан қан тамған.
Именбеген, адам түгіл,
Алладан да, Буддадан.
Ми-Лау атты бір әбжылан хан бар еді.

*Жан-жағына жылан көзін жарқылдатып, нөкерлерін
ерткен хан Ми-Лау шығады.*

Сол,
Ұрыс даласынан келгендей түнеріп,
Құныс баласын ертіп,
Сабау қамшысын біленіп,
Басы жерге жеткен құныс Жаһай шығады.
Әлекедей жаланған нөкерлеріне
Былай деді
Шіреніп:

Х а н М и.

Э-эй, мұндар,
Сорлы құлдар, э-эй!
Мынау менің бақшалы баудай,
Өзі таудай ұлым Жаһай...
Көрші-қолаң, бүгіннен бастап,
Жұртқа істейтін жұмыстарыңды біржола тастай-
сыңдар,
Бүкіл мүсінші,
Зергер, ұстальық өнерлеріңді
Ұлым Жаһайға үйретуді бастайсыңдар.
Ұстаздық еттім деп,
Асып-таспайсыңдар,
Бұйрықтан аспайсыңдар,
Ешқайда қашпайсыңдар,
Егерде құлықсыз болып,
Өнерлеріңді қолына қондыра алмасаңдар,
Ағаштан тас, тастан алтын жондыра алмасаңдар,
Ұстаздық міндетті ондыра алмасаңдар.
Бастарың қырқылып алынады,
Қазыққа кеңірдектен қағылады!
Нөкерлерімен кетеді.
Басқалары қалады.

Ж а һ а й.

Армысыздар, ағатайлар, ұстаздарым,
Сеніңіздер,
Жасырмаймын,
Бойымда хас өнерге құштар барын.

Ж а н а т.

Иә, өзіңнен, сөзіңнен,
Көзіңнен құштарлық пен ынтықтықты байқап тұр-
мыз.

Қ а н а т .

Ханның орынсыз қаталдығын бетіне айта алмай жым
болып,

Тек, басымызды шайқап тұрмыз.

Ж а н а й .

Хан әкемнің әпербақан мінезін кешіргейсіздер,

Көңілдеріңізден қанқұйлы

Зұлымдықтың бар ізін өшіргейсіздер!

Үйретіңіздер,

Оқытыңыздар,

Миыма тоқыңыздар,

Мен сіздерді ұятқа қалдырмаймын,

Игере алмайтын,

Үйрене алмайтын надан болсам,

Ол үшін өзімді-өзім жазалаймын,

Ешкімнің қолын қынапқа салдырмаймын

Сіздердің бастарыңызды алдырмаймын!

Жанат пен Қанат қушақ жая Жаһайға ұмтылды, кезекпе-кезек қушырлана қысады.

Ж а н а т. О, бәрекелді, бәрекелді!

Қ а н а т. Бізге ақылды бала-береке келді!

1 - ж ү р г і з у ш і .

Сүйгіп,

Жаһай бала,

Зұлым ханның,

Жылан жанның ұлы болса да,

Тұла бойы тырысқан,

Желкесі күдірейіп,

Жаурыны бүкірейіп,

Белі құнысқан

Құдай тағаланың аямаған пендесінің бірі болса да...

2 - ж ү р г і з у ш і .

Үстаздарына, әкесін арқаланып, ұрыспай, құрыспай,

Қанаты жазылған еркін құстай қалықтады
Үйренуден өнерді әсте жалықпады.

1 - ж ү р г і з у ш і .

Үстаздары шәкірттерінің зеректігіне,
Өздерінің хан қаһарынан аман қалатындарына қуана
бастады.

Уақыт өткен сайын зерек шәкірттің
Үстаздардан да оза түскеніне
Шын ниетімен қуана бастады.

2 - ж ү р г і з у ш і .

Күндердің күнінде,
Оразаның маужыраған бір түнінде
Жасаған ие Жанатқа бір ұл берді,
Тап сол киелі түнде,
Сәресіде,
Қанаттың ошағында дүниеге бір қыз келді!

*Сахнада сәбиді жөргегімен орап көтерген екі ана. Шіл-
деханаға жиналғандар. Тап ортада Садыр ақсақал. Той
жыры, ән аяқтала нәрестелерін екі ана Садыр ақсақалға
апарады.*

*С а д ы р (нәрестелердің құлақтарына кезекпе-кезек
айғайлап).*

Екеуің де айлы-күннің аманында,
Оразаның аяғында,
Тігінен туған жаңа айлы,
Өзіне ыңғайсыз болса да,
Жұмыр жерге, жұртқа жайлы,
Аспан қақпасы ашылар Кәдір түнінде
Өз ошағыңда,
Үйіңде,
Дүниеге келдіңдер.

Айдай әлем алдында атын әйгілі — Айсұлтан болсын, Ай-

дай әлем алдында бекзат сұлу — Сенің атың — Айсұлу бол-
сын! (Ән айтылып, би биленеді).

Ж а н а т .

Ал Садыр ата, ақсақал,
Екі нәрестенің ата-анасының бір тілегі бар ед.

Қ а н а т .

Ежелден арманда боп,
Бүгінге дейін қосыла соққан екі жақтың адал жүрегі
бар еді.

Ж а н а т .

Екі нәресте өскенде де бірге болсын!

Қ а н а т . Екі жақтың да көңілі бүгін бірге толсын!

Ж а н а т . Бесік құда атанайық деп едік.

Қ а н а т . Сізден бата алайық деп едік.

С а д ы р (қолын жайып).

Уа, қасиетгі кәдір түні,
Бүгінгі тілек, — құдайы тілек
Отырмыз соны өзіңнен тілеп!
Ақ қақпанды айқара ашып,
Ақ батамды қабыл ала гөр.
Екі сәби ғұмырлы болып,
Есейе келе қосылып,
Үбірлі-шүбірлі болып,
Өмір бойы қол ұстасып,
Құшақтасып өтсін,
Пәле-жала бұлардан аулаққа кетсін!

Осы кезде жарқ етіп аспан қақпасы ашылады да, отыр-
ғандар «Аспан ашылды», «Кәдір түні», «Қақпа ашыл-
ды», — деп, иңлап қоя береді. Қақпа жабылғанша Садыр
да ұлгерді.

Осы тілек — Жасағанның жазуына жазылып,
Құдайдың құлағына шалынсын!
Әмин!

Б ә р і. Әмин! Әмин! (Беттерін сипайды. Музыка.)

1 - ж ү р г і з у ш і .

Айсұлтан мен Айсұлуға деген көп тілеуі көл
болып,

Алғашқыда сәт сайын,

Одан кейін сағат сайын,

Күн сайын,

Жегіліп, өсе беріпті.

Көз тоймастай көрікті

Екі перзентке әуелі

Жаһай берген тал бесік,

Түбек салған тар тесік,

Екі күнге ғана жарапты,

Жаһай берген итарба,

Тәй-тәй басқан ұл-қызға

Үш-ақ күнге жарапты.

2 - ж ү р г і з у ш і .

Екеуі де туғанда нысаналы болып туыпты,

Айсұлудың күмістей ақ нысанасы

Ішкен асы көрінер ұлбіреген аппақ тамағында екен —

Сұлулықтың белгісі.

Айсұлтанның нысанасы білегінде екен —

Шеберлік белгісі.

1 - ж ү р г і з у ш і .

Ақ сүтін берген қос ана

Көзден, сұқтан жасырып,

Құдіретке бас ұрып,

Екі перзенттің тілеуін тілеп,

Бесік жырын жырлапты,

Әкелері де тек тұрмапты,

Тәрбиемен жетілте беріпті ұрпақты.

Екі ана екі жерде қосылып, бесік жыры айтылады.

А н а.

Айналайын бөбегім,
Тыңда анаңның өлеңін.

А н а.

Тыңда атаңның ертегін
Бақытты болсын ертеңің.
Айналайын Айсұлу,
Айналайын Айсұлтан,
Айдан, күннен жаралған,
Сендерсіңдер — бар арман,
Сендерсіңдер — қара орман.
Адам болып ертең-ақ
Өсерсіңдер, бөбектер,
Балалықтан ертең-ақ
Көшерсіңдер, бөбектер.
Болашақта жеті тау бар асатын,
Жеті өзен бар күн батысқа ағатын.
Жеті өзеннің құяр жері — Жетісу
Атамекен, тұрақ жерін — Жетісу.
Есейгенде сол тұраққа
Барғайсыңдар, бөбектер,
Сонда жетіп жеті ұрпақты
Жалғайсыңдар, бөбектер,
Есейгенше осы жырды құлағыңа құя бер.
Ән тербеткен бесік жырдың
Мағынасын ұға бер.

Е к е у і қ о с ы л ы п.

Әзір ұйқтап тал бесікте,
Екеуің де көздеріңді жұма бер.

2 - ж ү р г і з у ш і .

Айдан аппақ,
Күндей сұлу балалардың асыл тастай аттары,
Көз тиер деп,
Тіл етер деп,

Сұқ көзбенен өткір тілден
Қанша бүркеп жасырса да,
Аузын буған қап түбінде жатпады.
Есімдері, өскен сайын
Шарлап кетті
Ұлан-ғайыр жерлерді.
Таң қалдырып,
Ғаламдағы неше түрлі елдерді.

1 - ж ү р г і з у ш і .

Мұны естіп, Ми-Лау хан да,
Бір ой түсіп,
Сілкінді,
Ұсталарға жетті қолмен,
Тағат таппай, Бір күні.
Айсұлудың ажарына,
Бір қараған жанарына мас болып,
Бейбіт елге салды лаңды,
Буырқанып зіркілді.

М и – Л а у .

Эй, тыңдаңдар, мұндар,
Сорлы құлдар,
Жанат, Қанат ұсталар,
Зәулім сарай тұрғызыңдар,
Ұл-қызың бар жабылып,
Жаһай тұрсын Айсұлумен сарайда,
Бар байлыққа малынып.
Балиғаға толған күні қызды қосам Жаһайға
Ұлан-асыр той жасаймын,
Бұрын-соңды өтпеген бұл маңайда,
Болмаған бұл жаһанда.

Ж а н а т .

Уа, тақсырым, хан ием,
Айсұлтан мен Айсұлуды атастырып қойғанбыз.

Қ а н а т.

Төс тақасқан құда болып,
Қалың қауым куә болып,
Жарасқанбыз тойда біз.

М и — Л а у .

Бұл өңірге келген бала,
Бұл өлкеде туған бала,
Мен билеген хандығымда
Кіндік кесіп,
Иткөйлегін жуған бала, —
Бәрі менің айдауымда,
Қылышымнан қан сорғалаған жолымда,
Бар тағдыры менің ғана,
Менің ғана байлауымда,
Қолымда!

Ж а н а т. Балаларға мұның зорлық, хан ием!

Қ а н а т. Аналарға мұның қорлық, хан ием!

М и — Л а у .

Не дейт, мына мұндар — адамзаттың екі аяқты құл-
дары
Қайдасыңдар, жендеттерім,
Әкетіңдер желкелетіп бұларды.
Жалаңаштап, бас-басына
Қырық дүре салыңдар,
Қарсыласқан біреу болса,
Басын қағып алыңдар!
Хан жарлығы бір-ақ жарлық:
Келесі жыл келемін,
Жаһайменен Айсұлуды атастырдым,
Неке суын өзім құйып,
Неке жібін өзім қиып беремін.
Ал Айсұлтан Жаһайдың әзір қолбаласы,
Кейін өмірлік құлы болады

Бұған қиқандаса ұстаның бозбаласы,
Келесі жыл — қиқардың өлетін жылы болады.
Бүгіннен бастап Айсұлтан мен Айсұлу
Бірін-бірі көрмейтін болсын,
Жаһайдың махаббатына ара тұрып, бөлмейтін болсын.
Нөкерлері мен жендеттерін ертіп кетеді.
Сахнада үшеуі: Жаһай, Айсұлтан, Айсұлу.

А й с ұ л т а н .

Жаһай аға, сенің ағалығыңа да,
Хан баласы рәсімінде
Елге бағалығыңа да дауымыз жоқ.

А й с ұ л у .

Сіздің үй болу ойыңызға,
Қуанышты үйлену тойыңызға
Қарсы тұрар жауыңыз да жоқ.

А й с ұ л т а н .

Әттең, қанқұйлы, жаналғыш әкең
Махаббатымыздың шалғайын дауылдатып түре келді.

А й с ұ л у . Қайран әкелеріміз,
Жазықсыздан-жазықсыз дүре жеді.

А й с ұ л т а н .

Ал енді бесікте уілдеп жатып жүрегіміз бірге соққан біздің
Сәбилік қуанышымыздың не жазығы бар еді, ағатай?

А й с ұ л у .

Жаңа ер жетіп, махаббаттың Иран бағында
Қос қарлығаштай бірге ұшып, қанат қағамыз ба
Деген біздің қуанышымыздың не жазығы бар еді, ағатай!
Ж а һ а й .

Сонда, қалай?

Бұл сөздеріңмен мені азғырмақсыңдар ма?
Әлде бұл пақырдың да сүйетін жүрегі бар ма еді деп,
Мені жазғырмақсыңдар ма?
Қүдіреті күшті жасаған ием мені адам ішінде

Мүгедек етті,
Көкорай шөп ішіндегі тікенек етті.
Сендер де енді, мені қорлап,
Адам атымен махаббатқа мойын бұрмасың дейсіңдер ме?
Шөп атымен жұпар иісті гүл қасында тұрмасын дейсіңдер
ме?!
А й с ұ л т а н . Жоқ, ағатай, өмір бойы махаббат азабын
тартып өтсек те...

А й с ұ л у . Сізді ешқашан жазалап өте алмаспыз.
Ж а һ а й . Ендеше, уәделеріңді беріңдер, Бір-біріңді бір
жыл бойы көрмеске,

Хан қаһарына ілініп, мазақ, азап өліммен өлмеске.

А й с ұ л т а н . Біз бір-бірімізсіз өмір сүре алмаймыз ғой.

А й с ұ л у . Бір-бірімізсіз тіршілік құра алмаймыз ғой!

Ж а һ а й .

Онда жоқ екен ешбір амалы,

Жендеттер кеп Айсұлтаннның басын шабады.

А й с ұ л у . Жоқ, жоқ, ағатай, уәдемді берейін,

Сағыныштан құсальқыпен өлсем де,

Айсұлтанымның қорлық өлімін көрмеске. *(Кетеді.)*

А й с ұ л т а н . Мен де бердім уәдемді, ғашығымды,
сыңарымды құса болып көрмеске...

Ж а һ а й .

Тұра тұр, Айсұлтан інім,

Сәл бөгелші

Алып бір тыным...

А й с ұ л т а н .

Не айтпақсың, ағатай,

Арманыңа жеттің ғой...

Ж а һ а й .

Тыңда, Айсұлтан, аптықпай,

Тым асығып кеттің ғой...

Менің ғашық болуға қақым бар ма?

А й с ұ л т а н . Бар.

Ж а һ а й . Біреудің зорлап қосқан адамы біреуге жар бола ма?

А й с ұ л т а н . Болмайды.

Ж а һ а й . Онымен қосылғанда екі жақтың да көңілі бірдей тола ма?

А й с ұ л т а н . Толмайды.

Ж а һ а й . Ендеше сөз тыңда:

Қатыгез әкем зорлап қосқан Айсұлуды мен алмаймын.

Оны қайғыға сап,

Жігіт болып қасына да бармаймын.

Бірақ оны ханға да,

Тіпті бір жанға да

Сездірмеуіміз керек.

Бір-бірімізді сырт көзге,

Бездірмеуіміз керек.

Бұлай айла жасамасақ,

Ниетіміз қатал ханның құлағына жетеді,

Жетті дегенше,

Теріміз тұлақ болып,

Басымыз жаңғырықта кетеді.

А й с ұ л т а н . Сонда не істемекпіз,

Айтыңызшы, ағатай!

Ж а һ а й . Менімен бірге,

Бір жыл тау ішінде боласың,

Маған көмекші боп,

Тас қашап,

Тау жонасың.

Мен әкеме қарсы ештеме айта алмаймын,

Тастарды сөйлетемін.

А й с ұ л т а н (таңырқап). Тастарды сөйлетемін?

Ж а һ а й . Тастардан жасаған бастарды сөйлетемін.

А й с ұ л т а н . Бастарды?
Ж а х а й. Қайыршақтан жүрек құйып,
Тірілтіп,
Әкемнің тас жүрегін жібітемін,
Ханның адамзатқа,
Махаббатқа деген зұлым ойын тірілтемін.

А й с ұ л т а н . Содан соң, ағатай?
Ж а х а й .

Бір жылда қара тасқа тіл бітірген соң,
Әр елге үйретіп,
Көз көрмеске тентіреп кетемін.
Бар өмірімді,
Бар білетінімді
Әр елдегі әр ерге үйретіп,
Арманыма жетемін.
Менің бар ойымды тас мүсіннен,
Тау ішінен түсінген
Қайран әкем қайғы жұтып, менің жолымды тосады,
Жалғыз ұлын зарыға күтіп,
Амалсыздан тілегімді орындап,
Айсұлу екеуңді өзі тойлап,
Өзі қосады.

А й с ұ л т а н . Ой, асыл ағатайым!

Көңілді, шат-шадыман музыка.

2 - ж ү р г і з у ш і .

Арыстан да, қабылан да жоқ,
Кесіртке де, жылан да жоқ,
Таутеке мен қырандар көп
Қияндағы тау ішінде,
Биік шыңның мүйісінде,
Қия жартас дәл ұшында,
Құлама күз бұрышында,

Жақпар тастар қиылысында
Күні-түні тыным таппай,
Ақ сәулелі күн барында,
Кейде айдың жарығында
Айсұлтан мен Жаһай ұста
Белдеріне арқан байлап,
Бірде ұзын, бірде қысқа
Шақылдатып тас қашады,
Ең әуелі бас жасады,
Содан кейін тұтас дене,
Аяқ та бар, Құлақ та бар,
Жан шағатын жылан да бар —
Хан секілді бір аң да бар.
Бәрі-бәріне тіл бітіріп, жасай берді
Бәрі-бәріне үн бітіріп, қашай берді!

1 - ж ү р г і з у ш і .

Айбынды хан, қайырымсыз хан,
Ми келетін, махаббатқа у беретін
Зорлық тойға,
Қорлық тойға сый беретін
Уақыт та жақын қалды.
Қара тасты күмбірлетіп,
Табиғатқа күй күйлетіп,
Ми-Лау ханды райынан қайтаратын
Мойындатар сайтан атын
Уақыт та жақындады.

А й с ұ л т а н .

Әттең,
Әттең, соңғы бір күн,
Жұмыс бітер соңғы бір түн
Айдалада дауыл тұрып,
Айдындарда су шайқалып,
Жер сілкінді, тау шайқалып

Құзда отырған қыран құсап
Жаһай ұста,
Аяқ тайып кетті ұшып бұл тұста
Биік құздан шыңырауға құлдилап,
Зымыран құстай зымырады ылдифа.

*(Құздан құлаған Жаһайды бетін ақ кебінмен жабады.
Жоқтау).*

Ж ү р г і з у ш і .

Жалғыз ұлының өлімін естіген Ми-Лау хан,
Бар ғаскерін жиған хан,
Солқылдата жер-көкті,
Үрей салып төңірекке
Күн құрғатпай ұста еліне жетеді.

М и — Л а у .

Уа, құда-ай,
Қу Құдай,
Түр,
Түсі жоқ,
Бү құдай,
Дәмсіз,
Нәрсіз,
Су құдай,
Маған жеткен у құдай!
Көрсетпегің осы ма ед,
Қайдан ғана құлдарға
Жаһайымды қосып ем!
Өлтірдіңдер, сұм құлдар.

С а д ы р а қ с а қ а л . Жоқ, жоқ, хан ием!

М и — Л а у .

Төлемі үшін ұлымның
Перзенттің жұлып тұлымын;
Ержеткеннің үзіп жұлынын
Тып-типыл ғып қырармын!

Ұлымды кімнен сұрармын!
Қара құлдар,
Сұм құлдар,
Ұрпағың өспес жүз жылдар,
Жүз жылдар емес,
Мың жылдар!

С а д ы р.

Сап, сап, тақсыр,
Хан ием,
Сабыр түбі — сары алтын,
Сұрайды мұны бар халқың,
Басқадан көрме, — былайдан,
Жаһай ажалы құдайдан
Тау куә оған,
Тас куә,
Сұрайық әуел солардан.

М и — Л а у .

Тартыңдар қане, тау жаққа,
Қастандық қылған жау жаққа,
Сұрайын ұлымды тастардан,
Қан тартты ма екен аулаққа,
Жүрмеді неге сау бақта?

*Жүргізуші актерлер сәбилердің, жыланның мүсіндерін
түсірген жабулы қия тастардың, жүрек тастардын
бетін ашады.*

К ө п т о б ы р. О, Алла-тағала, жүрек тасты қара, о
ғажап,

Не деген ғаламат бұл жасаған тастан қашап!
Анау Айсұлу!
Анау Айсұлтан!
Қалай айнымаған өздері!

Тұнып тұрған махаббатты,
Достықты,
Айтып тұр ғой көздері!
Сәбиліктен,
Пәктіктен,
Бал-бұл жанып тұр ғой шіркін жүздері!
Ана қара, ана қара,
Сәбилерді уын құйып шағу үшін
Арасына удан қазық қағу үшін
Жылжып келед жылан қара!
О, алла, аллатағала,
Айыр тілді жылан басы,
Айнымаған,
Аумаған,
Белгілі бір жанның басы!
О, жараңдар, қараңдаршы,
Айнымаған Ми-Лау ханның,
Жылан көзді ханның басы.
Иә, иә, ханның басы!

*Қалың тобыр тегіс
Миға жиіркене қарайды.*

М и — Л а у (жан дауысы шығып).
Аттан, аттан, ғаскерлерім, сарбаздар,
Нөкерлерім — сұмырайларым, бөрің тауға шығыңдар,
Сүймен, қашау, қайла, балға — бар сайманды
жиыңдар,
О сайтандар, о пірлерім, о қолшоқпарым ірілерім
Жүрек тастан ғашықтардың жүрек үні естілед,
Жүрегімді турап біреу жатқандай-ақ кескілеп,
Тоқтатыңдар, қиратыңдар, бір амалын табыңдар,
Қан-жоса ғып лүпілдеген жүректерді,

Лүпілдеген ғашық үнін,
Қосылуға асық үнін
Тұншықтырып топырақпен жабыңдар.
Ж ү р г і з у ш і. Мың-мың қашау,
Мың-мың балға ап қолдарына
Мың-мың ғаскер арқан байлап белдеріне, қарына,
Жүрек тасқа шегірткедей құж-құж қайнап қонғанда
Мұндай сұмдық адамзатта сірә бұрын болған ба?!
Шаң-шұң, даң-дүң қашау-қайла,
Тасты емес, сәби бетін жауыздықпен ұрғандай,
Өнер өліп,
Бұлақ жылап,
Тау ыңыранып тұрғандай.

М и — Л а у.

Тоқтатыңдар, тоқтатыңдар,
Құлақ бітіп, миым ашып, басым шулап кетті ғой.
С а д ы р. Таудан құлап талай сарбаз
Шейіт болып кетті ғой!

М и — Л а у.

Көрсін енді мына жұрт жүрек емес,
Қорасандай шүрқ-шүрқ шұбар тасын, ха-ха!
Келтіріңдер осында қос ғашықты
Рахаттанып алайын, құмар басып, ха-ха!
Жендеттер Айсұлтанды хан алдына әкеледі.

М и — Л а у. Ә-ә, сен әлгі Айсұлтан деген сұмырай бала-
сың, ә?

Ойладың ба қалам деп
Бұл сұмдықтың жаласына?

А й с ұ л т а н .

Хан ием, қателесесіз,
Мен әуелі сұмырай емеспін,
Жаһай баулыған өнер иесімін
Екіншіден, сұмдық емес,

Бұл — ғажайып!
Мұны айтуға,
Дәт тақсыр,
Тиесімін!
М и — Л а у. Дәтің бітті!
Жазаланар сәт келді.
Сен Жаһайдың өнерін ұрлаған ұрысың,
Апарыңдар,
Шабыңдар оң қолын,
Шеберлік өнері
Мәңгіге құрысын!

А й с ұ л т а н .

Сөйтіп, әлекедей жаланған,
Өлім исін іздеп, жан-жағына алақ-жұлақ қаранған жен-
деттер,
Менің нысаналы оң қолымды жаңғырыққа салып,
Шауып тастады,

*Енді Айсұлудан да біржола айырылар қауіп басталды.
Жендетгер Айсұлуды дедектетіп хан алдына әкелді.*

М и — Л а у .

Ал сен Айсұлу ма едің?
Қай сұлу?
Жаһайға жар болмадың,
Жау болдың,
Енді бүгінгі күңіңе зар боласың.
Бұдан былай аяғың да,
Қолың да,
Тіпті бүкіл жонын да өспейді,
Саған сол керек — қатып-семіп,
Өш мейлі!
Сен ержетіп жар,

Жетіліп ана болмайсың,
Әркімнің ләззәты, ермегі — қуыршақ қана боласың.
Аяғыңа хай киіп, өле-өлгенше тәлтіректеп, тәй-тәй ба-
сып,
Жүрегінде қаның толып қана жүресің,
Сені тәтәй етіп, тәтті етіп, қолдан-қолға өткізіп,
Ғұмыр бойы әжім түсіп, етіңе де бетіңе,
Өлгенше, сатып қана жүремін!
Жұрт ойнайды,
Мауқын басып, мауығады, ха-ха...
Мен саудагерге де,
Айлакерге де сатамын,
Жасқа да, шалға да,
Ақшаға да, малға да,
Алтын, күміс бұйымдарға да,
Кейде, құнсыз тиынға да сатамын, сатамын!
Мен сатамын, байлыққа белшемнен батамын!
Ха-ха-ха!

А й с ұ л у.

Сөйтіп, Айсұлтанды бұл өлкеден мүлдем
Қарасын батырып, қуып,
Аластап тастады.
Ал менің бүкіл денемді еспейтіндей етіп дәкемен буып,
Хан сарайына қамап тастады.
Зарлы қобыз үні.

1 - ж ү р г і з у ш і .

Айлар етті,
Жылдар етті,
Айдай сұлу Айсұлу да ер жетті.
Тас қамауда, күнде матап-шандыған
Байлауларын біржолата алыпты,
Шашы менен жасы өссе де,
Бұралған бел, нәзік дене.

2 - ж ү р г і з у ш і .

Жұмыр білек,
Ақ саусақ,
Түк өзгермей,
Сәл де өспей,
Уыз күйде, біржолата қалыпты.
Жел үрлесе құлайтындай,
Қолда — таяқ,
Аяқта — хай,
Көз ұялтар қуыршақтай
Тәтәй дейтін атына сай
Сатылатын кезі келді.

1 - ж ү р г і з у ш і .

Жаршы зарлап шақырады —
Таудағы елді, түздегі елді.
Ж а р ш ы (айғайлап).
Ал, халайық, халайық,
Хан атынан,
Ми атынан жар салайық,
Нәзік Тәтәй, мықтыларға азық Тәтәй,
Он саусағын созып Тәтәй,
Қарсы алады хан жанында,
Отырады хан тағында
Бәрің-бәрің, дәмелілер, бірің қалмай келіңдер,
Күннен нұрлы,
Айдан сұлу,
Қардан аппақ ұр сұлу
Тәтәй қызды көріңдер!
Алтынменен аптаған, күміспенен күптеген
Тебетей,
Топы,
Бөрік,
Сәукеле —

Осы жолы бас киімді көрімдікке беріңдер,
Бақтарыңды сынап бір кез көріңдер!
Сұлу тәтәй ұнатқанын киеді,
Сол топының, тебетейдің,
Сол бөріктің, сәукеленің
Иесіне уақытша тиеді.
Иә, уақытша, тек уақытша тиеді.

*Хан тағында Ми-Лау қасында Тәтәй-Айсұлу. Айнала
— жанды сұлудан дәмелілер. Ойын басталады. Жүргізуші
сырттан сөйлеп тұр.*

Ж а р ш ы.

Пой, пой, мұнда осы өлкеден кім келмеген, бәрі бар:
Ат ойнатқан зақшындар мен ойраттар,
Шұбар шапан дербеттер мен бояттар,
Алтын оқа зақшындар мен торғыттар,
Керуеншілер,
Саудагерлер,
Қожыттар.
Бәрі-бәрі баскиімді хан алдына лақтырып
Беріп жатыр, үйіп жатыр,
Тәтәй бірақ бірін де
Ұнатпады, кимей қойды жақтырып...
Әлден уақыт — тап сәскенің тұсында
Бұрандалы ағаш атпен келген адам,
Жып-жылдам
Қоржынынан сәукеле алып ұсынды.
А й с ұ л у (Тәтәй). Міне, келді,
Жаңа таптым құсымды,
Түнде ғана көріп едім түсімде.
Киіз көзілдірікті адам
Тәтәйді қағып алып кетеді.
Жарқ еткен сәукеледен бәрі көздерін басады.

М и — Л а у (көзін ашып, аптығып, тұтығып). А-а-а-а-а...

Ж е н д е т т е р (қ о с ы л ы п). А-а-а-а-а...

М и — Л а у. А-а-ат-т-т-тан!

Ж е н д е т т е р . А-а-ат-т-т-тан!

М и — Л а у. Т-т-тан-ыңдар!

Ж е н д е т т е р . Т-т-тан-ыңдар...

М и — Л а у. Ү-үс-таң-да-ар үс-с-ста-ны...

Ж е н д е т т е р . Ү-үс-таң-да-ар үс-с-ста-ны...

М и -Л а у. Ш-ш-шол-лақ қ-қол, Ай-ай-ай-ай...

Ж е н д е т т е р . Ш-ш-шол-лаққ-қол, Ай-ай-ай-ай...

М и — Л а у. С-с-сұл-л-т-т-танды...

Ж е н д е т т е р . С-с-сұл-л-т-т-танды, Сұлтанды? Сұл-
танды? Айсұлтанды?

М и — Л а у. Иә, Айсұлтанды! Шолақ қол. Ұстаңдар.

Ж е н д е т т е р . Айсұлтанды! Шолаққол. Ұстаңдар.

Бәрі ере жөнеледі. Ендігі қимыл — атпен қашу, қуу әрекеттері.

Ж ү р г і з у ш і .

Айсұлуды алдына алып Айсұлтан

Жөнep берді, астарында — ағаш ат.

Алатауды бетке алып қашты олар,

Артында жау,

Аттарына ащы қамшы басты олар.

Бірақ ешкім қос ғашыққа жақындай да алмайды.

Бір жыл жүріп Жетісудың тастарынан арнайы

Зергер қолмен мың құбылтып жасаған,

Сәукеледен көз қарығып,

Таянуға дөттері де бармайды.

Әлден уақыт күн де батты,

Бұрауы,

Таусылған ат қала берді бөктерде,

Айсұлуды қолына алып Айсұлтан,

Ұқсап ғашық кінәсіз қос кептерге,

Заңғар таудың биігіне құзына,
Аяқ тайып мәңгі мұзарт мұзына;
Өліп-талып жетті олар түннің бір уағында.

А й с ұ л у.

Шаршадың ғой, Айсұлтан,
Сәл ғана көз шырымын алшы.

А й с ұ л т а н .

Арманым жоқ,
Жұлдызымды құзғындардан құтқарсам,
Арманым жоқ, асылыммен
Жетісуға бір барсам,
Ердің елсіз бақытты жоқ деуші еді,
Әке байғұс,
Ана байғұс,
Біздің ғана қамымызды жеуші еді.

А й с ұ л у.

Онда ұйқта.
Таңда, жүрер алдында,
Анаң болып әдилейін басынды сал алдыма.
Анасының бесік жырын айтады.
Әлди, бөпем, әлди-ай...
...Болашақта жеті тау бар сендер асып баратын,
Жеті өзен бар тау ішінде бұраң қағып ағатын,
Жеті өзеннің құяр жері — Жетісу,
Атамекен тұрақ жерің — Жетісу.
Есейгенде сол тұраққа барғайсыңдар, бөбектер,
Сонда жетіп, жеті ұрпақты жалғайсыңдар, бөбектер!»

ж ү р г і з у ш і .

Осы жерде бесік жыры үзіліп қалды,
Жаулар да тауға жеткен еді тізіліп алды.
Қарғаша шұлап, қоршап берді төбені бұлар,
Неғылған сонша қоймастан көп еді бұлар?
Бұлардан енді құтылмасын білген Айсұлу-Тәтәй,

Шып-шып шығып жорғалаған, тұла бойына сорғалаған
Суық терге малынды Тәтәй,
Қадір түні тыныштық алған оятпай жарын,
Құдайға
Құлшылық қолын созып, көз жасын көл ғып жалынды
Тәтәй.

А й с ү л у (Тәтәй).

О, Қадір түні, жасаған ием,
Алдында пендең,
Басымды ием.
Анталап бізге келіп те қалды жауыздар,
Аямайды олар — жарымды жарып бауыздар
Артымыз жау,
Оңымыз күз,
Солымыз күз,
Алдым жар,
Аша гөр, алдияр, аспан қақпаңды,
Жалғыз-ақ ауыз тілегімді қабыл ал!
Алдияр, жасаған ием, алдияр!
Осы кезде жарқ етіп аспан қақпасы ашылады.
— О, жасаған ием,
Сәукелемді адам өтпес шың-құзға айналдыра гөр,
Бәрімізді тілсіз, мінсіз, меңіреу мұзға айналдыра гөр...

1 - ж ү р г і з у ш і . Міне, сүйтіп...

Туғаннан қосылуға болған асық,
Айсұлу мен Айсұлтан — екі ғашық,
Жетісу атамекеніне өте алмады,
Үрпақ жаяр арманға жете алмады.

2 - ж ү р г і з у ш і .

Тілеуі оң боп жауды да жеткізбеді,
Зұлымдықты еліне өткізбеді.
Қаныпезер Ми-Лауға қарғыс айтып,
Хас өнерге аяусыз қастық қылған.

Қала берді құдайға алғыс айтып,
Сәукеленің астында қыз бен ұлан.

Үшінші көрініс

«Тәтәй» спектаклі біткен соң біраз үнсіз мәңгіріп, авансценаның бір жақ бұрышында тұрған Нәзира, екінші бұрышта үнсіз тұрған Елеусізге баяу ғана үн қатады. Даусында үрей бар.

Нә з и р а . Сонда сен...түсінбедім... сенде тәтәймін дедің бе?

Е л е у с і з. Иә...

Нә з и р а. Сонда, сен... сонда... Әлгі Ми-Лау ханның жауыздығын қолдағаның ба?

Е л е у с і з. Бұрын... алғаш естігенде қолдаған жоқпын... Иә, оның жауыздығы рас. Бірақ оның жауыздық ісі, бүгін жауыздық билеген заманның ұсқынына дәл келіп тұр.

Нә з и р а. Ол не ұсқын? Ол не жауыздық билеген заман?

Е л е у с і з. Оны несіне сұрайсың. Сен менен де көзі ашық заң қызметкерісің, ғылым кандидатысың. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін адам саны азайып, біраз уақыт жер шары соғыссыз, қырғынсыз тұрып еді, содан соң адам көбейе бастаған соң, қайтадан соғысқа дайындық. Хиросима тәжірибесі. Вьетнам, Чехословакия, Югославия соғыстары. Кеше ғана Ауған қырғыны, Үнді-Пәкістан арасындағы, Израиль мен мұсылмандар арасындағы дүркін-дүркін дүмпулер — бәрі не үшін? Иран, Ирак арасына Америка неге сына болып қағылады? Неге, не үшін?..

Нә з и р а. Олардан көбі саяси, діни астары бар қақтығыстар.

Е л е у с і з. Саяси, діни дегенің себеп қана, негізі — жер

бетінде адам саны көбейіп, байлық саны азайып, жер көлемі тарылып барады. Бара-бара бірі-бірін құртып, әлділер әлсіздерді жеп тынады. Жоқ тынбайды, өз-өзіне ауыз салады. Дарвиннің айтқаны келеді. Дарвиннің ғылымы...

Н ә з и р а. Бәрі де саяси келісе алмаушылықтың салдары. Әйтпесе біз, міне, құдайға шүкір, бар елмен тату-тәтті отырған жоқпыз ба.

Е л е у с і з. Ә, бұл уақытша ғана татулық. Әзірше инвестициямен, қайырымдылықпен, достық құшақпен кіргендердің, әлі қарызының, қайырымдылығының бетпердесі жұлынып, арты ашылады, жайылған достық құшақтарының ішінен пышақтары жаландайды. Пышақтары!

Н ә з и р а. Сен де бір қауіп-қасіретті төндіре береді екенсің! Байқаймын: «бір аяқ қымыздың, екі аяқ желігі бар».

Е л е у с і з. Ә, сен менің сөзімнің бәрін ішкендіктің салдары деп тұрсың. Жо-оқ. Мүмкін, менің тәтәй екенімді де ішкендіктің салдарынан айтып тұр дерсің. Жоқ, мен — тәтәймін. Дүние жүзіндегі адам баласының көбеюіне, сүйтіп бірін-бірі талап жеуіне қарсылығым сол — мен — тәтәймін!

Н ә з и р а. Сен өзі, не айтып тұрсың, ойының ба, шының ба?

Е л е у с і з. Ойыным да емес, қалжыңым да емес, шындығым. Сен әлі сенбеймісің?

Н ә з и р а. Сонда қалай, қалайша?..

Е л е у с і з. Бүгінгі заманда Медицина ғылымы да, оның Урология саласы да биік дәрежеде...

Н ә з и р а. Сонда ол не үшін, қалай, түсінбеймін, не мақсат?!

Е л е у с і з. Онда түсіндірейін. Тыңда. Мен 32-жылы қиянатпен елінен ауып Қытайды паналаған адамның баласымын.

Н ә з и р а. Білемін.

Е л е у с і з. Мен сол жерде туып, сол жерде өстім, оқыдым. Бежінде кино оқуында жүргенде, ата-анам, туғандарым бұ дүниеден өтіп, жалғыз қалдым. Жалғыз қалған соң асырайтын, алаңдайтын ешкімім жоқ, тағы бір дәрігерлік институтқа, гинекология бөліміне оқуға түстім.

Н ә з и р а. Иә, оны да айтқансың.

Е л е у с і з. Сонда жүргенде, Қытай гинекологиясында аборт жасау кең етек алды. Бұл өркениеттіліктен, не ұрпақтан безіну емес, амалсыздықтың шарасы еді.

Н ә з и р а. Қазір сақтанатын құралдар бар емес пе, ерге де, әйелге де.

Е л е у с і з. Қашаңғы сақтанады. Қанша сақтанғанмен бір-екі бала таппай қоймайды. Қытайда екі бал асы барлар салық төлейді. Білемісің?

Н ә з и р а. Естуім бар.

Е л е у с і з. Естісең, ол — жетіскеннен жүргізген әрекеті ме?

Н ә з и р а. Әрине, жетіскеннен емес, бірақ ата-анаға, жаратылысқа тыйым салу деген...

Е л е у с і з. Ал тыйым салмады дейік. Қытайда сол кезде адам саны миллиардтан аса бастады. Тыйым салған күннің өзінде, күніне ол елде 60—70 мың нәресте дүниеге келеді. Күніге. Қазір біржарым миллиард адам еңбек шеберліктерінің арқасында, кез келген шөп пен жәндіктен ас дайындайтын өнерлерінің арқасында, жылына екі мезгіл күріштен өнім алып өмір сүріп отыр. Ал ертең жейтін жәндіктен адам саны артып, жемісін жейтін жерден тұрақты үй-жайың артып, одан ары қарай жеріңе сыймай кетсе не істемек?!

Н ә з и р а. Оған сенің басың неге ауырады?

Е л е у с і з. Ауырмағанда. Қытай елін шегіртке, торғай, жылан жейді деп күлеміз. Қазір бір адамға он торғай болса, ертең он адамға бір торғайдан келсе, не істемек?

Н ә з и р а. Қайдағы мысалды... Дарвинді көп оқығансың ғой.

Е л е у с і з. Жоқ. Дарвинді күстаналамау керек, одан мысал алу керек. Дарвин кішкентай бір аралға мысықтарды жіберген, білесің ғой.

Н ә з и р а. Білем, білем...

Е л е у с і з. Мысықтар көбейіп, тышқандар мен торғай, басқа жәндіктер азайып біткен соң бірін-бірі жеп тауысқан.

Н ә з и р а. Білем, білем.

Е л е у с і з. Білсең сол, ертең қытай халқы екі миллиардтан асқан соң, амалсыз көрші елдердің бос жеріне қол салады. Амалсыздан!

Н ә з и р а. Қазір де там-тұмдап кіре бастады ғой.

Е л е у с і з. Бұл әлі бер жағы. Америкада Қытай қала, Қытай көшесі дегендер бар. Кейін орама көше қалаға, қала мемлекетке айналып кетсе не істейді. Бізде қытайлар қазақ қыздарына ғашық боп күйіп-сүйіп алып жатыр деймісің. Ертең одан туған бала қазағыңды жетістіре ме? Инвесторлар да бізді көркейту үшін қарыз беріп жатқан шығар?!

Н ә з и р а. Е, Қазақстан олардың отаны болмай ма?

Е л е у с і з. Мә!.. Кешір. Бір ұлт екінші ұлттың жерін жерлеу үшін, оның елін елдеу үшін, өз отанындай сүйеге келмейді.

Н ә з и р а. Қыздар да жетіскеннен тиіп жатыр деймісің.

Е л е у с і з. Жоқ, бізде тәрбие аз, ұяттан, болашақтан күдер үзіп жатырмыз.

Н ә з и р а. Ал сонда, немене, әлгі келімсектер тәтәй болуы керек пе?

Е л е у с і з. Міне, өзің таптың. Біз бір топ аққы бар қытай елі. Соғыс қаупі де осы елден. Ендеше, адамның тууына тыйым салып, 30—40 жыл бір-екі ұрпақ демалса, 40 жылда адам саны азайып, жаңа ұрпақтың басқа елдің жеріне де, байлығына да көз алартуы болмас еді.

Н ә з и р а. Иә, содан?..

Е л е у с і з. Біз үш жігіт, осы идеяны қолдап, Қытай елі дүние жүзі елдеріне үлгі боларлық батыл шараға бардық.

Н ә з и р а (шошынып). Тәтәй болдыңдар...

Е л е у с і з. Медицина жолымен...

Н ә з и р а. Үшеуің де? Олар да қазақ жігіттері ме?

Е л е у с і з. Қайдағы қазақ! Қытай жігіттері. Кейін бізді қолдашылар көбейе берді. Бірақ мен ақыры елге оралатын рұқсатпен Қазақстанға келдім.

Н ә з и р а. Мұнда несіне келдің? Үгіт жүргізу үшін бе? Өзі аз қазақты құрту үшін бе?

Е л е у с і з. Мен елге келем, үгіт жүргізем деп ойлағам жоқпын. Бірақ бұл идея қазаққа да тиімді. Қазір қазақ елі соғыстан, нәубеттен аман отыр дейсің ғой. Бұл уақытша тірлік. Осынша жердің, байлықтың үстіне сені талтаңдатып қояр деймісің.

Н ә з и р а. Кім?

Е л е у с і з. Жері тарылып, байлығы біткен күштілер. Соғыс техникасы көп, дайындығы мол мықтылар елі.

Н ә з и р а. Ендеше, өмір бойы азаюмен келе жатқан халық, көбеюіміз керек, елін билейтін, елін қорғайтын сапалы ұл-қыздарымыздан безу емес, көбеюіміз керек. Мен қазақ қыздарына, тәрбиелі қыздарына сенемін.

Е л е у с і з. Оларың әлгі, баласынан безіп, итке жегізіп, шетелге сатып жатқан безбұйректерің бе?

Н ә з и р а. Олар аз ғана адасқандар, ақымақ жандар.

Е л е у с і з. Сонда сен бала тапқың келе ме?

Н ә з и р а. Әрине.

Е л е у с і з. Сен қазір нешедесің?

Н ә з и р а. Оны өзің де білесің, несін сұрайсың?

Е л е у с і з. Сен 35-тесің. Осы жасыңа дейін неге күйеуге шығып бала таппадың? Әлде біреуге тұрмысқа шығып, оны менен жасырып келдің бе?

Н ә з и р а. Не деп тұрсың?! Қалай ғана аузың барады! Мен оқумен, қызметпен жүріп уақыттың өткенін де білмей қалыппын. Бірақ өмірім зая кеткен жоқ. Қоғам алдындағы міндетімді адал атқарып келемін. Енді табиғат, елім-жұртым, ұлтымның алдындағы парызымды орындауға қалған өмірімді арнамақпын. Әттең, енді бұл жөнінен екеуімізде жарастық болмайды.

Е л е у с і з. Сонда, бір қасықтай шикі өкпе үшін екеуіміздің арамыздағы махаббатымыз бір сәтте суый қалғаны ма? Екеуіміздің қуанышымызды бірге бөлісіп, бірге ойлап, бірге тойлар достарымыздың шырқын тас-талқан бұзғанымыз ба? Баласыз-ақ бірге қосылып, өмір сүруге болмағаны ма? Жарастық, жарастық! Махаббаттан асқан жарастық бар ма?

Н ә з и р а. Сені адам ретінде, адал дос ретінде, маған ауған махаббаттыңнан еш кінәрат тауып жазғыра алмаймын. Бірақ табиғатқа, бізді дүниеге келтірген табиғатқа қарсы шығып, адамды бала, әке, ана, ата-әже етіп, немере-шөберемен ұрпақ жалғайтын, адам рухын өлтірмейтін табиғатқа қарсы шыққан, мың сүрініп, мың тұрған ұлтымның қамын ойлау орнына, өз қара басың үшін сау басыңа сақина тілеген сенің ессіз, соқыр, сотқарлығыңа, менменшіл тәкаппар ойыңа, қиялшыл қиялилығыңа қосыла алмаймын, тіршілік сағатын тоқтатпақшы сендей жанға қалайша серік болмақпын!

Е л е у с і з. Апырай, сені мен тап мұндай ерге қатал шикіөкпе нәрестеге жүрегі жұмсақ балажан деп ойламап едім.

Н ә з и р а. Қай бала, қай азамат шикіөкпе болмапты. Иә, сол қасықтай шикіөкпеден алтын асықтай бала тәрбиелеп, елін сүйер, жеріне, жемісіне ие азамат тәрбиелеген халқыма, ұлтыма, қасықтай нәрестемен қасықтап үлес қоссам, тұрмыстың ауыр тауқыметін сылтау етіп, өзі аман қалып, өз нәрестесін өзі саудаға салып, безінетін, итке тастап жегізетін

харамдардай емес, өз нәрестесін өзі тәрбиелеп, өсіріп, ертең менің де қазақ елім бар, атамекенім, өз тілім бар, ешкімнің еліне, жеріне тимеймін, өз жеріме тигізбеймін дегізетін адал ақ сүтімен емізетін ана болғым келеді...

Е л е у с і з. Жарайды, бұл әңгімені доғара тұрайық. Ертеңге дейін, елден-жұрттан ұят та, «той» өткенше.

Н ә з и р а. Ертеңге дейін? Жо-оқ. Туа ауру, жүре мүгедек болсаң бір сәрі. Өзіңе өзің қол салған, тіршілікке оқ атқан айыбыңды қашаңғы жасырасың?.. Ертең үйлену тойы болмайды!..

Е л е у с і з. Не? Немене... Апырай... не деп тұрсың?!

Н ә з и р а. Сен жат елде айыпкер едің, өз еліңе келіп, қазақ жұртына, жастарына үлгі болам деп қылмыс арқалап тұрсың. Өз ұлтыңның, өспей өшіп бара жатқан қазағыңның алдында қылмыскерсің. Сен қазір қылмыскерсің!

Е л е у с і з. Бұл не, сенің сот ретінде шығарған үкімің бе?

Н ә з и р а. Жоқ, мен саған сот бола алмаймын, бұл ара сот залы да емес үкім шығаратын. Өз айыбыңды өзің тарт, өз үкіміңді өзің шығар...

Кетеді. Елеусіз жалғыз.

Е л е у с і з (өзіне-өзі). Апырай, өз атын шақырған көкек құсап елеусіз, жалғыз қалғаным ба. Ана жақта да ата-анадан жұрдай жүріп, жат жерде ұрпақ жайып, өзімдей отансыз жетімді дүниеге келтіргенше, өзім жетім өткенді қалап едім. Енді еліме, отаныма келіп жетім қаларымды білгенде, сол жақта-ақ елеусіз, ескерусіз жүре беретін едім ғой. Енді менің ешкімге керегім жоқ. Қатарым-құстарым ұшып кеткенде, аязды-мұзды көлде қанаты қайырылып, жалғыз қалған қаздаймын... Жо-оқ, таптым, таптым!..

Атып тұрып, жүгіре жөнеледі: көр қазғандарға келеді.

Е л е у с і з. Таптым, таптым! (*Сақ-сақ күліп, солқылдап жылайды*). Таптым, қазір көрге апарып атамын.

Көр қазғандар аң-таң. Елеусіздің мастығына не күлерін, не оны жұбатырын білмейді.

Ш а л а м. Нені таптың?

Ә л е м қ ұ л. Кімді таптың?

Е л е у с і з (аналардың алдындағы жартылай бөтелкеден қылқылдатып жұтады). Таптым... Сендерге қайта келдім: ертең той болмайды. Тойға ке-кесірін тигізген қылмыскерді таптым. Қазір оны сенің көріңе апарып атамын. (Теріс айналып, тапаншасын суырып, қазылған көрге қарай жүгіреді).

Ә л е м қ ұ л (мұны мастықтың ойыны деп түсініп, Шаламға көзін қысып). Әй, тұра тұр, көрдің құнын кім төлейді?

Е л е у с і з (жалт бұрылып). Ә-ә, дұрыс, дұрыс... (Қалтасынан әмиян суырып.) Мұның ішінде, әлгі қалыңдықтың той көйлегінен қалған ақша, мә, жете ме? (Лақтырады.)

Ә л е м қ ұ л (әмиянды қағып алып). Аздау емес пе?

Е л е у с і з (тағы бұрылып, қалтасынан қорапшасын лақтырады). Иә, иә, қылмыскердің құны қымбат. Алыңдар, бәрін алыңдар.

Ш а л а м. Әй, анау мастықпен ойнаймын деп жүріп, шынында бір көрге құлап мертігіп қалмасын.

Ә л е м қ ұ л (қорапшаны ашып, көзі бақырайып). Әй, Шалам, мынада бір гәп бар. Қарашы, мыналар — неке сақиналары емес пе? Екі сақина!

Ш а л а м. Не дейт? Ойбай, мынау тегін емес... (Орнынан атып тұрып.) Тоқта-а-а!

Тарс еткен тапанша үні. Әлемқұл мен Шалам бастарын қос қолдай ұстап, тігізерлей құлайды. Аздан соң үнсіз ғана қайта тізерлей бұрылып, бастарын қысқан

қолдарымен беттерін баяу сипай бергенде, сырттан
црейлі жүгіріп Нәзира келеді.

Н ә з и р а. Не боп қалды? Мылтық атылғандай болды
ғой!

Үнсіздік.

Ш а л а м (қайғылы). Иә...

Ә л е м қ ү л (қостап). Атылды!..

С О Ң Ы.

МАЗМҰНЫ

Махамбеттің өкінішпен өте шыққан өмірі-ай!	5
Түрме	5
Қиялы моласының басында.....	24
Қапастағы бұлбұл	31
Қоршау	38
Перовский мен офицерлер	43
Түрме ауласы. Шпицрутенмен жазалау	47
Тағы да түрме	49
Соңғы сот	53
Қаройдағы соңғы күн	58
Ордада.....	61
Тағы да айдала. Киіз үй. Қарақшылар	63
Кроссворд немесе әзіл масқарад.....	67
Екі актілі сатиралық комедия	67
Пролог.....	68
Эпилог	141
Жамбылдың даңғыл, тарғыл жолдары	143
Екі актілі пьеса-эссе.....	143
Пролог.....	143
Прологтегі көрініс	174
Қараңғы сахнадағы көрініс.....	197
Қос анар.....	205
Қылмыскер	277

Әдеби басылым

Жүнісов С.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

6-том

(Қазақ тілінде)

Редакторы Назира Бигараева

Техникалық редакторы Гүлмаржан Сәбитова

Компьютерде беттеген Әйгерім Молдахметова

Баспаға Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің
№ 0000082 мемлекеттік лицензиясы 2005 жылы 11 қаңтарда берілген

Басуға 10.10.14 ж. қол қойылды. Пішімі 60x90^{1/16}. Офсеттік қағаз.
Әріп түрі “АкадемуДТ”. Офсеттік басылым.

Шартты баспа табағы 21,0. Есептік баспа табағы 15,5.

Таралымы 2000 дана мемлекеттік тапсырыс + 100 дана баспа есебі бойынша

“Таймас” баспа үйі” ЖШС. Алматы қаласы, Абай даңғылы, 153-үй, 27-офис.

Факс: 266-21-14, тел.: 250-09-95, 250-09-96, 250-09-97, 250-09-98.

ISBN 978-601-264-133-2



9 786012 641332